Психикалық дамуы тежелген балалардың дамуында бірқатар ерекшеліктер мен қиындықтар бар, олар психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қолдауды қажет етеді. Мұндай балаларда когнитивті, эмоционалдық, әлеуметтік және мінез-құлықтық ауытқулар болуы мүмкін. Осы ауытқулардың орнын толтыру үшін баланың даму деңгейін ескере отырып, кешенді психологиялық қолдау қажет [3]. Психикалық дамуы тежелген балалардың білім алудағы қиындықтарын жеңу үшін арнайы психологиялық әдістерді қолдану маңызды.

Ғылым мен білім берудегі заманауи тенденциялар психикалық дамуы тежелген балаларға арналған психологиялық қолдаудың жаңа әдістерінің дамуына ықпал етуде [4]. Психологиялық қолдау көрсетудің инновациялық тәсілдері, әсіресе инклюзивті білім беру жүйесінде, балалардың психикалық және әлеуметтік дамуындағы ауытқуларды жеңуге бағытталған.

Заманауи тенденциялардың негізінде бірнеше маңызды аспектілер бар:

Қазіргі кезде әлемде және Қазақстанда да *инклюзивті білім беру* кеңінен дамып келеді. Инклюзивті білім беру дегеніміз әрбір балаға оның даму деңгейіне қарамастан білім алу мүмкіндігін беру. Бұл үрдіс психикалық дамуы тежелген балаларды жалпы білім беру жүйесіне интеграциялау арқылы олардың қоғамға бейімделуін, білім алу мүмкіндігін арттыруды көздейді.

Заманауи психологиялық қолдау инклюзивті білім беру ортасын құруды қамтиды, онда психикалық дамуы тежелген балалар барлық балалармен бірге білім алады. Бұл тәсіл балаларға қоғаммен бірге дамуға мүмкіндік береді [5]. Демек, заманауи инклюзивті кеңістікте әр баланың ерекше қажеттіліктеріне сәйкес қолдау көрсетіледі, бұл психологиялық қолдауды қамтиды. Инклюзивті білім беру психикалық дамуы тежелген балаларды өз құрдастарымен бірге оқыту мен дамытуды маңызды санайды.

Заманауи ақпараттық технологиялардың қолданысқа енуі - заманауи тенденциялардың бірі ретінде психикалық дамуы тежелген балаларды қолдауда үлкен рөл атқарады. Мобильді

қосымшалар, виртуалды оқу құралдары, арнайы оқу бағдарламалары мен психологиялық тренажерлар психикалық дамуы тежелген балалар үшін тиімді құралдар болып табылады. Мысалы, интерактивті бағдарламалар мен ойындар балаларға оқу материалдарын қызықты әрі қолжетімді түрде ұсынады. Бұл балалардың ынтасын арттырып, олардың оқу процесіне белсенді қатысуына жағдай жасайды.

Заманауи психологиялық қолдау әдістері эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған. Психикалық дамуы тежелген балалар жиі стресске ұшырайды, себебі олар өз сезімдерін түсініп, басқара алмайды. Осы себепті эмоциялық қолдау өте маңызды. Мұнда балалардың психоэмоционалдық жағдайын жақсартуға бағытталған ойындар мен әдістер қолданылады. Арт-терапия, музыкалық терапия, дене шынықтыру жаттығулары мен басқа да шығармашылық әдістер психикалық дамуы тежелген балаларға олардың эмоцияларын дұрыс түсінуге және басқаруға көмектеседі. Осы тәсілдер балалардың өзін-өзі тану деңгейін арттырып, олардың психоэмоционалдық ахуалын тұрақтандырады [6].

Психикалық дамуы тежелген балалардың ата-аналарына психологиялық кеңес беру қазіргі психологиялық қолдаудың маңызды компоненті болып табылады. Ата-аналарға балаларының психологиялық ерекшеліктерін түсіндіру, оларға даму кезеңдерінде қолдау көрсету, отбасында дұрыс тәрбие мен білім беру дағдыларын қалыптастыру осы бағыттағы заманауи тенденциялардың бірі. Психолог мамандар ата-аналарды баланың қажеттіліктері мен даму ерекшеліктері туралы ақпараттандырып, отбасы ішіндегі қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі. Бұл тәсіл балалардың психоэмоционалдық дамуына оң әсер етіп, олардың қоғамға бейімделуін жеңілдетеді.

Заманауи психологиялық қолдау әдістері психикалық дамуы тежелген балалар үшін тиімді нәтижелер көрсетеді. Жеке бағдарланған және кешенді әдістер балалардың өзін-өзі бағалауының артуына, қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға, оқу процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді [7]. Қазіргі психологиялық қолдау жүйесі балалардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетеді және олардың толыққанды өмір сүруіне жағдай жасайды.

Психикалық дамуы тежелген балаларды психологиялық қолдау - бұл тек білім беру жүйесінің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік интеграция мен психологиялық қалыптасудың негізі. Заманауи тенденциялар мен инновациялық тәсілдер балаларға психоэмоционалдық, әлеуметтік және когнитивті даму бағытында қолдау көрсету үшін өте маңызды. Инклюзивті білім беру, технологиялық құралдар мен терапия әдістерін қолдану балалардың әлеуметтенуін жақсартуға және олардың білім алуына оң әсер етеді.

Қорытынды түйін жасар болсам, психикалық дамуы тежелген балаларды психологиялық қолдау мәселесі қазіргі заманның маңызды және қажетті тенденциясы болып табылады. Заманауи білім беру жүйесі мен психологиялық қолдау әдістері балалардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін жаңа тәсілдерді енгізу арқылы осы салада үлкен прогреске жетіп келеді. Инклюзивті білім беру, жаңа технологиялар мен инновациялық терапия әдістері психикалық дамуы тежелген балалардың толыққанды өмір сүруін қамтамасыз етуге және олардың әлеуметке оңтайлы бейімделуіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Абилова О.А., Лекер А.Ғ. Мектепке дейінгі ұйымда психикалық дамуы тежелген балаларды педагогикалық және психологиялық қолдау. «Қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім берудің өзекті мәселелері» тақырыбында Халық. ғыл.тәжір. конф. матер. жинағы.– Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2024. – 304 б.

2. Бабкина Н. В., Коробейников И. А. Психологическое сопровождение ребенка с задержкой психического развития. М.: Наука, 2020. 213 с.

3. Марковская И. Ф. Задержка психического развития. Клиническая и нейропсихологическая диагностика. М.: Компенс-центр, 1993. 198 с.

4. Инденбаум Е. Л., Коробейников И. А., Бабкина Н. В. Дети с задержкой психического развития. М.: Просвещение, 2019. 47 с.

5. Бабкина Н. В. Современные тенденции в образовании и психолого-педагогическом сопровождении детей с задержкой психического развития. Известия РГПУ им. А. И. Герцена. 2021. № 202. С 36-44.

6. Ушакова В.Р. Сухонина Н.С. Психолого-педагогическая помощь детям с ограниченными возможностями здоровья методами арт-терапия. Учебно-методическое пособие. Симферополь: ИП Хотеева, 2019

7. Дмитриева Е. Е. Социально-личностная готовность детей с задержкой психического развития к обучению в школе // Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. 2017. №

УДК 378.1

ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В НАУКЕ И ОБРАЗОВАНИИ

Жанашев Д. Ж.
Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова
Колледж инновационных технологий
daribekzanasev@gmail.com

Искусственный интеллект (ИИ) быстро меняет облик современного общества, оказывая значительное влияние на научные исследования и образовательные практики. Новейшие технологии в области машинного обучения и обработки больших данных приводят к созданию инновационных решений, способных как ускорить научные открытия, так и повысить эффективность обучения. В статье рассмотрены практические примеры применения ИИ: от анализа данных в биологии, астрономии и климатологии до персонализации учебного процесса на платформе Duolingo. Также анализируются глобальные инициативы, такие как рамки компетенций ЮНЕСКО, и обсуждаются ключевые вызовы, включая вопросы этики и защиты данных.

Цель работы – продемонстрировать потенциал ИИ как инструмента для решения сложных задач и обозначить направления дальнейших исследований в науке и образовании.

1. Применение ИИ в научных исследованиях

1.1 Анализ данных и моделирование

В научной сфере ИИ позволяет обрабатывать огромные объёмы данных, получаемых с помощью спутниковых систем, сенсоров и лабораторных приборов. Среди ключевых примеров можно выделить:

Биология и медицина:

Система AlphaFold (DeepMind, 2020) предсказывает трёхмерную структуру белков, что способствует разработке новых лекарственных средств и углублённому пониманию молекулярных процессов.

Астрономия:

Алгоритмы глубокого обучения классифицируют галактики и обнаруживают экзопланеты на основе данных космических телескопов, расширяя наши знания о Вселенной.

Климатология:

Прогнозирование погодных условий и моделирование глобальных климатических паттернов с применением ИИ позволяет разрабатывать точные сценарии и адаптационные стратегии.

1.2 Преимущества и вызовы

Преимущества:

- Ускорение исследований за счёт автоматизации обработки данных.
- Повышение точности за счёт выявления тонких закономерностей.

- Внедрение инновационных методов и междисциплинарных подходов.

Вызовы:

Трудности интерпретации «чёрных ящиков» глубоких нейронных сетей.

Риск предвзятости моделей при несбалансированном обучении.

Высокие вычислительные затраты, ограничивающие доступ некоторых исследовательских центров.

2. Применение ИИ в образовательном процессе

2.1 Персонализация обучения: пример Duolingo

Платформа **Duolingo** является ярким примером использования ИИ для адаптации учебного процесса:

Адаптивное изменение сложности: Система Birdbrain анализирует успехи пользователя и подстраивает задания под его уровень.

Интерактивное обучение: Сервис Duolingo Max (на базе GPT-4) предлагает функции «Explain My Answer» и «Roleplay», что помогает глубже понять изучаемый материал.

Генерация контента: Применение больших языковых моделей позволяет создавать актуальные и разнообразные уроки.

2.2 Другие направления в образовании

ИИ также применяется для: **Профилирования и прогнозирования успеваемости:** Системы раннего предупреждения позволяют выявлять студентов, испытывающих трудности.

Интеллектуального тьюторинга: Персонализированная обратная связь улучшает усвоение материала.

Автоматизации оценивания: Автоматизированные системы могут достигать высокой точности оценки знаний (до 98% согласованности с оценками преподавателей).

Пример адаптивных систем приведён в таблице 1.

Таблица 1

Платформа	**Область**	**Использование ИИ**	**Примечания**
Duolingo	Языковое образование	Персонализация, адаптация сложности	Birdbrain, GPT-4
Платформы для STEM	Техническое обучение	Прогнозирование, тьюторинг	Анализ поведения
Корпоративное обучение	Бизнес-образование	Индивидуальные учебные планы	Автоматизированное оценивание

2.3 Преимущества и риски

Преимущества:

Индивидуализация обучения и повышение мотивации студентов.

Снижение нагрузки на преподавателей благодаря автоматизации оценивания и анализа.

Риски:

Необходимость защиты конфиденциальности данных учащихся.

Этические вопросы, связанные с уменьшением личного контакта между преподавателем и студентом.

Технические сбои, влияющие на стабильность образовательного процесса.

3. Глобальные инициативы и политика в области ИИ

3.1 Рамки и рекомендации ЮНЕСКО

ЮНЕСКО активно разрабатывает документы для обеспечения безопасного и этичного использования ИИ:

AI Competency Framework for Students and Teachers (2024): Рекомендации по развитию цифровой грамотности и компетенций для безопасного применения ИИ.

Guidance for Generative AI in Education (2023): Руководство по использованию генеративного ИИ, устанавливающее принципы прозрачности и этичности.

3.2 Этические и правовые аспекты

Основными задачами являются: Разработка этических стандартов для защиты личных данных. Обеспечение равного доступа к технологиям для всех слоёв населения. Международное сотрудничество через семинары, тренинги и конференции.

4. Будущие направления развития ИИ

4.1 Перспективы в науке

Ключевые направления: Улучшение интерпретируемости алгоритмов, Междисциплинарное сотрудничество для решения комплексных задач. Разработка гибридных моделей, сочетающих классические и новые методы.

4.2 Трансформация образования

В образовании ожидается: Гиперперсонализация обучения с использованием детального анализа данных о поведении студентов. Применение интерактивных образовательных роботов и виртуальных ассистентов. Автоматизация административных процессов для повышения эффективности работы учреждений.

4.3 Преодоление вызовов

Для успешного внедрения ИИ необходимо: Усиление мер по защите конфиденциальности данных. Разработка и соблюдение этических норм. Обеспечение равного доступа к технологиям для всех слоёв общества.

5. Заключение

Интеграция ИИ в науку и образование открывает широкие перспективы для персонализации обучения, повышения эффективности образовательного процесса и ускорения научных открытий. Технологии ИИ позволяют не только обрабатывать и анализировать огромные массивы данных, но и выявлять сложные закономерности, которые традиционными методами остаются незамеченными. Это способствует развитию междисциплинарных исследований, интеграции знаний из различных областей и созданию инновационных методик как в научной, так и в образовательной сферах.

Однако внедрение ИИ сопряжено с рядом серьёзных вызовов. Одной из ключевых задач остаётся обеспечение защиты конфиденциальности данных, что требует разработки и внедрения надёжных механизмов шифрования и анонимизации. Также необходимо уделять внимание устранению предвзятости алгоритмов, поскольку необъективность обучающих выборок может приводить к ошибочным выводам и негативно сказываться на качестве принимаемых решений.

Гармоничное сочетание инновационных подходов и строгих нормативных требований станет залогом успешного применения ИИ как для решения текущих задач, так и для преодоления будущих вызовов.

Литература:

1. Jumper, J., Evans, R., Pritzel, A., et al. (2021). Highly accurate protein structure prediction with AlphaFold. Nature, 596(7873), 583–589.

2. Reichstein, M., Camps-Valls, G., Stevens, B., et al. (2019). Deep learning and process understanding for data-driven Earth system science. Nature, 566, 195–204.

3. Duolingo. (2023). Introducing Duolingo Max: A learning experience powered by GPT-4. Retrieved from *https://blog.duolingo.com/duolingo-max/*

4. UNESCO. (2024). AI Competency Framework for Students and Teachers. Retrieved from *https://www.unesco.org/en/articles/what-you-need-know-about-unescos-new-ai-competency-frameworks-students-and-teachers*

5. UNESCO. (2023). Guidance for Generative AI in Education and Research. Retrieved from *https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000386693*

6. Russell, S. J., & Norvig, P. – Искусственный интеллект: современный подход. Издательство «Питер».Основные темы и методы ИИ изложены на страницах 45–67, 112–130, 245–260

7. Соловьёв, В. В. – Искусственный интеллект: алгоритмы и модели. Издательство «Наука».Основные разделы по теории и алгоритмам представлены, на страницах 78–95.

8. Бабич, А. С. – Машинное обучение: теория и практика. Издательство «Вильямс».Практическое применение алгоритмов рассмотрено на страницах 34–56.
9. Иванова, Н. И., & Петров, В. М. – Искусственный интеллект в образовании: инновационные технологии и методики. Издательство «Питер».Актуальные вопросы применения ИИ в образовательных технологиях на страницах 100–120.
10. Сидоров, А. П. – Большие данные и ИИ в науке. Издательство «Инфра-М».Анализ использования ИИ для обработки больших данных представлен, например, на страницах 50–70.

ӘОЖ 373.2

БАЛА ДАМУЫНДА ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬДЫ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Жандилдина Роза Есентаевна
Жусупова Жанна Азатовна
Оспанбекова Мейргул Несипбековна
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті
roza.zhandildina@mail.ru

Қоршаған дүние туралы түсінік ойын арқылы қалыптасады. Л.С.Выготский: «Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайында білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады – дейді. Бұл өмір тәжірибесінен алынған. Ойын – бала табиғатымен егіз, өйткені бала ойынмен өседі, оның жан-жақты дамуына тікелей ықпал етеді. Ол баланың миын жаттықтыратын, әрі тынықтыратын негізгі жаттығу. Ойынның баланың интеллектуалдық дамуына ықпал ету мүмкіндігі педагогика ғылымы саласында жан-жақты қарастырылып, ойын әрекеті оқу әрекетінің жетекші формасына айналған. Ойын, ойыншық сөздері ой сөзімен тікелей байланысты, сөйтіп, ойнау біруақытта ойлаумен әрекеттеседі

Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғышарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен[1].

Интеллект (лат intellectus-таным, ұғыну, аңдау) – жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үдерістер кіреді. Жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты.Интеллект–адамның болмысты тануының негізгі нысаны.Интеллект ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті.

Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, казіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді. Интеллект – адамның болмысты тануының негізгі нысаны.

Интеллект функциялары:

- оқуға деген қабілеттілік;
- қоршаған болмысының заңдылықтарын белсенді меңгеруге қабілеттілік.

Интеллект ұғымының құрылымы күрделі және көп деңгейлі. Оның тұтастай бірлігі ақыл-ой қабілеттерінің өзара әрекеттесуі негізінде байқалады.

- биологиялық тұрғыдан интеллект – адамның жаңа жағдайларға саналы түрде бейімделу қабілеті;
- педагогикалық тұрғыда интеллект – оқуға деген қабілеттілік, білімділік деген ұғымдарымен сипатталады.

Интеллект анықтамасы көп кездеседі. «Интеллект кең мағынада – танымдық іс--әрекеттің барлығы, ал тар мағынада–адамның ақыл-ой қабілеттілік сферасын сипаттайтын жалпыланған түсінік. Интеллектуальды қабілеттіліктер адамға қоршаған әлеммен қатынасын және заңдылықты байланысын ашуға, өзінің ақыл-ой процесін тануға және оларға әсер етуге,жаңа ситуацияға тез үйренуге және ақиқатты белсенді бейнелеуге рұқсат береді.М.А.Холодная көзқарасынша, ақыл-ой қабілеттілігі өз негізінде ұйымдасқан индивидуальды тәжірибенің ерекше бейнесіне ие, яғни адам қоршаған әлемді қалай көрсе солай түсінеді [2].

Интеллект қабілеттері арқылы таным, оқу, логикалық ойлау, талдау арқылы ақпараттарды жүйелеу, олардың қолдану аясын анықтау, заңдылықтары мен ерекшеліктерін табу, ұқсас ақпараттармен салыстыру іске асырылады.Американдық ғалым Дэвид Векслердің пайымдауынша интеллект – ақылмен іс-әрекет жасау, рационалды түрде ойлау және өмірлік мәселелерді дұрыс жеңе білу, яғни интеллект – адамның қоршаған ортаға бейімделе алу қабілеті.

Адам интеллектісінің маңызды сапаларына оның:

- талаптылығы, ойының тереңдігі, жылдамдығы;
- логикалық ойлау, ойлаудың дәлдігі, сын тұрғысынан ойлауы, ойының кеңдігі жатады.

Академик Н.Н.Моисеев интеллект деп – адамның мақсат қоя білуін, өз ресурстарын жоспарлау, мақсатқа жету стратегияларын құра білуі деп түсіндіреді.Теориялық және практикалық интеллект жеке адамның эмоциялық-еріктік ерекшеліктерімен байланысты.

Интеллект түрлері:

- абстрактылы интеллект
- ересектер зияты
- нақты интеллект
- кристалданғая интеллект
- қарапайым интеллект
- жануарлардың зияты
- жасанды интеллект

Интеллектті диагностикалау интеллект коэффициентімен жүргізіледі. Интеллект даму кезеңдері туралы Ж.Пиаже төмендегідей етіп көрсетті:

1.Сенсемоторлы интеллект 0-2 жас. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарымен жасалған іс-әрекеттер. Баланың іс-әрекеті топтама құрайды.

2.Операцияға дейінгі интеллект 2-8 жас. Баланың тілі шығып, оның жасаған іс-әрекетінің нәтижесі еріксіз ойлаумен байланысты. Бұл кезең 2 фазаға бөлінеді. а) тілі шыққаннан бастап 1,5-4 жасқа дейін; в) когнитивті құрылымдардың қалыптасуы 4-7 жасқа дейін.Бала интеллектісі жағынан мына қасиеттері арқылы ажыратылады: ойлаудың өткірлігі, есте сақтауының ерекшелігі, жан-жақты білім құмарлығы, оңай және ұқыпты оқуы, өз ойын дұрыс жеткізе білуі, практикалық білімге қабілетінің жоғарылығы, құрдастары білмейтін көп нәрсені білуі, тапсырмаларды шешуде ерекше қабілеттілік көрсетуі т.б.

Интеллектуалдық ойындар– баланың мектепке дейінгі жасынан бастап, танымдық қабілеті мен әлеуметтік дағдыларының негізін қалайтын, білім алу және тәрбие процесіндегі жетекші іс-әрекеттің түрі, өмір құбылыстарының бірі, сондай-ақ баланың ақыл-ойын қалыптастыруға бағытталған әсерімен ерекшеленетін әрекет.

Интеллектуалдық дамыту ойынының түрлері мен қызметі сан алуан. Соның ішінде ойын оқу қызметі, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық ойындар, логикалық ойындар, грамматикалық ойындар, математикалық ойындар, ұлттық ойындар т.б. Ал интеллектуалдық дамыту ойындары – балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын молайтады. Оларды ізденімпаздыққа ынталандырады, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейді. Баланың белсенділігі артады, ойынның келесі күрделі кезеңіне өтуге талпынады. Ойынды түрлендіру әрі тілді, әрі

ақыл-ойды дамытуға, демалыс сәттерін тиімді пайдалануға септігін тигізеді. Ойыншы әрекет үстінде өзін-өзі еркін ұстауға, қысылмауға, басқалармен тіл табысуға, жолдастық, достық сезімінің оянуына мүмкіндік жасайды[3].

Әлеуметтік өмірде интеллект үш негіз арқылы қалыптасады: тіл (белгілер), субъект пен объекттің өзара әрекетінің мазмұны (интеллектілі құндылықтар),және ойлау ережелері (ұжымдық логикаға дейінгі нормалар).Адамның интеллектісі көп жағдайда ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығы деп түсіндіріледі. Ж.Пиаженің зерттеуі көрсеткендей интеллектілі іс-әрекет тұрақты және бейімделгіш ақыл-ой құрылымының ішкі іс-әрекет жүйесін көрсетеді.Интеллект жас ерекшелік дамуының белгілі бір кезеңдерден өтеді: сенсомоторлы және іс-әрекетке дейінгі кезең іс-әрекет кезеңіне ауысады; нақты іс-әрекет кезеңінен кейін (кіші мектеп жасы)жеткіншектік кезеңде аяқталатын ойлаудың формалы–логикалық іс-әрекет кезеңіне ауысады.

Интеллектуальдық дамыту ойындарының жүйесі мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың алған білімін бекітуде, тың ойлау, мәселені шешу, топ құра алу және шығармашылықпен ойлауға баулиды. Әр ойын түрлі алаңда логика құруға бағыттайды. Стратегиялық ойындарда ойын құруды, өзгерген жағдайларға қарай жаңа жоспар құру және қарсыласының ойын анықтауды үйренеді. Сонымен қатар, стратегиялық ойындарда қарсылас болуға лайық деңгейде жетіледі. Жүйенің қолданылуымен балалар қоғамға пайдалы, әлеуметтік бағыты мықты және тіл байлығы мол тұлға болып қалыптасады. Жүйеде қолданылатын ойындар балалардың: жоспарлау, өлшеу, зеректік, мәселені шешу жолдарын қарастыру, жаңа әдіс-тәсілдерді байқау, сын тұрғысынан ойлау және зерттеушілік қырларын дамытады. Топтық ойындар әлеуметтік ортаға бейімделуге көмектеседі. Мұндағы басты мақсат – әр баланың өзін жақсы танып, қабілеттерін, қызығушылығын, әлсіз тұстарын байқау қабілетін үйрету. Орта құрып, ережелерде тұрақталатындай өзін бейімдеуге үйрету. Балалардың жаттығу барысында өзін басқа балалармен салыстыру және бейімділіктерін байқауға мүмкіндік жасау. Басынан өткен жағдайларға қарай қиялдауына көмектесу және қиялын жалғастыратындай жұмыстар ұсыну.Педагогтар үшін әр ойын оқу қызметі тәрізді арнайы дайындықты қажет етеді.

Сонымен, интеллектуалдық дамыту ойыны баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.Сондықтан да интеллектуалды ойындардың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәні зор.Интелектуалды ойындар арқылы балалар жоспарлау, өлшеу, зеректік, мәселені шешу жолдарын қарастыру, жаңа әдіс-тәсілдерді байқау, сын тұрғысынан ойлау және зерттеушілік қырларын дамытады.Топтық ойындар әлеуметтік ортаға бейімделуге көмектеседі. Мұндағы басты мақсат – әр баланың өзін жақсы танып, қабілеттерін, қызығушылығын, әлсіз тұстарын байқау қабілетін үйрету. Орта құрып, ережелерде тұрақталатындай өзін бейімдеуге үйрету. Балалардың жаттығу барысында өзін басқа балалармен салыстыру және бейімділіктерін байқауға мүмкіндік жасау. Басынан өткен жағдайларға қарай қиялдауына көмектесу және қиялын жалғастыратындай жұмыстар ұсыну. Тәрбиешілер үшін әр ойын оқу қызметі тәрізді арнайы дайындықты қажет етеді. Сонымен, интеллектуалдық дамыту ойыны баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық, мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан да интеллектуалды ойындардың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәні зор.

Интеллектуалдық ойындар– баланың мектепке дейінгі жасынан бастап, танымдық қабілеті мен әлеуметтік дағдыларының негізін қалайтын, білім алу және тәрбие процесіндегі жетекші іс-әрекеттің түрі, өмір құбылыстарының бірі, сондай-ақ баланың ақыл-ойын қалыптастыруға бағытталған әсерімен ерекшеленетін әрекет[4].

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде интеллектуалдық ойын түрлерін жиі пайдалану барысында балалардың танымдық қабілетін, алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденпаздығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсаты көзделеді.

Интеллектуалдық ойын–танымдық қызығушылығын күшейтіп, логикалық ойлауына, басқа адамдармен іскерлік қатынастарына әсер ететінін анықтайды. Ойын бұл еркін және өзіндік әрекет, ол баланың жеке қызығушылығынан туады, баланың жеке қажеттілігі мен шектеулі мүмкіндіктері ашылады. Мұндай ойындар адамдардың өмір тәжірибесінде үлкен маңызға ие. Ал бүгінгі заман талаптарынан туындаған, баланың интеллектісін дамытып, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға тікелей ықпал ететін ойындар әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып әзірленіп, олардың бірыңғай талаптарға негізделген жүйесі құрылуда. Оларды баланың жасына сәйкес ақыл-ойын дамытатын интеллектуалды ойындар кешені деп атауға болады.Интеллектуалдық дамыту ойыны – баланың мектепке дейінгі жасынан бастап, танымдық қабілеті мен әлеуметтік дағдыларының негізін қалайтын, білім алу және тәрбие процесіндегі жетекші іс-әрекеттің түрі, өмір құбылыстарының бірі, сондай-ақ баланың ақыл-ойын қалыптастыруға бағытталған әсерімен ерекшеленетін әрекет.

Мұндай ойындар барысында:

- әлеуметтік топта оның рөлі мен тәртіп ережесі игеріледі;

-топтың, ұжымның, баланың тұлғалық және жеке даму мүмкіндіктері қарастырылады.

Интеллектуалдық ойындардан күтілетін нәтижелер:

- баланың ақыл – ойы дамиды;сөздік қоры молаяды, ойын еркін жеткізуге талпынады;

- тілдік қарым-қатынасқа еркін араласады;қоршаған ортаны танып білуге қызығушылығы артады;ұжымдық іс-әрекетке бейімделеді;

- еңбеккке тәрбиеленеді;бірлескен ұжымдық дағдылары жинақталады;

- әр баланың ақыл-ой деңгейі, өзіндік мінез-құлқы қалыптасады; бәсекелестікке, тапқырлыққа, төзімділікке, адамгершілікке тәрбиеленеді.

Қорыта айтқанда, ойын баланың жасына, қабылдауына, түсінігіне қарай күрделене түрлене отырып, оның ақыл-ойын дамытатын мақсатқа бағдарланады. Нәтижесінде баланың есею кезеңінде өзімен бірге дамитын интеллектуалды ойындар жүйесі құрылады. аталған ойындар кешені баланың қиялын, бейнелі ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытады. Құрбыларымен бірлесіп ойнауға, өзара қарым-қатынас жасауға үйренеді. Интеллектуалдық дамыту ойыны – әлеуметтік қызмет, ол баланың жасына қарай, өзін қоршаған ортаны танып білуге, оны өзгертуге құштарлығын арттыратын құрал. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоршаған ортаны құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады, оқу әрекетінің негіздері қаланады.

Әлебиеттер:

1. Холодная М.А. Практическая психология. М.,2001.
2. Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта. М.: 2005.
3. Андреева И. Н. Азбука эмоционального интеллекта. Петербург, 2012.
4. Практический интеллект. Р.Дж.Стернберг, Дж.Б.Форсайт, Питер, 2002.

УДК 37.091.3

AI IN LEARNING PROCESS: VALUABLE RESOURCES FOR TEACHERS.

О.Г. Искакова, О.О. Клявинш
КГКП «Саранский высший гуманитерно-технический колледж имени Абая Кунанбаева»
evefess@gmail.com, oksanocka_89@mail.ru

Modern Technologies in Education: The Role of AI Tools

Modern technologies significantly simplify the process of preparing educational materials. The integration of artificial intelligence (AI) into education has transformed traditional teaching methodologies, providing innovative tools for both educators and students. The use of AI tools in

education opens up new opportunities for teachers, enabling them to create interactive and adaptive assignments in real time. Additionally, AI enhances personalized learning, allowing students to receive customized educational experiences based on their needs and abilities.

Key AI Tools in Education

Today, there are many tools that assist educators in organizing the learning process. These tools streamline lesson planning, assessment, and student engagement. Let's explore three key solutions: Brisk Educator Free, InsertLearning, and Formative.

1. Brisk Educator Free – Automating Task Creation

Brisk Educator Free is a tool that generates questions based on textual material. This tool is particularly useful for preparing tests, quizzes, and independent work, allowing teachers to quickly create differentiated assignments for various student groups.

Key Advantages:

- **Time-saving:** Automates the process of question generation, reducing workload.
- **Adaptability:** The ability to tailor assignments to different student levels.
- **Integration:** Seamlessly works with Google Classroom, facilitating assignment distribution and collection.
- **Enhanced comprehension:** By generating thought-provoking questions, students are encouraged to engage deeply with the material.

Brisk Educator Free is especially beneficial in large classrooms where individualized instruction can be challenging. By automating question generation, educators can focus on more strategic teaching aspects rather than spending excessive time on task preparation.

2. InsertLearning – Creating Interactive Lessons

InsertLearning is a service that transforms static web pages into interactive educational resources, making learning more engaging and participatory.

Key Features:

- **Interactive elements:** Teachers can add annotations, videos, and questions directly onto web pages.
- **Collaborative learning:** The tool allows students to comment and discuss embedded materials.
- **Engagement boost:** Encourages active reading and participation through interactive features.
- **Flexible accessibility:** Works across different devices, making learning available anytime and anywhere.

This tool is particularly effective in distance learning, where student engagement can be a challenge. By allowing teachers to incorporate multimedia elements into lesson materials, InsertLearning fosters a more dynamic and immersive learning experience.

3. Formative – Assessment and Feedback

Formative focuses on instant testing and student response analysis, making assessments more effective and interactive.

Key Benefits:

- **Real-time feedback:** Teachers can monitor students' answers live and provide immediate corrections.
- **Variety of assignment types:** Supports multiple formats, including multiple-choice questions, essays, and practical exercises.
- **Seamless integration:** Works with major educational platforms like Google Classroom and Microsoft Teams.
- **Data-driven insights:** Allows educators to track student progress and identify areas requiring additional support.

Formative improves the assessment process by making it more objective and transparent. Instant feedback not only benefits students but also helps teachers refine their instructional strategies to better address learning gaps.

The Impact of AI Tools on Education

The application of AI tools in education makes the teaching process more efficient and engaging. Brisk Educator Free, InsertLearning, and Formative help teachers tailor assignments to students' levels, increasing their motivation and academic performance. Modern technologies contribute to the individualization of the learning process, making education more accessible and interactive.

1. Personalized Learning

AI-driven educational tools adapt to students' strengths and weaknesses, offering customized learning paths. This individualized approach ensures that students receive the support they need in specific areas, ultimately improving overall comprehension and retention.

2. Increased Student Engagement

Interactive tools like InsertLearning make learning more dynamic. When students actively participate in lessons rather than passively consuming information, they are more likely to stay engaged and retain knowledge.

3. Reduction of Teacher Workload

AI automates repetitive tasks such as grading, assignment generation, and progress tracking. This allows educators to focus more on instructional quality and student interaction rather than administrative duties.

4. Enhanced Collaboration

Many AI-powered tools facilitate collaborative learning by allowing students to work together on assignments, discuss content in real time, and receive instant feedback. This fosters teamwork and communication skills essential for their future careers.

5. Accessibility and Inclusivity

AI tools help bridge educational gaps by providing assistance to students with disabilities. Features such as text-to-speech, automated translations, and personalized pacing ensure that all learners, regardless of their abilities, can access and benefit from educational content.

Conclusion

Artificial intelligence is reshaping the educational landscape, making learning more efficient, personalized, and interactive. The tools discussed—Brisk Educator Free, InsertLearning, and Formative—exemplify how AI can support teachers in delivering high-quality education while simultaneously benefiting students. As AI technology continues to evolve, its role in education will only expand, leading to smarter and more adaptive learning environments. By embracing AI-driven solutions, educators can unlock new possibilities for teaching and learning, paving the way for a more innovative and inclusive future in education.

References

1. Kuznetsov A. I. Digital technologies in education: theory and practice. - M.: Education, 2021. - 256 p.

2. Petrov V. S. Artificial intelligence in training: modern approaches and prospects. - St. Petersburg: Science, 2020. - 198 p.

3. Johnson M., Smith K. AI Tools in Education: Enhancing Learning Through Automation. - New York: Academic Press, 2022. - 320 p.

4. Official website of Brisk Educator Free [Electronic resource]. - URL: https://www.brisk.educator (date of access: 10.02.2025).

5. Official website of InsertLearning [Electronic resource]. - URL: https://www.insertlearning.com (date of access: 10.02.2025).

6. Official website of Formative [Electronic resource]. – URL: https://www.formative.com (accessed: 10.02.2025).

ӘОЖ 373.21

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР: PLAY HUB МОДЕЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУГЕ ЫҚПАЛЫ

Майлыбаева Гульмира Сабыровна
Кенбаева Құралай Муратқызы
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықораған қаласы, Қазақстан Республикасы
kenbaeva0107@mail.ru

Қазіргі әлемде білім беру жүйесі қоғамдық дамудың маңызды және негіз қалаушы саласы болып табылады. Білім беру процесінде әрбір балаға тең мүмкіндіктер ұсыну, оның жеке қасиеттерін, қабілеттері мен қажеттіліктерін ескеріп, қолдау көрсету өте маңызды. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің ең өзекті бағыттарының бірі – инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім беру, ең алдымен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қоғаммен және оқу үдерісімен толыққанды өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беру болып табылады. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясатының маңызды басымдықтарының, негізгі принциптерінің бірі ретінде «Сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі» нақтыланған[1].

Инклюзивті білім беру термині соңғы бірнеше жылда жиі қолданылып жүр, алайда оның нақты ұғымы мен мәні көптеген елдерде әлі де зерттеуді қажет етеді. Ағылшын тілінен аударғанда «inclusion» - «қосу» деген мағынаны, қосқанда да барлық қажеттілігі болған субъектілерге қолдау көрсетуге кепілдік беретін қосу жүйесі.[2] Инклюзивті білім беру - бұл жалпы білім беру жүйесінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім алу жағдайларын теңестіруге бағытталған процесс. Әсіресе, ерекше қажеттіліктері бар балаларды мектептерде және балабақшаларда жалпы білім беру процесіне қосу – осы жүйенің басты мақсаты болып табылады. Инклюзивті білім беру балалардың тек қана білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуді емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік, психологиялық, эмоциялық дамуын да қолдауды көздейді. Бұл жүйе ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолайлы оқыту жағдайларын жасауға бағытталады.

Инклюзивті білім беру жүйесінің басты мақсаттары:

– Тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету: Балалардың барлық қажеттіліктерін ескере отырып, олардың білім алу жағдайларын теңестіру.

– Әлеуметтік бейімделуді қолдау: Ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғамда дұрыс орнығуына жағдай жасау.

– Жеке даму деңгейін қолдау: Әрбір баланың даму деңгейіне сәйкес білім беру және оны жеке қабілеттерін дамытуға бағыттау.

– Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру: Балалардың бір-біріне деген құрметін, түсіністігін, ынтымақтастығын қалыптастыру.

Инклюзивті білім беру тұрақты дамудың, қоғамдағы тұрақтылықтың, күрделі қоғамдық ортаға адамның әлеуметтенуінің арқауы болуы қажет. Адамдардың әлеуметтену және бейімделу мүмкіндіктері тек қана өмірлік жағдаяттарға немесе жеке мінез-құлыққа қатысты ғана болмайды, сонымен қатар, білім алу арқылы да жүзеге асады. Кең мағынадағы білім алу дегеніміз - бұл адамның өмір сүру салты, нақтылы әлеуметтік-экономикалық жағдайда индивидуалды жеке тұлғалық капиталын іске асыру үшін өмірлік тәжірибесінің жинақталуы[3].

Инклюзивті білім беру жүйесі педагогтардың арнайы дайындықтарын, түрлі инновациялық әдістер мен педагогикалық құралдарды қолдануды талап етеді. Бұл әдістер педагогтардың баланың жеке қабілеттері мен ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс жасауына

мүмкіндік береді. Инновациялық әдістерді қолдану арқылы білім беру жүйесі барлық балалар үшін тең мүмкіндіктер ұсынады.

Инклюзивті білім беру жүйесінде қолданылатын инновациялық әдістердің бірі – *Play Hub* моделі. Бұл әдіс ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін арналған оқыту ортасын ұйымдастыруды мақсат етеді. *Play Hub* орталығының мақсаты – балалардың әлеуметтік қарым-қатынастарын дамыту және оқу процесіне бейімделуін жеңілдету. Бұл модельдің ерекшелігі – балаларға қызықты, әрі қолайлы ортаны қалыптастыру. Мұндай орталар баланың когнитивтік дамуына, әлеуметтік дағдыларының қалыптасуына және өзара қарым-қатынасқа түсуде оң әсерін тигізеді. «...Мұндай ортада қажеттіліктер мен мүмкіндіктерге сәйкес жеткілікті біліктілікпен кәдімгі білім беру бағдарламасын түсіндіру және қолдану үшін тиісті және жеткілікті ресурстарды пайдалана отырып тәрбиешілер, ата-аналар және процестің басқа қатысушылары бірлесіп жұмыс істейді», - деп Торонтодағы Йорк университетінің профессоры доктор Г. Банч жазады[4, 14-16 б].

Зерттеулер көрсеткендей, *Play Hub* моделін қолдану балалардың зейінін шоғырландыруға, олардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға және танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл әдіс балалардың қажеттіліктерін ескеріп, оларды толыққанды дамытуға мүмкіндік береді. Play Hub орталығының басты ерекшелігі – балаларды дамытуға бағытталған жан-жақты және инклюзивті ортаны құру. Заманауи психологтардың пайымдауынша, әр баланың еркін ойын ойнайтын орны болуы керек және мұндай кеңістік жасыл желексіз және көліктерге толы іргелес аумақтар емес.

Playhub (ағылш. play hub - ойын орталығы) - бұл бүкіл отбасымен ұзақ уақыт белсенді демалуға арналған үлкен ойын алаңы болып табылатын жаңа қала құрылысы. Алғашқы ойын-сауық орталықтары Санкт-Петербургте «Жаңа Голландия», «Мега-Парк» сияқты ірі саябақтар мен қоғамдық орындарда және Карповка өзенінің жағалауындағы қайта қалпына келтірілген аумақта пайда болды.

Play Hub орталықтары ата-аналарға қолдау көрсету мақсатында ата-аналар мен балалардың оқуын дамытуды қалай қолдай отырып және басқа балалар мен отбасыларға бағытталған қызметтер мен іс-шаралар туралы ақпаратқа қол жеткізетін орталық ретінде жұмыс істейді. Аталмыш орталық қоғам үшін қызмет етуге және білім беруге, ең алдымен денсаулық сақтау, тамақтану және т.б. байланысты іс-шараларға кеңістік ұсыну арқылы қызмет етуге бағытталған.

Ерекше білім алатын балаларға арналған Play Hub орталықтары әлемнің сегіз елінде белсенді жұмыс істейді. Олар Хорватия, Венгрия, Италия, Латвия, Нидерланды, Словакия, Словения және Түркия.

Мектеп жасына дейінгі баланың сапалы ұйымдастырылған ойын кеңістігінің құрылымдық моделі балаға бағдарланған. Ойын кеңістігінің төрт компонентінің келісілген үйлесімі мектеп жасына дейінгі баланың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндігі және оның басқалармен өзара әрекеттесу процесінде оның ынтымақтастығының жоғары деңгейде дамуына ықпал ететіндігі дәлелденді. Іске асырылған ойын әрекеттерінің мазмұны, ойын кеңістігін материалдық жағынан толтыру, оның динамикасы мен ұтқырлығы, барлық балаларды белсенді ойын әрекетіне қосу іс жүзінде басқа тәсілдерді қажет ететіні анықталды. Мектеп жасына дейінгі балаларға ойын алаңын ұйымдастырудың сапасына қатысты тәрбиешілердің қажетті және нақты идеялары арасында тұрақты қарама-қайшылықтар да болғанын атап өткен жөн.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойын алаңын сапалы ұйымдастыру мәселесі қазіргі қоғам жағдайында табысты тұлғаның дамуына жаңа ережелер мен талаптарды белгілейтін ерекше маңызға ие болуда. Өз мүмкіндіктерін түсіну, бастамашылдықты ашу және мектеп жасына дейінгі балаларда өзін-өзі жан-жақты жүзеге асыру қабілеттерінің жоғары деңгейін қалыптастыру ойын кеңістігінің барлық құрылымдық компоненттерінің болуын және өзара байланысын қамтамасыз етуін көздейді.

Мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуына ойын кеңістігін ұйымдастыру және әсер ету мәселесін қарастыру қоғамның құндылық бағдарын қалыптастыруға, теріс әлеуметтік

әсерлерге қарсы тұруға, өзін-өзі ашуға, өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі танытуға, оның құндылық бағдарын қалыптастыруға қарқынды көңіл бөлуімен шартталған. Мектеп жасына дейінгі балаға жеке қарым-қатынасқа түспей-ақ бірқатар әлеуметтік функцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи озық технологиялардың пайда болуы оның психикалық дамуына кері әсерін тигізеді және дараландыру мен интеграциялық үдерістердің бұзылуына әкеледі; бала өмірінің физикалық (мінез-құлық, әрекеттер), эмоционалдық (эмоционалдық көріністер, тілектер) және психикалық (идеялар, пайымдаулар) өлшемдеріндегі дисгармония болуы да мүмкін. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық-психикалық жүйесінің жұмысында тұтастықтың болмауы өмірлік құзіреттіліктің қалыптаспауына, қызметтің кез келген түрін сәтсіз жүзеге асыруға және жағымсыз әлеуметтік әсерлерге жауап ретінде сапалы белсенділік деңгейінің болмауына әкеледі. Мектеп жасына дейінгі бала дамып келе жатқан ойын кеңістігі жағдайында ғана өзінің өмірлік іс-әрекетінің белсенді субъектісі бола алады. Мектеп жасына дейінгі баланың жас әлеуетін одан тыс жүзеге асыру мүмкін емес. Ойын кеңістігі мектеп жасына дейінгі инклюзивті білім алатын балалардың психикалық дамуының маңызды факторы және оның өмірлік құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Кең мағынада заттық-кеңістік дамытушы орта – мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты психикалық дамуын қамтамасыз ететін, әр түрлі әрекеттерді қолдаудың әлеуметтік және табиғи құралдарының тұтастығын қамтамасыз ететін мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-мәдени ортасы. Қазіргі заманғы ойын кеңістігі мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуы концепциясының басымдылығы ретінде тұлғалық-бағдарлы бағытты анықтайтын оны ұйымдастыруға жаңа көзқарасқа негізделуі керек. Мектеп жасына дейінгі баланың ойын кеңістігін сапалы ұйымдастыру қоршаған ортаның көп функционалдылығына және ойын идеяларын құруды ынталандыратын ойын материалдарына негізделуі керек. Сонымен бірге ойын ортасы мен әсер ету түрі белгіленген ойыншықтар мектеп жасына дейінгі баланың әрекетінің стереотипі мен біркелкі тәсілдерін тудырады. Демек, мектеп жасына дейінгі баланың ойын әрекетінің деңгейі негізінен ойынның дамытуды ұйымдастыру сапасына байланысты. Заттық-кеңістік дамытушы орта мектеп жасына дейінгі баланың өз бетінше іс-әрекетін, оның танымдық, практикалық және шығармашылық қызметін көрсету үшін жасалған жағдайлардың жалпыланған бейнесі ретінде қарастырылуы керек. Заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастырудың тиімді формалары мектеп жасына дейінгі баланың сыртқы шындықты мақсатты түрде тануына, оның шығармашылығын дамытуға және белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Орталық – мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуының құралы, бала даралығының көрінісі, әлеуметтік ортамен тиімді қарым-қатынас орнатудағы таптырмас серігі. Ол мектеп жасына дейінгі балаға қоғамдағы өмірге бейімделуге және әлеуметтік өзара әрекеттесу ерекшелігін сапалы деңгейде түсінуге және меңгеруге мүмкіндік береді.

«Play-Hub» орталығындағы инклюзивті баланы табысты әлеуметтендірудің негізгі міндеттерінің бірі – әрбір бала өзін тең құқылы және ұжымның бір мүшесі ретінде сезінетін мейірімді және инклюзивті атмосфераны құру. Ол үшін өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа, басқаларды құрметтеуге бағытталған сабақтар мен іс-шараларды өткізу қажет. Сондай-ақ барлық балалардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалдары мен ойыншықтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету маңызды.

Инклюзивті білім беруде кеңінен қолданылатын әдіс – ертегілерді педагогикалық құрал ретінде қолдану. Бұл тәсіл балалардың эмоционалдық тұрақтылығын нығайтып, олардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады. Чехияда ұйымдастырылған «Ертегінің сиқыры» атты біліктілікті арттыру курсы барысында педагогтар ертегілерді ерекше қажеттіліктері бар балалардың танымдық және психологиялық дамуын қолдау үшін тиімді құрал ретінде пайдалану әдістерін меңгерді.

Ертегілер балаларға эмоциялық тұрғыдан әсер етіп, олардың жан-дүниесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс балалардың логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіріп, олардың өз-өзін тануына ықпал етеді. Ертегілерді педагогикалық құрал ретінде қолдану

балалардың білім алу мотивациясын арттырып, олардың ішкі дүниесін дамытады. Бұл тәсіл оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жақсартып, әлеуметтік бейімделуге көмектеседі.

Инклюзивті білім беру жүйесінде балалардың әртүрлілігін ескеріп, оқу процесін әртараптандыру қажет. Интерактивті әдістер мен көрнекі құралдарды қолдану ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқу үлгерімін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл әдістерді пайдалану балалардың қызығушылығын арттырып, олардың оқуға деген ынтасын жоғары деңгейде ұстайды.

Интерактивті әдістер арқылы оқушылар түрлі тапсырмалар орындай отырып, оқу процесіне белсенді қатысады. Көрнекі әдістер мен құралдар (суреттер, диаграммалар, видеолар) арқылы балалардың материалды қабылдау және түсіну деңгейі жоғарылайды. Бұл әдістер ерекше қажеттіліктері бар балаларға оқу мазмұнын жеңіл әрі түсінікті етуге мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру жүйесінде ата-аналардың рөлі өте маңызды. Ата-аналар баланың дамуының маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Олар баланың үйдегі және мектептегі дамуын үйлестіруде үлкен рөл атқарады. Педагогтар мен ата-аналар арасындағы тығыз қарым-қатынас ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқу процесіне белсенді араласуын қамтамасыз етеді.

Зерттеулер нәтижелері ата-аналардың белсенді қатысуы балалардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетіп, оқу процесіне ықпал ететінін көрсетеді. Ата-аналар мен педагогтар арасындағы ынтымақтастық балалардың оқу үлгерімін жақсартуға көмектеседі. Ата-аналардың баланың эмоционалдық және психологиялық жағдайын бақылап, педагогтарға қажетті ақпарат беруі инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттырады.

Инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Бұл зерттеулердің нәтижелері ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқу процесіне тиімді қатысуын қамтамасыз ету үшін инклюзивті білім беру әдістерін дамыту қажеттігін көрсетеді. Инклюзивті білім беруде ойын әдістерін қолдану, интерактивті әдістер мен көрнекі құралдарды пайдалану, педагогтардың біліктілігін арттыру, ата-аналармен серіктестік орнату сияқты тәсілдер тиімді нәтиже береді.

Зерттеулер нәтижелері бойынша, мектепке дейінгі және бастауыш сыныптарда ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы оқу стратегияларын қолдану олардың оқу мотивациясын арттырып, танымдық белсенділігін жоғарылататыны анықталды. Ойын әдістері балалардың зейінін шоғырландырып, оларды оқу процесіне қызығушылықпен қатысуға ынталандырады.

Ата-аналардың баланың дамуындағы маңызды рөлі туралы жүргізілген зерттеулер де өте маңызды. Педагогтар мен ата-аналар арасындағы тығыз қарым-қатынас ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетіп, олардың білім алу процесіне белсенді араласуын қамтамасыз етеді. Ерекше сұранысты қажет ететін балаларға білім беруде аса үлкен жауапкершілік оқытушыларға түседі. Мұғалімдер өз методикасын қалыптастырып немесе өзге де әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білуі қажет [5 – 209б].

Инклюзивті білім беру жүйесі – бұл тек қана ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін емес, жалпы білім беру жүйесі үшін де маңызды бағыт. Бұл жүйе барлық балаларға тең мүмкіндіктер ұсынуға бағытталған. Инклюзивті білім беру жүйесінде инновациялық әдістерді қолдану балалардың танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қолдайды. Play Hub моделін, ертегілерді педагогикалық құрал ретінде қолдануды, интерактивті әдістер мен көрнекі құралдарды пайдалану, ата-аналармен серіктестік орнату сияқты тәсілдер балалардың білім алу процесін жеңілдетеді және олардың әлеуметтенуін жеңілдетеді.

Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру үшін жаңа әдістерді енгізудің маңыздылығын көрсетті. Мұндай әдістер балалардың оқуға деген ынтасын арттырып, олардың білім деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру жүйесі жаңа тәсілдерді қажет етеді, сондықтан мұндай әдістерді кеңінен енгізу білім беру жүйесінің барлық деңгейінде инклюзивтілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007 (15 сәуір 2016 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
Осылайша, біз қазіргі әлемде блог жүргізу белсенді әлеуметтік өзара әрекеттесудің нұсқаларының бірі екенін көреміз, яғни оны білім беру ортасында қолдану қоғамның, атап айтқанда педагогтердің және білім беру мекемелерінің қажеттілігі болып табылады.

Біздің ойымызша, блогерлік қызмет педагогтің өзін-өзі дамуына ықпал етеді, оның кәсіби және ақпараттық технологиялар саласындағы дағдыларын жетілдіреді, педагогикалық ықпал мен әлеуметтік өзара әрекеттесу шеңберін кеңейтеді. Сонымен қатар, блогерлік қызметте педагог өзін кәсіби маман ретінде ғана емес, жеке тұлға ретінде де ашады. Бұл аудиторияны орналастыратын және сенім мен беделге ие болатын ұсынылған ақпаратқа жеке көзқарастың көрінісі [4].

Бұл күндері педагогтердің блог жүргізу олардың хоббиінен мамандығына қарай ауысып отыр, педагог әріптестері оны өте танымал, әрі құрметті болғандықтан және пайдалы ақпараттарымен танысу үшін жиі қарайды. Сонымен қатар, блогтардың кең аудиторияға қол жетімділігі өз жұмысын және оған көзқарасын жариялайтын педагог қызметінің ашықтығын қалыптастырады.

Блогерлік қызметті жүзеге асыру үшін педагогтің платформаны таңдауы көбінесе нақты педагогикалық мақсаттарға байланысты. Қарастырылып отырған тақырып бойынша талқылау фактілерінен басқа, оларға иллюстрациялар бар мәтіндік ақпараттың үлкен көлемін *Вконтакте* сияқты әлеуметтік желілерде немесе *Телеграмм* сияқты жеке жаңалықтар арнасын құруға мүмкіндік беретін мессенджерлерде орналастыру ыңғайлы. Бейне түсіру, монтаждау және бейне мазмұнын дайындаудың басқа да қыр-сырын меңгергендер үшін *TikTok* бейне жасау қызметі және *YouTube* бейне хостингі кең таралған таңдау болып табылады [5].

Педагогтердің блог үшін таңдаған тақырыптары өте ауқымды. Педагогтер мақалалар мен роликтерден құралған пәндік блогтармен қоса, басқа педагогтерге, соның ішінде кәсіби қызметін жаңадан бастаған жас мамандарға қызықты болатын педагогикалық лайфхактары бар әдістемелік блогтар да бар. Осылайша, интернет кеңістігінде педагогикалық тәжірибенің сабақтастығы жүзеге асырылады. Блогта педагог балалармен жұмыс жүргізудің түрлі тәсілдерін, оқу кеңістігін ұйымдастыру және басқа әріптестерге де мотивациялық әсер ету жолдары туралы айта алады. Педагог блогта кәсіби тәжірибеден қызықты оқиғалармен бөлісе алады, бұл оның танымалдылығын арттыруға ықпал етеді, бірақ нақты білім беру мақсаттарын көздемейді. Егер біз оқырмандардың блогерлікке деген құрмет сезімін ескеретін болсақ, онда бұл тұжырымдама педагогикалық қызметке жанама түрде оң әсер етуі мүмкін.

Желідегі пайдаланушылар сапалы, түрлі-түсті, қызықты материалдарға көбірек назар аударады. Егер бұл мәтін болса, онда құрғақ ғылыми мақала емес, қол жетімді және тірі тілде ұсынылған дұрыс бөлшектелген, суреттелген материал. Бейнелер жақсы ажыратымдылықта, дұрыс таңдалған фонмен, таза аудио трекпен түсірілуі керек және тұтастай алғанда ақпараттық материалдарға ғана емес, эстетикаға да назар аудару керек.

Ұзақ уақыт бойы блогерлікті кәсіби қызметпен сәтті үйлестіретін педагог-блогерлердің кейбір мысалдарын қарастырайық.

Екатерина Петровна Тихонова немесе ол өзін онлайн *kate_happy_teacher* деп атады, бастауыш сынып мұғалімі, Телеграммда блог жүргізеді, онда 28 мыңға жуық жазылушысы бар, сонымен қатар ВК-да материалдар жариялайды. Ол Бүкілресейлік тәлімгерлер қауымдастығының мүшесі және көптеген мұғалімдердің жұмысына көмектеседі, өзінің блогында ол кәсіби күйреу, шаршау, оқушылардың ата-аналарымен жанжал жағдайлары және тағы басқалар сияқты тақырыптарды көтереді, сонымен қатар өз тәжірибесін мысалқа келтіріп, басқа мұғалімдерге мотивация мен оң көзқарас беруге тырысады [6].

Федотов Андрей Борисович - Белгородтта тұратын ағылшын тілі мұғалімі, ол 2019 жылы үздік білім беру блогы үшін "Білім туралы" сыйлығының жеңімпазы атанды. Оның Вконтактідегі "блог мұғалімі" тобында 50 мың жазылушы бар. Мектеп тынысына қатысты әзілдерден құралған фото және видео контенттер балалардың, олардың ата-аналары мен мұғалімдердің резонанс тудырды. Ол тіпті орасан көп дәптерлерді тексеру сияқты ең қиын, күнделікті жұмыстарға оң көзқараспен қарауға шақырады. Ол өзінің бейнелерін TikTok-та да жариялайды.

Қазақстандық бірқатар педагог блогерлер өзіндік контенттерін түрлі платформалар арқылы жариялап танымал болып отыр. Мәселен, орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі *Ботагөз Омарова* TikTok-тың Discover List 2025 әлемдегі 50 мықты авторлардың тізіміне енді. Discover List – әлемдегі ерекше контен жасайтын авторлардың еңбегін атап көрсетуге арналған TikTok-тың арнайы жобасы.

Ботагөз Омарова @botagozomarova2 Жетісу облысы Алакөл ауданы Достық кентінен шыққан орыс тілі мұғалімі. Ол платформадағы білім беру мазмұнына дамытуға қосқан үлесі үшін «Оқытушылар» санатына енді. Оның контентінде харизмалық ұсыну, әзіл және

бейстандартты оқыту тәсілдері біріктірілген. Осылайша Ботагөз Омарованың сабақтары тек мектеп оқушыларына ғана емес, білімін жетілдіргісі келетін ересектерге де ұнайды.

Ал енді қазақстандық мектепке дейінгі білім саласына қатысты педагогикалық блок жүргізу мәселесіне тоқталайын. Сантүрлі платформаларды қарастыра отырып, қазақстандық мектепке дейінгі ұйым педагогтері Инстаграмм, Телеграмм және Фейсбук желісін жиі қолданатынын байқадық. Телеграм каналында көбінесе құжаттар мен көрнекіліктер алмасу жүзеге асады. Фейсбук желісінде балабақшалардың күнделікті тынысы мен хабарламалар, атқарылған шаралар көрініс тауып отыр. Бұл процесс Инстаграммда көшірмеленіп жалғасын тапқан. Мектепке дейінгі білім беру саласына қатысты мекемелер, институттар мен орталықтар жоспарларына сәйкес хабарламалар мен жоспарлы шараларды жариялап отыр. Ал жекелеген педагог-тәрбиешілердің блок жүргізу платформалары әлі де дамуды қажет етеді. Десек те, оқырмандарын шабыттандырушы, кеңес беруші педагогтер санаулы болса да бар екенін атап өткен жөн. Мәселен, мектепке дейінгі білім беру саласына қатысты контент ұсынып жүрген *Болат Аувакир - YouTube* және И*нстаграм* парақшаларында балабақша басшыларына, әдіскерлерге және педагог-тәрбиешілерге нормативтік құжаттар бойынша сауатты ақпарат беріп, аттестациядан өту ережелері туралы толық түсінік беріп отырған педагог. Республикалық педагогтер бас қосуларында өзіндік ұсыныс-пікірлерімен көзге түсіп жүрген білікті маман. *YouTube* платформасына 2,22 мың жазылушысы бар. *YouTube* каналында жаңа құжаттар және олардың қолданысы секілді мәселелерді талқылап, жауапты тұлғалармен бетпе-бет жүздесулер жүктелген.

Келесі педагог *Абилова Орынгуль Асылбековна* немесе өзін Жаңашыл педагог деп атаған. “Уақытыңды үнемде, жетістікке жет!” деген ұранымен Инстаграм парақшасында 7 мыңға жуық және фейсбук желісінде “Балабақша_kz” парақшасында 17625 педагог тіркелушісіне кәсіби бағытта әдістемелік көмек көрсетеді. Осы парақшаларда ұсынылған жұмыстарын О.Абилованың өзі ашқан “ҚР-ның жаңашыл әдіскерлері” (300 әдіскер), “Балалар психологиясы” (250 педагог-психолог), Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері (1025 тәрбиеші) ватсап чат топтарда талқылап, шебер-сынып, семинарлар өткізуге ұйытқы болып жүр.

Мектепке дейінгі білім беру саласында педагогикалық блок жүргізу қажеттілігі байқалады. Педагогикалық блок жүргізу жекелеген педагогтің шығармашылық қабілетін, креативті идеяларын дамытумен қоса, оған тіркелген педагогтердің сұранысына жауап берерлік материалдар іздеу, өңдеу, толықтыру және түсіндіру үшін цифрлық кеңістіктегі қарқынды дамып отырған тиімді ресурстарды меңгеруді қажет етеді.

2017 жылы іске қосылған TikTok платформасы бүгінде мектеп оқушылары мен көптеген ересектер арасында бейнелерді көруге арналған ең танымал ресурс болып табылады, бірақ олардың форматы өте тар уақыт шеңберімен шектелген. Мұғалімдер оқушылармен байланыс орнату үшін олардың не нәрсеге қызығушылық танытатынын білу қажет екенін атап өтеді, сондықтан сол TikTok-ты меңгеру көбінесе балалармен ортақ тіл табуға және өзіне және сөздеріне қызығушылық тудыруға мүмкіндік береді. Ал мектепке дейінгі ұйым педагогтері TikTok платформасын білім беру саласында әзірге кеңінен қолдана қойған жоқ. Десек те, алдағы уақытта жекелеген педагогтер педагогикалық блог жүргізуде осы платформаға да ауысады деген болжам бар.

Сонымен, педагогтердің блогерлік қызметін жалпы талдауға және осы жерде келтірілген нақты мысалдарға сүйене отырып, қазіргі педагог үшін блогер болу ермек емес, бұл шығармашылық жол, оқырмандар аудиториясына әсер етудің өте тиімді әдісі деп сенімді түрде айта аламыз. Педагог үшін жаңа трендтерді үйренудің өзі қазірдің өзінде маңызды міндеттердің бірі болып табылады, өйткені оқырмандармен үнемі өзара әрекеттесу олардың мүдделерін бағдарлауды және олардың не нәрсеге ұмтылатынын түсінуді талап етеді.

Қазіргі уақытта педагогикалық блоггинг білім беру саласында үлкен маңызға ие болып, педагогтар үшін жаңа мүмкіндіктер мен ресурстар ашып отыр. «Педагогикалық блоггинг - заманауи педагогке арналған тренд» деген тақырып аясында жүргізілген зерттеу көрсеткендей, блог жүргізу педагогтар үшін кәсіби дамуға, тәжірибе алмасуға және оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға үлкен ықпал етеді.

Педагогикалық блог жүргізу арқылы педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, жаңа әдістер мен технологияларды енгізіп, білім беру үрдісін заманауи талаптарға сай жаңарта алады. Сонымен қатар, блог жүргізу тәрбиешілердің шығармашылық әлеуетін арттырып, оларды кәсіби тұрғыдан дамытуға мүмкіндік береді. Бұл үрдіс тек мұғалімдер үшін ғана емес, ата-аналармен және әріптестермен тиімді байланыс орнатуға да пайдалы болып табылады.

Қорытындылай келе, педагогикалық блоггинг заманауи педагогтың қажетті құралына айналып, оқу мен тәрбиелеу саласындағы инновациялық тәсілдерді кеңінен қолдануға жағдай жасайды. Блог жүргізу кәсіби білім мен тәжірибені бөлісу, жаңалықтармен танысу және жаңа идеяларды талқылау үшін тиімді алаң болып табылады, сондықтан олардың маңыздылығы алдағы уақытта да артатын болады.

Әдебиеттер

1. Костикова, Л. П. Цифровые технологии в языковой подготовке студентов вуза: образовательное блогерство / Л. П. Костикова, М. А. Сиваков // Психолого-педагогический поиск. – 2023. – № 2(66). – С. 7-14.

2. Архипова, В. Ю. Блогерство: социологический аспект / В. Ю. Архипова // Мир современной науки. – 2020. – № 3(61). – С. 56-58.

3. Шубина, И. В. Блогерство как социокультурный феномен / И. В. Шубина // Научные труды Северо-Западного института управления РАНХиГС. – 2020. – Т. 11, № 5(47). – С. 213-218.

4. Попова, Д. Г. Блогерство и журналистика: сходства и отличия / Д. Г. Попова // Современные проблемы лингвистики и методики преподавания русского языка в ВУЗе и школе. – 2022. – № 38. – С. 492-496.

5. Вахрушева, Е. Е. Блоги и блогерство как элемент сетевого информационного пространства / Е. Е. Вахрушева // NovaInfo.Ru. – 2023. – № 140. – С. 93-94.

6. Миляева, Е. Г. Блогерство как способ построения цифровой идентичности в условиях Web 2.0 / Е. Г. Миляева // Цифровой ученый: лаборатория философа. – 2023. – Т. 6, № 1. – С. 40-47.

УДК 740.1

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ: ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Куатова М.К.
Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» МКК психологы
kuatovarezerve@gmail.com

Мамандық таңдау бүгінгі күнде жоғары сынып оқушылары үшін ҰБТ сәтті тапсырып, сол жолдағы қиындықтардан өтудің маңыздылығы сияқты, алдын ала ойланып, дайындықты қажет ететін бағыттардың бірі. Бүгінгі таңда кәсіби бағдар беру жұмыстардың қарқыны мен маңыздылығы туралы жар салып айтылғанымен, басқада саларлардың көлеңкесінде қалып қоятындығын ескеру қажет.

Жоғары сынып оқушылары үшін кәсіби бағдар берудің маңыздылығы зор. Бұл кезеңде оқушылар өздерінің болашақ мамандығын таңдауға бет алады, ал дұрыс таңдалған мамандық олардың өмірлік жолына, табысына әсер етеді.

Кәсіби бағдар берудің негізгі мақсаты – оқушыларға өздерінің қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес келетін мамандықты таңдауға көмектесу. Бұл процесс оқушылардың өздерін тануын, әртүрлі мамандықтармен танысуын және болашаққа жоспар құруын қамтиды. Мамандық таңдаудағы психологиялық факторлардың маңыздылығына тоқталатын болсақ:

- Қызығушылықтар, бейімділіктер, құндылықтар, тұлға түрі және қабілеттер сияқты психологиялық факторлар мамандықтың адамның жеке ерекшеліктеріне қаншалықты сәйкес келетінін анықтауға көмектеседі. Адам өзіне шынымен де қызықты және қабілетімен сәйкес келетін іспен айналысқанда, жұмыс оған ләззат пен қанағаттану сезімін сыйлайды.

- Егер мамандық психологиялық факторларға сәйкес таңдалса, адам өз жұмысында көбірек ынталандырылады, дамуға және жетістікке жетуге ұмтылады. Бұл, өз кезегінде, оның еңбек тиімділігінің жоғарылауына және кәсіби өсуіне әкеледі.

- Егер мамандық дұрыс таңдалса, адам өзін жұмыста жайлы және сенімді сезінеді, бұл қанағаттануға және кәсіби күйіп қалу қаупінің төмендеуіне әкеледі.

- Өз психологиялық ерекшеліктерін түсіну адамға өзінің кәсібінде қай бағытта даму керектігін, табысқа жету үшін қандай дағдылар мен білімді алу керектігін анықтауға көмектеседі. Бұл неғұрлым саналы және мақсатты түрде кәсіби дамуға ықпал етеді.

Кәсіби бағдар беру бойынша мектеп оқушыларын психологиялық тұрғыдан дайындау мен ақпараттандырудың маңыздылығы мен қай сыныптан бастап жүйелі жұмыс жүргізілуі қажет деген сұрақ туындайды.

- 8-9 сынып оқушылары әлі де кәсіп таңдау туралы ойланбайды, сондықтан оларды кәсіптер әлемімен таныстыру, әр түрлі мүмкіндіктер мен перспективалар туралы айту маңызды. Кәсіби бағдарлау коммуникативтік дағдыларды, командамен жұмыс істеу қабілетін, сыни ойлауды және кез келген кәсіпте пайдалы болатын басқа да қасиеттерді дамытуға бағытталған әр түрлі тренингтер мен жаттығуларды қамтуы мүмкін.

- Жоғары сыныптарда оқушылар болашақ кәсібін таңдауға неғұрлым саналы түрде қарайды, сондықтан кәсіби бағдарлау іс-шаралары олар үшін неғұрлым пайдалы және тиімді болады. 10 - 11 сыныптарда жоғары оқу орындарына және колледждерге түсуге белсенді дайындық басталады, сондықтан оқушыларда қайда түскісі келетіні және қандай емтихандарды тапсыру керектігі туралы нақты түсінік болуы маңызды.

2019 жылы Қарақат Әбден – Астана қаласы мәслихатының депутаты, «Қазақ қызы» қоғамдық бірлестігінің негізін қалаушы, Астана қаласы жеке мектепке дейінгі ұйымдар қауымдастығының төрайымының айтуынша: «Зерттеулерге сәйкес, бүгінгі таңда оқушылардың тек 10-15 пайызы ғана болашақта кім болғысы келетінін біледі. Тиісінше, қалған көпшілік, яғни кем дегенде 85 пайыз түлектер «кейін көреміз» қағидасы бойынша мамандық таңдайды. Ал бұл 85 пайыз – өте үлкен көрсеткіш. Статистикаға сәйкес, еңбек нарығындағы вакансиялардың 70 пайыздан астамын жұмысшы және техникалық мамандықтар құрайды. Алайда, мамандық таңдауда оқушылар мен студенттер көбінесе оқу орнының беделі мен мамандықтың атауына ғана сенеді. Нәтижесінде бүгінде, өкінішке орай, еңбек нарығында сұранысқа ие емес заңгерлердің, экономистердің үлкен армиясы пайда болады».

Кәсіби бағдар беру саласындағы тәжірибеме сүйене келе, қазіргі таңда егер жоғары сынып оқушыларын 100% мөлшермен қарастыратын болсақ, өкінішке орай 80% оқушылар мамандық таңдауда 11-сыныпта жаңа оқу жылының басында (яғни қыркүйек-қазан айлары аралығында), тіпті кей жағдайда оқу жылының ортасы дейін болашақта қандай мамандық иесі боламын деген сұрақтың жауабын таба алмай арпалысып жүретін жағдайлар кездеседі.

Жеке консультация алып өзінің мамандығын айқындағысы келетін (дәл жоғарыда аталған категориядағы) оқушылар мен әңгімелесу барысында, көпшілігі өзінің мүмкіндігі мен қабілеті, қалауы мен біліміне емес, болашақта меңгеретін мамандыққа қажетті болған пәнге назар аударып, пәннің арғы жағында тұрған мамандыққа көзжұма қарайтындығы бар.

Университетте оқыған мамандығынан мүлдем өзгеше салада табысқа жеткен көптеген атақты тұлғалар бар:

- Натали Портман – «Оскар» сыйлығының лауреаты, танымал актриса. Оның Гарвард университетінің психология бакалавры дәрежесі бар.

- Дуэйн Джонсон - танымал актер және рестлер. Ол Майами университетінде криминалистика және физиологияны оқыған.

- Квентин Тарантино - мәдениетті режиссер, сценарист және актер. Оның жоғары білімі жоқ, ол 15 жасында кинотеатрда жұмыс істеу үшін мектепті тастап кеткен.
- Стив Джобс - Apple компаниясының негізін қалаушы. Ол Рид колледжіне оқуға түсіп, жарты жылдан кейін оқуын тастап кеткен.
- Билл Гейтс - Microsoft корпорациясының негізін қалаушы. Ол Гарвард университетінде оқыған, бірақ өз компаниясын дамытуға толығымен арнау үшін оны тастап кеткен.

Бұл өз мамандығы бойынша жұмыс істемей табысқа жеткен адамдардың кейбір мысалдары ғана. Олардың көпшілігі өз таланттарының, табандылығының, еңбекқорлығының және жаңа жағдайларға бейімделе білуінің арқасында табысқа жетті.

«Әрбір бесінші жас қазақстандық мамандығы бойынша жұмыс істемейді» - еңбек ресурстарын дамыту орталығының сарапшылары осындай мәліметтерді жариялады. Олардың айтуынша, жас мамандар еңбек нарығында тәжірибелі қызметкерлерге қарағанда бәсекеге қабілетсіз. Оларға дағдылар, тәжірибе және білім жетіспейді. Осы себепті өнеркәсіп пен агроөнеркәсіптік кешенде жастардың жұмыспен қамтылу деңгейі төмендеп, еңбекке қабілетті жастардың қызмет көрсету және сауда салаларына ауысуы байқалады. «Тәжірибелі адамдардан айырмашылығы, жастар еңбек нарығындағы өзгерістерге көбірек осал» - дейді Еңбек ресурстарын дамыту орталығының сарапшылары. Олар білім деңгейі мен түлектердің одан әрі жұмысқа орналасуы арасындағы өзара байланысты байқады. Белгілі болғандай, жұмыспен қамтылған жастардың 20% - ға жуығы мамандығы бойынша жұмыс істемейді.

Кәсіби бағдар беру бойынша әлемдік деңгейдегі мысалдар біз үшін үлгі алатын, үйренетін, және бірлесе қадам басуға таптырмас мүмкіндік болып табылады. Солардың біршамасына көз жүгіртіп өтсек:

Швейцариялық мемлекеттік кәсіби бағдар беру бойынша ақпараттандыру орталығы. Берн Кантон өзінің 8 ақпараттық орталығының тұжырымдамасын әзірледі, ол кәсіби даярлық, колледждерде оқу және мансаптық өсу мәселелері бойынша кеңес беруді жеңілдету үшін автоматтандыру мен цифрландыру элементтерін біріктіреді. Бұл тұжырымдаманың негізгі мақсаты - әртүрлі топтарға, соның ішінде жастарға, білім деңгейі төмен адамдарға және мүмкіндігі шектеулі жандарға, пайдалануда қиындықтарға тап болғандар үшін қолжетімді және түсінікті ақпарат беру бойынша көмек көрсету. Орталықтар заманауи технологияларды пайдалана отырып, тұтынушыларға қажетті ақпаратты табуға және онымен жұмыс істеуге көмектеседі. Бұл өз кезегінде олардың кәсіби бағдарлануына және мансаптық өсуіне ықпал етеді.

Канадада іске қосылған «Нағыз ойын» (The Real Game) - бұл мектеп оқушыларына, жастарға және ересектерге өмірлік дағдылар мен мансапты басқару дағдыларын дамытуға көмектесу үшін цифрлық рөлдік ойындар мен жасанды интеллектің озық технологияларын пайдаланатын бірқатар цифрлық кәсіби бағдарлау бағдарламаларынан тұрады. Ол мансапты зерттеу, жоспарлау және басқару дағдыларын дамытуға, кәсіптердің кең спектрі туралы хабарды арттыруға, білім деңгейі мен өмір салты нұсқалары арасындағы өзара байланысты анықтауға, сондай - ақ еңбек әлемінің өзгеруіне әсер ететін әлеуметтік, экономикалық және технологиялық үрдістердің табиғатын түсінуге бағытталған. "Нағыз ойынның" негізгі элементі - рөлдік ойын. Әрбір студент Канаданың көптеген өнеркәсіп секторларын қамтитын әртүрлі заманауи жұмыс орындарының біріндегі ересек кейіпкерді сомдайды. Рөлдер әдетте кездейсоқ тағайындалады. Оқушылар бірнеше күн, апта немесе ай бойы өз рөлдерін ойнаған кезде, олар өздері және ересек өмірлері туралы құнды және ұзақ әсер ететін түсінікке ие болады. Ойын төрт бөлікке бөлінген: «Күн көру», «Өмір сапасы», «Өзгерістер мен таңдау» және «Жеке саяхат».

2008 Висконсин штатындағы (АҚШ) академиялық және мансаптық жоспарлау. Академиялық және мансаптық жоспарлау (АМЖ) - бұл студенттерді колледжге түсуге, мансапқа және өмірге дайындауға бағытталған жекелендірілген бағдарлама. Бұл Әлеуметтік білім беру департаментінің (DPI) әрбір студенттің орта мектепті бітіріп, жұмысқа дайын болуы туралы жалпы көзқарасының бір бөлігі. 2017 жылдан бастап Висконсин мектеп кеңестері «мектеп округінің 6 - 12 сынып оқушыларына академиялық және мансаптық жоспарлау

қызметтерін көрсетуге» міндетті болды. АМЖ моделі мансапты дамытуды К12 - ге өзін - өзі тану, мансапты зерттеу, сондай - ақ мансапты жоспарлау және басқару үшін енгізу бойынша зерттеу ұсыныстары негізінде жасалды.

Егер әлемдік тәжірибелерді қарастыратын болсақ олар өте көп және әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Дегенмен қазіргі таңда біздің елімізде де аталмыш бағыт бойынша біршама алға бастап келе жатқан дамуларды атап айта аламыз.

Оларға:

«Жаңа мамандықтардың атласы» - жоғары сынып оқушылары мен олардың ата - аналарына болашақ мамандықтар әлемін бірге зерттеуге, перспективаларды талқылауға және оқыту мен мансаптың оңтайлы стратегиясын таңдауға көмектесетін құрал. Сұранысқа ие болатын мамандықтар туралы өзекті ақпарат бар және жастарға өздерінің кәсіби жолдарын саналы түрде таңдауға көмектеседі.

«Skillbox» компаниясы кәсіби бағдарлау саласындағы сарапшылармен бірлесіп, жоғары сынып оқушыларына кәсіби диагностикадан өтуге және мамандық таңдау бойынша ұсыныстар алуға көмектесетін онлайн платформа әзірледі. Платформа пайдаланушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін және кәсіби түрлерін анықтау үшін заманауи тестілеу және деректерді талдау әдістерін пайдаланады.

QABILET - мектеп оқушыларының қабілеттерін диагностикалау және кәсіптік бағдар беру қызметі. «Qabilet» қызметі - мектеп оқушыларының қабілеттерін диагностикалаудың және кәсіптік бағдар берудің бірыңғай жүйесі, сондай - ақ қабілетті балалар мен талантты жастардың зияткерлік және жеке әлеуетін ашу үшін оларды сүйемелдеу және қолдау қызметін ұйымдастырумен айналысады.

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы сайтында Қазақстан бойынша ЖОО білім беру бағдарламаларының рейтингі толықтай қамтылып көрсетілген бөлім бар. Оқушы мен ата-ана үшін қажетті мамадықты, саласын, қалалардағы ЖОО туралы ақпаратты, мамандықты таңдап алауға таптырмас мүмкіндік. Ол жерде таңдалған кез келеген мамандық бойынша рейтинг көрсетіледі (яғни сұраныс пен біліктілік деңгейі, тіпті диплом алып сол саланың маманы атанғанда орташа деңгеймен алғашқы жалақы мөлшері мен аталған мамандықтың нарықта қаншалықты сұранысқа ие екендігіне дейін зерттеуге мүмкіндік береді).

Кәсіби бағдар беруде бір ғана бағытпен шектеліп, барша жауапкершілікті білім беру ұйымдарының ұстаздары мен психолог мамандарына жүктей салуға болмайды. Бұл арада жан-жақты жұмыс жүргізілуі қажет. Атап айтсақ:

Арнайы семинарлар ұйымдастыру: Шетелде білім алудың тиімділігі мен мүмкіндіктері туралы ақпарат алмасу бойынша арнайы орталықтармен бірлесе ұйымдастыру; ҚР ЖОО өкілдерімен бірлескен жұмыс.

Түрлі саладағы мамандармен кездесулер мен экскурсиялар: Оқушылардың түрлі кәсіп иелерімен тікелей араласуы, олардың жұмыс барысымен танысуы.

Арнайы психологиялық іс-шаралар: Тренингтер, диагностика, консультация және т.б.

Ата-анамен бірлескен жұмыс: Ата-аналардың балаларының қызығушылықтары мен қабілеттерін білуі, олармен ашық диалог жүргізуі.

Ата-аналармен ақпараттық-ағартушылық жұмыстары: Кәсіп таңдау бойынша тек оқушыларға ғана бағытталған кешенді іс-шарамен шектелмей, ата-анамен ақпараттық ағартушылық жұмыстарын жүргізу.

Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру: Олардың қызығушылықтары, қабілеттері, армандары әр түрлі. Сондықтан кәсіби бағдар беруде оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Олармен жеке әңгімелесу, тесттер мен сауалнамалар жүргізу, олардың пікірін тыңдау.

Заман талабына сай болу: Заман өзгеріп, жаңа мамандықтар пайда болуда. Сондықтан оқушыларға тек дәстүрлі мамандықтармен ғана емес, сонымен қатар жаңа, перспективті мамандықтармен де таныстыру қажет.

Қорыта келе, жоғары сынып оқушыларын кәсіби бағдарлау олардың табысты және сұранысқа ие мамандар ретінде қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Еңбек нарығы динамикалық түрде өзгеретін және бәсекелестік жоғары болатын қазіргі әлемде мамандықты

дұрыс таңдау қаржылық әл - ауқаттың ғана емес, сонымен қатар жеке қанағаттанудың да кепілі болып табылады. Кәсіби бағдарлау жоғары сынып оқушыларына өздерінің қызығушылықтарын, қабілеттерін, бейімділіктерін және құндылықтарын түсінуге көмектеседі, бұл оларға ләззат әкелетін және олардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін мамандықты саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді. Дұрыс таңдалған мамандық – бұл табысты мансапқа жасалған алғашқы қадам, ал кәсіби бағдарлау білім беруді және даму траекториясын таңдаудағы қателіктерді болдырмауға көмектеседі, бұл уақыт пен ресурстарды үнемдейді. Сондықтан жастарға өздерінің кәсіби жолдарын дұрыс таңдауға көмектесу үшін мектепте және отбасында кәсіби бағдарлауға жеткілікті көңіл бөлу маңызды.

Әдебиеттер:

1. «QABILET» қызметі. Балалардың қабілетін диагностикалау және оқушыларды кәсіптік бағдарлау. Толық ақпарат https://qabilet.elbasyacademy.kz/

2. Байқұлақов Шалқар Баяхметұлы, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ вице-президентінің сұхбатынан https://khabar.kz/ru/news/obshchestvo/item/156948-kazhdyj-pyatyj-molodoj-kazakhstanets-rabotaet-ne-po-spetsialnosti

3. Қарақат Әбден – Астана қаласы мәслихатының депутаты, «Қазаққызы» қоғамдық бірлестігінің негізін қалаушы, Астана қаласындағы жеке мектепке дейінгі ұйымдар қауымдастығының төрайымы 2019 жылғы сұхбатынан https://maslihat01.kz/ru/news/publikacii/865

4. Международные тенденции и иновации в профориентации https://openspace.etf.europa.eu/sites/default/files/2021-01/10%20Career%20guidance_Vol%202_RUS.pdf

5. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы https://atameken.kz/university_ratings

ӘОЖ. 378

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ШАРТТАРЫ

Қанатқызы Б.
Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы)
bbekoonn@icloud.com

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білім берудің кредиттік жүйеге көшуімен байланысты студенттердің шығармашылық әрекетін, білімді өздігінен ізденіс арқылы табудың жолын, жалпы педагогикалық принциптерді басшылыққа алу біліктіліктерін көтеру мәселесі қойылып отырғандықтан, білім беруді ұйымдастырушы-оқытушы мен білім алушы-студенттер арасындағы қарым-қатынас дәрежесі мүлдем басқаша жаңа деңгейге көтерілді. Осының негізінде оқыту әдістері мен оқу әрекеттері түрленіп, өзіндік жұмыстың құрылымы да, мазмұны да, оны ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық мақсаты да кешенді түрде өзгеріске ұшырады. Шығармашылық - өте күрделі психологиялық процесс. Кейбір адамдар білім игеруде, іс-әрекетті меңгеруде, оны белгілі үлгіде жүзеге асыруда жоғары іскерлік көрсетеді. Ал басқа адамдар жаңа туынды жасауға жақын тұрады. Бірақ репродуктивті әрекеттің қандай түрінің де шығармашылық элементі болады, ал шығармашылық әрекетке репродуктивтік қызметтің қатысы болады. Тіпті өте дарынды адамдардың өздері де өмір жолын біреуге еліктеуден, үйренгеннен, тек тәжірибеге ие болғаннан кейін ғана шығармашылық қабілетін дамытқаны белгілі.

Кредиттік жүйенің жоғары білім сапасын арттыру, заманауи талаптарға икемді болу және ұлттық білім беру жүйелерінің ерекшеліктерін ескеру сияқты артықшылықтары бар.Алайда,

бұл жүйенің тиімді іске асуы үшін студенттер мен оқытушылардың психологиялық және педагогикалық тұрғыдан дайын болуы аса маңызды.

Ал енді осы кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды үшін қандай шарттар қажет екендігіне тоқталып өтсек. Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында белгілі бір психологиялық және педагогикалық шарттар қалыптастырылуы қажет екендігі даусыз. Біздің мақаламыздың өн бойында көрсетіп отырған шарттар білім беру процесінің тиімділігін арттырып, студенттердің ойлау, іздену және өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең алдымен екі маңызды міндетті шешу қажет:

Біріншісі, педагогикалық шарттар ұғымын нақтылау;

Екіншісі, психологиялық шарттар ұғымын анықтау.

Алдымен, «шарт» ұғымына тоқталатын болсақ, бұл - белгілі бір құбылыстың пайда болуы мен дамуына ықпал ететін факторлар жиынтығы. Ол оқыту үдерісінің тиімді өтуін қамтамасыз ететін маңызды жағдайларды білдіреді. Ғалым, Ожеговтың [1] түсіндірме сөздігінде «шарт»– белгілі бір жағдайға тәуелді фактор ретінде сипатталады. Осыған сүйене отырып, педагогикалық және психологиялық шарттар оқу ортасын жақсартуға бағытталған арнайы факторлар ретінде қарастырылады.

Педагогикалық шарттар – білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға бағытталған әдістемелік және ұйымдастырушылық негіздер. Олар мыналарды қамтиды:

- Оқу бағдарламаларын икемді ету – студенттердің қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес жеке оқу траекториясын құру;
- Оқыту әдістерінің әртүрлілігі – жобалық оқыту, зерттеу әдістері, интерактивті сабақтар және шығармашылық тапсырмалар арқылы студенттердің белсенділігін арттыру;
- Жеке тұлғаға бағытталған оқыту – әр студенттің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыру;
- Тәжірибеге бағытталған оқыту – студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына, стартап жобаларға тарту арқылы олардың шығармашылық әлеуетін дамыту.

Психологиялық шарттар студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолайлы психологиялық орта қалыптастыру маңызды. Бұл келесі шарттарды қамтиды:

- Ынталандырушы орта құру – студенттердің еркін ойлауына, идеяларын жүзеге асыруына жағдай жасау;
- Сенімділік пен қолдау көрсету – студенттердің өзіндік ойларын ашық айтуына мүмкіндік беру және олардың бастамаларын қолдау;
- Мотивацияны арттыру – білім алушыларды өздігінен ізденуге ынталандыру, шығармашылыққа жетелейтін тапсырмалар беру;
- Тұлғалық даму мен өзін-өзі жетілдіруді қолдау – студенттердің өз қабілеттерін жетілдіруіне жағдай жасау.

Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту – оқыту процесінің маңызды аспектілерінің бірі [2]. Ол студенттердің өз бетімен білім алуына, зерттеу жүргізуіне және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыруына бағытталған. Осыған орай, білім беру ортасында қолайлы педагогикалық және психологиялық жағдайларды жасау –болашақ мамандардың кәсіби және шығармашылық дамуына септігін тигізеді.

Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін бірқатар психологиялық және педагогикалық шарттар қажет [3]:

- Оқытушының рөлі: Оқытушылар студенттерге шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында дұрыс бағыт - бағдар беріп, олардың психологиялық тұрғыда қолдауы тиіс. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оларды ынталандыру, қызықтыру және дұрыс бағалау маңызды. Оқытушы шығармашылық тапсырмалардың мәнін түсіндіре отырып, студенттерді зерттеу жұмыстарын жүргізуге, жаңа идеялар ұсынуға және тәуекелдерге баруға бағыттауы қажет.

- Мотивация: шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін студенттердің жоғары деңгейде мотивацияланған болуы өте маңызды.Олар қызықты және шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандырылуы тиіс.Бұл мотивация оқу процесіндегі қызығушылықтарды арттырып, студенттердің өздерін жаңа идеялар мен зерттеулерге ұмтылдыруға мүмкіндік береді.
- Шығармашылыққа арналған орта: Шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін студенттерге тиісті орта мен жағдайлар жасалуы қажет. Университетте ғылыми-зерттеу орталықтары, шығармашылық жобалар, идеялармен жұмыс істеу алаңдары болуы керек. Студенттер өздерінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін тиісті ресурстар мен қолдауға ие болуы тиіс.
- Өзіндік жұмыс және дербестік: Кредиттік жүйе студенттерге өзіндік жұмыстар мен жобаларды орындау, дербес зерттеулер жүргізу, ғылыми жұмыстар жазу мүмкіндігін береді. Бұл студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, себебі олар өздігінен шешім қабылдап, шығармашылық тұрғыдан ойлау дағдыларын жетілдіреді.
- Сабақтар мен педагогикалық әдістердің әртүрлілігі: шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін әртүрлі оқыту әдістерін пайдалану қажет. Бұл әдістер проблемалық оқыту, жобалық әдіс, талқылаулар мен пікірталастар, зерттеу жұмыстарын жүргізу және т.б. болуы мүмкін. Әрбір әдіс студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін түрлі мүмкіндіктер ұсынады.

Болашақ педагогтың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру үшін бірқатар маңызды шарттарды орындау қажет:

1. Шығармашылық орта құру – білім беру мекемесінде студенттердің өнерге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған орта қалыптастыру маңызды. Бұл көркем студиялар, музыкалық ансамбльдер және театр үйірмелері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
2. Практикалық және теориялық білімнің үйлесімі – болашақ мұғалімдерге теориялық біліммен қатар, шығармашылық шеберлік сабақтарын ұйымдастыру қажет.
3. Студенттер мен оқытушылар арасындағы креативті қарым-қатынас–білім алушылар мен оқытушылар арасында шығармашылық қарым-қатынасты дамыту үшін бірлескен жобалар, көрмелер мен қойылымдар ұйымдастыру қажет.
4. Психологиялық қолдау көрсету – студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру үшін оларға мотивациялық және психологиялық қолдау көрсету маңызды.
5. Инновациялық оқыту әдістерін қолдану – білім беру процесінде жобалық оқыту, интерактивті әдістер, ойын технологиялары сияқты тәсілдерді пайдалану болашақ педагогтың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Зерттеушілер болашақ педагогтың кәсіби және шығармашылық дағдыларының дамуына әсер ететін бірқатар негізгі факторларды анықтады:

- Оқу орнының шығармашылық және ғылыми ортасы–университеттің өнерге бағытталған атмосферасы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.
- Жеке бастың шығармашылық мотивациясы–студенттің өзін-өзі жетілдіруге және жаңа идеяларды жүзеге асыруға деген ұмтылысы.
- Оқытушылардың педагогикалық қолдауы – шығармашылық процессте кездесетін қиындықтарды шешуге көмектесетін психологиялық-педагогикалық көмек.
- Қоршаған әлеуметтік орта – қоғамның мәдени деңгейі, студенттің шығармашылық белсенділігіне әсер ететін маңызды фактор болып табылады.

Сонымен, болашақ педагогтің шығармашылық тұлғасын қалыптастыру – күрделі және көпқырлы процесс. Ол тек жоғары оқу орындарында ғана емес, бүкіл кәсіби өмір бойы жалғасады. Шығармашылық бағыттағы педагогтар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады. Сондықтан, оларды даярлау барысында арнайы психолого - педагогикалық, әдістемелік және шығармашылық жағдайлар жасалуы қажет. Бұл жағдайлар болашақ мұғалімнің креативті ойлауын дамытып, оның кәсіби қызметінде шығармашылықты қолдану қабілетін арттыруға мүмкіндік береді деген пікірімізді білдіреміз.

Әдебиеттер:
1. Рахметова Б.К. Жоғары оқу орындарында шығармашылық қабілеттерді дамыту. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2021. – Б. 23-25.
2. Полякова И.В. Психолого-педагогические аспекты развития творческих способностей студентов в условиях кредитной системы обучения. - Москва: Академический проект, 2017. – С. 12.
3. Ермекова Г.С. Жоғары білім беру жүйесінде шығармашылықты дамыту жолдары. - Алматы: Мектеп, 2022. – Б. 12-16.

ӘОЖ 378.1

ОҚУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРАТЫН БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫ

Маженова С.С.
Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық коллдеджі
salta_majenova@mail.ru

Жас ұрпақ - ел тірегі ертеніміздің кепілі. Әрбір оқытушының міндеті білім алушылардың отан сүйгіштікке, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға, ұмтылуға тәрбиелеу. «**Сабақ беру – үйреншікті жай ғана** нәрсе емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» дегеней Жүсіпбек Аймауытовтың ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, ол қоғамның тірегі, ал қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтан қоғам дамуында білім берудің ең маңызды мәселе екені мәлім.

Ақпараттық заманда ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Сапалы білім негізі жан-жақты ақпараттық материалдарды, көрнекі құралдар мен ұтымды технологияларды, тиімді интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, білім алушыға ешбір кітаптан таба алмайтын білім беру керекпіз. Өйткені, тек оқулықтағы білімді жеткізуші мұғалімнің құны жоқ деп ойлаймын. Оқулықтағыны оқушының өзі де оқи алады, ал сабақ барысында тиімді оқыту платформаларын пайдалану арқылы мамандыққа деген қызығушылығын арттырамыз.

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше балажандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық - ұстаздық мамандық. Оның себебі, мұғалім еңбегі біріншіден - адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. Сондықтан осы маман иесі қазіргі заман талабына сай құзіретті маман иесі болуы шарт. Осы құзіреттілікті бойыма сіңіре отырып ел келешегін кемелдендіре алатын білімді ұрпақ тәрбиелеу-біздің яғни педагог қауымының ұстаздық борышы.

Оқытуда жаңашыл әдісті қолдану оқушы үшін де, мұғалімге де шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал етеді.

Оқу тиімділігін арттыратын білім беру платформаларының *өзектілігі* - білім беру саласында, ақпараттық технологиялардың дамуын оқу процессінің тиімділігін арттырады. Яғни, виртуалды сыныптар, форумдар, чаттар және онлайн-курстар білім алушылар мен оқытушылар арасында белсенді қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

Білім беру платформаларының *ғылыми жаңалығы және өзіндік ерекшелігі:*

1. **Қолжетімділік**: Білім беру платформалары ақпаратты қолжетімді етеді, себебі интернет веб. сайт, платформалары, арнайы бағдарламалардың көмегімен жүзеге асады. Оқушылар мен студенттер әлемнің кез келген ауданынан, ауылдан, кез келген уақытта білім алу мүмкіндігіне ие. Бұл әсіресе ауылдық және жергілікті білім жүйелері үшін маңызды.

2. **Жеке, топтық жұмыстар**: Онлайн платформалар әрбір оқушының жеке оқу жолын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқытушылар оқушылардың қызығушылықтарына, білім деңгейіне және оқу стиліне сәйкес келетін материалдар ұсына алады.

3. **Білім беру платформалары**: Оқу платформалары жиі интерактивті құралдар мен ресурстармен қамтамасыз етіледі, мысалы, видеолар, квиздер, ойындар және т.б. Бұл оқу процесін қызықты етіп, ақпараттың жақсы меңгерілуіне ықпал етеді.

Оқу тиімділігін арттыратын білім беру платформалары – бұл қазіргі заманда жастар мен ересектер үшін білім алу процесін жеңілдететін және ұйымдастыруды жақсартатын инновациялық құралдар. Мұндай платформалардың ғылыми жаңалығы мен өзіндік ерекшеліктерін сабақтарымда пайдалана отырып, бірнеше топтарға жіктеп бөлдім:

Онлайн тақталар:

https://ziteboard.com, https://www.twiddla.com, https://classroomscreen.com, https://witeboard.com,

https://www.gynzy.com/en, https://www.mindmeister.com, https://ru.padlet.com.

ПрезентацияЛАР:

https://genial.ly/, https://focusky.com/, https://slidesmania.com, https://wwwcanva.com/, https://slidedog.com/, https://sway.office.com, https://cc.nearpod.com, https://create.vista.com

https://docs.google.com/presentation.

Видео байланысТАР:

https://zoom.us/, https://meet.google.com, https://skype.softopad.com, https://teams.live.com, https://clickmeeting.com

QUIZIZZ-ТЕСТ, ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР:

https://wordwall.net/ru/, https://b.socrative.com, https://www.menti.com/, https://www.educaplay.com/, https://quizizz.com , https://madtest.ru https://kahoot.com/

https://www.classtime.com, https://fliktop.com/explore , https://jeopardylabs.com/, https://joyteka.com/, **https://app.quizalize.com**

ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ, ЖҰМЫС ПАРАҚШАСЫ https://www.liveworksheets.com/, https://www.liveworksheets.com/, https://coreapp.ai/

https://app.wizer.me/, https://www.k5learning.com/, https://interacty.me/ru, https://worksheets.ru/

ФОТО-ВИДЕО

https://www.capcut.com/ru-by/, https://picsart.com/ru/, https://skrinshoter.ru/, https://www.videoleapapp.com/, https://streamlabs.com/ru-, https://www.remove.bg/

https://www.bandicam.com/ru, https://www.googleadservices.com/, https://inshot.com/

Қосымшалар:

https://bookcreator.com/, https://me-qr.com/ru, https://about.flipboard.com/, https://ru.pinterest.com/, https://okulyk.kz/ https://www.storyjumper.com/, https://www.mozaweb.com/ru/, https://www.toonly.com/, https://blabberize.com/, https://tilda.cc/ru/

Оқу тиімділігін жақсарту үшін білім беру ісін басқаруды жандандыру, еліміздің білім беру орындарында оқытудың белсенді және инновациялық әдістері мен технологияларды тиімді пайдалануды қажет етеді.

Оқу тиімділігін арттыратын білім беру платформаларының *сапасы мен тереңдігі* бірнеше маңызды топтарға негізделуі тиіс.

Олардың арасында:

1. **Мазмұнның сапасы**: Платформада ұсынылатын ақпараттың дәлдігі, өзектілігі мен ғылыми негізділігі. Жоғары сапалы контент тарату үшін мамандар тарапынан тексерілген және бекітілген материалдар ұсынылуы қажет.

2. **Интерактивтілік**: Платформаларда оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін интерактивті элементтер (видео, тесттер, тапсырмалар) болу маңызды. Оқушылардың материалды белсенді меңгеруі үшін практика мен теорияның үйлесімділігі.

3. **Жекелендіру**: Оқу платформалары әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне, деңгейіне және оқу стиліне бейімделуді қамтамасыз етуі тиіс. Бұл оқушыларға өз қарқынында оқу мүмкіндігін береді.

4. **Пайдаланушы қолайлығы:** Платформаның ыңғайлы, түсінікті болуы керек. Оқушылар мен мұғалімдер үшін оңай бағыттау және қажетті ақпаратты табу маңыздылығы.

5. **Білімді бағалау құралдары**: Оқушылардың білім деңгейін бақылау үшін тиімді бағалау платформалары (тесттер, квиздер, өзіндік бағалау) болуы қажет. Олар оқушыларға өз нәтижелерін көруге және оқу процесін түзетуге, алған білімдерін тексеруге мүмкіндік береді.

6. **Кеңесші және бақылаушы:** Платформаны пайдаланып отырған оқушылар мен мұғалімдермен жедел байланыста болу, сұрақтарға жауап беру және кеңестер беру. Мұғалімдердің жоғары білікті болуы маңызды.

7. **Қосымша ресурстар мен материалдар**: Оқу процесін толықтыратын және тереңдететін қосымша оқу материалдары, мысалы, кітаптар, мақалалар, зерттеулер.

Оқу тиімділігін арттыратын білім беру платформаларының тәжірибелік *маңыздылығы* қазіргі заманғы білім беру жүйесінде зор. Олардың қолданылуы білім алушылардың білім сапасын, оқыту процесінің тиімділігін және жеке тұлғаның дамуындағы бірқатар аспектілерді жақсартуы мүмкін. Төменде осындай платформалардың тәжірибелік маңыздылығына қатысты бірнеше аспектілер келтірілген:

1. **Индивидуализацияланған оқыту**: Білім беру платформалары студенттердің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу материалдарын жекелендіруге мүмкіндік береді. Платформалар студенттің деңгейіне, қызығушылықтарына және оқу қарқынына сәйкес контент ұсына алады.

2. **Қолжетімділік**: Онлайн білім беру платформалары әлемнің кез келген жерінен, кез келген уақытта білім алуға мүмкіндік береді. Бұл білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді, әсіресе шалғай аудандарда тұратын студенттер үшін.

3. **Интерактивті оқу тәжірибесі**: Көптеген платформалар интерактивті құралдар мен ресурстарды (видео, викториналар, форумдар және т.б.) ұсынады, бұл оқу процесін қызықты әрі тартымды етеді және білімді тереңірек игеруге көмектеседі.

4. **Жеткізудің әртүрлі форматы**: Виртуалды платформаларда әртүрлі оқу материалдары (бейне дәрістер, мәтіндер, презентациялар) ұсынылады. Студенттер әртүрлі форматтағы материалдарды пайдалана отырып, оқу ақпаратын жақсы меңгере алады.

5. **Кері байланыс**: Оқу платформалары оқушылардың прогресін бақылауға және оларға жедел көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Студенттер сабақ барысында немесе сабақтан кейін сұрақтарын қоюы мүмкін, ал мұғалімдер тез арада жауап беруге мүмкіндік алады.

6. **Оқыту мен бағалау интеграциясы**: Көптеген платформалар автоматты бағалау жүйелерін қолданады, бұл студенттерге оқу жетістіктерін жедел бағалауға және тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

7. **Құзіреттілікті дамыту**: Білім беру платформалары көбінесе ортақ жобалар мен топтық жұмыстарды ынталандырады, бұл студенттер арасында ынтымақтастықты, коммуникацияны және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, білім беру платформалары оқу процесін тиімді әрі ыңғайлы ету, білім алушылардың өзін-өзі басқару дағдыларын дамытады. Мен өзімнің педагогикалық тәжірибеммен бөлісу барысындағы сабақ жоспармен таныссаңыздар болады.

«Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлық техникалық колледжі» КМҚК
(білім беру ұйымының атауы)
Орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған педагогінің сабақ жоспары
(сабақтың тақырыбы)
Оқыту әдістері, тәсілдері, құралдары.
Білім алу көзіне қарай оқыту әдістерін топтастыру
Модуль /пән атауы
Педагогика

Педагог: Маженова С.С. дайындады
16.02.2025

1. Жалпы мәліметтер
Курс 3, топ қтә-9-21
Сабақтың түрі: Сабақ типі жаңа оқу материалын меңгеру

2. **Мақсаты, міндеттер**: Оқытудың әдістері, олардың жіктелуі туралы түсінік қалыптастырып, білім алу көзіне қарай топтастырылған әдістерін терең түсініп, қолдана білуге жағдай жасау.

1. **Білімділік**: Оқыту әдістерінің анықтамасы, тәсіл, құрал, жіктелуі, білім алу көзіне қарай топтастырылған әдістер туралы жаңа білімдер арқылы меңгерту;
2. **Дамытушылық**. Оқыту әдістері туралы білімді талдау, олардың ортақ белгілерін анықтау, өз пәніне сәйкес келетін әдістерді іріктей алу, өз жұмысында қолдана алу іскерліктерін дамытуға жағдай жасау;
3. **Тәрбиелілік**: Өз мамандығына жауапкершілікпен қарауға, мұғалімдердің тәжірибелерін талдап, оқыту әдістерін дұрыс таңдай отырып, қарым – қатынас іскерлігін қалыптастыруға тәрбиелеу;
3. **Күтілетін нәтижелер**: Оқыту әдістері туралы ақпаратты түсініп, талдай алады, жіктелуі бойынша айырмашылықтарын ажыратады, өз пәніне қарай әдістерді таңдап, оқытудың жаңа платформаларында қолдана алады.
4. **Қажетті ресурстар**: Педагогика Курманалина Ш. https://kitaphana.kz/refkaz/236-pedagogika/3253-okity-adisi.html Деңгейлеп-саралап, ұжымдық топтық оқыту, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, интерактивті тақта

Көрнекі-құралдар: Презентация, видео-сюжет, педагогикалық жағдаяттар, бағалау парақтары, анықтамалық әдебиеттер.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, топтық жұмыс, «Тест» Quizizz бағдарламасы, flippity психологиялық ұсынал, топқа бөлу әдісі, «Джигсо» әдісі, «Mindmeister» платформасы тірек-сызба жазу, Wordwall топқа бөлу әдісі, Адасқан сөздерді орналастыру, «Google форма» бағалау парағы. Joyteka интеллектуалды квест

5. **Сабақ барысы**:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Амандасу, студенттердің қатысуын және аудиторияның дайындығын тексеру, психологиялық ұсынал орнату үшін «Wordwall» платформасында рулетканың көмегімен, таңдалған белгі бойынша (қол алысу, тілек айту, амандасу, күлімдеу) бір – біріне жағымды көңіл-күй сыйлау. https://wordwall.net/ru/resource/68081871

5т ережесін еске түсіру. «5Т» ережесі (тәртіп, талап, тазалық, тыныштық, татулық). Сабақтың мақсат-міндеттерімен, сабақ барысында орындалатын тапсырмалар мен бағалау критерийлерін таныстыру.
Бүгін топпен жұмыс жасаймыз ол үшін «flippity» көмегін пайдаланамыз.

Төмендегі сұрақтарға жауап бер:

http://vurl.li/qmnfr

- Ендеше сабағымызды бастайық.

II. Жаңа оқу материалын меңгеруге дайындық.
Білім беру мазмұны туралы сұрақтар қою арқылы студенттерге «Миға шабуыл» жасап жаңа тақырыпты ашу
Сұрақ: Білім беру мазмұны дидактиканың қай сұрағына жауап береді?
Жауап: «Нені оқыту керек?»
Сұрақ: Білім беру мазмұнын игерту үшін мұғалім нені білу керек?
Жауап: Білімді игертудің жолдарын, яғни оқытудың әдістерін, тәсілдерін біліп, құралдарын қолдана алуы керек.

Бүгінгі өтетін жаңа тақырып: Оқытудың әдістері, тәсілдері, құралдары. Білім алу көзіне қарай топтастырылған әдістер. Сабақтың дәйексөзі: «Сабақ үйренішкі нәрсе емес, жаңадан жаңаны табатын өнер». Ж.Аймауытов

III. Жаңа сабақ кезеңі.

«Топтастыру» стратегиясы әдісін пайдалана отырып, жаңа тақырыпқа ассоциация жасату.
Оқыту әдісі ұғымына ассоциация жасап, сол ұғымдардан анықтама қорытып дәптерге жазыңыздар.

Енді, өз анықтамаларыңызды ұсыныңыздар.
Сіздер, негізгі анықтамадан алыс кеткен жоқсыздар, енді назарымызды тақтаға аударып, оқытудың әдістері, тәсілдері, құралдары ұғымына ғалымдардың берген анықтамасына назар аударайық.
Оқыту әдістері туралы шағын видео дәрісті назарларына ұсыну арқылы.

Активация
Чтобы ак
раздел "Г

«Оқыту әдістері» туралы түсінік қалыптастыру.
https://www.youtube.com/watch?v=INH0fL0QAMM

«Джигсо» әдісі.
Студенттерді 3 топқа бөліп, топтағы студенттерге басшы, оратор, дизайнер, хатшы, тайм спикер, кеңесші міндеттерді тағайындау.
Басшы- демократиялық норма ережелерін қадағалап, топ мүшелерінің қызметтерін бақылау, шешім қабылдау;
Оратор- топтың жұмысын насихаттап, олардың ойын ғылыми тілде жеткізу;
Хатшы- топқа түскен тапсырманы хабарлау, түсіндіру;
Тайм спикер (уақытты үнемдеуші)- топтық жұмысқа берілген уақытты үнемдеу, уақытты белгілеп отыру;
Дизайнер- топтың презентациялық плакаттарын безендіру, эстетикалық талғамға сай әзірлеу;
Кеңесші- тапсырманы орындауға кеңес береді.
- 3 топқа тапсырма беру. Әр топ өзіне берілген ақпаратпен мына нұсқаулық бойынша жұмыс жасайды:
1) Дәрісті толық аяғына дейін толық оқып шығу;
2) Дәріс бойына «Mindmeister» платформасына кіріп, майнд-карта толтыру;
3) Өздеріне берілген ақпаратты қорытындылап «маңызналы сөйлем» жазу.
- Дайындалуға 10 минут, қорғауға уақыт беру.

Жоспары:

Тақырыптың жоспары:
1. Оқыту әдістері, тәсілдері, құралдары
2. Оқыту әдістерін білім алу көзіне қарай топтастырылуы

Дәрістің қр-код

Әдіс– белгілі бір мақсатқа жету, нақты мәселені шешу тәсілі; шындықты тәжірибелік немесе теориялық игеру (тану) тәсілдерінің немесе операцияларының жиынтығы.
Қарапайым сөзбен айтқанда, зерттеу әдісі дегеніміз - белгілі бір мақсатқа жету тәсілі.
XIX ғасырдың 20-30 жылдарында Б.Е.Райков, К.П.Ягодовский түсіндіру, тәжірибелік, зерттеу, зертханалық әдістерін жетілдірді.
Оқушылар сөзден, кітаптан, көрнекіліктен, тәжірибелік жұмыстардан білім алады. Осыны ескеріп 20-30 жылдарда Н.М.Верзилин, Е.Я. Голант сөздік, тәжірибелік, көрнекілік әдістерін ұсынады. Қазір компьютерлік жүйелер арқылы білім алу мүмкіндігі бар.
Оқыту процесінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс– *сөздік* немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жетекші роль атқарады. Мұғалімнің оқу материалын ауызша баяндауы көп жағдайда түрлі көрнекі және техникалық құралдарды пайдалануымен ұштастырылады.
Ауызша баяндаудың бір ерекшелігі, оқытушының түсіндіруі мен оқушылардың ұғыну процесінің қатар жүруінде. Түсіндіру барысында әңгіме, әңгімелесу, ауызша–жазба және лабораториялық жұмыстарын қажетіне сай қатар қолдану керек. Бұл әдісті қолданғанда мұғалім оқушыларға білім берумен қатар олардың таным белсенділігін арттыруға (зейін, қабылдау, ойлау т.б. процестерін) байланысты әрекет жасайды.

Түсіндіру-жеке ұғым (белгілі білім), құбылыстарды, приборлардың жұмысын жүйелі баяндау үшін қолданылатын, сөз, сөз тіркесінің мағынасын ашу үшін қолданылатын әдіс. Түсіндіру – оқу материалын мұғалімнің логикалық тұрғыдан дәйекті де сындарлы баяндауы. Оның себебі, түрлі заңдылықтар мен ережелерді түсіндіру белгілі дәрежеде логикалық жүйелікті қажет етеді.
Түсіндіру әдісінің мақсаты: заттардың елеулі белгілерін ашып көрсету, фактілер мен құбылыстарды талқылау. Сондықтан мұғалімнің оқу материалын түсіндіруде әрқашанда пайымдау, қорыту, дәлелдеу көп болды. Түсіндіру әдісінің ең маңызды мәселелері– оқушылардың алдына жаңа мәселені айқын, ашық етіп қойып, оқу материалын тыңғылықты баяндап шығу. Түсіндіру әдісінің табысты болуы мұғалімнің нақтылы деректерді қаншама сәтті қолдана білгендігіне ояан қойылатын талаптарды орындауға байланысты: сұрақтарды дәл және анық тұжырымдау; себеп-салдар байланысын ашып, дәлелдер келтіру салыстыру, қатар қою, ұқсатуды, жарқын мысалдар қолдану.
Түсіндіру әрқашанда заттар мен фактілердің, құбылыстардың мәнін ашу, қағидаларды түсіндіру, осылардың негізінде оқушыларға жаңа білімді баяндауда оны терең және түсінікті ұғынуларына мүмкіндік туғызады. Бірақ ол оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сынып және пән ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырады.

Әңгімелесу мәні мақсатты, бір-бірімен байланысты, негізгі идеяға бағындырылған, білікті қойылған сұрақтар(диалог) жүйесімен оқушылардың алған білімдерін есеріне түсіртіп, жаңа білімді игеруі, өздігінен ойластырып, қорытындылау іскерлігін жандандыру, құбылыс оқиғаларды әсерлі әңгімелеу. Әңгімелесу әдісі оқытудың түрлі міндеттерін орындайды: бұрынғы оқу материалдарын жаңдмен байланыстыру, жаңа білімді хабарлау, өткенді қайталау. Әңгіме әдісі сабақтың барлық кезеңінде қолданылады. Ұзақтығы-бастауыш сыныптарда 10 минөт, жоғары сыныптарда - 20-25 минөт.
Оқу пікірталастары. Оның оқу- тәрбие процесіндегі ең басты қызметі оқушыларды қандай да бір проблема бойынша түрлі ғылыми көзқарастарды белсенді түрде талдауға қатыстыру, басқа жеке тұлғаның және өзінің көзқарастарының негіздерін түсінуге жағдай жасау. Оқу пікірталастары негізгі мектептің жоғары сыныптарында ішінара орта мектептің бастауыш сыныптарында қолданылады. Жақсы өткізілген пікірсайыс балаларға білім және тәрбие береді, проблеманы түсінуге өз пікірін қорғауға басқалардың пікірімен санасуға үйретеді.
Оқулықпен және кітаппен жұмыс істеу әдісі. Кітап және оқулықтармен жұмыс – оқытудың маңызды әдісі. Бастауыш сыныптарда кітаппен жұмыс сабақта мұғалім басшылығымен жүзеге асады. Одан әрі оқушылар кітаппен жұмыс істеуге өздері үйренеді. Оқушылардың жаңа білімдерді қабылдау, сыныпта алған білімдерін бекіту, біліктілік пен дағды қалыптастыруда тиімді әдіс болып табылады.Баспа материалдарын өз бетімен жұмыстың кей бір тәсілдері бар. Бастауыш сыныптарда кітаппен жұмыс сабақта мұғалім басшылығымен жүзеге асады. Одан әрі оқушылар кітаппен жұмыс істеуге өздері үйренеді. қайнар бұлағы.
Көрнекілік– оқу материалын оқушылардың өз көзімен көріп, қабылдауын жеңілдетуі. «Бес сөздің мағынасын ауызша түсіндіру қиын, жиырма сөздің

Активация
Чтобы ак
раздел "Г



мағынасын суретпен ашу оңай» (А.Дистерверг). Оқытудың сөздік және практикалық әдістерімен өзара байланыста қолданылады. Сөзбен берілген мәліметті анықтай түседі, айналадағы өмір туралы түсініліп кеңейтеді. Ғылыми ұғымдарды меңгеруді жеңілдетеді. Құбылыстарымен, объектілерімен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер ететін алуан түрлі сурет, көшірме, сызбалар немесе табиғи күйіндегі көрнекіліктер қолданылады. оқу материалын оқушылардың көзінен көріп, нақтылы түсініктеріне мүмкіндік береді.Бұған демонстрация, иллюстрация және бақылау әдістері жатады.

Иллюстрация — латын сөзі: Illustratio — сурет, бейне. Объектілер , процестер мен құбылыстардың символикалық(шартты белгілер) бейнесін суреттер, плакаттар, карталар, портреттер, диаграммалар т.б. арқылы көрсету жолымен қабылдату. Олар ұғындардың қалыптасу үрдісін жеңілдетеді. Иллюстрация – демонстрация өлшемен тығыз байланысты болады. Мектеп тәжірибесі көрсетілетін сабақта иллюстрацияны материалдарын кеңтен қолдану, оқушылардың назарын нақтылы оқу материалының ауықтауына әкеп соғады. Сондықтан, көрнекі құралдарды пайдалынудың дидактикалық қолдамысын және таиын процесінде оларды рөлін алдын-ала жақсылап ойластырып алу қажет.

Демонстрация (көрсету) оқушыларды құбылыстар, процестер және заттардың нысанасының табиғи жағдайда таныстыру барысында қолданылады. Демонстрация – оқушыларға зат, құбылыс бейнесін тұтас, қозғалыста береді. Оның қозғалмайтын, шартты белгілерге толы иллюстрациялық әдіске қарағанда айырмашылығы да осында. Әдістің бұл түрі оқалып отырған құбылыстың қозғалысын анықтау, заттың ішкі құрылысы және сыртқы көрінісінен немесе бірыңғай заттардың орналасу жағдайымен таныстыруды көздейді.Табиғи нысанаңы көрсету негізінен сыртқы көрінісінен бастапды (келемі, түсі, формасы, өзара байланысты т.б

Тәжірибелік әдістер. Оқушылардың сабақта алған теориялық білімдерін, біліктілік пен дағдыларын тереңдету және жетілдіру түсу мақсатында олардың практикалық жұмыстарының маңызы ерекше.Оқытудың негізгі дәстүрлі әдістерінен қатар жаңалы оқушылардың бірігіп сабақта, оқу–тәжірибе участогінде оқу приборлары және техника құралдары көмегіне сүйеніп оқу тәжірибелерін жүргізеді. Оқытудың **зертханалық** түсіні негізінен биология, химия, физика пәндерінде жиі қолданылады. Аталған пәндердің мазмұны зертханалық жұмыстары кеңет етеді. Оқушылардың зертханалық жұмыстары мектеп жаныңдағы оқу–тәжірибе участесінде жүргізілетін тәжірибелермен де тығыз байланысты. Олар **дайындау, өткізу, қорыту** кезеңі болып бөлінеді.

Дайындау кезеңінде оның мақсаты белгіленеді, жоспары жасалады және оқушыларды қажетті аспаптармен, реактивтермен, басқа да оқу құралдарымен, жұмыс істеу принциптерімен таныстырады.Өткізу барысында құралдар әр оқушының қойған тәжірибесін құрлит бақылайды және қажет болған жағдайда оларға көмектеседі.Қорыту кезеңін бірнеше тәсілмен өткізуге болады. Бірішіден, әр оқушы өзінің орындаған жұмысын ұқбарлайды, екіншіден, ұжымдық түрде орындалған жұмыстың нәтижесі туралы өңтіме өткізіледі, үшіншіден, зертханалық жұмыстардың нақтылы қорытындыларын мұғалімнің өзі жинақтап, оқытушылар орындаған жұмыстардың нәтижесін қорытып бағындайды.

Графикалық жұмыстар бірлық пәннен орындалады. Бұған кестелер жасау, диаграммалар құру, сызбалар сызу секілді оқушылар әрекеттері жатады. Графикалық жұмыстар география мен тарих, сурет сабақтарында кеңінен пайдаланылады.

Тәжірибелік әдістердің ішінде ең кеп қолданылатыны – *жаттығу* әдісі. Мақсаты: білік, дағды қалыптастыру, теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгерту, оқушының белгілі бір дайындық деңгейіне жеткізу, осы деңгейді жетілдіру. Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгерту жаттығу арқылы орындалады. Сондықтан, бұл әдіс барлық пәндерді оқытуда кеңінен қолданылады.

Жазбаша жаттығулар: грамматикалық, стилистикалық, орфографиялық, фонетикалық жұмыстар, диктант, реферат, шығарма, мазмұндама, есеп шығару.

Ауызша. Мақсаты: тіл мәдениетін дамыту, оқу мәдениет тәрижисын меңгеру. (оқушылардың іс әрекетінің түрлері бойынша: оқу материалының мазмұнын ауызекті баяндау; көркем әдебиеттерден жатқа үзінділер айту, ғылыми пәндердің ережелерін жатқа айту).

Зертханалық практикалық жаттығулар: еңбек құралдарымен жұмыс, станокты қосу, детальдарды біріктіру, өлшеу жұмыстары.

(лекцияны конспектілеу, сызбаларды сызу дәптерге)

IV. Жаңа тақырыпты бекіту кезеңі. 15 минут–Жаңа тақырып бойынша 3 топқа тапсырма беріледі.

Wordwall әдісі. Адасқан сөздерді орналастыру.
https://wordwall.net/ru/resource/68198740
https://wordwall.net/ru/resource/68118955

Joyteka интеллектуалды квест. https://joyteka.com/100536957

V. Рефлексия. 5 минут. Рефлексия. 5 минут. https://www.menti.com/alh4yv4fpxrt Ментиметр платформасында SMS-хабарлама жолу арқылы жүргізіледі.

Бүгінгі сабақта мен үшін жаңалық болды	Бүгінгі сабақта мен түсіндім	Бүгінгі сабақта мен жасай алдым	Мен үшін қиын болды

VI. Үйге тапсырма. 2 минут. Берілген дерісті оқып, толықтай дептерге жазу. Қазақ тілі пәніне 1-топқа В.Момышұлының «Ұшқан ұя» повестінен екі тұлға есептің аудио тасма жасау, 2-топқа көркемдік жасау дайындау, 3-топқа деңгейлік тапсырмалар жасап келу.

VII. Бағалау. 3 минут. «Өзіндік бағалау парағынан» көрсетілген критерийлерге сүйене отырып, студенттер өз-өздерін бағалайды.
https://forms.gle/zcyX8c4VwXc5z7L7

VIII. Қорытынды.
Сабақта белсене қатысқан студенттерді бағалау, қатысқандарының үшін рәзмет. Сау болыңыздар!

Өзіндік бағалау парағы

Аты-жөні: _____
Пәні: _____
Тақырып: _____
Топ: _____

Өткен тақырыпқа шолу	Жаңа тақырыпты түсінуі	Бекіту	Қорытынды	Қорытынды балл

Өткен тақырыпқа шолу
1- Критерий 25 балл өткен тақырып бойынша қойылған сұрақтардың барлығының жауабын бітру және де ауызша екі сұраққа толы жауап бере алу мүмкіндігін алу;
2- Критерий 20 балл өткен тақырып бойынша қойылған сұрақтардың барлық тапсырмаларының жауабын білу және де бір сұраққа толы жауап бере алу мүмкіндігін алу;
3- Критерий 15 балл өткен тақырып бойынша қойылған сұрақтардың жауабын толық бере алудың қиындық туғызуы.

Жаңа тақырыпты түсінуі
1- Критерии 25 балл жаңа тақырып бойынша берілген тапсырмаларды толық орындау және белсенділік танытуы өз ойын жеткізе білуі:
2- Критерий 20 балл жаңа тақырып бойынша берілген тапсырманы топтық көмегіне сүйене отырып орындауы;
3- Критерий 15 балл жаңа тақырып бойынша берілген тапсырмаларды толық орындауда қиындық туғызды.

Бекіту
1- Критерии 25 балл жаңадат мазмұнын толық түсініп, нақты жауабын бер жауап бере алу мүмкіндігін алу
2- Критерии 20 балл жаңадат мазмұнын толық түсініп, нақты жауапты беруде қиындықтын болуы;
3- Критерии 15 балл жаңадат мазмұнын толық түсінбеу, өзіндік шешімін айту қиындық туғызды;

Қорытынды:
1- Критерии 25 балл берілген тесттің барлық сұрақтарының жауабын білу және оны жауап беруде белсенділік таныту;
2- Критерии 20 балл берілген тесттің сұрақтарында 2 сұрақтың жауабын белгілеу қиындығы болды;
3- Критерии 15 балл берілген тесттің сұрақтарында 4 сұрақтың жауабын шешу қиындық туғызды.

Қорытынды балл қойылған балдардың қосындысын құрайды.

Қорытынды

Оқу тиімділігін арттыратын білім беру платформалары білім алудың жаңа тәсілдерін, әдістерін, технологияларын енгізу арқылы білім сапасын көтереді. Білім беру процесінде инновациялар мен заманауи құралдардың қолданылуы – білім алу мен үйрену сапасының артуына әкеледі. Осы білім беру платформаларының ғылыми жаңалығы мен өзіндік ерекшеліктері олардың кеңінен таралуына және болашақта білім берудің негізін қалыптастыруға ықпал етеді.

Белсенді оқыту әдістері бар, олар оқушыларды оқыту үдерісінде белсенді қатысушы болуға итермелейді, бұл тек қана мұғалімнен алған ақпаратты пассивті түрде қабылдау емес. Көп жағдайда кең түрде тараған оқыту әдісі бұл түсіндірмелі-суреттеу әдіс, мұнда белгілі бір жүйеде, көрнекі және қолайлы түрде, оңайдан қиынға білімдерді мазмұндауға негізгі көңіл бөлінеді. Мұғалім дайын ақпаратты әртүрлі жолдармен айтады, ал оқушылар бұл ақпаратты қабылдайды, түсінеді және ойларында түйіндейді. Әрбір педагог ең бастысы керекті ақпаратты беруге және оның дұрыс қабылдауына көз жеткізу үшін, оқушыларда білік пен дағдылар пайда болуы үшін, мұғалім тапсырмалар жүйесімен, оқушылардың әрекеттерін олардың алған білімдерін және көрген тәсілдер әрекеттерін бірнеше рет жаңғыртуын ұйымдастырады. Мұғалім тапсырма береді, ал оқушылар оларды орындайды, ұқсас тапсырамаларды шығарады, яғни бірнеше рет ұқсас әрекеттерді жүзеге асырады.

Сабақта барлық оқушылардың белсенді әрекеттері іске қосылады. Мақсатты түрде бұл әрекетке әсер ету үшін оқытудың белсенді әдістері бар. Мультимедиалық ресурстарды қолдануда танымдық әрекеттерінің мазмұнын қабылдауын, оқушылар тек қана жаңа білімдер мен дағдыларды алып қана қоймай, өздерінің танымдық күштерінің жоғары деңгейге жетуін, ұйымдастыруға тырысу керек. Оқушыларды танымдық әрекетке қосу керек, мұғалім мен оқушыларды біріктіруші, мақсатқа жетуге бағытталған, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Әрбір мұғалімнің міндеті – ол жастарды шығармашылықпен ойлауға, өмірге және тәжірибелік жұмысқа дайындау. Шығармашылық ойлау мәселені шешуде көрінеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 ж.

2. Еркебаева Г.Ғ.Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттеру, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2011. – Б.6-9.

3. Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. –М., 2006.

4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М., 2005

5. Халықова К.З., Абдулкәрімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. –Алматы, 2010.

ӘОЖ 14.23.09

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ДАМЫТУ

Майлыбай М.Е.
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» ББББ 3 курс студенті
gulmirasabyr@mail.ru

Өзектілігі. Мектепке дейінгі білім берудің заманауи жүйесі әрбір балаға адамның бар табиғи әлеуетіне сүйене отырып, өзін барынша іске асыруға және оның қабілеттерін үздіксіз дамытуға дайындалуына жағдай жасауға бағытталған. Мектепке дейінгі кезең – бала өміріндегі өте маңызды кезең. Дәл осы ретте зерттеудің өзектілігі баланың креативті ойлауын дамыту қажеттілігімен және заманауи білім беру талаптарымен тығыз байланысты екендігін дәлелдей аламыз.

Мектепке дейінгі кезең – адамның ең маңызды дамуының негізі қаланатын уақыт. Баланың осы жас аралығында қоршаған әлемге деген қызығушылығы ерекше болып, креативтілік қабілеті белсенді түрде қалыптасады.

Өзектілік негіздемелері:

Табиғи әлеуетті ашу мен дамыту: Мектепке дейінгі білім беру жүйесі әрбір балаға оның табиғи қабілеттерін толық іске асыруға жағдай жасауды көздейді. Бұл олардың болашақ табысты дамуы мен қоғамға бейімделуіне негіз болады.

Көркемдік әрекеттің маңызы: Баланың шығармашылық ойлауын қалыптастырудың қол жетімді және тиімді жолы – көркемдік әрекет, оның ішінде сурет салу, музыка, драма және арт-терапия әдістері. Бұлардың барлығы баланың өзін-өзі тануына және эмоционалдық әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді.

Арт-терапияның тиімділігі: Арт-терапия әдістері балалардың эмоционалдық және психологиялық жағдайын нығайтып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Балаларға ерекше көңіл бөлуді қажет ететін қиындықтар кезінде тиімді қолдау болып табылады.

Креативтілікке сұраныс: Заманауи әлемде креативтілік – тұлғаның маңызды қасиеттерінің бірі. Креативті ойлау қабілеті ерте жастан тәрбиеленсе, адамның өмір бойы жаңа идеяларды тудыру, қиындықтарды шешу және өзін-өзі көрсету қабілеті артады.

Ғылыми-теориялық негіздер: Жетекші ғалымдардың зерттеулері балалардың креативтілігін дамытудың маңыздылығын көрсетеді (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Дж. Гилфорд және т.б.). Сонымен қатар, арт-терапияның тәрбиелік және дамытушылық әлеуеті туралы көптеген зерттеулер мұны растайды.

Жалпы креативті ойлау саласындағы ғалымдардың зерттеулері 20 ғасырда басталды.

1950 жылы Дж. Гилфорд өзінің лекциясын интеллектпен қатар креативтілікті зерттеудің маңыздылығына арнады. Дж. Гилфорд креативтілік пен шығармашылық потенциалды «...табысты шығармашылық ойлауға ықпал ететін қабілеттер мен басқа ерекшеліктерінің жиынтығы тәрізді анықталуы мүмкін» деп есептейді. [1]

Неміс психологы және философы Эрих Фромм креативтілікті адамның қоршаған әлемді тану, көргені мен естігеніне таң қалу, қызығушылық таныту, өз тәжірибесін түсіну, кез-келген тығырықтан шығу қабілеті ретінде қарастырған. [2]

Ф. Баррон креативтілікті өз тәжірибесіне жаңа рең беру қабілеті деп түсінеді [3]. Дж. Родари креативтілікті жаңа мәселерді шешуде тың, жаңаша идеяларды тудыру кабілеті ретінде ұсынады [4]. Т. Любарт креативтілікті жаңашылдығы бар өнімді жасау мүмкіндігі ретінде қарастырады[5].

Ғылыми жаңалығы мен өзіндік ерекшелігі. Зерттеу жұмысын жүргізе отырып, терең ізденістің нәтижесінде авторлық **«Тапқыр бала»** мектеп жасына дейінгі балалардың креативті ойлауын арт-терапия әдістері арқылы дамыту **бағдарламасы** кешені әзірленді

Зертеу жұмысымыздың ғылыми ерекшелігі сонда, зерттеу нәтижелері бойынша **«Тапқыр бала» бағдарламасы құрастырылып, ендіру актісі, авторлық куәлік алынды.** Оның нәтижесі **А және Ж аралығындағы қосымшаларда** ұсынылады.

«Тапқыр бала» бағдарламасы - бұл мектеп жасына дейінгі балалардың креативті ойлауын арттыруға арналған арнайы арт-терапия әдістерін жүйелі түрде пайдалану арқылы даму құралдарын кешенді түрде әзірлеу. Бағдарламаның мазмұны балалардың психологиялық, физиологиялық және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында әртүрлі терапия түрлерін қолдануға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты – мектеп жасына дейінгі балаларды «Тапқыр бала» мектеп жасына дейінгі балалардың креативті ойлауын арт-терапия әдістері арқылы дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- бала фантазиясы мен қиялын, креативтілігін дамыту;
- танымдық белсенділік пен танымдық қажеттіліктерді, қызығушылықты дамыту;
- еркін сөйлеуді, икемділікті, шығармашылық ойлаудың өзіндік ерекшелігін дамыту;
- сөйлеу мен өнердегі шығармашылық пен импровизацияны дамыту; шығармашылық әрекетке эмоционалды бояу беру қабілетін дамыту.

Бағдарламада келесі әдістер қолданылады: ойын терапиясы, ертегі терапиясы, би терапиясы, изотерапия. Бағдарлама аптасына 2 рет топтық түрде өткізілетін 30-40 минуттық 32 сабақты қамтиды. «Бал бала» бағдарламасы креативті ойлаудың, шығармашылықтың, қиялдың даму деңгейін арттыруға, сонымен қатар шығармашылыққа эмоционалды бояу беруге бағытталды.

Бұл бағдарлама келесі жаңашылдық аспектілерді қамтиды:

1. ***Арт-терапияның шығармашылық әдістерін қолдану*** (мысалы, сурет салу, монотипия): Балаларға өзін-өзі көрсету арқылы дамуға мүмкіндік беру.
2. ***Медицина және өнердің интеграциясы*** (музыка, би, ароматерапия): Баланың эмоционалды және физикалық дамуын үйлестіру.
3. ***Иппотерапия және спорттық жаттығуларды енгізу***: Физикалық белсенділікті арттыру, психикалық процестерді дамыту.
4. ***Ата-аналарды тарту***: Бала дамуының креативтілігіне арналған семинарлар арқылы тәрбиелік тәсілдерді жетілдіру.
5. ***Ұжымдық түсіндірме жұмыстар***: Педагогтар мен психологтардың бірлескен әрекеттері.

Бағдарлама қазіргі қоғам талаптарына сәйкес балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту, білім алу қабілеті мен өмірге бейімділігін қалыптастыру бағытында өзектілігі зор. Мұндай кешенді тәсіл балалардың жан-жақты дамуына жаңа мүмкіндік беретіндігін біз 1 кестеде ұсынамыз.

Кесте 1. «Тапқыр бала» мектеп жасына дейінгі балалардың креативті ойлауын арт-терапия әдістері арқылы дамыту бағдарлама кешені

№	Іс шараның атауы	Түрі	Мазмұны

1	«Табиғат ақ парақ беттерінде»	Арт терапия	Табиғат аясында сурет салу, демалу, релаксация, қиялды дамыту, қалыптастыру. Арт-терапияның негізгі мақсаты-өзін-өзі көрсету және өзін-өзі тану қабілеттерін дамыту арқылы баланың жеке басын үйлестіру
2	«Love Yourself: Map for the musical soul»	Музыка терапия	Табиғат аясында музыка тыңдау немесе ән салу. Баланың эмоционалды күйін қалпына келтіруге, сақтауға және олардың рухани, интеллектуалды физикалық денсаулықты сақтауға ықпал ету. Эмоционалды жағдайды реттеу. Жеке қиыншылықтармен күрес. Стресс деңгейін төмендету
3	«Менімен биле»	Би терапиясы	Физиологиялық дене қимылдарын жасау. Мақсаты- өзінің «мен» сезімін дамытуға, денені «сөйлеуге», босатуға мүмкіндік беріп, өзіне деген сенімділік деңгейін арттырады. Биде адам физикалық және эмоционалды дамиды, дене мен сана тең күштер ретінде қарастырылады.
4	«Спорт менің өмірлік серігім»	Физеологиялық белсенділігі арттыруға арналған жаттығулар	Әр түрлі спорттық жарыстар, арнайы жүзу бассейініне бару. Дене жаттығулары арқылы тұла бойға энергия күш қуат беру арқылы белсенділікті дамыту. Негізгі мақсаты: күшті қалпына келтіру, эмоционалды жағдайды басқару, ыңғайсыздықты жеңілдету, бұлшықет тонусын ерікті реттеу, тыныс алу ырғағын басқару
5	«Театр калейдоскопы»	Драма терапия	Театрға бару жеке тұлғаның әлеуметтік дамуы мен интеграциясының деңгейін арттырады. Драматерапияның мақсаты- тұлғаның жеке басын және оның сыртқы әлеммен қарым-қатынасын нығайту. Шиеленісті азайту, эмпатияны мен шығармашылықты дамыту, байланыс арнасын ашу, жеке тұлғаны біріктіру, жауапкершілік сезімін қалыптастыру, қиял мен фокусты дамыту
6	«Бала креативтілігінің ерекшелігі»	Ата аналарға арналған дәріс, семинар түсіндеріме жұмыстар	Ата-аналарға бала креативтілігін дамыту ерекшелігі, оны дамытудың оңтайлы жолдарын ұсыну
7	«Ат үстіндегі серуен»	Иппотерапия	Негізгі мақсаты- денені жан-жақты белсендіру, жұмылдыру-физикалық және психологиялық тұрғыдан дамыту. Атқа міну кезінде шоғырлану, мүмкін болатын ең жоғары жинақылық және жүру кезінде де, жануарға күтім жасау кезінде де әрекеттер тізбегін есте сақтау және жоспарлау қажеттілігін дамытады. Бұл психикалық процестерді белсендіреді. Атпен жүру кезінде адамның барлық бұлшықеттері жұмыс істейді және бұл рефлекс деңгейінде болады.
8	«Хош иіс-жағымды	Аромотерапия	Балалардың психологиялық және эмоционалдық жағдайына хош иістердің көмегімен әсер ету. Мақсаты: шаршаудың,

	көңіл күй кепілі»		тітіркенудің, депрессияның алдын алу. Ароматерапия қолайсыз факторларға төзімділікті арттырады, өзін-өзі реттеуге, адамның өзін-өзі дамытуға көмектеседі.
9	«Акварель сиқыры»	Монотипия	Әйнекке акварель көмегімен сурет салу, кейін қағазға басып шығарып, кез-келген материалдармен аяқтау, көлем беру, коллажбен толықтыру, рамка жасау. Мақсаты: өздігінен өзін-өзі көрсету, сезімдерді өзектендіру және психоэмоционалды стрессті жеңілдету, ойлаудың, қабылдаудың, шығармашылықты дамыту.
10	«Құмдағы өрнектер»	Sandplay (құм терапиясы)	Өздігінен шығармашылық өрнек арқылы өзін-өзі реттеу әсеріне қол жеткізу. Адам өзін туындының қожайыны ретінде сезінеді және өзінің туындысы арқылы өзінің ішкі әлемін өлшемді түрде білдіреді. Жасөспірім жасаған құм суреттері, оған еліктейтін бейнелер оның ішкі күйінің көрінісі, көңіл-күйі мен ойларының объективтілігі болып табылады.
11	«Мектепке дейінгі жастағы балалардың креативті ойлауын арт-терапия негізінде дамыту»	Педагогикалық ұжымның психологпен кездесуі	Педагогикалық ұжыммен және сынып жетекшілермен мектепке дейінгі жастағы балалардың креативті ойлауын арт-терапия негізінде дамыту мақсатын, міндетін, жолдарын түсіну мен қолдауға арналған түсіндірме жұмыстар
12	«Құмдағы өрнектер»	Sandplay (құм терапиясы)	Өздігінен шығармашылық өрнек арқылы өзін-өзі реттеу әсеріне қол жеткізу. Адам өзін туындының қожайыны ретінде сезінеді және өзінің туындысы арқылы өзінің ішкі әлемін өлшемді түрде білдіреді. Жасөспірім жасаған құм суреттері, оған еліктейтін бейнелер оның ішкі күйінің көрінісі, көңіл-күйі мен ойларының объективтілігі болып табылады

Зерттеудің сапасы мен тереңдігі. Теориялық негіздермен қатар балалардың даралығын дамыту үшін арт-терапияны қолданудың практикалық алғы шарттары да қалыптасуда. Олардың қатарында арт-терапияны қолданудың практикалық тәжірибесін сипаттайтын мерзімді басылымдардағы жарияланымдар санының артуы, соңғы жылдары жеке педагогикалық зерттеулерде балаларға рухани, моральдық ықпал ететін тұлғаның эмоционалды және ерікті салаларын қалыпқа келтіретін, олардың жағымсыз эмоционалдық әсерлерінің алдын-алу және түзету мақсатында бейімделген арт-педагогикалық әдістер де әзірленуде.

Бүгінгі күні әлемде арт-терапияны білім беру ортасында қолданудың белгілі бір тәжірибесі жинақталған. Білім беру саласында арт-терапияны қолданудың отандық тәжірибесі Г.А. Қасен, А.Б. Айтбаева, Г.М. Умбетова, М.Б Мухамбетжанова, Л.А. Ахметова З.Б. Мадалиева, Л.К. Көмекбаева, М.М. Сүлеймен еңбектерінде көрініс тапқан.

Г.А. Қасен, А.Б. Айтбаева өздерінің оқу құралында арт-терапия элементтерімен оқытудың өзіндік әдістерін сипаттайды. Авторлар оларды қолдануды «Адамның өзін-өзі таныту, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін қанағаттандырудың ең тиімді жолы»

ретінде балалардың өз бетінше креативті ойлауын дамыту және шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу қажеттілігімен дәлелдейді[6].

Г.М. Умбетова, М.Б Мухамбетжанова бейнелеу өнерін тұлғаны дамытудың ең маңызды құралы деп санайды. Оның пікірінше, кіріктірілген интеллектуалдық, көркемдік және шығармашылық іс-әрекет баланың көптеген психикалық процестері мен қасиеттерін (қызығу, қызығушылық, танымдық процестер, сөйлеу, эмоциялар және т.б.) тәрбиелейді [7].

Л.А. Ахметова да өз еңбектерінде білім беру процесінде арт-терапия элементтерін қолдануды ұсынады. Ол балалардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған «Менің жеке арт-терапевт» атты кіші мектеп оқушыларының арт-терапевтік мәдениетін қалыптастыру бағдарламасын әзірлеген. Бағдарлама өнердің емдік-шипалық мүмкіндіктері мен қасиеттері туралы жалпы идеяларға негізделген [8].

Мектеп жасына дейінгі балалармен арт-терапия психологиялық қиындықтарды талқылау негізгі шығармашылық немесе ойын әрекетінің аясында еркін түрде өтеді.

Арт-терапия баланы табиғи материалдардан мүсіндеу, сурет салу, құрастыру арқылы өзінің эмоциясын, сезімін білдіруге шақырады. Бейнелерді өз санасынан өткізе отырып, адам өзінің тұтастығын, өзіндік ерекшелігін және даралығын таниды.

Зерттеудің қисындылығы мен құрылымы.

Зерттеу жұмысын жүргізе отырып, эксперимент жұмысын жүргіздік. Анықтау эксперименті кезінде мектеп жасына дейінгі балалардың креативті ойлауын арт-терапия әдістері арқылы дамытуды жүзеге асыру үшін оның деңгейлері мен критерийлерінің анықтап алуды жөн көрдік. Ол төмендегі кестеде көрініс тапқан.

- Бұл зерттеу креативті ойлауды дамытудың теориялық негіздерін және практикалық тәсілдерін қамтиды.
- Арт-терапия әдістерінің тиімділігі психологиялық және педагогикалық тәжірибемен расталып, баланың ой-өрісін, әлеуметтік қабілеттерін және шығармашылығын жетілдіруге көмектеседі.

2 кесте. «Тапқыр бала» мектеп жасына дейінгі балалардың креативті ойлауын арт-терапия әдістері арқылы дамыту деңгейлері

Критерийлері	Жоғары	Орта	Төмен
Когнитивті	Сөйлеу тілі жатық, білім деңгейі жеткілікті	Сөйлеу тілі орта, білім деңгейі жеткіліксіз, түсініктері төмен	Сөйлеу тілі төмен, білім деңгейі төмен, түсініктері дамымаған
Мотивациялық	Бала шығармашылық қабілетін көрсетуге ұмтылады, шығармашылық тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды	Бала белсенділігі төмен, шығармашыл тұлға ретінде көрсетуге тырысады, шығармашылық тапсырмаларды тәрбиешінің басшылығымен орындайды	Бала белсенділігі төмен, шығармашылық қабілетін көрсетуге тырыспайды
Іс-әркет	Тапсырмаларды орындауда даралық, ұшқыр қиял көрсетеді	Тапсырмаларды орындауда даралық, ұшқыр қиял көрсетеді, алайда тірбиешінің көмегіне жиі сүйенеді	Тапсырмаларды орындауда даралық, ұшқыр қиял танытпайды, тапсырманы орындаудан бас тартады

3 кесте. «Тапқыр бала» мектеп жасына дейінгі балалардың креативті ойлауын арт-терапия әдістері арқылы дамыту деңгейлері, көрсеткіштері мен диагностикалық тапсырмалары

Деңгейі	көрсеткіштері	Диагностикалық тапсырмалар
когнитивті	1.«Шығармашылық», «креативтілік» ұғымы туралы түсінігінің болуы 2. Тапсырмалардың мәнін түсіну	«Теруші» (автор Е.В.Чаплыгин)
мотивациялық	1. Шығармашылыққа, креативтілікке құрылған тапсырмаларға деген қатысы 2. Шығармашыл, креативті тұлға ретінде жаңа білімге деген құштарлығы	«Өмірде жоқ жануар туралы әңгіме құрастыр» (авт. М.З. Дукаревич)
Іс-әрекет	1. Шығармашылық әрекеттердің барысында жаңа шешімдерді ұсыну 2. Берілген тапсырмаларды баланың қалыптан тыс, ерекше орындай алу мүмкіндігі	«Үш сөз» (авторы Л.Ю. Субботина) «Шығармашылық қиял ерекшеліктері» (авторы М.А. Зяблицева)

Тәжірибелік маңыздылығы.

«Тапқыр» бағдарламасын апробациядан өткізгеннен кейін зерттелушілердің шығармашылық қиялының даму деңгейін диагностикалаудың бақылау кезеңі өткізілді.

«Дөңгелегі жоқ көлік» шығармашылық қиял деңгейін диагностикалау О.А. Белобрыкина. Мектеп жасына дейінгі балалар тобы үшін жалпы бейнелік шығармашылық қиял деңгейін диагностикалау нәтижелері шығарылды.

2. «Әңгіме ойлап тап» сөздік шығармашылық қиял деңгейін диагностикалау Р.С. Немов. «Бал бала» мектепке дейінгі жастағы балалардың арт-терапия негізінде креативті ойлауын дамыту бағдарламасын енгізгенге дейін және одан кейінгі мектеп жасына дейінгі балалар тобының жалпы ауызша шығармашылық қиял деңгейін диагностикалау нәтижелерін берді.

3. П. Торренстің стандартты емес шығармашылық қиялының диагностикасы. «Бал бала» мектеке дейінгі жастағы балалардың арт-терапия негізінде креативті ойлауын дамыту бағдарламасына дейін және одан кейінгі ересектер тобының жалпы стандартты емес шығармашылық қиял деңгейін диагностикалау нәтижелері алдық.

Диагностика нәтижелері бойынша . «Тапқыр бала» мектеке дейінгі жастағы балалардың арт-терапия негізінде креативті ойлауын дамыту бағдарламасы енгізілгеннен кейін эксперимен тобында креативті ойлау, шығармашылық қиялдың орташа деңгейі айтарлықтай өскенін байқауға болады. Бағдарламаны жүзеге асыруға дейін креативті ойлау шығармашылық қиял деңгейі төмен балалар саны 20% болса, бағдарламадан кейін 5% болды, стандартты емес шығармашылық қиял деңгейі жоғары балалар саны 10%-дан 40%-ға дейін өсті.

Орташа деңгейі бар балалар саны 70%-дан 55%-ға дейін төмендеді. Қорытынды диагностикалау барысында балалардың тапсырмаға ілтипатпен қарай бастағанын, әртүрлі креативті жауаптарды атайтынын, барлығын анық және егжей-тегжейлі сипаттайтынын көрсетті.

4. Ата-аналар мен мұғалімдерге арналған шығармашылық сауалнама (Ф.Татла, Л.Беккер бойынша) «Тапқыр бала» мектеке дейінгі жастағы балалардың арт-терапия негізінде креативті ойлауын дамыту бағдарламасы енгізілгеннен кейін мектеп жасына дейінгі балалар тобының жалпы шығармашылық деңгейін диагностикалау нәтижелері сараладық.

Диагностика нәтижелері ата-аналар мен тәрбиешілердің айтуынша, «Тапқыр бала» мектеке дейінгі жастағы балалардың арт-терапия негізінде креативті ойлауын дамыту

бағдарламасы енгізілгеннен кейін балалардың шығармашылық деңгейінің жоғарылағанын көрсетеді.

Қайта диагностикалау нәтижесінде оң өзгерістер анықталды: бейнелеу және сөздік әрекетте шығармашылық қиялының жоғары деңгейі бар балалардың саны артты, шығармашылық ойлаудың шығармашылық қабілеті артты, шығармашылық қиялының дамуы төмен балалар іс жүзінде жоқ. Сонымен, егер, мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балалардың креативті ойлауын дамытуда арт-терапия әдістері кеңінен қолданылса, онда мектепке дейінгі жастағы балалар терең, креативті ойлайтын тұлға болып қалыптасар еді, себебі, арт-терапия түрлеріне бала ерекше қызығушылық танытады деген зерттеу жұмысымыздың ғылыми гипотезасы дәлелденді.

Сонымен зерттеудің **тәжірибелік маңыздылығы тақырып аясында** жан-жақты ізденіс нәтижелері 2022-2024 жылдары Республикалық, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, *ғылыми* мақалалар жариялануымен қатар, біліктілік арттыру курстары, *ендіру актісі* және *авторлық куәлік* иеленуден көрініс табады.

Атап айтсақ, біліктілікті арттыру және білімді жетілдіру курстарынан өтті:

- Чехия мемлекеті, Склад білім беру орталығы ұйымдастырған «Балабақша және мектептегі нейропсихология» онлайн курстарына 2022-2024 жылдары қатысып сертификат;
- 2023 жылы Coursera бағдарламасы біліктілігін арттырып 3 сертификат;
- 2024 жылдың 13 маусым 22 маусым аралығында «Мектеп жасына дейінгі балаларға және олардың ата-аналары мен қамқоршыларына (тәрбиешілеріне) алғашқы психологиялық көмек көрсету» тақырыбында базалық тренингке қатысып 2 сертификат иеленді.

Жарық көрген мақалалар:

- РИНЦ - шетел ғылыми-тәжірибелік конференциясында (ФГБОУ ВО «Московский государственный университет технологий и управления имени К.Г. Разумовского (ПКУ)» (г. Москва, Россия) совместно с «Карагандинским университетом им. академика Е.А. Букетова» (г. Караганда, Республика Казахстан) «Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ дәстүрлі қолөнерін үйрету ерекшеліктері» атты мақаласы;
- «Әлихан оқулары – 2023. Алаш мұрасы: Тағылым және сабақтастық» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына (Семей қ, 2023 жыл 14 сәуір) қатысып, «Мектеп жасына дейінгі баланың сурет салуда тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуы» атты мақаласы;
- «XXI ғасыр: ғылым және инновация» атты жас ғалымдар мен студенттер арасындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті. Талдықорған, 2023 жыл 07 сәуір) «Арт-терапия - мектеп жасына дейінгі балалардың креативті ойлауын дамытудың әдісі ретінде» тақырыбында мақаласы зерттеу жұмысының нәтижелілігін көрсетеді.
- «Студенттік ғылым әлемі - жаңа мүмкіндіктер» студенттердің ғылыми-практикалық конференция материалдары. Көкшетау, 2023 Mailybayeva M. Implementation of an integrative approach in teaching a foreign language in primary school. 2033-236 б
- Арт-терапия арқылы мектепке дейінгі балалардың агрессивті мінез-құлқының алдын-алу жолдары. «Кәсіби өзін-өзі анықтау және жеке тұлғаның дамуының негізі ретінде ерте бейіндеу» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Көкшетау қ. 18.04.2024. – Б. 46-53

https://drive.google.com/drive/u/1/folders/16Foci4PbwyVilqZa8X2cxQBwwUmC4lQ8

Қорытынды. Қорыта келгенде зерттеудің нәтижесі – мектепке дейінгі балаларды жан-жақты дамыту үшін заманауи білім беру процесіне кешенді және ғылыми негізделген әдістерді енгізу қажеттілігінің дәлелі. Бұл бағыт қоғамның қазіргі сұранысына сай балалардың болашақта жан-жақты, креативті тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Дж. Гилфорд. Проблема креативности и явления подражания. - М., 1994.
2. Фромм Э. Душа человека / Э. Фромм. -М.: Республика, 1992. — 434 с.

3. Баррон Ф. Креативность, интеллект и личность // Психологический ежегодник. – 1981. – Т. 32.
4. Родари, Дж. Грамматика фантазии. Введение в искусство придумывания историй / Дж. Родари ; пер. с ит. Ю. А. Добровольской. – М. : Прогресс, 1990. – 44 с.
5. Любарт Т. Психология креативности / Т. Любарт, К. Муширу, С. Торджман, Ф Зенасни; [пер. с фр. Д. В. Люсин]. — М.: Когито-центр, 2009.- 215с.
6. Қасен Г.А., Айтбаева А.Б. Арт-педагогика и арт-терапия в инклюзивном образовании. - Алматы: Қазақ университеті, 2019 - 184 с.
7. Умбетова Г.М., Мухамбетжанова М.Б. «Арт – терапия адамның эмоционалды күйін ретке келтіру мен белсенділігін қалыптастыру әдісі ретінде»// «Жаһандық ғылым және инновация 2019: Орталық Азия» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Астана, 2019ж
8. Ахметова Л.А. Формирование арт-терапевтической культуры дошкольников «Сам себе арттерапевт» / Л.А. Ахметова. – М.: Московский государственный открытый педагогический
9. Мадалиева З.Б., Көмекбаева Л.К., Сүлеймен М.М. – Жалпыға арналған арт-терапия: оқуәдістемелік құрал. – Алматы: 2016. – 160 б.

УДК 372.3/4

KIKUS ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

Мақсым Айша Ерсінқызы
Қазақ тілі мұғалімі «Толағай» бөбекжайы КМҚК
erkebulanaysha@mail.ru

Психофизикалық тұрғыдан мектепке дейінгі жас тіл үйренуге ең қолайлы, өйткені нәрестелерде ұзақ мерзімді есте сақтау қабілеті, яғни не істелгенін, ең бастысы, ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде айтылған нәрсені ұзақ уақыт есте сақтау қабілеті, сондай-ақ уақытша ақпаратты есте сақтау үшін қажет жедел жады жақсы дамыған. Осылайша, мектеп жасына дейінгі балалар сөздер мен грамматикалық құрылымдардың барлық блоктарын есте сақтай алады. Мұндай құнарлы топырақ тіл оқыту жүйесін дамытуға ықпал етеді.

Мектепке дейінгі балалық шақ жеке тұлғаны қалыптастыруда өте маңызды, сондықтан осы жастағы балаларды мемлекеттік тілді үйренуге тарту өте маңызды.

Балабақшада қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттері балалардың жас ерекшеліктерін, психофизикалық ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарланады [1].

Балалардың ерте және мектеп жасына дейінгі ерекшеліктері-балалар белсенді әрекеттер мен тәжірибелер арқылы үйренеді. Сондықтан ұйымдастырылған іс-әрекет тек ойын түрінде өткізілуі керек.

Балалармен қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізуге қойылатын педагогикалық талаптар:

✓ мұғалімнің балалармен қарым-қатынасының достық атмосферасын міндетті түрде құру (баланы аз білгені үшін сөгіс жоқ, басқаларға қарағанда нашар жауап береді).

✓ әр балаға кез-келген іс-әрекеттің жақын және түсінікті мотивациясын қамтамасыз ету.

✓ оқу процесіне қызығушылықты сақтау мақсатында балалармен ойын оқыту әдістері мен дидактикалық ойындарды кеңінен қолдану.

✓ тапсырмалардың біртіндеп күрделендіру.

✓ баланың кез-келген, тіпті ең кішкентай жетістіктерін ынталандыру [2].

Әр кезеңде тіл мамандары ана тілін үйретудің түрлі әдіс-тәсілдерін ойлап тауып, Мемлекеттік бағдарлама аясында ауқымды шаралар қолға алынуда. Заман талабына сай түрлі

тәсілдермен қатар қазақ тілін үйретудің креативті жолдары да ұсынылуда. Соның біріде бірегейі 1998 жылы неміс лингвист, профессоры Эдгардис Гарлин ойлап тапқан ғылыми негізделген көптілділік «KIKUS» әдісі. Бұл аталған әдіс 20 жылдан астам Еуропа елдерінде яғни Германия, Англия, Түркия, Испания, Ресей елдерінде тәжірибеден өтіп, қолданысқа енгізілген. Тіл үйретудің бұл әдісі қазақ тілін тереңдетіп оқытумен қатар, өзге ұлт өкілдері балаларына үйретуге таптырмас құрал болып отыр. Ойын технологияларына негізделген «KIKUS» тіл үйрету әдісі біздің елімізге өткен жылы келді. Мектепке дейінгі ұйым басшылары тәжірибе алмасу мақсатында Прагаға барған кезде осы бағдарламамен танысады. Ал, Германияға барған кезде осы бағдарламаны ойлап тапқан неміс профессоры, лингвист Эдгардис Гарлинмен кездесіп, бағдарлама туралы мәлімет алады. Сол себепті мен де қазақ тілін үйретуде осы әдісті қолдануды жөн көрдім.

«KIKUS» тіл үйрету әдісі түрлі сурет картасына негізделген. Олар әртүрлі мотивтерді көрсетеді. Балалар әлеміне қатысты тақырыптар негізінде сөздік қорын қамтиды. Барлық сурет карталарын түрлі-түсті сурет ретінде, ақ-қара сызықтық сурет ретінде, сондай-ақ қаріп ретінде пайдалануға болады. Мұндағы карталар практикаға негізделіп жасалған, өзге тілді үйренуіне сансыз мүмкіндіктер жасалған.

«KIKUS» әдісі арқылы балалардың сөздік қорын дамытып, олардың сөйлеу, тыңдау, түрлі тақырыптағы суреттерді оқу дағдыларын жетілдіруге, балалардың өзіне деген сенімділігін және әлеуметтік дағдыларын дамытуға болады.

«KIKUS» әдісінің міндеттері:

- Тілге деген тиянақты, мүдделі көзқарасты және құрмет сезімін қалыптастыру, қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу.
- Балалардың карточкалардығы суреттің ретімен әңгімелеп беруіне деген қызығушылығы артады.
- Балалармен жұмыста қолданатын тәсілдерін игереді,
- Балалардың сөздік қоры толығып, байланыстыра сөйлеуге үйренеді.

Неліктен бұл әдістер деген сұрақ туындауы мүмкін? Себебі сурет балалардың есінде құрғақ сөзге қарағанда есінде сақталатынын бәріміз де білеміз [3].

Карточкаларда қимылды, заттың атын, кеңістікті, санның ретін білдіретін суреттер бейнеленген. Сол суреттерді алдын-ала жаттату арқылы балаларды сөйлем құрауға, тақпақ жаттауға, жұмбақты шешуге үйретеміз.



«KIKUS» карточкалары

Енді осы карточкалардың пайдалану жолдарын көрсетсем деймін. Балалар барлық карточкалардағы суреттерді үйренді. Енді әрі қарай сөз тіркесінен бастап сөйлем құрауға кірісеміз.

«KIKUS» карточкаларымен сөйлем құрастыру

1-жолақтағы сөйлем: Тиын ағаштың ішіндегі іңіде отыр.

2-жолақтағы сөйлем: Үй ішінде Айгүл мен анасы тамақ пісіреді.

3-жолақтағы сөйлем: Үй Әсем ұйқыдан тұрып жуынды.

4-жолақтағы сөйлем: Далада жаңбырдың астында балалар жүр.

5-жолақтағы сөйлем: Ата киіз мен өзен ортасында отыр.

6-жолақтағы сөйлем: Киіз үйдің ішінде домбырада Әйгерім ойнап отыр.

Сөйлем құрап үйренгеннен кейін мақал-мәтелдер мен жұмбақтарға көшеміз. Осылайша қазіргі таңда өзекті мәселе болып отырған қазақ тілін үйретудің тиімді жолының бірі болып шығады.

Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды енгізу шет тіліндегі ақпаратты қабылдау мен пысықтау процесін айтарлықтай әртараптандырады. Қосымша білім беруде мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ тіліне оқытуда инновациялық технологияларды қолдану әр балаға сабақта қазақ тіліндегі сөйлеу практикасының уақытын едәуір арттыруға, топтың барлық балаларының қазақ тіліндегі материалды игеруіне қол жеткізуге, әртүрлі тәрбиелік және дамытушылық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді [4]. Бұл инновациялық технологияларды қолдануға балабақшамызда жақсы мүмкіндіктер жасалған. Қазақ тілі кабинеті планшеттермен жабдықталған.

Қазақстанның болашағы бүгінгі ұрпаққа байланысты. Сондықтан да бүгінде Қазақстанның кішкентай азаматтарында патриотизм мен азаматтық сезімдерін тәрбиелеу қажет. Бұл сезімдерді тәрбиелеудегі маңызды фактор-өз мемлекетінің тіліне деген терең құрмет. Балаларды мемлекеттік тілге үйрету-тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастыру күрделі және көп қырлы процес. Балаға екінші тілді үйренуге неғұрлым тезірек мүмкіндік берілсе, нәтиже соғұрлым сәтті және тиімді болады. Оларға жету үшін мұғалім негізінен ойын және басқа да инновациялық технологияларды қолдана отырып, сабақтарды қызықты және көңілді түрде өткізуі керек. "Қазақ тілі" ұйымдастырылған іс-әрекетте бағдарламаның мазмұнын игеру балада коммуникативтік құзыреттілік негіздерін қалыптастыруға, дұрыс айтылуын қалауға, базалық лексикалық және сөздік қорын жинақтауға ықпал етуге мүмкіндік береді.

Инновациялық технологиялар-заман талабы. Осылайша, мақалада заманауи мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының білім беру процесіне инновациялар мен инновациялық технологияларды енгізудің маңыздылығын байқадық. Инновациялық технологияларды әр мұғалімнің күшімен қолдану, оларды енгізу мектепке дейінгі білім берудің сапалы жаңа деңгейге шығуына ықпал етеді, бұл мектепке дейінгі балалық шақты жеке тұлғаның жалпы білім беру жүйесіндегі білім берудің бастапқы кезеңі ретінде белгілеудің негізділігін дәлелдейді. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану арқылы білім беру сапасы мен педагогтардың біліктілігі артады.

Әдебиет:

1. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991.

2. Көшімбетова С.А. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. - Алматы, 2008.

3. Амандыкова Г. Н. «Шет тілін оқыту әдістемесі». - Алматы, 2007.
4. Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мәселелері, Алматы, 1993

ОӘЖ: 378:004

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ: ОНЛАЙН БІЛІМ БЕРУ МЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ АСПЕКТІЛЕРІ

Джумадельдинова А.А., Нұрсұланқызы А., Оразбекова Т.К.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
КМҚК «Гауһар» бөбекжайы
aluka9203@mail.ru, tolkyn.maydanova.93@mail.ru, n.aikerim95@mail.ru

Цифрлық трансформация – бұл қоғам мен экономиканың түрлі салаларын жаңа технологияларды қолдану арқылы түбегейлі өзгерту процесі. Әлемде технологияның дамуымен бірге бизнес, өндіріс, денсаулық сақтау, білім беру және мемлекеттік басқару сияқты салаларда цифрлық құралдардың тиімділігі артып келеді. Цифрлық трансформацияның мақсаты – ұйымдардың жұмысын жетілдіру, процестердің тиімділігін арттыру, инновациялық шешімдер енгізу және тұтынушыларға жоғары сапалы қызмет көрсету. Сонымен қатар, бұл процесс компаниялар мен мемлекеттік ұйымдарға жаңа мүмкіндіктер мен бәсекелік артықшылықтар әкеледі. Цифрлық трансформацияның әсері экономиканың барлық деңгейінде байқалады және ол көптеген салаларды жаңаша даму жолына түсіруге ықпал етеді.

Цифрлық трансформация білім беру саласында маңызды өзгерістерді алып келеді. Осының нәтижесінде білім беру тәсілдері мен әдістемелерінде түбегейлі өзгерістер орын алады:

Онлайн білім беру және қашықтан оқыту: Пандемия кезінде қашықтан оқыту және онлайн платформалардың кеңінен қолданысқа енгізілуі білім беру процесін өзгерткен басты факторлардың бірі болды. Оқушылар мен студенттер үшін білім алудың жаңа формалары пайда болды, ал мұғалімдер мен оқытушылар түрлі онлайн құралдарды қолдануды үйренді.

Жаңа оқу құралдары мен ресурстары: Цифрлық платформалар мен қосымшалар (мысалы, Moodle, Google Classroom, Khan Academy, Coursera және басқа да онлайн курстар) оқушыларға ақпаратты әртүрлі тәсілдермен түсінуге және меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл құралдар білімді визуализациялау, интерактивті тапсырмаларды орындау және өзін-өзі бағалау мүмкіндіктерін ұсынады.

Жеке оқыту тәсілдері: Цифрлық технологиялар оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқыту тәсілдерін жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, жасанды интеллект негізіндегі жүйелер оқушының оқу стилін талдап, оның жеке оқу траекториясын құруға көмектеседі.

Цифрлық трансформация тек білім беруді ғана емес, адамдардың психологиясын да өзгертеді. Психологиядағы кейбір негізгі өзгерістер:

Цифрлық құралдар мен құрылғылар адамдардың ақпаратты тез әрі жеңіл алуына мүмкіндік береді, бірақ бұл сондай-ақ ақпараттық артықшылыққа әкеліп, адамның ойлау қабілеті мен зейінін төмендетуі мүмкін. Ұзақ уақыт бойы электронды құрылғыларды қолдану, әлеуметтік медиаға тәуелділік пен интернет-психологияның салдары ретінде, адамдардың когнитивтік дамуында қиындықтар туындауы мүмкін.

Әлеуметтік медиа мен виртуалды байланыстардың кеңеюі адамдардың әлеуметтік өміріне әсер етті. Адамдар арасында шынайы кездесулер мен қарым-қатынастардың азаюы, виртуалды әлемде өзін көрсету және өзге адамдармен салыстыру психологиялық қысым туғызуы мүмкін.

Цифрлық әлемде ақпараттың үздіксіз ағымы адамның стресстік жағдайларын ұлғайта алады. Үнемі жаңалықтарды тексеру, хабарламаларға жауап беру және әлеуметтік медиаға үнемі кіру психологиялық ауыртпалықты арттыра алады.

Жасанды интеллект, машиналық оқыту және нейрожелілер білім беру мен психологияға әсер ету арқылы оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін басқаруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс психологиялық кеңес беру және қолдау көрсету сияқты салаларда да кеңінен қолданылуы мүмкін.

Болашақта цифрлық құралдар эмоциялық интеллектіні дамытуға бағытталған жаңа тәсілдермен бірігетін болады. Бұл балалар мен жасөспірімдерге өз эмоцияларын түсіну және реттеу дағдыларын үйретуге көмектеседі.

Цифрлық трансформацияның білім беру мен психологияға әсері кең және көпқырлы процесс болып табылады, ол адамдардың ойлау, үйрену және әлеуметтік қарым-қатынас жасау тәсілдерін түбегейлі өзгертуі мүмкін.

Онлайн білім беру қазіргі уақытта кеңінен таралған және көптеген артықшылықтарды ұсынады. Бұл формат білім алушылар мен оқытушыларға бірнеше жаңа мүмкіндіктер мен ыңғайлылықтар береді. Міне, онлайн білім берудің басты артықшылықтары мен мүмкіндіктері:

- Онлайн білім алу әлемнің кез келген жерінен қол жетімді. Бұл географиялық шектеулерді жояды, яғни студенттер белгілі бір мекемеге бармай-ақ, өздері қалаған уақытта оқу курстарына қатыса алады. Сондай-ақ, көптеген курстар икемді кестелер бойынша ұсынылады, бұл жұмыс істейтін немесе басқа міндеттері бар адамдар үшін өте ыңғайлы.

- Онлайн білім беру студенттерге оқу материалдарын өздерінің жеке қарқынында оқуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде әр студенттің түсіну деңгейіне, үйрену жылдамдығына сәйкес оқу процесін жеңілдетеді.

- Онлайн платформалар әртүрлі оқу материалдарын ұсынады, мысалы, бейнемазмұн, мәтіндер, форумдар, тесттер және интерактивті тапсырмалар. Бұл оқу тәсілдерінің әр түрлі түрлерін қолдану арқылы студенттердің оқу деңгейін арттырады.

- Онлайн білім беру студенттерге әлемнің түкпір-түкпірінен келген танымал мамандармен білім алуға мүмкіндік береді. Бұл оқытушылардың білім мен тәжірибесіне тікелей қол жеткізуге жол ашады.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі — бұл педагогикалық және психологиялық білімдерді бірлестіре отырып, білім беру мен тәрбиелеу процесінде тиімді жұмыс істей алу қабілеті. Мұндай құзыреттілік білім беру ұйымдарында балалар мен жастардың психологиялық дамуын және оқу үрдісін үйлестіруге, сондай-ақ тұлғаның әлеуметтенуіне ықпал етуге мүмкіндік береді. Болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі оның жан-жақты дамуын, теориялық білімін және практикалық дағдыларын талап етеді.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін құрайтын негізгі компоненттер: Психологиялық білім: Болашақ педагог-психолог психологияның негізгі тұжырымдамаларын, әдістері мен принциптерін меңгеруі керек. Ол балалар мен жастардың психологиясын, тұлғалық дамудың заңдылықтарын және оқушылардың мінез-құлқының ерекшеліктерін білуі тиіс. **Педагогикалық білім**: Болашақ маман педагогика теориясы мен әдістемесін меңгеру арқылы оқыту және тәрбие процесінде кәсіби құзыреттілік танытуы керек. Оқу үрдісінің әдіснамасын, оқу-үйрету әдістері мен құралдарын пайдалану, сондай-ақ оқу материалдарын дайындау маңызды. **Әлеуметтік құзыреттілік**: Педагог-психолог өз қызметінде әр түрлі әлеуметтік топтармен, ата-аналармен және басқа да әлеуметтік институттармен жұмыс істеуі қажет. Әлеуметтік өзара іс-қимыл, түрлі мәдениеттерді түсіну және көптілді қарым-қатынас орнату дағдылары маңызды.

Қарым-қатынас және коммуникация дағдылары: Болашақ педагог-психолог өз клиенттерімен (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар) тиімді қарым-қатынас орната білуі қажет. Бұл дағдылар мәселелерді шешуде, психологиялық кеңес беруде және оқу үдерісінде қажетті қолдау көрсету үшін өте маңызды.

Жеке тұлғаның кәсіби дамуы: Кәсіби даму барысында педагог-психолог өз білімін үнемі жаңартып, кәсіби құзыреттілікті жетілдіріп отыруы керек. Өзін-өзі жетілдіру, кәсіби шеберлікке ұмтылу және ғылыми зерттеулермен айналысу — бұл білім беру процесіндегі маңызды бағыттар.

Этика және мораль: Педагог-психолог өз жұмысында этикалық нормаларды, кәсіби құндылықтарды сақтай отырып, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуі тиіс.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі оның білім беру мен тәрбиелеу жүйесіндегі тиімділігін анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Бұл құзыреттілік тек қана кәсіби білімді меңгерумен шектелмей, әлеуметтік, психологиялық және жеке тұлғалық қасиеттердің барлығын қамтиды. Сондай-ақ, мұндай мамандарды даярлау жүйесі үнемі өзгерістерге жауап бере отырып, жаңа педагогикалық және психологиялық әдіс-тәсілдерді енгізуді қажет етеді.Қорытындылай келе, цифрлық трансформация қазіргі қоғамда білім беру және психологиялық қолдау салаларының дамуында маңызды рөл атқарады. Бұл процестер педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға, олардың жаңа білім беру технологиялары мен психологиялық әдістерге деген бейімделуіне мүмкіндік береді. Онлайн білім беру платформалары мен цифрлық құралдар педагог-психологтардың жұмысын оңтайландыруға, кең ауқымды және тиімді психологиялық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Әзірге 60 түрлі тақырыпты қамтитын заманауи технологияның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып жасалған интерактивті кешеннің балалардың тіл үйренуге деген қызығушылығын дамытуға, танымын, қабілетін арттыруға септігін тигізері сөзсіз. Кешенді құрастырғандардың бірі, ұстаз Зәуре Еденбаеваның айтуынша, интерактивті кешенмен жаттыққан бала дыбыстардың дұрыс айтылуына, екпінді дұрыс қолдана білуді жеңіл меңгереді. Сондай-ақ сөздерді буынға бөлуді, санауды, түстерді ажыратуды жадына түйген сөздік қоры арқылы түрлі іс-әрекеттерге байланысты қысқа сөйлемдер мен шағын әңгімелер құруды үйренеді. Сөздік қорын молайтып, алғыс айту, өтініш білдіру, құттықтау тәрізді этикет тәртібін орындауғада жаттығады». Сиқырлы қаламның» тағы бір ерекшелігі – оны кез келген теледидарға немесе компьютерге қосуға болатындығында.

Электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады. Бұл жүйені тиімді қолдану үшін әрине ақпараттық құзыреттілік қажет. Ақпараттық құзыреттілік - мамандардың компьютерлік білімділігі, жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу (мультимедия, электронды пошта, Интернет) мүмкіндігі.

Қорыта келе, STEAM технологиясының, сиқырлы қаламның, электрондық оқулықтардың жаңашыл мүмкіндіктері мен мектепке дейінгі білім беру үдерісінде балалардың жеке шығармашылық және тұлғалық даму қабілеттерін шыңдауда жоғары маңызға ие.

Әдебиеттер:

1. Григорьев, Сергей Георгиевич. STEM-технологии в подготовке магистров педагогического направления / С.Г.Григорьев, А.Р.Садыкова, М.В.Курносенко//Вестник Московского городского педагогического университета. Серия: «Информатика и информатизация образования». - 2018. - № 3 (45) 2018.
2. Жұмабекова Ф.Н., Нұргазиева Н.М. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. 2014.
3. Бұлақбаева М.К. Педагог мамандығына кіріспе. 2017ж
4. Асанов Ж., Әбдіхалық Н. Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері. 2015ж
5. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі замандағы педагогикалық технология 2014.

УДК 378.01

ИНКЛЮЗИЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Айдынгалиева Дилназ Дарханқызы
Жетекшісі: Муталиева Ардак Шагаевна
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қаласы, Қазақстан
aidyngaliyevad@mail.ru

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Менің көзқарасым боынша, осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Жаңа түсіндірме бойынша «инклюзивті білім беру» - бұл ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс.

Қазіргі ғылым мен практикада дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалар бірге білім алып, бірге тәрбиеленетін педагогикалық процесті белгілеу, сипаттау үшін "интеграция", "мэйнстриминг", "инклюзия" сияқты терминдер қолданылады. Интеграция термині латынның integrare – толықтыру деген сөзінен шыққан. Педагогикада әлеуметтік интеграция термині XX ғасырда пайда болды және бастапқыда негізінен АҚШ-та нәсілдік, этникалық аз топтары проблемаларына қатысты қолданылды. XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап термин Еуропаның сөйлеу айналымына еніп, мүмкіндігі шектеулі адамдардың проблемалары аясында қолданыла бастады. XXI ғасырдың басында шетелде интеграция кең әлеуметтік-философиялық мағынада қарапайым адамдар мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмір сүру формасы ретінде түсініледі, бұл ерекше қажеттіліктері бар адамның барлық әлеуметтік процестерге, білім берудің барлық сатыларына, бос уақытқа, жұмысқа, әртүрлі әлеуметтік рөлдер мен функцияларды жүзеге асыруға шектеусіз қатысуын қамтамасыз етеді және бұл құқық әлемнің көптеген дамыған елдерінде заңмен бекітілген. Шетелдік педагогика

интеграцияны экономикалық, ұйымдастырушылық, дидактикалық және әдістемелік сипаттағы шаралармен осы процестің қолдауымен және сүйемелдеуімен қарапайым балалар мен мүгедек балаларды бірге өмір сүру және оқыту мүмкіндігі ретінде қарастырады.

Ал, мэйнстриминг (ағылш. mainstream, яғни теңестіру, жалпы үлгіге келтіру) – шетел әдебиетінде қолданылатын ұғым, мүмкіндігі шектеулі студенттер өздерінің әлеуметтік байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік беретін әртүрлі демалыс бағдарламалары аясында құрдастарымен қарым-қатынас жасау стратегиясын білдіреді. Мұнда, әдетте, ешқандай білім беру мақсаттары қойылмайды. Зерттеушілердің пікірінше, бірлестіктің көрсетілген нысандарының негізгі кемшіліктері білім беру ортасының мүгедектердің қажеттіліктеріне бейімделмеуі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі бала жалпы өзгеріссіз қалған білім беру жағдайларына бейімделуге мәжбүр. Яғни, мүмкіндігі шектеулі бала бұқаралық білім беру мекемесінде оқуға танымдық және жеке даму тұрғысынан жеткілікті дайын болуы керек. Оқу процесін жеңілдету үшін балаға дефектологиялық, психологиялық-педагогикалық көмек жүйесін енгізу көзделеді. Инклюзивті білім беру-ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқыту процесін сипаттау үшін қолданылатын термин. Сонымен, инклюзивті білім беру-әрбір баланың денелік, зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалды, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, оқыту мен тәрбиелеудің жалпы процесіне қосылуға мүмкіндік беретін білім беру, бұл кейіннен өсіп келе жатқан адамға қоғамның тең құқылы мүшесі болуға мүмкіндік береді, оның сегрегациясы мен оқшаулану қаупін азайтады. "Инклюзивті білім беру" термині тек білім беру жүйесіне ғана емес, сонымен бірге адамның қоғамдағы орнына деген жаңа көзқарасты бейнелейтін заманауи термин болып табылады. Инклюзия білім беру кеңістігін, мектеп ортасын әр баланың қажеттіліктеріне бейімдеу, соның ішінде білім беру процесін реформалау арқылы мүгедек балаларға білім беру мәселесін шешуді қамтиды. Инклюзия процесі мен интеграцияның басты айырмашылығы-инклюзия кезінде білім беру процесінің барлық қатысушылары мүгедек балаларға деген көзқарасты өзгертеді, ал білім беру идеологиясы оқу процесін ізгілендіру және білім берудің тәрбиелік және әлеуметтік бағытын күшейту бағытында өзгереді. Сонымен, инклюзия-бұл әлеуметтік-мәдени технология, ал интеграция-бұл білім беру технологиясы. Инклюзивті оқытуды енгізу адамның танымдық мүмкіндіктеріне және тұрғылықты жері бойынша оның денсаулығына бара-бара ортаға сәйкес сапалы білім алу құқығын іске асыру бағытында білім беру жүйесін дамытудың жоғары нысаны ретінде қарастырылады. Инклюзивтік білім беру - бұл жұмыстың жергілікті аймағы ретінде емес, жалпы білім беру жүйесінің қызметін тұтас алғанда барлық бағыттар бойынша ұйымдастырудағы жүйелі тәсіл ретінде қаралатын ұзақ мерзімді стратегия.

Негізгі бөлім:

Инклюзивті оқыту білім алу сферасында теңдікті, әлеуметтік әділдікті, бірлікті және жайлы қатынасты сезіне алу мүмкіндігін жасайды. Инклюзивті білім беру педагогтардың кәсіби білімдерін кеңейтеді. Бұндай білім беру сабақ өткізудің жаңа және икемді тәсілдерін қолдануға, оқушыларға білім беруде сапалы сабақ жоспарларын жасауға мүмкіндік туғызады. Инклюзивті мектеп барлық жергілікті, өңірдің және жалпы мемлекеттік қауымдастыққа пайда әкеледі деген ойдамын. Себебі, инклюзивті оқыту сапалы, сәтті болуы үшін қоғаммен тығыз қатынаста болуды қалайды. Бул өзара байланыс екі жақты. Мектеп және қоғам бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан, осы қатарда белгілі ауыл шекараларына, қала, штат және елдер өздеріне инклюзивті оқытудың пайдасын қосады; инклюзивті мектеп ерекше қажеттілікті керек ететін жандарға бағдар жасайды, олардың түрлілігі мен адами ар-намысын қадағалайды. Әр инклюзивті мектепте қызмет ететін адамдар, олардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін едәуір білетін болады. Оларға адамгершілікпен қарап, сыйлап, түсінетін болады. Инклюзивті мектеп мемлекеттік деңгейде әлеуметтік теңдікті қалайды, өмірде барлық балалар білім алуға, қоғамда қалыпты адамдар секілді барлық мүмкіндіктерді алуын демонстрациялап, дәлелдейді. Интернет, электронды почта сияқты технологиялардың арқасында үнемі өсіп келе жатқан адамдардың саны әр түрлі елдерде бұрынғыдан әлде қайда өсіп келеді. Барлық дүниені қол астына ұстаған, саяхат жасауды ұнатпайтын адамдар аз ғана уақыт ішінде кез-келген жерде бола алады. Бұл байланыстардың бәрі қамау мүмкіндіктерін

шектейді. Білім - жеке тұлғалар мен мемлекет келешегін құрудың негізі. Біздің әр қайсысымыз әлеуметтік тендікке жету үшін басқалардың білім алуын қолдауымыз керек. Инклюзивті білім берудің кажеттілігі:

- адамдардың және балалардың құқықтары бойынша жауапкершіліктер әр түрлі деңгейде қарастырылуы тиіс;
- әрбір баланың ақиқат қызығушылықтарын анықтап, оған не қажет екенін айқындап сараптама жасай білу. Дәйектемелерге сүйенсек, институттарда сол адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды;
- сараптама бойынша, әлеуметтік қызметтер икемді болған кезде ғана жақсарады;
- ресурстар шектеулі болған кезде, қатысушылар инклюзияның әдістемелерін қолданғанда қосымша ресурстарды қажет етпейді. Инклюзивті білім беруді басқа мәдениетке және қоғамға өз идеяларын жалпы прирнциптердің негізінде жүзеге асыру барысында инклюзивті білім берудің негізгі принциптерін мамандар ұсынады:
- балалар жергілікті бала бақшаға және мектепке барады;
- жастық шақтан араласу бағдарламасы инклюзияның принциптері негізінде іске асырылады және интегралды бала бақшаға дайындайды;
- әдістеме әр түрлі қабілеттілігі бар балаларды оқытуды қолдау үшін жасалған;
- инклюзивті болып табылатын мектеп және сыныптарда ететін іс-шараларда барлық балалар қатысады;
- жеке-дара жас балаларды оқыту мұғалімдер, ата-аналар және көмек көрсете алатын әрбір адамдармен бірге жұмыс жүргізіледі;
- егер инклюзивті білім беру дұрыс принциптер негізінде құрылған болса, балалардың қарым-қатынасындағы дискриминацияны жояды жене ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғамның теңдей мүшесі болу құқығы бар;
- инклюзивті білім берудің барлық күші құқықтык идеология негізінде құрылған - егер біз мұны аяныш және қайырымдылық ретінде жасайтын болсақ, онда ол ешқандай нәтиже бермейді;
- барлық балалар оқи алады - біз оларға қажетті жағдайларды жасауымыз керек;
- арнайы қажеттіліктері бар балалармен жақсы жұмыс жасайтын ұйымдар бар. Егер инклюзивті білім беру әдісі осы ұйымның жүйесіне сай құрылған болса, онда әрбір бала өзінің оқу орнын табады, және ол орын барлық жағдайда да тиімді болары сөзсіз. Принциптер өте қажет деп ойлаймын, себебі бұл салада жұмыс істейтін адамдарға өз жұмысына баға беруге көмектеседі. Инклюзивті мектептер барлығына да ашық - әрбір жас балаларға және жасөспірімдерге де. Инклюзивті мектептер барлық балаларға, олардың ақыл-ой, психологиялық, әлеуметтік, тіл және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан бірдей білім береді.

Психолого-педагогикалық және нормативті-құқықтық әдебиеттерде инклюзивті білім беру мәселесі бойынша түрлі терминдер жиі қолданылады екен. «Интеграция» және «инклюзивті білім беру» бұл екі термин жиі бірінің орнына бірі қолданылады, себебі көптеген мектеп мұғалімдері оларды синоним деп санайды. Әйтсе де, бұл терминдердің арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Интеграция ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қалыптасып қалған мектеп өмірі мен мектеп құрылымына енгізу болып табылады. Бұл интеграциялық бағдарламалардың мақсаты – «балалардың дамуын қалыпқа келтіру», немесе оларға оқытудың қалыптасқан моделіне енуге көмек көрсету. "Интеграция" орыс тілінде бір бүтінге біріктіру және өзара бірігу мен бірлесу процессі, ал "интегрант" - біртұтастықтың белшектенбейтін бір бөлігі болып табылады. Интеграциялық оқыту мен инклюзивтік оқыту білім берудің айырмашылықтарының критерийлерін отандық зерттеушілерміз Р.А.Сулейменова мен А.Т.Баймуратова анықтап керсетті. Инклюзивтік білім беру - дамуында ауытқуы бар балалардың дұрыс, сапалы білім алуына жан-жақты жағдай жасап, білім беру ұйымына қосу жүйесі. Интеграциялық оқытудың мақсаты - білім беру аясында жумыс жасайтын әлеуметтік және білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын сақтау кажеттіліктерін камтамасыз ету болып табылады. Интеграция терминімен бірге кеңестік

арнайы педагогика ғылымында қалыпты балалар мен мүмкіндіге шектеулі балаларды біріктіріп оқытуда "инклюзивтік оқыту" термині жиі қолданылады. Бұл терминдер арнайы педагогтар А.А.Дмитриев, Н.Н.Малофеев, Н.М.Назарова, Егорова Т.В., Шевцова Н.В., және Н.Д.Шматконың жұмыстарында орын алған. Инклюзивті білім беру барлық қатысулышларға (мүмкіндігі шектеулі адамдарға да) толық көлемде өмір ұжымында, балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында білім алып, тәрбиелене алуына мүмкіндік береді. Интеграция немесе инклюзивті білім беру термині - жалпы білім беретін көпшілік мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесін сипаттау үшін қолданылады. Интеграция (біріктіру) - арнайы білім беруді ұйымдастырудың жаңа формасы, яғни мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арнайы білім беру мен тәрбиелеуді және қалыпты балалармен біріктіре отырып оқыту, тәрбиелеу болып саналады. Өкінішке орай, Қазақстанда "инклюзия" жене "инклюзивті білім беру" түсінігі қоғамдық кең ортаға таныс емес. Бірақ та дамыған елдерде бұл терминдер тек таныс қана емес, сонымен қатар заңнамалық түрде бекітілген, ал білім беру, оқытуды көптеген халықаралық ұйымдар қолдайды (мысалы ЮНЕСКО және ЮНИСЕФ). Инклюзивті білім беру интеграциядан айырмашылығы басынан бастап барлық балаларды жалпы білім беретін жүйенің бөлігі ретінде қарастырады. Инклюзивті білім беру мақсаттарының бірі кез келген мектеп болашақта ерекше қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға дайын болуы болып табылады. Инклюзивті тұрғының интегративті тұрғыдан басты айырмашылығы жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалар балаларға және олардың ата-аналарына деген қатынас өзгереді. Білім беру идеологиясы оқу үрдісін гуманизациялау жағына өзгереді және оқытудың тәрбиелік бағыттылығы күшейеді. Инклюзивті білім беру – бұл барлық балаларға барлық бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік беретін саясат және үрдіс. Тұғырлардағы айырмашылық біздің қоғамды өзгертуіміз, оның адамдардың жеке қажеттіліктерін ескеріп, оларға икемделуінде болып отыр. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға жалпы білім беретін кеңістікке қарапайым денелік тұрғыда енгізу инклюзивті білім беру болып табылмайды. Ғалымдардың ойынша, педагогтардың оқу үдерісін ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастыруға қабілетсіздігі балалардың білім беруге толыққанды ену мүмкіндігін тарылтады. Оның салдары – олардың оқуға мотивациясы азаяды, оқу нәтижелері төмендейді, өмірлік перспективаларды шектейді. Республикада қазіргі білім беру жүйесін жетілдіру білім беру мекемелерінің педагогтарын даярлау және қайта даярлауды көздейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен өзара әрекет ететін педагогтар штатын жинақтауда мұғалімдердің бұл саладағы жұмыс тәжірибесін, кәсібилік деңгейін, коммуникативтік дағдыларын, стресске тұрақтылығы, өзінөзі жетілдіруге ұмтылысын және бұл жұмыста маңызды болып табылатын басқа да тұлғалық сипаттамаларына ерекше назар аудару қажет. Бірақ ең бастысы – бұл аталған категориядағы балалармен толеранттылыққа, эмпатияға, педагогикалық оптимизмге негізделген жұмыс жасауға деген ұмтылыс. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру Концепциясы білім беру ұйымдарының түрлері мен мүмкіндіктеріне қарай интеграцияның түрлі модельдері мен формаларын қолдануды қарастырады. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар түрлі категориядағы балаларды біріктіріп оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беруі тиіс. Осындай маңыздылығы зор мәселені шешу мақсатында құрылған ұйымдардың жұмыс нәтижесінде көптеген жаңашылдыққа жетеміз деп ойлаймын.

Қорытынды:

Егер «инклюзивтік саясат – инклюзивтік мәдениет – инклюзивтік практика» триадасының әрбір компонентін қарастырсақ, одан кейін оларды интеграцияға ұсынуға тырысса, онда саясат пен білім мен мәдениетті қамтитын әлеуметтік-мәдени инклюзияның кейбір моделін алуға болады. Әлеуметтік мәдени инклюзия мәселелерін ерекше қарастыру қажет. Ол жоғарыда айтылғандай, қоғам мен жекелеген қоғамдастықтардың жалпы мәдениетін, халықтың көпшілігінде басым болатын құндылықтар жүйесін, қоғамның адамгершілік-рухани жағдайын көрсететін интеграцияланған құбылыс болып табылады. Сондай-ақ, барлық білім беру процесіне қатысушылардың әлеуметтік психологиялық мәдениетін, толерантты санасын

қалыптастыру; денсаулық сақтау ортасын дамытуды қамтамасыз ететін, қоғамда оқушылардың сапалы білім алуына және әлеуметтенуіне ықпал ететін жағдайларды жетілдіру; өмір сүрудің маңызды салаларында баланың өз орнын табуы үшін жағдай жасау қажет, онда оның қабілеттері мен мүмкіндіктері барынша ашылады. Білім беру ұйымының инклюзивтік мәдениетін қалыптастыру – инклюзияның идеологиясы мен құндылықтарын қабылдауды, білім беруде инклюзивтік тәсілдің артықшылықтарын түсінуді, инклюзивті мектеп құндылықтарын тек мектеп әкімшілерінің арасында ғана емес, сонымен қатар, ең бастысы, педагогтар, оқушылар және ата-аналар арасында – мектеп қоғамдастығының барлық қатысушыларының арасында бөлуді қалыптастыру бойынша негізін қалаушы және айтарлықтай күрделі және қарама-қайшы процесс.

Біздің өмір сүріп жатырған заманымызда мүмкіндігі шектеулі балалардың туылуы тіпті қалыпты жағдайға айналғандай. Ендігі біздің мақсат оның алдын алып қана қоймай, осындай қоғамымыздағы ерекше балалардың барлық қатарластарымен тең құқыққа ие болып, білім алуын қамтамасыз ету болып табылады. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде тәрбиелеу олардың кейіннен жұмыста, қоғамдық өмірде және басқа да әлеуметтік салаларда өз орнын табуына мүмкіндік береді. Бұл инклюзивті білім беру процесінің нәтижесінде қоғамдағы кедергілерді жеңуге және мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қорғауға көмектеседі. Бұл білім беру тәсілі барлық балалардың өз қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім алуына мүмкіндік беретіні айқын. Инклюзивті білім беру жүйесі балаларға тең мүмкіндіктер ұсынады және әрқайсысының әлеуетін толық жүзеге асыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, ол балалардың өзара түсіністік пен сыйластыққа негізделген қарым-қатынастарын қалыптастырып, қоғамда әртүрлілікке құрметпен қарауға тәрбиелейді. Мұғалімдер балаларды жеке қажеттіліктеріне қарай қолдап, оқыту әдістерін бейімдеп, білім беру процесін барлығы үшін қолайлы етеді. Бұл тәсіл балаларды әлеуметтік дағдыларға, ынтымақтастыққа, жауапкершілікке тәрбиелейді, сондай-ақ олардың тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Тағы да айта кетер жайт, инклюзивті білім беру қоғамның барлық мүшелерінің белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, теңдікті қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл барлық балаларға қоғамның толыққанды мүшесі болуға және өз құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қорыта келгенде, инклюзивті білім беру барлық балалар үшін пайдалы, өйткені ол білім сапасын арттырып, қоғамды біріктіреді, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етеді және әр баланың мүмкіндігін толық ашуға көмектеседі.

Ерекше білім алуды қажет ететін адамдардың қоғамда өздерін қалай жүзеге асыратыны маңызды емес, ең бастысы, адамзаттың осындай адамдарға деген қарым-қатынасы. Себебі әр адам айналасындағы адамдардың қолдауы мен қабылдауына мұқтаж. Инклюзия ерекше қажеттіліктері бар адамдарға барлық әлеуметтік процестердің формасы мен құралдарын таңдауға және ісшараларға қатысуға шектеу қоймайды, білім берудің барлық деңгейінде, бос уақытты ұйымдастыру процесінде, жұмысында, әртүрлі әлеуметтік рөлдер мен қызметтерді жүзеге асыру барысында олардың еркіндігі сақталады. Инклюзивті білім берудің кедергісіз енуі, тек рухани-адамгершілікке, ізгілікке, салауатты өмір сүруге негізделген қоғамға байланысты болмақ.

Әдебиеттер:

1. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. www.egov.kz.

2. «Кемтар балаларды элеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы ҚР заңы-11 шілде 2002 г. No 343-П.

3. Адырбаева М.Ж. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі психологиялық–медициналық педагогикалық консультация-ның жұмыс барысы. -Алматы, 2011.

4. Батырғалиева А.С. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу жолдары.-Алматы, 2011.

5. Байменова Б.С. Развитие инклюзивного образования в Казахстане и за рубежом: учебное пособие /Б.С.Байменова. - Алматы: издательство «Эверо», 2017. -148.

5. Белякова Л.И. Логопедия. Заикание: учеб. пособие для студ. учреждений высш. проф. образования / Л. И. Белякова. - 2-е изд., испр, и доп. - М.: Академия, 2012. - 224 с. - (Сер. Бакалавриат) (Высшее профессиональное образование)

6.Глухов В.П. Методика формирования навыков связных высказываний у дошкольников с общим недоразвитием речи. – М.: В. Секачев, 2012.

7. Глухов В.П. Психолингвистика. Учебник для факультетов специальной педагогики и психологии педагогических и гуманитарных вузов и коррекционных педагогов– практиков. - М.: В. Секачев, 2014.

8. Детский голос / Под ред. В.И. Шацкой. — М., 2010.

9. Мовкебаева З.А. Методические рекомендации по подготовке педагогов к внедрению инклюзивного образования / З. А. Мовкебаева, И. А. Денисова, И. А. Оралканова, Д. С. Жакупова. - 2-е изд. - Алматы, 2014. - 165 с. 17.

10. Мовкебаева З.А. Инклюзивное образование: учебное пособие / З. А. Мовкебаева, И. А. Денисова, И. А. Оралканова, Д. С. Жакупова. - Алматы, 2014. - 199 с.

ӘОЖ 372.881.111.1

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТКЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БЕЙІМДЕЛМЕЛІ ПЛАТФОРМАЛАР: ТИІМДІЛІГІ МЕН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Муканова Акбота Нурымбековна
Қарағанды облысы Білім басқармасының
Қарағанды қаласы Білім бөлімінің
«№17 ЖББОМ» КММ ағылшын тілі мұғалімі
mukanovaakbota86@mail.ru

Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы мен білім беру жүйесінің жаһандану үдерісі білім беру саласына тың серпін беріп, оқыту тәсілдеріне түбегейлі өзгерістер енгізуді талап етуде. Білім берудің заманауи парадигмасы оқушылардың тек пәндік білімін жетілдірумен ғана шектелмей, сонымен қатар олардың сыни ойлау қабілетін, шығармашылық әлеуетін және белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға баса назар аударады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру оқыту әдістерін жаңартуды, оқушы мен мұғалімнің өзара әрекеттесуіне жаңа көзқараспен қарауды және білім беру процесін технологиялық жағынан қайта құруды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Білім туралы» заңына (2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III) сәйкес әрбір азаматтың сапалы білім алу құқығы қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, бұл заңда заманауи педагогикалық технологияларды енгізу қажеттілігі көрсетілген, бұл қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне бағытталған білім беру ортасын құруда маңызды фактор болып табылады [1].

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында (2024 жылғы 2 қыркүйек) еліміздің тұрақты болашағы үшін білім берудегі реформалардың маңыздылығы атап көрсетілген. Осы Жолдау аясында өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған жаңа педагогикалық технологияларды енгізу қажеттілігіне баса назар аударылады. Бұл цифрлық технологияларды, жасанды интеллектті, жобалық оқытуды, сондай-ақ оқушылардың сыни ойлауы мен шығармашылығын дамытуға ықпал ететін әдістерді пайдалануды қамтиды. [2].

Жоғарыда аталған қарқынды өзгерістер мен бастамалар қатарында ағылшын тілін оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған жасанды интеллектке негізделген бейімделмелі платформалар айрықша орын алуда. Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары

білім алушылардың жеке оқу қажеттіліктеріне бейімделген тапсырмалар ұсыну арқылы оқу үдерісін жекелендіріп, тиімділігін арттыруда. Осыған орай, жасанды интеллекттің ағылшын тілін оқытудағы рөлі мен осы технологияларға негізделген платформалардың тиімділігі қарастырылып, оларды білім беру процесінде қолдану мүмкіндіктері талдануы тиіс.

Жасанды интеллект (ЖИ) — бұл адам интеллектісін модельдеу қабілеті бар компьютерлік жүйелер немесе бағдарламалық алгоритмдер жиынтығы. Ол қоршаған ортадан алынған ақпаратты талдап, сол мәліметтер негізінде шешім қабылдап, әрекет етуге қабілетті жүйе.

Б.Т. Себенованың пайымдауынша, жасанды интеллекттің кең ауқымды салаларда қолданыс табуына ықпал ететін бірқатар айқын артықшылықтар бар. Атап айтқанда, ЖИ жүйелері бір мезетте бірнеше күрделі тапсырмаларды тиімді орындай алады, әрі жұмысты дәл және өнімді орындайтындығымен ерекшеленеді [3].

Бейімделмелі платформалар – қолданушының әрекеттеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтарына немесе сұраныс контекстіне қарай мазмұн мен интерфейсті автоматты түрде өзгертіп, оңтайландыруға қабілетті цифрлық жүйелер. Бұл платформаларда жасанды интеллект (ЖИ) шешімдері арқылы оқыту, болжам жасау, деректерді өңдеу және автоматты шешім қабылдау мүмкіндігі жүзеге асады. Қазіргі таңда мұндай платформалар білім беру саласында кеңінен қолданылуда.

Қазіргі заманғы цифрлық білім беру кеңістігінде жасанды интеллектке негізделген бейімделмелі платформалар ағылшын тілін оқытудың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаруда. Мұндай жүйелер оқушының тілдік құзыреттілігі, оқу үлгісі, жауап беру уақыты мен дәлдігі сияқты деректерді талдай отырып, жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ЖИ алгоритмдері табиғи тілді өңдеу (natural language processing), машиналық оқыту (machine learning) және сөйлеуді тану (speech recognition) технологияларын біріктіру арқылы оқу процесін автоматтандырып қана қоймай, интерактивті әрі дербестендірілген оқу ортасын ұсынады. Duolingo, ELSA Speak, сондай-ақ GPT-технологияларына негізделген диалогтық жүйелер мысалында көрініс табатын бұл платформалар оқушының лексикалық, грамматикалық және сөйлеу дағдыларын кешенді түрде жетілдіруге бағытталған. Осылайша, ЖИ-ге негізделген бейімделмелі платформалар ағылшын тілін меңгеру үдерісін жекелендіріп, оқушылардың мотивациясы мен оқу нәтижелерін арттыруға ықпал етеді.

Жолымбетова Б.Д., Оразбаева А.К. еңбектерінде жасанды интеллектінің ағылшын тілі сабақтарында сөйлеу дағдыларын дамытудағы тиімділігін зерттеледі. Ғалымдар ЖИ негізіндегі чат-боттар, мысалы, ChatGPT, Claude және BingChat, оқушылардың тілдік қателерін түзету, нақты уақыттағы кері байланыс беру және интерактивті диалогтарды ұйымдастыру мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал ететінін зерттеп, көрсеткен. ЖИ құралдарының интерактивті сипаты оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сөйлеу дағдыларын белсенді түрде дамытуға жәрдемдеседі деп тұжырымдайды ғалымдар [4].

Қолданбалы зерттеулер көрсетіп отырғандай, жасанды интеллектке негізделген бейімделмелі платформалар ағылшын тілін оқыту үдерісінде оқушылардың оқу деңгейін нақты диагностикалау мен оқу мазмұнын жекелендіруде жоғары нәтиже береді. Мысалы, Duolingo платформасы машиналық оқыту алгоритмдері арқылы қолданушының өткен тапсырмалардағы жетістігіне қарай келесі жаттығуларды бейімдейді, бұл тілдік материалдың біртіндеп және тиімді меңгерілуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ELSA Speak қолданбасы сөйлеу дағдыларын дамытуда пайдаланушының айтылымындағы интонациялық, фонетикалық және артикуляциялық ерекшеліктерін нақты бағалап, жеке кері байланыс ұсынады.

Осындай платформалардың қолданылуын эмпирикалық зерттеу нәтижелері оқушылардың ағылшын тілінде сөйлеу сенімділігі мен мотивациясының артқанын, оқу уақытының тиімді пайдаланылғанын көрсетіп отыр (Qiao H., Zhao A., 2023). Демек, ЖИ технологияларын интеграциялау арқылы ағылшын тілін оқытудың сапасын арттыруға нақты әдістемелік және технологиялық негізде қол жеткізуге болады [5].

Ағылшын тілін оқытудағы жасанды интеллектке негізделген бейімделмелі платформалардың функциялары, мазмұндық құрылымы және алгоритмдік негіздері 1-кестеде берілген.

1 к е с т е. Ағылшын тілін оқытудағы жасанды интеллектке негізделген бейімделмелі платформалар

Платформа	Функциялары	Мазмұндық құрылымы	Алгоритмдік негізі
Duolingo	Жекелендірілген жаттығулар, геймификация, ЖИ арқылы кері байланыс, GPT-4 негізінде түсіндіру мен рөлдік диалогтар.	Қысқа сабақтар, интерактивті тапсырмалар, марапат жүйесі.	Машиналық оқыту, бейімделмелі жүйе, GPT-негізделген LLM алгоритмдері.
ELSA Speak	Айтылымды талдау, нақты уақыттағы кері байланыс, сөйлеу дағдылары бойынша ұсыныстар.	Фонетикалық жаттығулар, сөйлеу мысалдары, тыңдау үлгілері.	Дауыстық тану (ASR), айтылымды бағалау алгоритмдері (pronunciation scoring), NLP.
Grammarly	Мәтінді грамматикалық және стилистикалық талдау, қателерді автоматты түрде түзету.	Жазбаша мәтіндер, академиялық және іскери стиль үлгілері.	NLP, синтаксистік талдау, бағалау.
LingQ	Мәтіндерді оқу және талдау, жеке сөздік жасау, оқушы деңгейіне қарай мазмұнды бейімдеу.	Тақырыптық мәтіндер, аудиокітаптар, подкасттар, субтитрмен видеолар.	Сөз жиілігі бойынша сараптау, оқылған мәтіндерді талдау, контекстік модельдеу.
ChatGPT (Tutor)	Диалогтық режимде тіл үйрету, сұрақтарға жауап беру, грамматиканы түсіндіру, сөздік қорды байыту.	Ашық диалог, мәтіндік тапсырмалар, симуляциялық сөйлесу.	Ірі тілдік модельдер (LLM: GPT-4), диалогты басқару алгоритмдері, жауап генерациясы.
Memrise	Сөз жаттау, еске сақтау техникасы (spaced repetition), визуалды/аудио тіректер арқылы жаттығулар.	Сөздік карточкалар, бейнероликтер, сөйлем үлгілері.	Интервалды қайталау алгоритмі (SM2), визуалды есте сақтау моделдері, дербес траекториялар.

Busuu	Грамматикалық және лексикалық жаттығулар, ЖИ негізінде кері байланыс.	Сабақ модульдері, диалогтық сценарийлер, жазба-сөйлеу тапсырмалары.	Бейімделмелі оқыту моделі, оқушы прогресін талдау, кері байланысты сараптау.
Speak	Сөйлеу машықтарын дамытуға арналған нақты сценарийлік диалогтар, автоматты кері байланыс.	Жағдаяттық сөйлеу, интерактивті сұрақ-жауаптар.	Дауыстық тану, дыбыстау және интонацияны сараптау алгоритмдері, нақты уақыттағы сөйлеу коррекциясы.
Mondly	Виртуалды ЖИ-мен сөйлесу, тақырыптық диалогтар жүргізу, сөйлеу мен тыңдау машықтарын үйлестіру.	Тақырыптық лексика, сөйлеу практикасы, лексика-грамматикалық жаттығулар.	Виртуалды сөйлесу боттары, алдын ала жазылған сценарийлерді ЖИ арқылы бейімдеу.
Rosetta Stone	Тыңдау мен сөйлеу арқылы тілді меңгеру, бейімделмелі жаттығулар.	Көрнекі контекст, сөйлемдермен оқыту, визуалды және аудиоқұралдарды қатар қолдану.	Динамикалық бейімделу жүйесі, үлгілер бойынша оқыту, мультимодальды оқыту траекториялары.

Осылайша, жасанды интеллектке негізделген бейімделмелі платформалар – ағылшын тілін оқытудағы инновациялық бағыттардың бірі ретінде оқытудың мазмұнын жекелендіру, кері байланысты нақтылау және оқу траекториясын дербестендіру міндеттерін тиімді шешуде. Зерттелген платформалар функционалдық мүмкіндіктері мен алгоритмдік негіздері жағынан әртүрлі болып келсе де, олардың ортақ сипаттары ретінде келесі аспектілерді бөліп көрсетуге болады: біріншіден, барлығы дерлік бейімделмелі оқыту принципін жүзеге асырады; екіншіден, тілдік дағдыны кешенді дамытуға бағытталған; үшіншіден, машиналық оқыту мен табиғи тілді өңдеу (NLP) сияқты ЖИ технологияларына сүйенеді. Сонымен қатар, әр платформа белгілі бір тілдік компонентке (айтылым, грамматика, лексика, тыңдалым және т.б.) басымдық береді, бұл оларды нақты оқу мақсаттарына сай таңдауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, ЖИ негізіндегі платформаларды білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеп қолдану оқу тиімділігін арттыруға, мотивацияны көтеруге және тілдік құзыретті жүйелі түрде қалыптастыруға жағдай жасайды.

Ағылшын тілін оқытудағы жасанды интеллектке негізделген бейімделмелі платформалардың тиімділігі бірқатар педагогикалық және технологиялық аспектілер арқылы дәлелденеді:

1. Жекелендірілген оқыту траекториясы.

ЖИ оқушының деңгейін, оқу қарқынын, қателерін және мүдделерін автоматты түрде талдай отырып, оқушыға дербес оқу жоспарын құрады. Бұл тәсіл танымдық жүктемені азайтып, оқушыға оңтайлы деңгейдегі тапсырмаларды ұсынады, нәтижесінде оқу нәтижелілігі артады.

2. Нақты және жедел кері байланыс.

Мысалы, Grammarly, ELSA Speak сияқты платформалар грамматикалық және фонетикалық қателерді нақты әрі жедел анықтап, түзету жолдарын ұсынады. Мұндай кері байланыс оқушының өз қатесін түсінуі мен түзетуін жылдамдатады, бұл өздігінен оқуға деген сенімділік пен мотивацияны арттырады.

3. Геймификация арқылы мотивацияны күшейту.

Duolingo, Memrise сияқты платформаларда ұпай, деңгей, марапат секілді геймификация элементтері қолданылады. Бұл әдістер сыртқы мотивацияны арттырып, тіл үйрену процесін ойынмен ұштастыру арқылы оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін жоғарылатады.

4. Тілдік төрт дағдыны кешенді дамыту.

Көптеген ЖИ-платформалар (мысалы, Speak, Mondly, Rosetta Stone) айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларын біртұтас жүйеде үйлестіреді. Мұндай әдіс тілді оқытудың коммуникативтік бағытына сәйкес келеді.

5. Уақыт пен кеңістік шектеулерін жеңу.

Бұл платформалар онлайн және мобильді форматта жұмыс істейтіндіктен, оқушы кез келген уақытта, кез келген жерде тіл үйрене алады. Бұл икемділік әсіресе қашықтан оқыту мен өмір бойы білім алу жағдайларында өте тиімді.

6. Оқу процесін аналитикалық басқару.

Көптеген ЖИ-негізделген жүйелерде оқу статистикасы, жетістік көрсеткіштері, жиі қателесетін тақырыптар автоматты түрде аналитикалық есепке алынып, мұғалімдерге деректерге негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Ағылшын тілін оқыту барысында жасанды интеллектке негізделген бейімделмелі платформалардың сабақ үдерісінде қолдану мүмкіндіктері келесі негізгі бағыттар бойынша көрініс табады:

1. Сабақты дараландыру және жекелендіру.

ЖИ оқушылардың тілдік деңгейін, оқу қарқынын және үлгерімін автоматты түрде талдай отырып, дербес тапсырмалар жиынтығын ұсына алады. Бұл әр оқушының жеке қажеттілігі мен стиліне бейімделген оқыту траекториясын жасауға мүмкіндік береді.

2. Интерактивті және мультимодальды оқыту мүмкіндігі.

Платформаларда видео, дыбыс, сөйлеуді тану, визуалды материалдар кеңінен қолданылып, күрделі тілдік құрылымдарды көрнекі әрі қолжетімді етіп түсіндіреді.

3. Оқу мотивациясын арттыру.

Геймификация элементтері (ұпай, деңгей, марапаттар) арқылы оқушының қызығушылығы мен сабаққа қатысу белсенділігі артады. Платформалар арқылы оқушы оқу процесіне эмоционалды түрде тартылып, өз жетістігін визуалды түрде көріп отырады.

4. Мұғалімге арналған бақылау және бағалау құралдары.

Көптеген платформалар (мысалы, Quillionz, CenturyTech) мұғалімге оқушының жетістігін бақылау, қателер жиілігін талдау, және диагностикалық тестілеу жүргізу мүмкіндігін береді.

Сабақ барысында ЖИ-негізделген бейімделмелі платформалар – оқушы мен мұғалім арасындағы цифрлық көпір қызметін атқара отырып, оқу сапасын арттыруға, оқыту мазмұнын икемдеуге және тілдік дағдыларды жүйелі дамытуға кең мүмкіндік береді.

Сонымен, жасанды интеллектке негізделген бейімделмелі платформалар ағылшын тілін оқыту саласында жаңа мүмкіндіктер ашады, себебі олар оқу үдерісін жекелендіруге, мотивацияны арттыруға және тілдік дағдыларды кешенді түрде дамытуға ықпал етеді. Бұл платформалар оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмалар ұсына отырып, олардың оқу траекториясын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Геймификация элементтері мен нақты уақыттағы кері байланыс сияқты әдістер оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, өздігінен оқуға деген сенімділікті қалыптастырады. Сонымен қатар, оқу үдерісін аналитикалық басқару арқылы мұғалімдер оқушының жетістіктерін нақты бақылап, деректер негізінде оқыту әдісін оңтайландыра алады.

Дегенмен, ЖИ негізіндегі бейімделмелі платформалардың қолданылуы кезінде олардың техникалық, педагогикалық және этикалық аспектілерін ескеру қажет. Платформалардың тиімділігі тек олардың алгоритмдеріне ғана емес, сонымен қатар оқушылар мен мұғалімдердің

осы жүйелермен тиімді ынтымақтастығына байланысты. Жасанды интеллект құралдарының көмегімен тіл үйренушілердің оқу қарқынын бақылау, олардың жеке қажеттіліктеріне бейімделу және оқу үдерісін жекелендіру білім беру сапасын арттыруда айтарлықтай рөл атқаратыны сөзсіз. Сондықтан, мұндай технологияларды білім беру жүйесіне енгізу және тиімді пайдалану болашақта оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамытуда маңызды құралға айналады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

2. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1

3. Себенова Б.Т., Жолдыбек Д.Б., Бақыт А.Б. Жоғары оқу орындарында шығармашылық мамандықтарды оқытудығы жасанды интеллектінің қажеттілігі // OF «Mejdunarodnyi nauchno-issledovatelski sentr» Endless Lightin Science». Pedagogicheskie nauki. – 2023. – №1. –Б.18-23

4. Жолымбетова Б.Д., Оразбаева А.К. Ағылшын тілі сабағында сөйлеу тілін дамытудағы жасанды интеллектінің тиімділігі //Eurasian Science Review An International peer-reviewed multidisciplinary journal. – 2024. – Т. 2. – №. Special Issue. – С. 2163–2174-2163–2174.

5. Qiao H., Zhao A. Artificial intelligence-based language learning: illuminating the impact on speaking skills and self-regulation in Chinese EFL context //Frontiers in Psychology. – 2023. – № 14. – С. 12-55.

УДК 37.01

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айтмаганбетова Ш.К. магистр аға оқытушы.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақмалаева Р.Б., Бастауыш сынып мұғалімі
Ә. Кекілбайұлы атындағы №72 ЖББО ІТ мектеп-лицейінің
akmalaeba-1983@mail.ru

Тәрбие – бұл мәңгілік категория. Соған қарамастан «Педагогикадағы» қиын, күрлелі мәселелердің бірі тәрбиенің мақсатын анықтау болып табылады. Әр елде тәрбиенің мақсаты мен міндеттері сол елдің нақты талаптарына сай кейбір өзгеріске ұшырағанымен тәрбиенің негізгі мақсаты – жас ұрпақты өмірге дайындау, оған өз халқының ғасырлар бойы жасап, қалыптастырған әлеуметтік тәжірибелерін үйрету негізінен сақталып келеді. Осыдан тәрбие тәжірибесін топтастыру және қорытындылау, арнайы оқу- тәрбие мекемелерін ұйымдастырып, жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындады. «Тәрбие - тал бесіктен» демекші қазіргі заман талабы да осыны қалап отыр. Осы тұрғыда көп еңбек еткен, тәрбиенің қыр- сырын танып, біздерге мұра ғып тастап кеткен М.Жұмабаевтың «Педаогоика» атты еңбегі жайлы айтып кетпеу мүмкін емес.

Мағжан Жұмабаев - ақын, прозашы, аудармашы, педагог. Оның барша шығармашылығы өз халқының бақыты жайындағы ойлармен өрілген. Ал ғалымның терең ғылыми зерттеулері ерекше назар аударуға тұрарлық. Балаларға білім мен тәрбие беру мәселесіне ол көптеген жарияланымдар, оқулықтар мен оқу құралдарын арнаған. Олардың арасынан «Бастауыш мектептегі ана тілі» (1923 ж.), «Сауаттылыққа оқыту» «1926 ж.), «Ересектерге арналған әліппе» (1929 ж.) деген кітаптарын атауға болады. Ал М.Жұмабаевтың 1922 жылы жарыққа

шыққан «Педагогика» атты кітабы бүгінгі таңда да тамаша оқулықтың озық үлгісі болып саналады.

«Педагогика» кітабын жазған уақытқа қарай М.Жұмабаевтың жоғары және орта мектептегі педагогикалық қызметінде айтарлықтай тәжірибесі бар-тын. Ол бейімділігі жағын айтпағанда, алған білімі бойынша да педагог болған. М.Жұмабаев өткен уақыттардағы ғана емес, сонымен қатар замандас ғалымдардың да зерттеулерімен жақсы таныс болған. Бұл жайында ол, атап айтқанда, «Педагогика» кітабының алғы сөзінде: «Мен көптеген педагог ғалымдардың еңбектерін оқыдым. Әсіресе Рубинштейннің, Смирнов пен Скворцовтың кітаптарын егжей-тегжейлі зерттедім. Бірақ бұл кітапты алдыма қойып, оны көшірдім деген сөз емес. Ғалымдардың жазғандарын сын көзбен қарап, түсіне отырып, мен қазақтардың өмірімен үндесіп жатқан, өзіміздің , іс-тәжірибемізде пайдалануға болатын идеяларды іріктеп алдым», - дел жазған [1.9].

М.Жұмабаевтың «Педагогикасындағы» басты тақырып - «бәрінен бұрын, адам мен адамзаттың мүдделері». Бұл оқу құралын қазақ үлттық педагогикасын құрудың алғашқы тәжірибесі деп айтуға болады. М.Жұмабаев халықтың үлттық тәрбиесінің ең басты, негізгі тәрбие екеніне нық сенімді, өйткені «үлттық тәрбиенің ежелден қалыптасқан, ең ерте замандардан бастап-ақ көпжылдық іс-тәжірибелерде сыналған тәсілдері мен жолдары бар» [1.18]. Сондықтан әрбір мұғалім, әрбір тәрбиеші үлттық тәрбиенің педагогикалық негіздерін білуге тиіс. Сонымен бірге М.Жұмабаев халықтық тәрбиені даралаудан сақтандырады, өйткені «...ұлттық тәрбиенің жақсы жағы көп, бірақ жаман жағы да баршылық. Кез келген ұлттық тәрбиеде ұшырасатын зиянды әдеттерден қазақ үлты да ада емес...» [1]. Бірақ соған байланысты ол қазақ халқының педагогикасын әлемдік педагогикалық ойдан, жалпыадамзаттық ойдан, жалпыадамзаттық өнеге мен мәдениеттен оқшауламайды. Өзінің ой-толғауларында ол өткен уақыттардың тамаша педагог ғалымдарының еңбектеріне сүйенеді.

М.Жұмабаевтың авторлық ұсыныстары, педагогикалық қорытындылары мен кеңестері қазақ халқының поэзиясымен, салтғұрыптарымен және ең жақсы дәстүрлерімен табиғи астасып жатыр.

Зерттеудің тағы бір ерекшелігі - онда психология педагогикаға оның бөлінбес бөлшегі, тұлғаның рухани өмірінің қалыптасуына септігі тиетін бөлігі ретінде енген.

Автор еңбегінде тәрбиенің бағыттарын жіктей отырып, оның дене тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, әстетикалық және рухани тәрбие деген түрлерін ажыратады. Бұл көрсетілген бағыттардың үзілместей байланысын көрсетуге ұмтыла отырып: «Егер адам баласы тәрбиенің осы төрт түрін толық алса, оны тәрбиелі адам деп санауға болады. Егер ол шыныққан, күшті және өмірде кездесетін: ыстық, суық, аштық, кедейлік сияқты құбылыстардан қорықпайтын, ойлауға, дұрыс жол табуға қабілетті болып өссе, егер ол көркем сөзді, сиқырлы әуенді қабылдай алатын, көрген ғажайыптарынан ләззат алатын, жақсыны ғана қалайтын, мораль тұрғысынан кіршіксіз таза болып өссе, онда біз толық тәрбие алған нағыз адам туралы айта аламыз», - деп жазады [2.14].

Кітаптың кіріспесінде М.Жұмабаев педагогикаға жақын ғылымдарды атап көрсетеді. Дене тәрбиесімен айналысу үшін, ғалымның пікірінше, анатомия, физиология, гигиена, жаттығулар іспетті салаларды біліп, меңгеру қажет. Рухани тәрбие үшін ол: психология, логика, этика салаларын көрсетеді. М.Жұмабаев педагогиканы ғылым ретінде бес құрамдас бөлікке: жалпы педагогика, дидактика, әдістеме, мектепті басқару, педагогика тарихы деп ажыратады.

Оның еңбегінде «Жалпы педагогика» тарауы гана баяндалса, екінші бөлігі рухани тәрбиеге арналған. Кітаптың кіріспесінде М.Жұмабаев: «Жан - адам бойындағы ең қымбат, ең жұмбақ нәрсе. Ал рухани тәрбиемен айналысу үшін, жанның қасиеттері жайында білім беретін гылымды өте жақсы оқып, меңгеру қажет», - дейді [2. 40].

«Педагогиканың» негізін халық педагогикасының әсері арқылы қаралған жалпыадамзаттық құндылықтар құрайды.

Оқулықтың алғашқы беттерінен-ақ баланы бесікте жатқан кезден тәрбиелеу жайында айта келіп, М.Жұмабаев халық педагогикасының дәстүрлеріне («Баланы - жастан») сүйенеді. Соған

байланысты Мағжан: «Бала - талдың бұтағы. Оны қалай исең, солай өседі. Бірақ оның діңін түземек болсаң, ағашты сындырып аласың», - дейді.

Кітапта баланың адамгершілік тәрбиесінің заңдылықтары, ұстанымдары мен мақсаты, мазмұны, жолдары, түрлері мен тәсілдері ашыла көрсетілген. «Тәні саудың жаны сау» деген мәтелге сүйене отырып, автор қазақтың киіз үйі, ұлттық азық-түлік түрлері (қазы, қымыз, құрт, сорпа), түрмыстық салттар мен дәстүрлері (баланы бесікке бөлеу, емізу, атқа мінгізу және басқалары) жайында баяндайды.

М.Жұмабаев, шынайы ағартушы ретінде, жер шары халықтары ынтымақтастығының адамгершілік ұстанымдарын жариялайды, адамның өз халқын ғана сүйіп, басқа халықтарды жек көре алмайтынын айтады. Адамгершілікке: жаны ашу, аяу, сүю сияқты қасиеттер жатуға тиіс. Педагог басқаның қайғысын сезу қабілеті адамның табиғатына тән екеніне сендіреді. Суға батып бара жатқан адамды құтқаруға ұмтылғанда, ешкім де сол ісі үшін марапат алуды ойламастан суға секіреді. Адам өмірінде қиындықтар мен ауыртпалықтарды қаншалықты көп көрсе, ол басқалардың ауыртпалығын да соншалықты жақын сезінеді Сөйтіп, баланың адамгершілік тәрбиесін бағалаудың басты өлшемі деп М.Жұмабаев жер бетіндегі барлық адамдарға бауырластық сүйіспеншілік сезімін атайды. Адамзаттың осы адамгершілік қасиетін жоғалту және ұмыту қорқынышты салдарларға: ұлттық өшпенділікке, озбырлыққа, ыза-кекке әкеліп соқтырады.

Адамгершілікке тәрбиелеудің мақсаты, М.Жұмабаевтың пікірінше, баланың бойында адамгершілік бағдарлық ойлау қабілетін, адамгершілік мінез-құлық пен іс-әрекеттер қалыптастыру болуға тиіс. «Бала, - деп жазады педагог, - жаман қылықты адамгершілік таңдау жасай алмағаннан, әрекетінің салдарын алдын ала көре білмегеннен істейді, өйткені ол міндеттердің шешімі одан белгілі бір күш-жігер жұмсауды, адамгершілік ұстанымдар мен моральдық қасиеттердің болуын талап етеді» [2.77]. М.Жұмабаевтың пайымдауынша, адамның бойында өз бетінше дамуға, жетілуге ұмтылу, бойында нық адамгершілік ұстанымдарын, сенімдерін қалыптастыруды, өзінің адамгершілік мұратын табуды, өзінің наным-сенімдері жолында күресу үшін қажетті ерік-жігері мен мінез-құлқын дамытуды қалау сезімін туғызу өте маңызды.

Тәрбиенің әдістері жайында айтқанда, Мағжан баланы үрып-соғып жазалауға, тұлғаны қорлауға үзілді-кесілді қарсы тұрады. Балаға жалмауыз кемпір, мыстан, шайтан, адам жегіштер, Кащей жайында әңгімелеп, оны қорқытпау керек. Ондай бала батыл, ержүрек болып өспейді. М.Жұмабаев бала тәрбиешіге сөзсіз құлақ асуға, көзсіз сенуге тиіс дейтін өктем тәрбиеге қарсы болды. «Педагогика» авторының ойынша, бала тәрбиешінің озбырлығына емес, қажеттілікке, тиісті нәрселердің күшіне бағынуға тиіс. Әлдебір істі тапсырған кезде, балаға оның не үшін қажет екенін түсіндіру керек. Егер бала өз еңбегінің түпкілікті мақсатын білсе, ол, қайткенде де, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тырысады. Өзінің бүйрықтарын сөзсіз бұлжытпай орындауды талап ететін тәрбиеші - нашар тәрбиеші.

М.Жұмабаев педагог тарапынан өне бойы қамқорлық көрсетудің де зиянды екенін айтады. Оқушының қайсыбір істі басқалардың көмегінсіз орындай алмайтынына көзі жеткенде ғана, тәрбиеші оған көмекке келе алады. Тұрақты бақылау және үлкеннің айтқанын орындауды талап ету, әлбетте, баланың бойында қорқыныш сезімін туғызып, оны қорқақ, түйық және ынжық жанға айналдырады. Бірақ бала басына келгеннің бәрін істеп, ешқандай шектеу көрмесе, онда біз кейін есерсоқ өзімшіл, еркетотай, ешкіммен санаспайтын әпербақан адамды көретін боламыз.

Бір жағынан, бала еркіндікті сезінуге тиіс, екінші жағынан, бұл еркіндік міндеттілікке, жауапкершілікке және өзара сынға тәрбиелейтін тәртіпке бағынуға тиіс.

Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынастарда сыйластық пен құрмет орын алуға тиіс. Адамгершілікке негізделген педагогика ұстанымдарын қолдай отырып, М.Жұмабаев, бәрінен бұрын, әр адамның бойында ізгі бастаулардың бар екеніне сүйене отырып, тұлғаның адамгершілік бейнесін игі істермен қалыптастыруға болатынын айтылған.

Қорыта келгенде, Мағжанның «Педагогика» оқулығын оқи отырып, мынандай ой түйіндейміз: ғылым ұлттық болмысымыз бен сана-сезімге жақын этнопедагогика, психология

принциптерін негізге ала отырып жазған. Аталған еңбекті сараптай келе өткен ғасырдың 20-шы жылдарда педагогикалық–психологиялық жазба еңбектерде айтылған ойлар бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізді дамытуда, әсіресе ұлттық байлығымызды пайдаланып, оны қажетімізге жаратауға таптырылмас мұра болып отыр. Ұлы М. Жұмабаевтың еңбектеріндегі ұстаздық – тәлімгерілік идеялары біз үшін өте құнды дүние.

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев, Мағжан Педагогика. - 3-басылым - Алматы: Ана тілі, 1992.https://rmebrk.kz/book/1144504

2. Антология педагогической мысли Казахстана /Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. - 512 с

УДК 159.922.8

ГАДЖЕТ-ТӘУЕЛДІЛІГІ, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Алкенова Ж.Ғ.
Қарағанды Қазтұтынуодағы университеті
zhuldyzalkenova@mai.ru

Фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді талдау көрсеткендей, осы мәселені зерттеумен айналысатын ғалымдардың басым көпшілігі химиялық тәуелділіктерді зерттеген. Биохимиялық тәуелділіктерге, әсіресе электрондық тәуелділіктерге қатысты зерттеулер саны соңғы жылдары артқанымен, оларға әлі де аз көңіл бөлінуде [10]. Соның ішінде ең көп зерттелгені – интернет-тәуелділік, компьютерлік ойындарға тәуелділік және теледидарға тәуелділік. Ал гаджет-тәуелділікке келетін болсақ, бұл мәселе ғылыми жарияланымдарда әлі де шектеулі түрде қарастырылуда.

Осы жағдай біздің назарымызды аудартты. «Гаджет» термині, әдетте, техникалық құрылғыны (соның ішінде цифрлық технологиялармен жабдықталған), портативті құрылғыны немесе кең функционалдығы бар, бірақ мүмкіндіктері шектеулі қосымшаны білдіреді. Қазіргі уақытта гаджеттерге өлшемдері оларды дербес компьютерге, смартфонға қосуға немесе қолға тағуға мүмкіндік беретін кез келген цифрлық құрылғылар жатады. Қазіргі таңда гаджеттер – заманауи қарқынды өмірдің ажырамас атрибуты, онсыз өмір сүру күннен-күнге қиындай түсуде. Гаджеттер адамның коммуникацияға деген ұмтылысын жүзеге асырады, олардың көмегімен біз үнемі «байланыста» боламыз, сондай-ақ әртүрлі табиғаттағы объектілермен бір уақытта әрекеттесе аламыз. Гаджет – бағдарламалық жасақтаманың автоматты жаңартылуы есебінен үнемі дамып отыратын, өзін-өзі ұйымдастыру элементтері бар динамикалық жүйе болып табылады [2].

Британдық Penn Schoen Berland компаниясы жүргізген зерттеудің деректеріне сәйкес, сауалнамаға қатысқан респонденттердің 69%-ы гаджеттер мен соларға ұқсас технологиялар жеке қарым-қатынасты нығайтуға көмектеседі деп есептейді, 57%-ы олар білім беру және денсаулық сақтау салаларының дамуына ықпал етеді деп үміттенеді (49%). 18-24 жас аралығындағы жастар болашақ технологиялар олардың өмірін жақсарта түседі, қарапайым әрі қызықты етеді деп сенеді. Респонденттердің 86%-ы технологиялық инновациялар олардың өмірін әлдеқайда жеңілдеткенін атап өтті. Әсіресе, гаджеттер төтенше және шұғыл жағдайларда аса пайдалы, мысалы, жедел жәрдем, полиция немесе құтқару қызметін дереу шақыру қажет болған кезде. Сондай-ақ, гаджеттердің ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өміріндегі маңыздылығын асыра бағалау қиын. Олар жалғыздық сезімін жеңуге көмектесіп, медициналық мекемелерде ем қабылдау кезінде де қолдау көрсетеді [4].

Дегенмен, жағдай мынадай: гаджеттерді үздіксіз, әдетке айналған және шамадан тыс қолдану пайдаланушыларда гаджет-тәуелділіктің қалыптасуына, соның салдарынан тәуелділік мінез-құлқының пайда болуына әкеліп соғады. Портативті электронды құрылғыларды шектен тыс, бақылаусыз және мөлшерден тыс қолдану әсіресе бала жасында тұлғаның психикалық және физикалық денсаулығына теріс әсер етеді.

Осыған байланысты Италияда жүргізілген бір экспериментті атап өткен жөн: 300 адамды 15 күн бойы ұялы байланыссыз қалдырған. Нәтижесінде, 30% қатысушы бұл жағдайды сабырмен қабылдаса, 70%-ы телефонның жетіспеушілігін қатты сезінген, ал олардың 25%-ы өзін өте нашар сезінген. 48% респондент телефонсыз жыныстық қатынасқа деген қызығушылығының жоғалғанын мойындаған. Экспериментті жүргізген психологтар мұндай адамдардың санасы үнемі жаңа ақпаратқа – SMS немесе электрондық пошта хабарламасына – жауап беруге дайын тұратынын атап өткен. Соның салдарынан адамда зейін қою қабілеті төмендеп, ол өзіне жүктелген міндеттерді толық орындай алмайды. Бұл тәуелділік «инфомания» деген атауға ие болды [5].

Гаджет-тәуелділіктің бір көрінісі – фаббинг, яғни әңгімелесу кезінде гаджетке алаңдауды әдетке айналдыру. Фабберлер, әдетте, телефонды қоңырау шалу үшін емес, чаттарда «отыру», түрлі дәйексөздер мен әзілдерді оқу, статустарды жаңарту, музыка жүктеу және фильм көру үшін пайдаланады. Фаббер телефонын өшіруден қорқады, себебі маңызды бір нәрседен қалып қоямын деп ойлайды. Нәтижесінде, адам тұйық әрі ашушаң болып, оны өз гаджетінсіз бір минут та өмір сүре алмайтын ойынқұмар адаммен салыстыруға болады. Уақыт өте келе ол елеулі денсаулық мәселелеріне тап болады.

Фабберлердің, әдетте, нағыз достары болмайды, өйткені олар достарымен араласқаннан гөрі телефонда «отыруды» жөн көреді. Фаббинг – тұлғааралық, әсіресе ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынаста келіспеушілік пен жанжалдардың себептерінің бірі. Зерттеулерде бұл құбылысты түсіндірудің екі тәсілі анықталған. Бірінші тәсіл бойынша, фаббинг – тәуелділік мінез-құлқының жиынтық нәтижесі. Оның негізінде телефонға тәуелділік, SMS арқылы қарым-қатынасқа жиі араласу, интернетті пайдалану, әлеуметтік медиаға (оның ішінде әлеуметтік желілерге) тәуелділік, интернет-тәуелділік, ойынға тәуелділік, жыныстық ерекшелік және смартфон иелену секілді факторлар жатыр.

Екінші тәсілге сәйкес, фаббингті тек тәуелділік мінез-құлқының нәтижесі ретінде қарастыруға болмайды. Керісінше, бұл – әлеуметтік мінез-құлық пен қарым-қатынас нормаларының өзгеруінің салдары. Оның себебі – интернет-тәуелділіктен туындайтын смартфонға тәуелділік, әлеуметтік желілердегі оқиғаларды жіберіп алудан қорқу және өзін-өзі бақылау проблемалары.

Фаббинг адамның күнделікті өміріне өзгерістер енгізіп қана қоймай, жақын қарым-қатынастарда да стресс тудыратын фактор ретінде көрінеді. Гаджеттерді пайдалануға жұмсалған уақыттың артуы серіктестік және жеке қарым-қатынастарды әлсіретіп, олардың жақындығы мен интимдігін төмендетеді. Тіпті «партнерлік фаббинг» деген ұғым пайда болды – бұл романтикалық серіктестің қасындағы адамға қарамастан, телефонды пайдалануы немесе соған алаңдауы. Мұндай фаббинг қарым-қатынастағы қанағаттанушылыққа ғана емес, жалпы өмірге деген қанағаттанушылыққа да әсер етеді, тіпті депрессияның күшеюіне ықпал етеді [6].

Қазіргі буын өкілдерінің көпшілігінің пікірінше, гаджеттер мен заманауи технологиялар адамдарды адамгершіліктен алыстатып, қоғамның оларға шамадан тыс тәуелді болуына әкелуде [7]. Гаджеттер мен басқа да электрондық құрылғылар өмірді жеңілдеткенімен, олар бізді ақылсыздандыра түсуде [1].

Бүгінде гаджет-тәуелділік ең алдымен психологиялық мәселе болып табылады, сондықтан оны уақытында және кәсіби түрде шешу қажет, гаджет-тәуелді адамды патологиялық тәуелділікке және дәрі-дәрмектік араласуды қажет ететін жағдайға жеткізбей.

Гаджет-тәуелділікпен күресу жолдары мен мүмкіндіктерін анықтау әрекеттері, әрине, бар. Мысалы: гаджетті пайдалану уақытын шектеу (күніне бір сағатқа дейін); жаңа гаджет немесе оған керек-жарақ сатып алуды үш айда бір рет немесе одан да сирек шектеу; гаджетке жүгінуге деген ықылас пайда болған кезде серуенге шығу, жаттығу залына, киноға, театрға бару және

т.б.; достар мен таныстарды жиі қонаққа шақыру; жаңа гаджетті сатып алуды бірнеше күнге кейінге қалдыруға өзін иландыру.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, гаджет-тәуелділік – бұл гаджеттерді бақылаусыз, шамадан тыс қолдануға бейімділік, зиянды әдет, эмоционалдық байланыс, кез келген адамға тән жағдай. Осы тұрғыдан алғанда, гаджет-тәуелділік – бұл қалыпты жағдай әрі гаджеттерге тәуелділік ауруының белгілерін қалыптастыруға алып келетін аралық кезең [8].

Жыл сайын әлеуметтік желілерде өзара әрекеттесетін, қарым-қатынас жасайтын адамдар саны айтарлықтай артып келеді. Соңғы жылдардағы жарияланымдарға қарағанда, әлеуметтік желілерге тәуелділік көбінесе әлеуметтік медиаға шамадан тыс әуестену салдарынан туындайтын ауру ретінде анықталады. Ол психопатология аясында ресми түрде әлі жіктелмегенімен, барған сайын кең таралуда және қоғамдық санада әлеуетті проблемалық психопатологиялық жағдай ретінде қарастырылып, «XXI ғасырдың эпидемиясына» айналуы мүмкін.

Бүгінде әлеуметтік желілерге тәуелділік диагноздары психикалық бұзылыстардың диагностикалық және статистикалық анықтамалығында танылмаған. Дегенмен, назардың тапшылығы және гиперактивтілік синдромы (НТГС) саласындағы мамандар бірауыздан әлеуметтік медиа кейбір адамдар үшін жүйке жүйесінің дамуына қатысты мәселелерге әкелетін еріксіз факторға айналғанын атап өтуде. Бұл әсіресе НТГС-ке генетикалық бейім балаларда айқын байқалады.

Кейбір медициналық зерттеулер қыздар мен әйелдер әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдалану салдарынан ұлдар мен ерлерге қарағанда жиірек зардап шегетінін және НТГС бойынша ем қабылдайтынын көрсетті.

Қазіргі өмір шындығы – әлеуметтік желілерде профилі жоқ адамдар сирек кездеседі. Олардың қатарында Twitter, Facebook, Odnoklassniki, VKontakte, Instagram бар. Сонымен қатар, медицина қызметкерлеріне, бағдарламашыларға, веб-әзірлеушілерге, заңгерлерге, психологтарға, білім беру саласының қызметкерлеріне және басқа да кәсіби топтарға арналған арнайы әлеуметтік желілер бар.

Осылайша, ұжымдық субъектінің ерекше әлеуметтік топтары – желілік қауымдастықтар қалыптасуда. Ю.В. Ковалева қазіргі әлеуметтік дамуды желілік сипаттағы байланыстардың (экономикалық, саяси, тұлғааралық) пайда болуымен ерекшеленетін «цифрлық қоғамның» қалыптасуымен сипаттайды. Мұндай қоғамда әлеуметтік желі – бұл ақпарат алмасу мақсатында өзара әрекеттесу түрінде индивидтер мен топтардың өмір сүру тәсілі, ал әлеуметтік желілер – «орталықтандырылмаған (дербес, иерархиялық), өзін-өзі жаңғыртатын, ортақ идеялары, құндылықтары мен қызығушылықтары бар индивидтер/индивидтер топтарының бірігуі, олар бірыңғай коммуникациялық код аясында өзара әрекеттеседі». Мұндай код – ақпаратты кодтау/декодтау тәсілдері мен оны түсіну негіздері, сондай-ақ коммуникацияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін символдар жүйесі (мысалы, бірыңғай сленг немесе белгілі бір мағыналары бар белгілер және т.б.) [3].

Әлеуметтік желілерге деген әуестік пен нағыз тәуелділік арасындағы шекара өте бұлдыр, бұл жалпы алғанда, химиялық емес тәуелділіктерге тән құбылыс. Сондықтан бұл шекараны анықтау оңай емес. Мысалы, Чикаго университетінің ғалымдары бірнеше апта бойы 100 адамды бақылап, олардың қажеттіліктерін зерттеген. Зерттеу нәтижесінде әлеуметтік желілердің тәуелділік тудыруы темекі мен алкогольге қарағанда әлдеқайда күшті деген қорытынды жасалды. Кейбір зерттеушілер «киберқатынастарға тәуелділікті» де ерекше атап өтеді: егер сіз үшін Facebook пен ВКонтакте-дегі достарыңыз шынайы өмірдегі адамдардан маңыздырақ әрі жақынырақ болса, бұл да алаңдататын белгі [9].

Әлеуметтік тәуелділікті нақты диагностикалау, тағы да айта кетсек, өте қиын. Дегенмен, әлеуметтік желілерге тәуелділіктің негізгі белгілерін атап көрсетуге болады:

- Әлеуметтік желідегі парақшаға кіруге, соңғы жаңалықтарды, фотосуреттерді, басқа адамдардың профилдерін, оқиғаларын көруге, қандай да бір белсенділік танытуға деген шектен тыс, мәжбүрлі ниет.

- Отбасы мүшелерінің, достардың немесе әріптестердің адамның әлеуметтік желілерде тым көп уақыт өткізуіне қатысты шағымдары.

- Интернет-дүкендер арқылы қажетсіз заттарды сатып алу, едәуір қаржылық шығындарға ұшырау.

- Интернетке қосыла алмау немесе Wi-Fi болмау салдарынан ашулану, мазасыздану, жалғыздықты, тастанды болуды сезіну, әлемнен оқшаулану сезімінің пайда болуы, тіпті депрессиялық жағдайға түсу.

- Әрдайым «онлайн» болуға ұмтылу, «Мен желіде болмасам, онда менсіз бірдеңе болып кетеді» деген тұрақты сезімнің болуы.

- Тәуелділік күшейген сайын оқу үлгерімінде, отбасында, жұмыста мәселелердің туындауы және ушығуы.

- Әлеуметтік желілерде уақыт өткізу барысында тамақтануды, ұйықтауды шектеу немесе олардан уақытша мүлде бас тарту, тамақтану кезінде – үйде, кафеде, мейрамханада немесе басқа жерде гаджеттен көз алмау.

- Күні бойы бірнеше рет достарының парақшаларын қарап шығу.

- Гаджетпен (әлеуметтік желілермен) ұйықтау және таңертең оянған бойда бірінші кезекте телефонды қолына алу.

Әлеуметтік желілерге тәуелділіктің ықтимал салдарына назар аудару өте маңызды. Әрине, бұл жерде теріс салдарлар туралы сөз қозғалады. У. Сторрдың пікірінше, әлеуметтік желілердің кең таралуы және желілік тәуелділіктің қалыптасуы жастар арасында мазасыздық пен депрессиялық жағдайлардың көбеюіне себеп болуда. Әлеуметтік желілердің пайда болуы мен олардың аддикцияға айналуы адамдардағы перфекционизм мен нарциссизмнің күшеюіне ықпал етті. Желілік тәуелділер – бұл назар жетіспеушілігін сезінетін, жазылушыларының мақұлдауына мұқтаж адамдар, олар лайктар мен қаралымдарды жүйке күйзелісімен санайды. Біз әлеуметтік желілердегі реакцияға тәуелді болып қаламыз, ал ол жоғалған кезде теріс эмоциялар сезінеміз.

Әлеуметтік желілерге тәуелділіктің ең зиянды салдарының бірі – коммуникативтік дағдылардың жоғалуы. Яғни, адам:

- Қашан, кімге және қалай сөйлеу керектігін түсінуден қалады.

- Қарым-қатынас жағдайын ескеруді ұмытады.

- Белсенді, пассивті және эмпатиялық тыңдау дағдыларын жоғалтады.

- Пауза жасау, оны ұстап тұру немесе қажет жағдайда дұрыс толтыра білу қабілетінен айырылады.

- Әңгімелесушінің эмоциялық реакцияларын тану, түсіну және талдау дағдыларынан ажырайды.

Желілік тәуелділіктің кеңірек теріс салдары – интеллекттің төмендеуі: жалпы, әлеуметтік және эмоциялық интеллект зардап шегеді. Бұған келесілер жатады:

- Перцептивтік процестердің (қабылдау), мнемикалық функциялардың (есте сақтау), ойлау механизмдерінің және қиялдың тиімділігінің төмендеуі.

- Назар аудару қабілетінің әлсіреуі.

- Өзгенің және өзінің ойларын, іс-әрекеттерін дұрыс түсіну және бағалау қабілетінен айырылу.

- Жағдайға сәйкес әрекет ету дағдысының жоғалуы.

- Басқа адамдардың эмоцияларын, сезімдерін тану және өз эмоцияларын басқару қабілетінің әлсіреуі.

Сонымен қатар, сөйлеу және жазу дағдылары төмендейді. Адам өз ойын нақты жеткізу орнына сөйлеу мәдениетіне сай келмейтін сөздерді, қысқартуларды, аббревиатураларды, эмодзилерді (смайликтерді) қолдана бастайды. Сөздік қоры азайып, қажетті сөздерді таңдау қиындайды, бұл қарым-қатынас сапасына кері әсер етеді.

Қазіргі қоғамда гаджеттер мен әлеуметтік желілерге тәуелділік кең таралған және адамның психологиялық, әлеуметтік және когнитивтік дамуына айтарлықтай әсер етеді. Фаббинг және әлеуметтік желілерге шамадан тыс әуестену тұлғааралық қарым-қатынасты

әлсіретіп, жалғыздықты күшейтеді, күйзеліске және басқа да психологиялық мәселелерге әкелуі мүмкін. Әлеуметтік желілердегі тұрақты белсенділік перфекционизм мен нарциссизмді күшейтіп, адамның өзін-өзі бағалауына кері әсер етеді. Сонымен қатар, желілік аддикция адамның назарын шоғырландыру, ақпаратты өңдеу және сөйлеу дағдыларын әлсіретеді, бұл интеллекттің төмендеуіне және қарым-қатынас сапасының нашарлауына алып келеді.

Бұл мәселені шешу үшін уақытты басқару, саналы түрде гаджеттерді пайдалануды шектеу және әлеуметтік байланыстарды офлайн режимде нығайту сияқты алдын алу шараларын қолдану қажет. Гаджеттерден толықтай бас тарту мүмкін болмаса да, оларды дұрыс пайдалануды қалыптастыру адамның психикалық және әлеуметтік әл-ауқатын сақтауға көмектеседі. Зерттеушілер гаджет-аддикцияны нақты психикалық бұзылыс ретінде мойындау қажеттілігін талқылап жатқанымен, бұл мәселе қазіргі заманғы қоғамда өзекті болып қала береді және уақыт өте келе жаңа шешімдер мен зерттеулерді талап етеді.

Әдебиеттер:

1. Зависимость от гаджетов и номофобия. — URL: https://lala.lanbook.com/zavisimost-ot-gadzhetovi-nomofobiya-kak-vzyat-svoyu-zhizn-pod-kontrol.
2. Зависимость от информации. — URL: https://strana-sovetov.com/psychology/4991-informationaddiction.html.
3. Ковалева, Ю. В. Психологические типы субъектности членов сетевого сообщества (на примере социальной сети «Твиттер» / Ю. В. Ковалева // Психологический журнал. — 2020. — Т. 41, № 1. — С. 45—55.
4. Компания Ford рассказала об отношении людей к гаджетам. — URL: https://www.drive2.ru/e/ BnDdQEAAAtw.
5. MindMapping и информационный серфинг. Развитие мышления посредством создания антагонистической пары / В. Н. Кутрунов, В. А. Шапцев, Н. А. Гаркуша, Л. В. Сизова // Современный учитель дисциплин естественнонаучного цикла : сб. материалов Междунар. науч.-практ. конф. — Ишим, 2019. — С. 14—21.
6. Мандель, Б. Р. Технологические аддикции переходят в наступление / Б. Р. Мандель // Мир психологии. — 2014. — № 4. — С. 193—205.
7. Мир: Отношение молодежи к гаджетам меняется. — URL: https://novostit.com/mir-otnosheniemolodezhi-k-gadzhetam-menyaetsya.html.
8. «Мобильная» зависимость: телефон снижает интеллект и... либидо. — URL: https://aif.ru/health/ life/17891.

УДК 378.01

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ АЛУ: ПЕДАГОГТІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ӨСУІ

Аманбек Ж.О.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
jadyra.93.30@mail.ru

Педагог беделін арттыру кез келген мемлекеттің білім беру саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан ел шаңырағының тірегі білімді ұрпақ десек, бүгінгі тұрған негізгі мәселенің бірі – білім беру, ғылымды дамыту екендігіне ешкімнің күмәні жоқ. Мұғалімнің қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдырының кілті бар. «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» – деп қазақтың тұңғыш педагог ағартушысы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, қазіргі оқу орындары алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің мәдениеті басты шарт екендігі аян. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепте, ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген, психологогиялық және педагогикалық

тұрғыдан сараптама жасай білетін іскер, шәкірт жанын жақсы түсінетін шығармашыл ұстаздар қажет. Ұстаздың өз бетінше білім жетілдіруі, осы саладағы үздіксіз ізденісі, озат тәжірибені қолдануы, оны өзгелерге насихаттауы, жаңашылдық танытуы, іскерлік негіздері-педагогикалық біліктілікке жеткізудің бір жолы болып саналады. Мұғалім біліктілігі,оның әдептілігі мен сыпайылығына, жүріс тұрысына, киім - киісіне, яғни педагогикалық техниканы меңгеруіне, өзінің мінез- құлқын басқаруына байланысты. Өйткені, мұғалім сахнадағы актёр сияқты әрқашан оқушылардың көз алдында болады, ал бала бәрін байқап таниды. Баланың дамуын болжай алу, оқушылармен өзара әрекеттестікте болу, үнемі шығармашылық ізденісте болу мұғалімнің жан-жақты дамуының нәтижесі. Педагогтің өз бетінше білім мен біліктілігін жетілдіруі, осы саладағы үздіксіз ізденісі, озат тәжірибені қолданып, өзгелерге насихаттауы, жаңашылдық танытуы, іскерлік негіздері –педагогикалық біліктілікке жеткізудің бір жолы болып табылады. Кәсіби біліктіліктің құрылымы қабылданған педагогикалық білік арқылы түсіндіріледі, ал ол білік теориялық білімге негізделген және педагогикалық міндетті шешуге бағытталған бірнеше іс-қимыл жиынтығы арқылы ашылады. Заманауи білім беру жағдайында кәсіби біліктілік үш компоненттен тұрады: тәжірибемен ұштастыру білігі, яғни өз іс-әрекетін әлемдік педагогиканың деңгейіне сәйкестендіру қабілеті, әріптестерінің тәжірибесімен алмассақ, инновациялық тәжірибемен алмасу, өзінің іс-тәжірибесімен қорытып, басқаға бере білу білігі; оқыту мен тәрбиенің үнемі өзгеріп отыруы жағдайында педагогтың қажеті нормативтік сапасы ретінде оның кәсібіндегі тәсілі, әртүрлі білім процесі мен жүйелері мазмұндық түрі, әдістері және педагогикалық шындықты туғызу білігі. Кәсіби білікті мұғалім рефлекцияға, яғни ойлаудың ерекше тәсіліне қабілетті. Педагогика мен психологияда «білік» ұғымының әртүрлі түсініктемелері бар. Олардың бірінде білік меңгерілген іс-әрекет ретінде, ал енді бірінде бар білімді пайдалану тәсілі ретінде, дағды жиынтығы ретінде айтылған «Білік» іс-әрекетті саналы түрде меңгеру, сол меңгеру нәтижесінде іс-әрекетті тиімді орындау мүмкіндігі туады. Логикалық тұрғыдан аяқталған педагогикалық жүйені жүзеге асыру білігі (білім, тәрбие жұмыстарын жоспарлаудан, білім беру үрдісінің мазмұнын таңдап алғаннан бастап оның ұйымдастыру түрлерін, әдістерін және құралдарын анықтағанға дейін). Тәрбиенің әртүрлі компоненттері мен факторлардың арасында байланыс орнату, оларды іске қосу білігі, қажетті материалдық, педагогикалық ұйымдастырушылық, валеологиялық және басқа жағдайларды жасау білігі, мектепті ортамен байланыстыруды қамтамаасыз ету білігі, оқушы тұлғасын белсенді ету білігі, оның іс-әрекетін тәрбиенің обьектісінен субьектісіне айналдыратындай етіп дамыту, бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру білігі.

Педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін еспке алу және бағалау білігі, яғни оқу үрдісін және басқа мұғалімнің іс-әрекетін талдау өзін-өзі талдау жүзеге асыру білігі, сол сияқты педагогикалық мақсаттың алғашқы және келесі кешенің анықтау білігі талап етіледі.

Мұғалімдік мамандықты биікке көтеретін күш – оның кәсіби құзырлылығы. «Құзыреттілік» – белгілі сала бойынша жан - жақты хабардар, білгір деген мағынаны қарастыра отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алу дегенді білдіреді».

Құзыреттілік – қандай да бір салада өмірдегі немесе кәсіби міндеттерді шешуге қолданылатын жинақталған қабілеттілік. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің көрсеткіші – оның кәсіби шеберлігі мен өз кәсіби әрекетіне жауапкершілікпен оң қарауы. Ал, кәсіби шеберлік – кәсіби білім мен біліктің, оны практикада және оқытудың жаңа жағдайларында қолдана білудің жиынтығы. Білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат. Қазіргі білім беруде педагог келесі құзыреттіліктерді игеруге міндет қойғаны абзал. Арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілет; әлеуметтік құзыреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті; білім беру құзыреттілік – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті. Үздіксіз білім алу мәселесі осы заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың, саяси және әлеуметтік экономикалық өзгерістердің әсерінен туындаған мәселе.

Педагог-маман біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби білім және іскерлікті қоса кез келген ортада жұмыс істеуге ынталылық, ынтымақтастық, қабілеттілік, коммуникативтік қабілет, оқу, іздену, бағалау, логикалық ойлау, ақпаратты алу мен пайдалану, талдау, сұрыптау, қорытынды шығару сынды тағы да басқа іскерліктерін меңгеруі қажет.

Осы ұстаздар қауымын қолдап, көптеген семинарлар, байқаулар, мән-мағыналы курстар ұйымдастырылуда. Осы іс шаралардың барлығы да түптеп келгенде мұғалімнің кәсіби өсуіне ықпал етіп, септігін тигізері сөзсіз. Халқымыз әрқашанда ұстаз мәртебесін жоғары көтеріп, қастерлеп, бағалай білген. Жаңа әлем болашағын даярлайтын мұғалім атағына өз білімін табандылықпен жетілдіріп, тапсырылған іске адалдықпен, сүйіспеншілікпен қарайтын, жоғары моральдық қасиеттері бар мұғалім ғана бұған лайықты. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» – деп, Абай ақын Құнанбаев айтқан екен. Үздіксіз білім алу қазіргі таңда білім беру саласының негізін құрайтын басты принциптердің бірі болып табылады. Бұл қағида педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруда, олардың тұлғалық дамуына, әрі білім беру сапасының жоғарылауына үлкен ықпал етеді. Әсіресе, педагогтің тұлғалық және кәсіби өсуі – білім беру процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін маңызды фактор болып таюылады. Педагогтің үздіксіз білім алу процесі оның жеке тұлғалық өсуін ғана емес, сондай-ақ кәсіби білімін жетілдіруін қамтамасыз етеді. Білім беру саласында инновациялар мен жаңа әдіс-тәсілдердің үнемі пайда болуы, заман талабына сай өзгерістерді қабылдай білу – әр мұғалім үшін міндетті шарты. Бұл педагогтың тек кәсіби білімі мен дағдыларын ғана емес, тұлғалық қасиеттерін де дамытуға мүмкіндік береді. Үздіксіз білім алу – педагогтың өз ісіне деген құштарлығын арттырып, оқушылармен қарым-қатынасын жақсартады, олардың дамуына оң әсер етеді. Әрбір мұғалімнің білім алуы тек өзін-өзі жетілдіруге ғана емес, білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың дамуына да тікелей әсер етеді. Педагогтардың үздіксіз білім алу процесі тек теориялық білім мен жаңа әдіс-тәсілдерді игерумен шектелмей, сонымен бірге тұлғалық өсу мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді. Әлемдік білім беру тәжірибесінде педагогтардың үздіксіз білім алуы маңызды тенденция ретінде қарастырылады. Білім беру саласында үздіксіз өзгерістер мен жаңалықтар енгізілуі арқасында мұғалімдер заман ағымына сай жаңа технологияларды, әдіс-тәсілдерді және тәсілдерді меңгеруі қажет. Қазіргі мектептерде жаңа ақпараттық технологиялар, сандық құралдар мен инновациялық әдістер кеңінен қолданылуда. Бұл өзгерістерге бейімделу үшін педагогтар үздіксіз білім алуға мәжбүр. Үздіксіз білім алу мұғалімдерге қазіргі білім беру стандарттары мен талаптарына сай болуға көмектеседі, сондай-ақ оқушыларға жаңа білім беру әдістерін тиімді ұсынуға мүмкіндік береді. Педагогтің тұлғалық дамуы оның кәсіби өсуінің маңызды аспектісі болып табылады. Өз ісіне деген сенімділік, ашықтық, шығармашылық қабілеттерді дамыту, өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру педагогтың тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады. Үздіксіз білім алу осы қасиеттердің қалыптасуына ықпал етіп, педагогты түрлі қиындықтарды шешуге дайындайды. Тұлғалық даму процесінде педагог өзін-өзі бағалау, моральдық құндылықтарға сүйену, сабырлылық пен шыдамдылықты меңгеру арқылы жоғары деңгейдегі кәсіби маманға айналады. Мұғалімдер жаңа білімді игеру, кәсіби дағдыларды арттыру арқылы өздерінің құндылықтары мен моральдық ұстанымдарын қайта қарауға мүмкіндік алады. Әрбір жаңа білім мен тәжірибе мұғалімнің өзін-өзі тануына, өзіндік шығармашылық қабілеттерін дамытуына жол ашады. Бұл педагогтың тұлғалық өсуіне ықпал етеді, өз жұмысында жоғары мотивация мен жауапкершілікпен қарауына себеп болады. Сонымен қатар, үздіксіз білім алу педагогтың өзін-өзі бағалауын арттырып, кәсіби және тұлғалық өмірде өзіндік нық орын табуына мүмкіндік береді.

Педагогтің кәсіби дамуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі – мотивация.

Мотивация – бұл әр адамның ішкі күші мен мақсатқа жетуге деген құштарлығы. Мұғалімдер, дәрігерлер, инженерлер немесе басқа да мамандар үшін кәсіби даму кезінде мотивация маңызды рөл атқарады. Мотивация болмаса, кәсіби даму мүмкін болмайды, өйткені адам өзіне қажетті білім мен дағдыларды игеруге деген ынтасын жоғалтады. Мотивация екі негізгі түрге бөлінеді:

1. Ішкі мотивация – адамның өз қызығушылығынан, құндылықтарынан туындайтын ішкі қажеттілік. Бұл түрдегі мотивация адамды тек өзінің кәсіби дағдыларын арттыруға емес, сонымен қатар жеке дамуына да ынталандырады.

2. Сыртқы мотивация – сыртқы факторлардан, мысалы, марапаттар, қолдаулар, әлеуметтік немесе қаржылық жағдайлардан туындайтын ынталандыру. Бұл факторлар адамның дамуына әсер етсе де, ол көбіне уақытша болады.

Егер педагог өз жұмысын жақсы көріп, үнемі дамуға ұмтылса, онда ол үздіксіз білім алу процесіне белсене қатысады. Бұл үшін педагогтарға арнайы қолдау көрсету, оларды қызықтыратын әдістемелік және ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасау өте маңызды. Сонымен қатар, педагогтар арасындағы ынтымақтастық пен өзара қолдау – мотивацияны арттырып, кәсіби даму жолындағы кедергілерді жеңуге көмектеседі. Кәсіби даму – бұл тек біліктілік пен тәжірибе жинақтау ғана емес, сонымен бірге жұмысқа деген қызығушылық, өзінің кәсіби қабілеттеріне сенімділік, жаңа дағдыларды игеруге ұмтылу. Мотивация мен өзін-өзі дамыту арасында тығыз байланыс бар. Мотивациясыз өзін-өзі дамыту мүмкін емес, ал өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс адамның мотивациясын арттырады. Бұл екі процесс бірін-бірі толықтырады және нығайтады. Мотивация өзін-өзі дамуға түрткі болады. Ішкі мотивация мұғалімдер мен мамандарға жаңа білім мен дағдыларды игеруге деген ұмтылысты береді. Өзін-өзі дамытуға деген ынта, жаңа қырлардан өзіңді танып білу, психологиялық, тұлғалық өсу – бұл кәсіби тұрғыдан да, өмір тұрғысынан да үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі дамыту мотивацияны арттырады. Өз бетінше даму барысында маман өзінің жетістіктерін көріп, қай жерде жетілдіру қажет екенін түсінеді. Бұл өз кезегінде адамның ішкі мотивациясын арттырады. Өзін-өзі дамыту арқылы адам өзіне сенімділігін арттырады және жаңа мақсаттарға жетуге деген құштарлық пайда болады. Кәсіби даму жолында мотивацияны арттыру үшін әр түрлі әдістер мен тәсілдер бар:

- Жеке мақсаттар қою. Мақсаттарды айқындап, оларға жету үшін нақты қадамдар белгілеу мотивацияны арттырады. Адамның мақсаттары нақты және өлшенетін болуы керек.
- Табыстарды бағалау. Өз жетістіктерін байқап, оларды мойындау мотивацияны арттырады. Бұл адамға «мен дұрыс жолдамын» деген сенім береді.
- Қолдау көрсету. Әріптестер мен басшылардың қолдауы да мотивацияны арттырады. Бұл адамға өз жұмысына деген қызығушылықты жоғалтпауға көмектеседі.
- Жаңа нәрселерді үйрену. Жаңа дағдылар мен білімдерді игеру мотивацияны арттырып, адамның кәсіби дамуына ықпал етеді.

Сонымен қатар қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың да күн санап дамуы, интернеттің кеңінен қолданылуы, және цифрлық құралдардың мектептерде қолданылуы - бұл педагогтар үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық педагогика педагогтың үздіксіз дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Цифрлық педагогика - бұл ақпараттық технологияларды (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, цифрлық құралдар, интернет платформалары) оқыту процесінде тиімді пайдалануды қамтитын жаңа білім беру әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. Ол педагогтарға дәстүрлі оқыту әдістерінен бөлек, жаңа тәсілдер мен құралдарды қолдануға мүмкіндік береді. Цифрлық педагогика оқу мазмұнын, әдістерін және ұйымдастыру формаларын жаңартуға, педагогтардың кәсіби деңгейін арттыруға, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді. Цифрлық педагогика арқылы педагогтар оқушылардың оқу үлгерімін бақылап, олардың белсенділігін арттыра алады. Сонымен қатар, бұл тәсіл мұғалімдерге өзара әрекеттесуді, оқушылардың қажеттіліктерін жеке деңгейде қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Цифрлық құралдар оқу процесін ыңғайлы әрі қызықты етеді, сондай-ақ білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Цифрлық педагогика педагогтың кәсіби дамуына бірнеше жолмен әсер етеді. Бұл әсерлерді бірнеше негізгі бағыттарда қарастыруға болады:

1. Технологиялық дағдыларды меңгеру: Цифрлық педагогика мұғалімдерге ақпараттық және коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануды үйретеді. Бұл педагогтардың тек оқу барысында қолданылатын құралдарды ғана емес, сонымен бірге оқушылармен қарым-қатынас жасау, тапсырмалар беру, нәтижелерді бақылау және бағалау сияқты түрлі

аспектілерде де цифрлық дағдыларын арттырады. Цифрлық технологияларды қолдану педагогтардың өз тәжірибелерін жаңартуға, жаңа әдістерді меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы, білім беру платформалары, электронды кітаптар мен ресурстар, бейнемазмұндар мен онлайн-курстар педагогтардың білімін кеңейтіп, оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

2. Жаңа педагогикалық әдістер мен тәсілдерді енгізу: Цифрлық педагогика арқылы педагогтар жаңа әдістер мен тәсілдерді меңгереді. Мысалы, сыныпта технологиялық құралдарды пайдалану арқылы сабақтарды интерактивті, қызықты, әрі тиімді етуге болады. Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін әртүрлі оқу қосымшалары мен платформаларды қолдану, виртуалды зертханалар, симуляциялар және басқа да цифрлық ресурстар білім беру процесін жақсартады. Мұғалімдер бұл жаңа тәсілдерді игере отырып, оқу сапасын жоғарылатады және оқушылардың әртүрлі білім алу стилдеріне жауап бере алады.

3. Уақытты тиімді басқару және жұмыстың нәтижелілігі: Цифрлық технологияларды қолдану педагогтың жұмысын жеңілдетеді және уақытты тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Оқушылардың білімін бағалау, тестілеу, кері байланыс беру, тапсырмалар мен материалдарды тарату процестері автоматтандырылған жүйелер арқылы жүзеге асады. Мұғалімдер үшін әртүрлі ақпараттық жүйелер мен платформаларды пайдалану уақытты үнемдеуге және жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл ұстаздарға өздерінің кәсіби дамуын бақылап, нәтижелерін бағалауға көмектеседі.

4. Өзін-өзі дамыту және жеке білім алу мүмкіндіктері: Цифрлық педагогика мұғалімдерге өздерінің кәсіби дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Интернеттегі ресурстар мен онлайн-курстар арқылы педагогтар өз білімін үздіксіз жаңартып, қажетті дағдыларды игере алады. Мұғалімдер үшін арнайы әзірленген онлайн тренингтер мен сертификаттау бағдарламалары кәсіби білім мен тәжірибені арттыруға мүмкіндік береді. Бұл процес педагогтарды оқытудың заманауи әдістері мен технологияларымен таныстырып, олардың жеке және кәсіби дамуына ықпал етеді.

Цифрлық педагогика үздіксіз білім алу процесін бірнеше маңызды аспектілерде жетілдіреді:

Жылдам ақпарат алмасу. Интернет пен цифрлық ресурстар арқылы педагогтар әртүрлі оқу материалдарын жылдам тауып, өздерінің білімдерін толықтыра алады. Оқу әдістемелері, жаңа зерттеулер мен жаңалықтар үнемі жаңартылып отырады, бұл педагогтардың үздіксіз дамуына мүмкіндік береді.

Гибридті оқыту әдісі. Цифрлық құралдардың арқасында педагогтар қашықтан оқыту және дәстүрлі оқытуды біріктіре отырып, әртүрлі оқыту формаларын қолдана алады. Бұл әдіс білім беру процесін жан-жақты және икемді етеді, сонымен қатар мұғалімдерге өз білімі мен дағдыларын түрлі тәсілдер арқылы жетілдіруге мүмкіндік береді.

Өзін-өзі бағалау және талдау. Цифрлық құралдар мұғалімдерге өз жұмысының нәтижелерін бақылап, бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер өз жұмысын талдай отырып, кәсіби даму бағыттарын анықтай алады және қажет болса, өз білімін жетілдіруге бағытталған шаралар қабылдай алады.

Цифрлық педагогика педагогтың үздіксіз дамуына айтарлықтай әсер етеді. Ол педагогтардың жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді игеруін, уақытты тиімді басқаруын, әрі өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық құралдар мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, оқу процесін тиімді етеді. Педагогтың үздіксіз білім алу процесін жетілдіру үшін цифрлық педагогиканы толық көлемде пайдалану маңызды, себебі ол оқыту сапасын арттырудың, жаңа мүмкіндіктерге жол ашудың тиімді құралы болып табылады. Сонымен қатар қазіргі заманғы талаптар бойынша білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби шеберліктерін үздіксіз арттырып отыруы қажет. Педагогтар қоғамның ең маңызды мамандары болғандықтан, олардың үздіксіз кәсіби дамуына мемлекет тарапынан қолдау көрсету — бұл білім беру сапасын арттырудың, елдің болашағына инвестиция салудың негізгі жолы болып табылады.

Педагогтер - бұл білім берудің негізгі құрылымдары, олар өз кәсіби деңгейлерін көтеріп, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруі қажет. Педагогтың үздіксіз дамуы дегеніміз - оқу

үдерісіндегі жаңашылдықтарды меңгеру, оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын қолдана білу және өз жұмысын сапалы орындау үшін қажетті дағдыларды үнемі жетілдіру. Сонымен қатар, үздіксіз білім алу педагогтың тұлғалық дамуына да ықпал етеді, өйткені ол жаңалықтарға ашық болуды, өзгерістерге икемделуді талап етеді. Мемлекет педагогтарды қолдай отырып, білім беру сапасының жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етеді, жастардың білім алуына мүмкіндіктер туғызады, сонымен қатар қоғамдағы білім беру жүйесінің тұрақтылығын арттырады. Бұл педагогтардың еңбек жағдайларын жақсарту, олардың кәсіби дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруға жағдай жасау арқылы жүзеге асады. Мемлекет педагогтардың кәсіби дамуын қолдау мақсатында түрлі бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасында да осы бағытта бірқатар маңызды шаралар қабылдануда:

1. Мұғалімдерді даярлау және қайта даярлау жүйесі. Мемлекет мұғалімдер үшін арнайы кәсіби дамыту курстарын, семинарлар мен тренингтерді ұйымдастырады. Сонымен қатар, педагогтарға жоғары оқу орындарында білімін арттыруға немесе қосымша мамандық алуға мүмкіндіктер беріледі. Қазақстанда мұғалімдерге арналған түрлі сертификаттау жүйелері бар, олардың ішінде Білім беру сапасын бағалау агенттігі ұсынған «Ұстаз» бағдарламасы мен кәсіби даярлау курстары, сонымен қатар педагогтардың біліктілігін арттыруға арналған онлайн ресурстар да бар.

2. Қаржылай қолдау және ынталандыру. Мемлекет педагогтардың кәсіби дамуына қаржылай көмек көрсету шараларын да қарастырады. Бұған ұстаздарға арналған мемлекеттік гранттар, жоғары оқу орындарындағы білім беру ақысына жеңілдіктер, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға арналған гранттар жатады. Сонымен қатар, кәсіби жетістіктері үшін мұғалімдерге әртүрлі сыйлықтар мен марапаттар беріледі. Бұл ынталандыру педагогтардың өз білімдерін жетілдіруге деген қызығушылығын арттырады және олардың кәсіби дамуына қосымша серпін береді.

3. Кәсіби ұйымдар мен қауымдастықтардың қолдауы. Мемлекет тарапынан педагогтардың кәсіби қауымдастықтарын дамыту да үлкен мәнге ие. Білім беру саласындағы қауымдастықтар мен ұйымдар мұғалімдер үшін оқыту мен тәжірибе алмасудың маңызды алаңы болып табылады. Педагогтар өз тәжірибелерімен бөлісуге, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруге, білім алу барысында бір-біріне қолдау көрсетуге мүмкіндік алады. Қазақстанда мұндай қауымдастықтар мен ұйымдар түрлі тақырыптарда семинарлар, вебинарлар, конференциялар ұйымдастырады, бұл педагогтардың кәсіби дамуына үлкен көмек көрсетеді.

4. Мұғалімдердің еңбек жағдайларын жақсарту. Мемлекет педагогтардың еңбек жағдайларын жақсартуға да айрықша көңіл бөледі. Бұл олардың еңбек шарттары мен әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етумен байланысты. Әлеуметтік қорғау бағдарламалары арқылы ұстаздар денсаулық сақтау, зейнетақы жинақтары және басқа да әлеуметтік жағдайлармен қамтамасыз етіледі. Мұғалімдердің еңбек жағдайлары жақсарған сайын олар жұмысына деген қызығушылығы артып, кәсіби дамуға деген ынтасы да күшейеді. Педагогтардың үздіксіз дамуына мемлекет тарапынан жасалатын қолдау білім беру жүйесінің сапасын арттырудың маңызды құралы болып табылады. Мұғалімдердің кәсіби дамуына арналған бағдарламалар мен гранттар, қаржылай ынталандыру, кәсіби қауымдастықтар мен ұйымдар тарапынан көрсетілетін қолдау — педагогтардың өз жұмысын жетілдіріп, оқушыларға жоғары деңгейде білім беруіне мүмкіндік береді. Бұл ұстаздардың еңбек жағдайларын жақсарту арқылы олардың кәсіби деңгейін арттырып, жалпы қоғамның дамуына үлкен әсер етеді. Сондықтан, мемлекет педагогтардың үздіксіз дамуын қолдау арқылы елдің болашағына негіз қалауда маңызды рөл атқарады. Педагогтың үздіксіз білім алу процесі - оның кәсіби шеберлігін арттырудың, жеке тұлғалық дамудың және білім беру сапасын жақсартудың негізі. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен инновациялар педагогтарға жаңа мүмкіндіктер мен міндеттер жүктейді, сондықтан үздіксіз білім алу олардың күнделікті жұмысында маңызды рөл атқарады. Білім алу арқылы мұғалімдер тек кәсіби білім мен дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар өздерінің тұлғалық дамуында маңызды

қадамдар жасайды. Осылайша, үздіксіз білім алу – педагогтың шеберлігін арттырудың, қоғам мен оқушылардың қажеттіліктеріне жауап берудің тиімді құралы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Жамбылова С.Ж. «Педагогика: теориясы мен әдістемесі» – Алматы: Білім 2018ж. – 16 б.

2. Қуанышева Г.Н. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі инновациялар – Алматы, 2019ж. – 23-27 б.

3. Гаффарова М.Б. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогтың кәсіби дамуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017ж – 320б

4. С.Қ. Әбенова, Педагогикалық кәсіптік даму жолдары. – Астана, 2018ж, 65б.

5. Құрманалиева, Ш.Б. «Педагогтың тұлғалық өсуі және оның кәсіби құзыреттіліктері» – Алматы, 2020ж – 45-50б.

6. Мусина Б.Қ. «Педагог тұлғасының кәсіби дамуы» – Астана, 2021ж – 57-66 б.

7. Мейірбекова Б.А. «Жалпы білім беретін мектептегі педагогтың кәсіби біліктілігі» – Алматы, 2016ж – 8б.

8. Ысқақова А.К. Қазақстандағы педагогикалық білім беру мен үнемі даму жүйесі – Қарағанды, ҚарМТУ баспасы, 2020ж

9. Титова Н.М. Педагогикалық білім берудегі үздіксіз даму тәжірибелері – Мәскеу, Высшая школа 2017ж 25-28б

УДК 37.01

МЕКТЕПТЕ САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Анетова А.М., Кенжетай Ә.Б
Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдері
aigerimanetova19@gmail.com
«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Ақтөбе қаласы, Ақтөбе қ.ҚР

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде сандық технологиялар мен ресурстар білім алуды жеңілдетіп, оны қызықты әрі тиімді етеді. Сандық білім беру ресурстары – бұл әртүрлі электронды оқулықтар, онлайн платформалар, мобильді қосымшалар, интерактивті бағдарламалар және веб-сайттар арқылы ұсынылатын оқу материалдары

XXI ғасыр – ақпараттық технологиялар дәуірі. Бұл кезеңде білім беру саласы да жылдам қарқынмен дамып келеді және осы даму барысында ақпараттық технологиялардың рөлі ерекше маңызға ие болды. Мектептерде ақпараттық технологияларды қолдану тек оқу процесін әртараптандырып қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың компьютерлік сауаттылығын арттыра отырып, оларды болашақтағы өмірге дайын етеді.

Технологиялық құралдар оқыту процесін интерактивті, қызықты және ақпаратқа бай етеді. Олар оқушылардың жеңіл ақпарат алуға, сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруге және оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал жасайды. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар мұғалімдер үшін тиімді құрал болып табылады, себебі олар сабақтарды жоспарлауда, оқу материалдарын жеткізуде және оқушылардың нәтижелерін бағалауда біршама уақыт пен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда мектептегі білім беру ісіне инновациялық технологияларды енгізу – заманның талабы. Оқушыларға әлемнің әр түкпіріндегі ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігі, виртуалды зертханалар мен симуляциялар арқылы күрделі ұғымдарды тереңіне дейін ұғынып, өз күшімен зерттеу қабілеттері қамтамасыз етіледі. Бұл үрдіс оқушылардың білім сапасын

арттыруға, шығармашылық пен кәсіби дағдыларын дамытуға үлкен серпін береді.
Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өндеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар (АКТ) білім беру саласында түбегейлі өзгерістер әкелуде. Сандық ресурстардың, онлайн платформалардың және жасанды интеллекттің дамуы білім беру жүйесін жетілдіруде жаңа мүмкіндіктер ашып отыр.

АКТ-ның білім берудегі рөлі. Ақпараттық технологиялар білім беру саласында бірнеше маңызды өзгерістерге ықпал етеді:

✓ қолжетімділік – интернет арқылы білім кез келген жерде және кез келген уақытта қолжетімді болды;

✓ дараландыру – әрбір оқушының қажеттілігіне қарай бейімделген оқыту жүйелері дамуда; интерактивтілік – мультимедиялық ресурстар мен ойын түріндегі оқыту әдістері білімді жеңіл қабылдауға көмектеседі;

✓ қашықтықтан оқыту – пандемия кезінде өзектілігі артып, оқыту форматының ажырамас бөлігіне айналды.

АКТ-ның мектептегі рөлі: мектептерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқыту мен басқару процестерін жақсартуға ықпал етеді:

Сандық білім беру ресурстары: мектептерде электронды оқулықтар, интерактивті тақталар және онлайн платформалар оқушылардың оқу үлгерімін арттыруға көмектеседі.

Оқытудың заманауи әдістері. АКТ оқушыларға өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Виртуалды зертханалар мен симуляциялар күрделі пәндерді меңгеруді жеңілдетеді.

Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттестік. АКТ арқылы мұғалімдер мен оқушылар бір-бірімен онлайн платформада байланысып, үй тапсырмалары мен бағаларды цифрлық жүйелер арқылы басқара алады.

Бағалау және мониторинг. Ақпараттық жүйелер оқушылардың үлгерімін қадағалауға, олардың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл деректерді талдау арқылы білім сапасын жақсарту шараларын қабылдауға болады.

Басқару процесін оңтайландыру Электронды журналдар мен әкімшілік басқару жүйелері мектеп жұмысының тиімділігін арттырады, қағазбастылықты азайтады.

Жасанды интеллектіні мектепте қолданудың маңызы [1.25]

Жасанды интеллект (ЖИ) – білім беру процесін жетілдірудің маңызды құралдарының бірі. Оның мектепте қолданылуы білім сапасын жақсартуға және оқыту әдістерін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Негізгі маңыздылығы келесі бағыттарда көрінеді:

Жекелендірілген оқыту жасанды интеллект әр оқушының білім деңгейіне, оқыту қарқынына және қажеттіліктеріне бейімделген жеке оқу жоспарын ұсынуға көмектеседі. Бұл оқушыларға тиімді білім алуға және өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

Автоматты бағалау және кері байланыс жасанды интеллект тесттерді, жазбаша жұмыстарды және басқа тапсырмаларды жылдам бағалап, нақты уақыт режимінде кері байланыс ұсына алады. Бұл мұғалімдерге уақыт үнемдеуге, ал оқушыларға өз қателерін жедел түзетуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың үлгерімін талдау жасанды интеллект оқушылардың оқу үлгерімі туралы деректерді жинап, олардың әлсіз және күшті жақтарын анықтайды. Мұғалімдер осы ақпарат негізінде оқыту әдістерін реттей алады.

Интерактивті оқыту құралдары жасанды интеллект негізіндегі виртуалды көмекшілер мен чат-боттар оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, күрделі тақырыптарды қарапайым тілмен түсіндіре алады. Бұл өздігінен оқуға ынталандырады.

Инклюзивті білім беру мүмкіндіктері жасанды интеллект ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін оқыту материалдарын бейімдеп, дауыстық көмекшілер, мәтінді дыбыстау және басқа да қолдау құралдарын ұсынады.

Оқу процесін оңтайландыру мұғалімдер жасанды интеллект көмегімен сабақ жоспарларын құру, оқу материалдарын таңдау және оқыту әдістерін жақсарту мүмкіндігіне ие болады. Бұл білім беру процесінің тиімділігін арттырады.

АКТ-ның оқушыға әсері: ақпараттық технологиялардың білім беру процесіне енуі оқушылардың білім алу әдістеріне айтарлықтай ықпал етеді. Оның негізгі әсерлері:

Оқуға деген мотивацияны арттыру. Интерактивті сабақтар, ойын түріндегі оқыту және бейне-сабақтар оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін қызықты етеді.

Өзіндік білім алуға жағдай жасау. Оқушылар интернет арқылы қосымша ақпаратқа қол жеткізіп, өз бетімен зерттеу жүргізуге мүмкіндік алады. Бұл шығармашылық ойлау мен зерттеушілік дағдыларын дамытады.

Ақпаратты жылдам өңдеу және талдау қабілетін дамыту АКТ арқылы алынған мәліметтерді сұрыптау, талдау және тиімді пайдалану оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын жетілдіреді.

Уақытты тиімді пайдалану онлайн платформалар үй тапсырмаларын орындау және сабақ материалдарын меңгеру уақытын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Киберқауіпсіздік және ақпараттық мәдениет оқушылар АКТ-ны қолдану арқылы интернеттегі қауіптерді түсініп, ақпараттық гигиена мен киберқауіпсіздік ережелерін сақтауды үйренеді.

Қорытындылай келе, ақпараттық технологиялар білім беру саласының болашағын айқындайтын басты факторлардың бірі болып табылады. Оның әлеуетін толық пайдалану үшін инфрақұрылымды дамыту, педагогтарды АКТ-ға бейімдеу және қауіпсіздік шараларын күшейту қажет. Жасанды интеллектіні мектептерде тиімді қолдану оқу процесін жақсартып, оқушылардың үлгерімін арттырып, мұғалімдердің жұмысын жеңілдетеді. Болашақта технологиялық жетістіктер білім беру процесін тиімді, қолжетімді және қызықты ететіндігі сөзсіз.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Сандық білім беру ресурстарын мектепте қолдану – заман талабы. Ол оқыту үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың дағдыларын дамытып, оларды болашаққа дайындайды. Сондықтан мектептерде цифрлық технологияларды кеңінен енгізу маңызды.

Әдебиеттер:

1. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

2. Интернет көзі

ӘОЖ-378

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ СТРЕСТІ БАСҚАРУ ЖОЛДАРЫ

Жеңіс Г.Т., Манатпек А., Сейтханова Г.Е.

п.ғ.м., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ. Қазақстан

Қазіргі қоғамда білім-елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының басты факторы. Соның ішінде, жоғары оқу орындарында стресс-студенттердің оқу процесінде жиі кездесетін психологиялық мәселе. Әрине, студенттік өмір-білім алудағы маңызды кезеңдердің бірі. Алайда, бұл кезең студенттердің өмірінде тек жаңа мүмкіндіктермен ғана емес, сонымен қатар академиялық стресспен де ерекшеленеді. Оқу жүктемесі, емтихандарға дайындық, уақытты басқару, қаржылық мәселелер және әлеуметтік қысымдар студенттердің психологиялық жағдайына әсер етуі мүмкін. Академиялық стресс студенттердің оқу үлгеріміне ғана емес, олардың денсаулығы мен әлеуметтік өміріне де әсер етеді. Қазақстанның жастары елдің болашағының негізі болып табылады. Қазақстанның экономикалық дамуы жоғары білікті мамандарға тікелей байланысты. Сондықтан бұл мәселені шешу-елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың бір жолы.

2024 жылы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жолдауында оқыту бағдарламаларын жетілдіру мен студенттердің сапалы білім алуы үшін тиімді шараларды қолға алуды ұсынды. Бұл оқу үдерісіндегі шамадан тыс жүктемені азайтып, жастардың психологиялық денсаулығын жақсартуға ықпал етеді. Жастардың өмір сапасын жақсарту үшін жатақханалар, кампустар және басқа инфрақұрылымдар салу жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Бұл студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсарту және олардың эмоционалдық күйін тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Университеттерде психологиялық көмек көрсету жүйесін дамыту қажеттілігі атап өтілді. Бұл студенттердің стресске төзімділігін арттырып, академиялық қысымнан туындаған мәселелерді азайтуға көмектеседі- [1].

Стресс – бұл организмнің сыртқы және ішкі тітіркендіргіштерге (стрессорларға) физиологиялық, психологиялық және мінез-құлықтық реакциясы. Бұл ұғымды алғаш рет канадалық ғалым Ганс Селье 1936 жылы енгізген. Ол стресс организмнің кез келген өзгеріске (физикалық немесе эмоционалды) жауап беруі екенін анықтады. «Күйзеліс» дегеніміз R. Lazarus (1984) және S. Folkman берген анықтама бойынша, «адамдардың күйзелістердің сыртқы немесе ішкі талаптарына жауап беру үшін қолданатын ойлары мен әрекеттері». Ал, R. Blonna (2005) бойынша, «күйзеліс» - ол «жеке адам мен стрессордың арасындағы біртұтас транзакция, және ол дененің күйзеліске жауап беруін жұмылдырады.

Селье стрессті «бейімделу синдромы» ретінде сипаттап, оны үш кезеңге бөлді:

1.Дағдарыс (алаңдаушылық) кезеңі – организм стрессорға жауап ретінде кортизол, адреналин секілді гормондарды бөледі, жүрек соғысы жиілейді, қан қысымы көтеріледі

2. Төзімділік кезеңі – организм стрессорға бейімделуге тырысады, бірақ ұзақ уақыт жалғасса, денсаулыққа кері әсер етеді.

3. Шаршау (әлсіреу) кезеңі – стресс тым ұзақ немесе тым қарқынды болған жағдайда, организмнің ресурстары таусылып, иммунитет әлсірейді, психикалық және физикалық аурулар дамуы мүмкін.

Ғылыми тұрғыда стресс екі негізгі түрге бөлінеді:

Практическое применение техник визуализации и развития воображения в образовательном процессе может включать использование ментальных карт, визуальных метафор, графических органайзеров и других визуальных инструментов. Эти техники могут быть особенно полезны для детей с различными нарушениями развития, способствуя развитию пространственного мышления, улучшению памяти и внимания.

Перспективы дальнейших исследований в области нейропедагогики мечтаний включают изучение влияния различных факторов (возраст, пол, культурные особенности) на эффективность техник визуализации и развития воображения. Также необходимо разработать и апробировать новые методы и технологии для применения этих знаний в образовательном процессе.

Практические рекомендации для педагогов включают:

Использование визуальных материалов и техник в процессе обучения.

Поощрение детей к развитию воображения и креативности.

Индивидуальный подход к каждому ребенку с учетом его особенностей и потребностей.

Создание благоприятной образовательной среды, стимулирующей творческое мышление.

Ограничения данного исследования включают обзорный характер статьи, что не позволяет провести глубокий анализ всех аспектов темы. Однако, данная работа может служить отправной точкой для дальнейших исследований в области нейропедагогики мечтаний и ее практического применения в образовательном процессе.

Литература:
1. Выготский Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте: Психол. очерк: Кн. для учителя. — 3-е изд. — М.: Просвещение, 1991. —93 с
2. Kosslyn, S. M., Ganis, G., & Thompson, W. L. (2001). Neural foundations of imagery. Nature Reviews Neuroscience, 2(9), 635-642.
3. Paivio A. Imagery and Verbal Processes. Lawrence Erlbaum Associates; 1979. - 6 – 608.
4. Miller, E. K., & Cohen, J. D. (2001). An integrative theory of prefrontal cortex function. Annual review of neuroscience, 24(1), 167-202
5. Hassabis, D., & Maguire, E. A. (2007). Deconstructing episodic memory with construction. Trends in cognitive sciences, 11(7), 299-306.
6. Лурия, А. Р. Нейропсихология памяти. М.: Педагогика. 1974. — 504 с
7. Иваницкий Г.А., Наумов Р.А., Иваницкий А.М. Технология определения типа совершаемой в уме мысленной операции по рисунку электроэнцефалограммы. Технологии живых систем. — 2007. Т. 4. В. 5-7. — 20-28 с.
8. Draganski, B., Gaser, C., Busch, V., Schuierer, G., Bogdahn, U., & May, A. (2004). Neuroplasticity: changes in grey matter induced by training. Nature, 427(6972), 311-312.
9. Бьюзен Т. Ультимативная книга интеллект-карт / Пер. с англ. — HarperCollins, 2006. — 256 с.
10. Торгаева, О.О. Нейропсихологические методы в образовании.

ӘОЖ 378

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БЛОГИНГТЫҢ РӨЛІ

Г.Т. Жеңіс, А.М. Жумабаева, Жамауова А.М.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

Білім беру – қоғамның дамуын айқындайтын негізгі салалардың бірі. Қазіргі уақытта интернет және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру процесіне үлкен өзгерістер енгізді. Дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар, білім беру блогингі кеңінен қолданыла бастады. Бұл – оқушылар мен студенттерге қажетті ақпаратты қолжетімді әрі қызықты түрде жеткізудің заманауи тәсілі.

Білім беру блогингінің бірнеше өзектілігі бар. Атап өтсек, оқушылар мен студенттердің өз бетінше білім алуына мүмкіндік беру - әр студент немесе оқушы өзіне ыңғайлы және тиімді тәсілмен жаңа ақпаратты алатын мүмкіндігі бар. Ақпаратты түсінікті, қысқа әрі қызықты форматта ұсынылуы – ақпараттың жеңіл қабылдануына ықпал етеді. Қашықтықтан білім алу мүмкіндігін кеңейту – студент немесе оқушылар өзіне ыңғайлы жерде және уақытта білім нәрін сусындана алады. Ұстаздар мен оқушылар арасындағы интерактивті байланысты нығайту – еркін формада оқушылармен сенімді қарым-қатынасты орнату арқылы оқу процессін жүргізу.

Алайда, білім беру блогингінің кейбір қиындықтары да бар. Мысалы, сапасыз контенттің көбеюі, авторлық құқық мәселелері және оқушылардың интернетке тәуелділігі. Оқушылардың тез ақпаратқа мұқтаждығының пайда болуының әсерінен өздігінен ізденудің азаюы мәселесін де атамаса болмас. Осы мәселелерді шешу үшін сапалы білім беру платформаларын дамыту, ұстаздардың блогингке бейімделуіне жағдай жасау және оқушылардың ақпаратты дұрыс сүзгіден өткізу дағдыларын қалыптастыру қажет.

Қазіргі уақытта білім беру блогингі мен онлайн платформалар білім алудың маңызды бөлігіне айналды. Дегенмен, оның артықшылықтарымен қатар белгілі бір кемшіліктері де бар.

Білім берудегі блогингтың артықшылықтары:

1. Ақпараттың қолжетімділігі – оқушылар мен студенттерге оқу материалдары кез келген уақытта, кез келген жерде қолжетімді.

2. Көру арқылы қабылдау – көптеген оқушылар ақпаратты бейне, инфографика, анимация арқылы тез түсінеді.

3. Кері байланыс алу мүмкіндігі – оқушылар мен мұғалімдер онлайн пікір қалдырып, сұрақ қоя алады. Нәтижесінде, сенімді қарым-қатынас орнатылады.

4. Уақыт пен ресурстарды үнемдеу – мұғалімдер сабақ материалдарын бір рет дайындап, оны көптеген оқушылармен бөлісе алады.

5. Қызықты формат – ойын элементтері, тесттер мен интерактивті тапсырмалар оқушылардың мотивациясын арттырады.

6. Өз бетімен білім алу мүмкіндігі – оқушылар мен студенттер өздеріне ыңғайлы жылдамдықпен оқи алады.

Мұғалімдер үшін қосымша мүмкіндік – мұғалімдер блогинг арқылы өз тәжірибесімен бөлісіп, қосымша табыс таба алады. Осылайша, блогинг арқылы мұғалім өз біліктілігін арттыра алады.

Білім берудегі блогингтің кемшіліктері:

1. Ақпараттың сенімсіздігі – барлық білім беру блогтары мен платформалар сенімді емес, кейбіреулерінде қате немесе бұрмаланған ақпарат болуы мүмкін. Бұл адастыруға дейін жеткізетін қауіпі бар.

2. Мұғалім мен оқушы арасындағы тікелей қарым-қатынастың жетіспеуі – онлайн сабақтарда оқушы мен мұғалім арасындағы тікелей байланыс әлсірейді, бұл материалды түсіну процесіне кері әсер етуі мүмкін, шынайы өмірдегі коммуникациядан қашуға алып келуі мүмкін.

3. Барлық оқушылар үшін қолжетімді болмауы – кейбір оқушылардың интернетке немесе қажетті құрылғыларға қолжетімділігі шектеулі болуы мүмкін. Айта кетсек, маңызды сәттерде(тест, экзамен) желінің тұрақсыздығы қатты кедергі алып келуі мүмкін.

4. Зейіннің төмендеуі – онлайн форматта оқу кезінде оқушылардың назарын басқа нәрселерге аударып, шоғырлану қабілеті төмендеуі ықтимал.

5. Практикалық білімнің жетіспеуі – білім беру блогингінде теориялық ақпарат жеткілікті болғанымен, іс жүзінде орындауды қажет ететін пәндер үшін (мысалы, химия, физика, биология) тәжірибе жасау қиын.

6. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылық деңгейінің әртүрлілігі – барлық мұғалімдер блог жүргізуге дайын емес, себебі оларға техникалық дағдылар мен арнайы дайындық қажет.

7. Жарнама мен коммерциялану мәселесі – кейбір білім беру блогтары мен платформалар сапалы контенттен гөрі пайда табуға басымдық береді, бұл білімнің сапасына әсер етуі мүмкін.

Қазақстандағы білім беру платформалары және блогингтің дамуы.

Қазақстанда білім беру платформалары мен блогингке бағытталған жобалар белсенді түрде дамып келеді. Олардың ішінде JUZ40, Bilimland және Opiq.kz ерекше орын алады.

JUZ40 – мектеп оқушылары үшін заманауи білім беру платформасы. JUZ40 – Қазақстандық білім беру платформасы, ол 5-11 сынып оқушыларына арналған онлайн курстарды, бейне сабақтарды және тесттерді ұсынады. Бұл платформа оқушыларға ҰБТ-ға дайындалуға, мектеп бағдарламасын меңгеруге және қосымша білім алуға көмектеседі.

JUZ40 платформасының ерекшеліктері:

- Математика, физика, химия, тарих сияқты пәндерден қазақ және орыс тілдерінде видеосабақтар;
- ҰБТ-ға дайындыққа арналған тесттер мен жаттығулар;
- Оқушылар мен мұғалімдер үшін қолжетімді әрі сапалы материалдар.

JUZ40 оқушылардың өз бетінше білім алуын жеңілдетіп, мұғалімдерге қосымша ресурстар ұсынуға мүмкіндік береді.

Bilimland – Қазақстандағы ең ірі білім беру платформаларының бірі. Ол мектеп оқушылары, мұғалімдер мен ата-аналар үшін интерактивті білім беру материалдарын ұсынады.

Bilimland платформасының артықшылықтары:

- 4000-нан астам бейне сабақтар мен тесттер;
- Анимацияланған оқу материалдары мен интерактивті тапсырмалар;
- Мұғалімдерге арналған әдістемелік материалдар мен тренингтер.

Bilimland.kz платформасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу бағдарламасына сәйкес жасалған. Оқушылар платформа арқылы үй тапсырмаларын орындай алады, ал мұғалімдер сабақ жоспарларын тиімді құруға мүмкіндік алады.

Opiq.kz – цифрлық оқулықтар платформасы. Opiq.kz – бұл Қазақстандағы мектеп оқушылары мен мұғалімдерге арналған цифрлық оқулықтар мен интерактивті тапсырмалар платформасы.

Opiq.kz платформасының ерекшеліктері:

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен цифрлық оқулықтар;
- Оқушылардың оқу процесін бақылау мүмкіндігі;
- Мұғалімдер үшін ыңғайлы құралдар (үй тапсырмасын беру, тест құру және бағалау).

Бұл платформа оқушыларға дәстүрлі оқулықтарды алмастырып, заманауи білім беру әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Назарбаев Университетінің зерттеуіне сүйенсек, онлайн білім беру платформаларының тиімділігі көбінесе оқытудың әдістемесі мен технологиялық мүмкіндіктеріне байланысты. Мысалы, студенттердің бейімделу деңгейі, интернет жылдамдығы, құрылғыларға қолжетімділік сияқты факторлар оқыту сапасына тікелей әсер етеді.

Онлайн платформаларда оқушылардың ынтасын арттыру үшін геймификация элементтері енгізіледі. Мысалы, BilimLand платформасы бейне сабақтар, тесттер және анимациялық материалдар арқылы оқушылардың қызығушылығын сақтауға тырысады. Бірақ интернетке тәуелділік, мұғаліммен тікелей қарым-қатынастың азаюы, жалған ақпараттың таралу қаупі сияқты мәселелер шешілуді қажет етеді.

Цифрлық білім беру дамыған сайын, мұғалімдер мен оқушыларға арналған блогинг те кеңінен қолданыла бастады. Pedagogical Science Journal зерттеуі бойынша, мұғалімдер әлеуметтік желілерде блог жүргізу арқылы өз тәжірибесімен бөлісіп, білім беру әдістерін жаңартуға мүмкіндік алады.

Болашақта білім беру блогингінде жасанды интеллект (ChatGPT, Google Bard) сияқты технологиялар кеңінен қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR/AR) білім беру саласына ене бастады.

Сонымен қатар, онлайн білім беру платформалары Қазақстандағы оқу жүйесін жетілдіруге үлес қосып отыр, цифрлық технологияларды енгізу оқушылардың өздігінен білім алуына жол ашады. Алайда, мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру – басты міндеттердің бірі.

Қазіргі таңда онлайн оқыту мен дәстүрлі сыныптық білім берудің үйлесімі – ең тиімді модельдердің бірі саналады. World Economic Forum зерттеуіне сәйкес, аралас оқыту (blended learning) әдісі оқушылардың теориялық білімді онлайн түрде меңгеріп, тәжірибелік дағдыларды офлайн сабақтарда жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Білім беру блогерлері және олардың рөлі.

Платформалардан бөлек, Қазақстанда білім беру блогерлері де білімді таратуда үлкен рөл атқарады.

Белгілі қазақстандық білім блогерлері:

1. Алибек Мырзабеков (математика бойынша блогер, YouTube-та сабақтар түсіреді);
2. Қуаныш Қожабеков (ҰБТ-ға дайындық бойынша контент жасайды);
3. Индира Ажигалиева (Bilimland платформасында мұғалімдерге арналған кеңестер береді).

Олар оқушылар мен мұғалімдерге арналған сапалы контент ұсынып, білім беру процесін жеңілдетуге көмектеседі. Аталып өткен блогерлердің көмегімен еліміздің мыңдаған

оқушылары ҰБТ-дан өте жақсы көрсеткіш көрсетіп, қалаған оқу орындарына түсуде. Бұл тұлғаларды жастар қатары үлгі көріп, алдағы уақытта өздері де кейінгі ұрпаққа көмек беруге шабыттануда.

Білім беру блогингінің маңызы зор болғанымен, бірқатар мәселелерді шешу қажет:

1. Білім беру блогерлерінің кәсіби деңгейін арттыру – мұғалімдерге әлеуметтік желілерде контент жасауды үйрететін курстар ұйымдастыру қажет.

2. Оқушыларды сапалы контент таңдауға үйрету – балаларға ақпараттың дұрыстығын тексеру дағдыларын қалыптастыру керек.

3. Интерактивті платформаларды дамыту – білім беру платформалары ойын элементтерін, жасанды интеллектті және жаңа технологияларды қолдануы тиіс.

4. Мұғалімдер мен блогерлердің ынтымақтастығын нығайту – мұғалімдер мен білім беру блогерлері бірлесе жұмыс істеп, сапалы контент жасауға атсалысуы қажет.

Білім беру блогингі қазіргі таңда оқыту мен білім берудің маңызды құралдарының біріне айналды. Оның артықшылықтары айтарлықтай көп болғанымен, кемшіліктері де жоқ емес. Алайда, өмірдегідей кез келген салада тепе-теңдік пен үйлесімділік сақталса бірталай жетістікке жетуге болатынына кәміл сенеміз.

Білім беру блогингінің сапасын арттыру үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

1. Мұғалімдер мен білім беру блогерлерінің кәсіби деңгейін көтеру. Беріліп жатқан білімнің кәсіби бекітілуін, ғылыми нақтылығына әрқашан көз жеткізіп отыру.

2. Оқушыларды сапалы контент таңдауға үйрету. Оларды өздеріне қажетті білімжі өздігінше таңдау арқылы жауапкершілікке баулу.

3. Интерактивті платформаларды дамыту.

4. Білім беру блогерлері мен мұғалімдердің ынтымақтастығын нығайту.

Алдағы уақытта бұл бағытта жаңа технологияларды енгізу, мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру маңызды болмақ. Осылайша, білім беру блогингі мен онлайн платформалар білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айнала береді.

Әдебиеттер:

1. Науменко Л. С. Педагогический блогинг как средство развития обучающихся: новое прочтение устоявшейся темы //Комплексные исследования детства. – 2024. – Т. 6. – №. 2. – С. 117-126.

2. Josué A. et al. Educational Platforms: Digital Tools for the teaching-learning process in Education //Ibero-American Journal of Education & Society Research. – 2023. – Т. 3. – №. 1. – С. 259-263.

2. Рахметов М. Е., Садвакасова А. К. Білім беруде қолдануға арналған онлай платформалар //Известия. Серия: Педагогические науки. – 2022. – №.1. http://doi.org/10.48371/PEDS.2022.64.1.006

3. Садвакасова А. К., Рахметов М. Е. Обзор платформ для организации дистанционного обучения в Казахстане //Материалдар жинағы. – 2022. – С. 241-248.

4. Березина Е. М., Баскова Е. В. Особенности и свойства образовательных блогов (на примере США) //Социальные и гуманитарные науки: теория и практика. – 2019. – №. 1 (3). – С. 195-201.

5. Сизова О.А., Козлова И.М., Кислова О.Н. Блогинг как средство обучения в условиях профессиональной подготовки учителя нового поколения //Проблемы современного педагогического образования. – 2023. – №. 80-3. – С. 254-257.

ӘОЖ 378

ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰЛҒА АРАЛЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Сержанұлы Біржан
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығы мамандығының 1 курс докторанты

Қазіргі таңда эмоциялық интеллект феноменін, оның құрылымын, даму жолдарын одан әрі терең зерттеу өзекті, себебі аталған құбылыс – тұлға аралық өзара әрекеттесу үдерісінде адамдар арасында туындайтын эмоциялық үрдістер мен жай-күйлерді терең ұғыну арқылы адамдармен қарым-қатынасты оңтайландыру мүмкіндігін ашады. Сондықтан, эмоциялық интеллектіні тұлға бойында дамытуды біртұтас қоғамда психологиялық мәдениетті арттырудың маңызды факторы ретінде қарастыруға болады.

«Эмоциялық интеллект» ұғымына әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Дамыған тұлғаның психологиялық денсаулығының басты көрсеткіші - осы эмоционалдық интеллект феномені. Жалпы жан мен ойдың тоғысу мәселесіне тарихи көз жүгіртер болсақ ежелгі грек, шығыс философтарының еңбектерінен кездестіруге болады.

Эмоциялық интеллект – психология ғылымында қарқынды зерттеу нысанына айналған өзекті мәселелердің бірі. Эмоционалды интеллект идеясы Э.Торндайк, Дж.Гилфорд, Г.Аизенк сияқты авторлар қарастырған әлеуметтік интеллект ұғымынан шықты. Қазіргі зерттеулердің бірқатары эмоция мен интеллект арасындағы өзара байланысты зерттеуге бағытталған. «Эмоциялық интеллект» психологиядағы жаңа бағыттардың біріне кіреді. Г. Гарднер мен П. Сэловей ұсынған эмоциялық интеллект ұғымы мыналарды қамтиды: өзіндік эмоцияларды тану; эмоцияларды басқара алу; өзіндік мотивация; өзге адамдардың эмоциясын тани білу [1].

Эмоциялық интеллект – өзінің және өзге адамдардың эмоциясын түсіну, сондай-ақ өзгермелі қоршаған орта және өзгермелі талаптарға эмоциялық бейімделу қабілетінен тұрады. Эмоциялық интеллект деңгейі жоғары адамдар өзге адамдардың эмоциясы мен сезімдерін едәуір жақсы түсінеді, өзінің эмоциялық өрісін басқара біледі, сондықтан олардың қоғамдағы мінез-құлқы анағұрлым лайықты, икемді болып келеді әрі айналадағылармен өзара қарым-қатынаста өз мақсаттарына оңай қол жеткізеді.

Эмоциялық интеллект – адамның өзінің және өзгелердің эмоциясын түсіну және олардың эмоциялық күйіне бейімделу икемділігі. Эмоциялық интеллект идеясы Эдуард Торндайк, Джой Гилфорд, Ганс Айзенк сынды авторлар зерттеуге алған «әлеуметтік интеллект» ұғымынан шыққан. Когнитивті ғылымның қарқынды дамуына байланысты интеллектінің ақпараттық, «компьютер тәрізді» модельдеріне баса назар аударылып, ойлаудың аффективті жағына айтарлықтай мән беріле қоймады. Әлеуметтік интеллект ұғымы тану үрдісінің аффективті және когнитивті жақтарын байланыстырушы буын екендігі ескерілмеді. Кейін әлеуметтік интеллект саласы аясында адам танымын «есептеуші машина» емес, когнитивті-эмоциялық үрдіс ретінде қарайтын түсініктер қалыптаса бастады.

1990 жылы Питер Салоуей «эмоциялық интеллект» ұғымын алғаш анықтап, «Эмоциялық интеллект» атты мақаласын жарыққа шығарды. Питер Салоуей және оның авторласы Джон Майер эмоциялық интеллектіні «эмоцияда көрінетін тұлға көріністерін қабылдау және түсіну, интеллектуалды үрдістер негізінде эмоцияны басқару» ретінде анықтайды [2].

Аталған ғалымдардың анықтауынша, эмоциялық интеллект төрт бөлімнен тұрады:

1) өзінің және басқа адамның эмоциясын қабылдау немесе сезіну қабілеті;

2) өз эмоциясын ақыл-ойға бағыттау;

3) эмоция көріністерін түсіну қабілеті;

4) эмоцияны басқара білу.

Қазіргі таңда эмоциялық интеллект феноменін, оның құрылымын, даму жолдарын одан әрі терең зерттеу өзекті, себебі аталған құбылыс – тұлға аралық өзара әрекеттесу үдерісінде адамдар арасында туындайтын эмоциялық үрдістер мен жай-күйлерді терең ұғыну арқылы адамдармен қарым-қатынасты оңтайландыру мүмкіндігін ашады. Сондықтан, эмоциялық интеллектіні тұлға бойында дамытуды біртұтас қоғамда психологиялық мәдениетті арттырудың маңызды факторы ретінде қарастыруға болады. «Эмоциялық интеллект» ұғымына әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Шетелдік психологияда П. Салоуей, Дж.Мэйер

және Д. Карузо бойынша: «эмоциялық интеллект – әлеуметтік интеллектінің компоненті, өз сезімдері мен өзге адамдар сезімін қадағалау, оларды ажырата білу және ол ақпаратты өзінің ой, әрекеттерін басқару үшін қолдану қабілеті, эмоциялық интеллектінің дамуы тұлғаның үйлесімді, тұлғалық дамуына игі ықпалын тигізеді Нақтырақ айтқанда, эмоциялық интеллект – эмоциялық ақпаратты өңдеу, түсіндіру (интерпретациялау) және қолданумен байланысты интеллект түрі».

Д. Гоулман (ЭИ мәселесін анағұрлым терең зерттеген ғалымдардың бірі) [3]: «эмоциялық интеллект – тұлғаға өзін-өзі сезінуге, түрткілендіруге, көңіл-күйін басқаруға, импульстік көріністерді бақылауға, фрустрациядан бекіну, күнделікті өмірде табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін факторлар жиынтығы; өз интеллектісін көрсету тәсілі».

Р. Бар-Он: «қоршаған орта талаптары мен әсерлеріне (қысымына) оңтайлы жауап бере алу қабілеттілігі, ортаға оңай бейімделуге ықпал ететін эмоциялық, жеке және әлеуметтік қабілеттер жиынтығы» [4].

Д. Майерс [5]: «эмоциялық интеллектуалды адамдар өзіндік санасының жоғары дәрежеде дамуымен ерекшеленеді. Олар өз эмоциясына дисфункционалды депрессия, мазасыздық, ашу арқылы нұқсан келтірмеуге тырысып, өмір сүреді. Олардың жанашырлық (эмпатия) көрсете білу қабілеті айналадағы адамдардың эмоциясын дұрыс түсініп, олармен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді – олар достарына, әріптестеріне қалай қолдау көрсету керектігін, дау-жанжалды қалай шешу қажеттігін біледі».

Шетелдік психолог-зерттеушілер пікірінше, «эмоциялық интеллект» — өзінің және өзгелердің эмоциясын тани білу, оларды басқара алу; эмоцияны басқару мүмкіншілігі – адамдардың тұлға аралық өзара әрекеттесуіне анағұрлым тиімді бейімделуге көмектеседі.

Ресейлік психологиялық ғылымда «эмоциялық интеллект» ұғымын алғаш қолданған Г.Г.Гарсковая. Ғалым бұл ұғымды енгізу үшін екі негіздемені келтіреді: «интеллект» ұғымының біртекті, ұқсас болмауы және интеллектуалды операциялардың эмоциямен жасалуы [6].

И.Н. Андрееваның пікірінше, «эмоциялық интеллектіні дамыту – аса өзекті мәселе, себебі эмоцияның бейімделуші табиғаты индивидтің белсенді өмір сүруіне мүмкіндік жасап, тұлғаның белгілі бір ортаға бейімделу қабілетін және оның қоғаммен үйлесімді қатынасын арттырады.

Эмоциялық интеллект – эмоциялық ақпаратты талдауға, өңдеуге және қолдануға интеллектуалды қабілеттердің жүйелі көрінуі болып табылады. Эмоция тұлғалық құрылымдармен, тұлғалық идентілікпен тығыз байланысты, адамның негізгі мотивациялық жүйесін бейнелейді. Сондықтан, эмоциялық интеллектіні дамыту тұлғаның үйлесімді, тұлғалық дамуына зор ықпалын тигізеді».

И.Н. Андреева «эмоциялық интеллект» ұғымының шығу тарихын зерттей отырып [7], өзінің зерттеу жұмыстарының бірінде А.Р. Лазарус концепциясынан келесідей қағидаларды келтіреді [8]: әрбір эмоциялық реакцияның айрықша тану немесе бағалау қызметі бар; эмоциялық жауаптың белгілі бір синдромы бар, оның әрбір компоненті жалпы эмоциялық реакцияның қандай да бір күйін білдіреді.

Жоғарыда аталған концепция авторы Р. Лазарус пікірінше, эмоцияның пайда болу реті келесідей: «қабылдау – алғашқы бағалау – зерттеу белсенділігі – (бағаланатын жағдаяттағы эмоциялардың жеке маңызы) – екінші бағалау – әрекет жасауға тенденция – әсерлену, физиологиялық өзгерістер және моторлық реакцияларға тенденция көрінісі ретіндегі эмоция» [8].

Эмоциялық интеллект – өзінің және өзге адамдардың эмоциясын түсіну, сондай-ақ өзгермелі қоршаған орта және өзгермелі талаптарға эмоциялық бейімделу қабілетінен тұрады. Эмоциялық интеллект деңгейі жоғары адамдар өзге адамдардың эмоциясы мен сезімдерін едәуір жақсы түсінеді, өзінің эмоциялық өрісін басқара біледі, сондықтан олардың қоғамдағы мінез-құлқы анағұрлым лайықты, икемді болып келеді әрі айналадағылармен өзара қарым-қатынаста өз мақсаттарына оңай қол жеткізеді

Ресейлік психологияда «эмоциялық интеллект» терминіне О.К. Тихомировтың зерттеу нысанына алған «эмоциялық ойлау» ұғымын ұқсас деп санауға болады. О.К. Тихомиров эмоциялық ойлау ерекшелігін сипаттай келе, эмоциялық күйлердің міндеттерді шешу үрдісіне қатысатындығын тұжырымдаған. Ғалымның анықтауынша, ақыл-ой іс-әрекетімен барлық эмоциялық құбылыстар – аффект, эмоция, сезімдер байланысты. Эмоцияның ойлау үрдісімен өзара байланысы – барлық эмоциялық күйлердің ойлау үрдісінде басқарушы, эвристикалық қызмет атқаратынынан көрінеді. Сонымен қатар, О.К. Тихомировтың зерттеулері ақыл-ой іс-әрекетінің эмоционалды басқарылатындығын, яғни эмоциялық белсендіру – интеллектінің жемісті іс-әрекетінің шарты болып табылатындығын дәлелдейді [9].

М.А. Манойлова пікірінше, эмоциялық интеллект – ішкі тұлғалық және тұлға аралық бағыттылығы бар когнитивті, рефлексивті, мінез-құлықтық, коммуникативті қабілеттердің өзара байланысқан жиынтығы. Эмоциялық интеллект – адамның ішкі жай-күйінде, айналадағыларға деген эмпатиялық қатынаста, идентификацияда, эмоциялық күйлермен мінез-құлықты бақылау және рефлексиялауда, эмоциялық ақпаратты айналадағы адамдармен қарым-қатынаста қолдануда, мақсатқа жету тәсілдерін таңдауда көрінеді [10]. Эмоциялық интеллект келесі құрылымдық компоненттерден тұрады: Өзінің эмоциясын тану. Субъектінің эмоциялық тәжірибесі үшін эмоцияны сезіну мен оны сөзбен жеткізе білу (анықтау) аса маңызды.

Эмоцияларды сөзбен айтып жеткізудің негізгі қызметтері:

- тәжірибе,
- тұлғааралық коммуникация,
- эмоциялық экспрессия.

Эмоцияларды тану алекситимияға шалдыққан адамдарда қиындық тудырады. «Алекситимия» («сөзсіз сезім») терминін американдық психиатр Сифнес енгізген. Алекситемияның маңызды белгілері мыналар болып табылады: өз сезімдерін сипаттап бере алмау; сезімдерді және дене түйсіктерін ажырата алмау; қиялдың жетімсіздігі, ебедейсіздік.

Эмоцияларды тану – эмоцияларды дұрыс қабылдап, анықтауға, сипаттауға мүмкіндік беретіндіктен, анағұрлым тиімді коммуникация, яғни қарым-қатынас орнатуға зор ықпалын тигізеді.

Эмоцияны меңгеру – өзін-өзі бақылаумен байланысты. Дұрыс эмоциялық экспрессия физикалық және психикалық денсаулықты сақтаудың маңызды факторы болып саналады. Эмоцияларды тежеу әртүрлі аурулардың пайда болуына әкеліп соғады. Онымен қоса эмоциялық экспрессияны бақылай алмау тұлға аралық қарым-қатынасты қиындатады. Сондықтан, эмоциялық экспрессияны бақылай алмау мәселесі субъектінің өзі үшін ғана емес, оның айналасындағы адамдар үшін де қолайсыз болып келеді.

Сонымен қатар, эмоционалды экспрессия тұлғааралық қатынастар сапасына да ықпал етеді. Атап айтқанда, белгілі бір жағдайларда аса ұстамдылық, шыдамдылық көрсеткен адам немқұрайлы, селқос, тәкаппар болып танылады, бұл өз кезегінде өзге адамдарда таңдану немесе жақтырмау сияқты жағымсыз қатынасты қалыптастырады.

Я. Рейковский эмоцияларды көрсету (білдіру) қиындықтарының мынандай себептерін келтіреді:

- адамдар қоғамда қалыптасқан эмоция көріністері түрлерін меңгермеген;
- өзін-өзі бақылай алмаудан қорқумен байланысты өз сезімдерін білдіріп қоюдан немесе айналадағы адамдардың жазғыруынан күлкіге қаламын-ау деген ойдан қорқу (абыройын түсіруден немесе мазақ болудан қорқу);
- туа біткен факторлар;
- отбасында және өзіне жақын ортада үстемдік ететін мінез-құлық нормаларын игеру [11].

И.А. Романованың анықтауынша, өзін-өзі түсінудің эмоциялық, сезімдік, эмпатиялық сипаты бар, әрі өзін-өзі тану тереңдігі эмоциялық қабілеттердің даму деңгейімен байланысты, ол өз кезегінде эмоцияларды ұғынуды қамтамасыз етеді. Эмоцияларды ұғыну – оларды санаға бекітуді меңзейді. Дегенмен, санаға кез келген эмоционалды үрдіс бекітіле бермейді немесе

керісінше болуы мүмкін. Осыған байланысты, эмоцияларды ұғынуға байланысты екі құбылысты бөлуге болады:

- іс-әрекет ағымына және субъективті әсерлерге ықпал ететін дербес және біріккен үрдістің көрінуі (бұл жағдайда адам әлдебір нәрсені сезініп жатқанын біледі, бұл сезім бұрынғыдан ерекшеленеді);

- шын ұғыну – сөздік (белгілік) категорияларда көрінетін жеке жай-күйлері туралы білімдермен нәтижеленеді. Ұғынудың бұл екінші түрі эмоциялары басқару үрдісі, эмоцияларды алдын ала көру қабілеті негізінде жатыр.

Эмоцияларды түсіну – оларды көрсете, білдіре алу мүмкіндіктерімен байланысты. Эмоция тілін меңгеру – сол мәдениетте қалыптасқан эмоция көріністерін меңгеруді, сондай-ақ адамның өмір сүретін және жұмыс істейтін ортасындағы адамдар эмоцияларының жеке көріністерін түсінуді талап етеді. Эмоцияларды түсіну оларды білдіруден әлдеқайда күрделі.

Эмоцияларды түсіну – эмпатияның даму деңгейімен де байланысты.

К. Роджерс бойынша басқа тұлғамен қарым-қатынастың эмпатиялық тәсілінің бірнеше қыры бар. Эмпатия өзгенің жеке әлеміне ену және ол әлемде өзін «өз үйіндегідей» сезіну. Эмпатия қарым-қатынастағы серіктесінің өзгермелі жан тебіреністеріне деген сезімталдықтан тұрады. Бұл дегеніміз өзгенің өмірімен уақытша өмір сүруді бейнелейді. Эмпатияға қабілеттілік, жанашырлық – жауапкершілікті, белсенділікті, жігерлікті, нәзіктікті, қайырымдылықты, кішіпейілділікті білдіреді.

Өзге адамдардың эмоцияларының жеке-дара ерекшеліктерін түсіну қиындықтарының келесідей себептерін бөлуге болады:өзінің жеке басына ғана көңіл бөлу – өзге адамдардың эмоциялық күйін байқай алмауға және дұрыс бағаламауға әкеледі; өзге адамдардың эмоциясымен байланысты үрейлену сезімі; өзге адамдардың эмоцияларын түсінбеуден қандай да бір пайда табу.

Эмоциялық интеллект (EQ) – стрессті түсіру, айналадағылармен тиімді қарым-қатынас орнату, қиындықтарды жеңу және жанжалдарды бәсеңдету үшін эмоцияларды позитивті және конструктивті бағытта түсіну, анықтау, қолдану және басқару. Эмоциялық интеллект – күнделікті өмірімізге, мысалы күнделікті жүріс-тұрысымызға, өзге адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатуға қажет. Егер адамда эмоционалды интеллект деңгейі жоғары болса, онда ол өзінің және өзге адамдардың эмоциялық күйін тани біледі, адамдарды өзіне жақын тартып, баурап алады.

Эмоцияларды түсіну – өзге адамдармен дұрыс қатынаста болуға, қызметте үлкен табыстарға қол жеткізуге және толыққанды өмір сүруге мол мүмкіндік береді.

Жалпы, интеллектіні ашу, қалыптастыру, дамыту барысында тұлғаның өзін түсіну, өзінің іс-әрекетін, басқаның әрекеттерін түсіну білігі, соған сәйкес қарым-қатынас құра білуге дағдылануы мектеп қабырғасында жүргенде өтілетін процесс.

Қорытындылай келе, эмоциялық интеллект – бұл өзінің және өзгелердің эмоцияларын түсіну, өзінің және өзге адамдардың эмоцияларын басқара білу қабілеті, осы білімдерді белгілі бір мәселелердің туындау себебін анықтауда тиімді қолдану және оларды шешу. Адамның өмірдің қай саласында болмасын жетістіктерге кенелуі тек оның өмір тәжірибесіне, біліміне, дағды, қабілеттеріне ғана емес, сонымен қатар эмоциялық интеллект сапасына да байланысты деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер:

1. Гарднер Г. Мышление будущего: Пять видов интеллекта, ведущих к успеху в жизни. Издательство Альпина Паблишер. 2015

2. Саловей П., Майер Дж. Эмоциональный интеллект: Забавный, познавательный и индивидуальный. Психологическая диагностика. -№ 9 (3).- 2019. -С. 185-211

3. Гоулман, Д. (1995). Эмоциональный интеллект: Почему он может значить больше, чем IQ. Нью-Йорк: Bantam Books.

4. Бар-Он Р. – Эмоциональный коэффициент. - 1997.

5. Mayer John. D., Salovey P. what is emotional intelligence? Emotional development and emotional intelligence: educational implications, ed. by p. Salovey, D. Slater. New York: Perseus Books, 1997. PP. 3-31

6. Гарскова Г.Г. Введение понятия «эмоциональный интеллект» в психологическую теорию / Г.Г. Гарскова // Ананьевские чтения: тез. науч.- практ. конф.; редкол.: А.А. Крылов. - СПб.: Изд-во Санкт-Петерб. унта, 1999. - 25 -26 с

7. Андреева, И.Н. (2008). Эмоциональный интеллект и адаптация личности в условиях социальной среды. Психология, 45(2), 58-72.

8. Лазарус Р. Теория стресса и психофизиологические исследования. – В кн.: Эмоциональный стресс. – Л., Медицина, 1970.

9. Тихомиров О. К. Структура мыслительной деятельности человека. М., 1969.

10. Манойлова М.А. Авторская методика диагностики эмоционального интеллекта – МЭИ // Педагогическая диагностика. – 2007. – № 3.

11. Рейковский Я. Экспериментальная психология эмоций. М.,1979. С. 133- 151.

ӘОЖ 378

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАР МЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ БОЛАШАҒЫ

Г.Т. Жеңіс, Е.К. Айтымов, Л.С. Даулетбекова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

Білім беру жүйесі заман талабына сай үнемі өзгеріп, жаңарып отырады. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы оқыту процесіне жаңаша көзқарас қалыптастырып, цифрлық білім беруді кеңінен енгізуге мүмкіндік берді. Бүгінде онлайн платформалар мен қашықтықтан оқыту әдістері білім алудың ажырамас бөлігіне айналды.

Қазіргі заманғы технологиялар білім беру жүйесіне жаңа мүмкіндіктер әкеліп, оқыту әдістерін түбегейлі өзгертуде. Цифрлық білім беру оқушылар мен студенттерге ақпаратқа еркін қол жеткізіп, өз қарқынында білім алуына жағдай жасайды. Онлайн платформалардың кеңінен қолданылуы дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырып, жаңа форматта білім беру жүйесін қалыптастыруға ықпал етуде. Цифрлық білім беру тек интернет арқылы оқыту ғана емес, сонымен қатар сабақ үстінде жасанды интеллект пен интерактивті оқыту әдістері секілді инновациялық технологияларды біріктіреді.

Цифрлық білім берудің басты мақсаты – заманауи технологияларды пайдалану арқылы білім алуға қолжетімділікті арттыру, оқыту процесін икемді әрі тиімді ету және оқушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыру. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды қолданудың негізгі мақсаттарының бірі – қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекетін қалыптастыру және ұйымдастыру болып табылады. «Оқушылардың басым көпшілігі цифрлық технологияларды сабақта қолдану жалпы атмосфераны өзгертіп, оқу процесін сапалы түрде жақсартады» [1].

Цифрлық білім беру қазіргі заманғы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Оның даму тарихы 20 ғасырдың соңынан бастау алады, ал 21 ғасырда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы оны кеңінен қолдануға мүмкіндік берді. Мысалы, қазіргі таңда біз Coursera, Blimland, Microsoft Teams, Google Classroom секілді тағы да басқа платформаларды қолдана аламыз.

Цифрлық білім беру – бұл оқыту процесін интернет, ақпараттық технологиялар, мультимедиа арқылы жүзеге асыру. Бұл жүйе дәстүрлі оқыту әдістерімен қашықтықтан оқыту, онлайн курстар, вебинарлар, интерактивті оқыту құралдарын қамтиды. Қашықтықтан оқыту – бұл оқытушы мен білім алушының үнемі тікелей байланыссыз, қашықтан білім алу тәсілі. Ол

сырттай оқыту жүйесінен бастау алып, интернет пен компьютерлік технологиялардың дамуына байланысты кеңінен таралды. Қазіргі уақытта оқу материалдары университеттер, колледждер және басқа да білім беру мекемелері арқылы дайындалып, студенттерге тікелей немесе интернет арқылы қолжетімді етіледі. Оқыту процесі виртуалды платформалар, электрондық пошта, телефон және басқа да цифрлық құралдар арқылы қолдау табады. Қашықтықтан оқытудағы цифрлық технологиялардың негізгі құрамдас бөліктері:

Бұқаралық ақпарат құралдары: Білім беру процесінде түрлі бұқаралық ақпарат құралдары қолданылады. Олар оқу тапсырмаларын құрылымдауға, қажетті ақпаратқа қол жеткізуге және материалды әртүрлі форматта ұсынуға көмектеседі (бейне, аудио, мәтін, сурет). Қазіргі уақытта интерактивті тақталар, цифрлық камералар, проекторлар, электронды медиа және блогтар, виртуалды сыныптар сияқты технологиялар кеңінен қолданылады.

Аудио және бейне технологиялар: Веб-трансляциялар, подкасттар сияқты құралдар білім беруде қолданылады. Бейне оқыту құралдарына YouTube, Zoom сияқты платформалар мен веб-камералар арқылы онлайн оқыту әдістері жатады.

Компьютерлер, планшеттер және мобильді құрылғылар: Қазіргі заманғы мобильді құрылғылар білім беру процесінде белсенді қолданылуда. Смартфондар мен планшеттерге арналған арнайы қосымшалар оқушылардың оқу процесін жеңілдетіп, бірлескен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Жалпы білім беру процесіне цифрландыруды қосу теориясы мен әдістемесі И.В. Роберт, О.А. Козлов [2], Л.В. Галыгина [3], Е.С. Полат [4] және басқа да авторлардың еңбектерінде қарастырылады. Аталған еңбектерде цифрлық білім беру мен алудың тиімді әрі тиімсіз жақтары талданған. Осыған сүйене отырып, тиімді жақтарына тоқталып, оның кері әсерлеріне назар аударайық.

Цифрлық білім берудің кемшіліктері:

- жеке қарым-қатынастың жетіспеушілігі. Онлайн оқыту кезінде мұғалім мен оқушы арасындағы тікелей байланыс әлсірейді. Бетпе-бет қарым-қатынас болмағандықтан, студенттер эмоционалды қолдаудан, ынталандырудан және ұжымдық талқылаулардан шет қалуы мүмкін;

- практикалық білім жетіспеуі. Теориялық біліммен қатар практикалық дағдылардың жетіспеушілігі де байқалады. Оқушылар кейде өздігінен оқу мен өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамытуда қиындықтарға ұшырауы мүмкін.

Цифрлық білім беру және қашықтықтан оқыту платформаларының дамуы:

Цифрлық білім беру мен қашықтықтан оқытудың қазіргі таңдағы өзектілігін көрсететін мысалдардың бірі – Қазақстандағы «Skills Enbek» платформасы. Бұл – онлайн оқыту және қашықтықтан білім беру бағытында жұмыс істейтін платформа. Ол азаматтарға әртүрлі кәсіби дағдыларды үйренуге және жетілдіруге мүмкіндік береді. Соңғы деректерге сүйенсек, 2025 жылдың басынан бері 9,3 мың азамат «Skills Enbek» кәсіптік оқыту платформасында онлайн курстардан өткені туралы сертификаттар алған. Платформада барлығы 513,4 мың қазақстандық тіркелген, оның 14,7 мыңы – 2025 жылы тіркелді. Бұл цифрлық білім беру мен қашықтықтан оқытудың қазіргі таңдағы өзектілігін көрсетеді.

Цифрлық білім беру – болашақтың басты трендтерінің бірі. Онлайн платформалар мен қашықтықтан оқыту әдістерінің дамуы білім алуды қолжетімді, икемді және тиімді ете отырып, бүкіл әлемдегі білім беру жүйелерін жаңғыртуда. Бұл үрдіс алдағы жылдары одан әрі жетіліп, технологиялық инновациялар арқылы білім сапасын жаңа деңгейге көтереді. Сол себептен, цифрлық білім беру саласына инвестиция құю және оны үздіксіз дамытуды, Skills Enbek секілді платформалардың ауқымын кеңейтіп, жаңа курстар қосу арқылы халықтың цифрлық және кәсіби дағдыларын жетілдіруге жағдай жасауды ұсынамын. Жалпы, цифрлық білім беру жүйесін жетілдіру – заман талабы, әрі ол болашақта білім алуды әлдеқайда қолжетімді, тиімді және инклюзивті ете алады. Алдағы уақытта бұл жүйені жетілдіру, жаңа мүмкіндіктерді енгізу және технологиялық жаңашылдықтарды кеңінен пайдалану білім сапасын арттырудың негізгі жолдарының бірі болмақ.

Онлайн платформалар мен қашықтықтан оқыту жүйелері дәстүрлі білім беруді толықтырып, жаңа форматтағы оқыту әдістерін қалыптастырып отыр. Жалпы, цифрлық білім беруді дамыту – елдің білім сапасын арттырып қана қоймай, жаңа технологиялық мүмкіндіктерді толыққанды пайдалануға жол ашады. Сондықтан бұл бағытқа инвестиция құю және оны үнемі жетілдіру – болашаққа салынған маңызды қадам.

Сонымен, цифрлық білім беру мен қашықтықтан оқыту жүйелері білім алудың тиімді, қолжетімді және икемді тәсілдерін ұсынады. Онлайн платформалар мен жаңа технологиялар білім алушыларға әлемнің кез келген бұрышынан сапалы білім алу мүмкіндігін береді, бұл білім беру жүйесінің ашықтығын және теңдігін арттырады. Дегенмен, интернетке қолжетімділік пен цифрлық сауаттылық сияқты мәселелер бұл үрдістің толық іске асуына кедергі келтіруі мүмкін.

Қашықтықтан оқыту жүйесі білім беру саласының болашағында маңызды рөл атқарады, өйткені ол оқыту процесін жаңартуға және оны әлемдік деңгейге шығару мүмкіндігін береді. Алайда, осы жүйенің толыққанды іске асуы үшін оқытушылардың дайындығы, технологиялық инфрақұрылым мен қолдау көрсету жүйелерін жетілдіру қажет. Сонда ғана цифрлық білім беру саласы өз әлеуетін толығымен жүзеге асырып, білім алушыларға жоғары сапалы білім ұсынатын болады.

Әдебиеттер**:**

1. Богданова Д.А. Мектепте АКТ қолдану туралы // Білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар: Конференция материалдары. – 2015. – Б. 31-36.

2. Болатканкызы М. Ф. Цифрландырудың білім беру жүйесіндегі рөлі: мүмкіндіктер, міндеттер және болашағы //In The World Of Science and Education. – 2024. – №. 15 декабрь ПН3. – С. 27-32.

3. Сулейменова Г.Ж., Байганова А.М. Цифрландыру мәселесінің бүгінгі білім саласындағы жағдайы //Научный журнал" Вестник Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова". – 2020. – Т. 61. – №. 3.

4. Жангозиева М. Білім беруді цифрландыру жағдайында инновациялық білім беру технологияларын пайдалануға болашақ педагогтарды даярлау //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. – 2020. – Т. 64. – №. 3. – С. 42-47.

УДК 376.112.4

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В 21 ВЕКЕ: ОНЛАЙН-ОБУЧЕНИЕ ДЛЯ УЧАЩИХСЯ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Ахыбай К.Д., Әшім А.М., Амзе Г.С.
Карагандинский университет им
. Е.А. Букетова
Kamshat_0195@mail.ru

В XXI веке технологии играют ключевую роль в образовательном процессе, предоставляя новые возможности для обучения детей с особыми образовательными потребностями (ООП). Онлайн-обучение стало важным инструментом инклюзивного образования, позволяя преодолевать барьеры, связанные с ограниченной мобильностью, индивидуальными потребностями и доступом к образовательным ресурсам.

Онлайн-обучение может удовлетворить потребности учеников с ограниченными возможностями уникальными способами. Во-первых, учащиеся могут извлечь выгоду из гибкости и удобства обучения по собственному графику в выбранном ими месте. Другие дети (например, с дислексией и нарушениями внимания) могут извлечь выгоду из доступа к организованным онлайн-материалам, мероприятиям и оценкам, а не к «стопкам бумаги»,

которые они могли бы получить на очных занятиях. Наконец, другие, у которых есть проблемы с социальным взаимодействием, могут извлечь выгоду из онлайн-обсуждений и записанных лекций, которые минимизируют или изменяют взаимодействие студентов.

Однако остаются вопросы о том, насколько хорошо онлайн-обучение отвечает потребностям студентов с ограниченными возможностями и как учреждения готовы и активно предоставляют студентам доступные и инклюзивные возможности онлайн-обучения. Учитывая это, мы рассмотрели литературу по доступному и инклюзивному онлайн-обучению. В следующей статье мы представляем результаты нашего исследования и выводы для исследований и практики.

Актуальность данной темы обусловлена необходимостью создания эффективных и доступных цифровых образовательных сред, обеспечивающих инклюзивность и персонализированный подход к обучению. Несмотря на значительное развитие онлайн-платформ и цифровых инструментов, остаются вопросы, связанные с адаптацией учебного материала, поддержкой мотивации учащихся с ООП и их социальной интеграцией.

Целью данной статьи является анализ существующих практик онлайн-обучения для детей с ООП, выявление их преимуществ и ограничений, а также рассмотрение методов адаптации образовательных ресурсов под индивидуальные потребности обучающихся. Но сначала разберемся:

Что представляет собой инклюзивное образование?

Инклюзивное образование – это подход, направленный на обеспечение равных образовательных возможностей для всех учащихся, независимо от их физических, умственных, социальных, эмоциональных, языковых или иных потребностей. Этот подход воспринимает разнообразие учащихся как естественное явление и нацелен на предоставление поддержки каждому ребенку в образовательном процессе. В инклюзивном образовании особое внимание уделяется адаптации учебных планов, методов преподавания и образовательной среды, чтобы они соответствовали потребностям и возможностям всех учеников.

С развитием цифровых технологий инклюзивное образование стало открывать новые возможности. Онлайн-обучение и образовательные программы создают более гибкие и доступные условия для обучения. Они предлагают различные учебные материалы, которые могут быть настроены с учетом индивидуальных потребностей каждого ученика. Важным аспектом является возможность обучения в удобной домашней обстановке, что особенно полезно для детей с физическими ограничениями или социальными проблемами.

Преимущества инклюзивного образования для детей с особыми образовательными потребностями:

- **Индивидуальный подход**: Онлайн-занятия позволяют адаптировать процесс обучения в зависимости от уникальных потребностей и стилей обучения каждого ребенка.
- **Гибкость и доступность**: Онлайн-образование дает возможность учиться по гибкому графику и из любой точки мира, что делает обучение более доступным, особенно для детей с ООП, живущих в удаленных или социально неблагополучных районах.
- **Безопасная и комфортная среда**: Для многих детей с ООП обучение в домашних условиях может быть менее стрессовым и более эффективным, так как исключаются внешние факторы давления и социальной тревоги.
- **Разнообразие обучающих материалов**: Цифровые платформы предлагают широкий спектр мультимедийных и интерактивных ресурсов, которые делают процесс обучения более увлекательным и результативным.
- **Социальная интеграция и взаимодействие**: Несмотря на онлайн-формат, такие занятия часто предлагают групповые занятия и проекты, что способствует социальному взаимодействию и интеграции учащихся.

Таким образом, инклюзивное образование в эпоху цифровых технологий открывает новые возможности для детей с особыми потребностями, поддерживая их развитие и содействуя интеграции в общество.

1. Обзор литературы

Онлайн-обучение для детей с особыми образовательными потребностями (ООП) активно исследуется в научной литературе, однако существует множество подходов и точек зрения. В данном разделе рассмотрены зарубежные исследования, касающиеся эффективности цифровых технологий, адаптивных методик и барьеров, с которыми сталкиваются учащиеся с ООП.

1.1. Преимущества онлайн-обучения для детей с ООП

Исследования [Musaraj, J. & Muskaj, B. (2022)] показывают, что дистанционное обучение может быть более удобным для детей с ограниченными возможностями передвижения, позволяя им учиться в комфортной домашней среде. Кроме того, согласно им, онлайн-платформы предоставляют возможность индивидуализированного темпа обучения, что особенно важно для детей с нарушениями развития.

Их исследования показывают, что использование адаптивных платформ (например, Google Classroom, Moodle, Kahoot!) способствует мотивации, повышению вовлеченности и помогают учащимся с ООП лучше усваивать материал.

Исследователи предлагают различные методики для повышения эффективности онлайн-обучения детей с расстройством аутистического спектра (РАС). Среди них:

- Использование платформ с возможностью настройки интерфейса под индивидуальные потребности (например, Read&Write, Blackboard, Zoom с функцией автоматического субтитрования).
- Внедрение геймификации и интерактивных заданий (Kahoot!, Quizizz), что способствует вовлеченности учащихся.
- Развитие смешанного обучения (blended learning), сочетающего онлайн-уроки с очными встречами или индивидуальными консультациями.

Таким образом, современные исследования подтверждают важность индивидуального подхода и технологической поддержки в дистанционном обучении детей с ООП. Однако, несмотря на развитие цифровых инструментов, остаются вопросы, требующие дальнейшего изучения, включая социальную адаптацию и повышение доступности образовательных платформ.

1.2. Проблемы и барьеры онлайн-обучения для детей с ООП

Несмотря на очевидные преимущества, онлайн-обучение детей с ООП сталкивается с рядом сложностей. В исследовании [Lomellini, A. & Lowenthal, R. P. & Snelson, C. & Trespalacios H. J. (2025)] указывается, что одной из главных проблем является недостаточная адаптация учебного материала под особенности восприятия информации детьми с разными формами инвалидности. Например, дети с нарушением слуха нуждаются в субтитрах и жестовом переводе, а дети с дислексией – в специальных шрифтах и аудиоверсиях текстов.

Кроме того, авторы обращают внимание на важность педагогической поддержки и социальной интеграции учащихся с ООП. В условиях дистанционного обучения дети могут испытывать недостаток живого общения и обратной связи от учителей, что может снижать эффективность образовательного процесса.

2. Методология

Исследование основано на анализе существующих научных публикаций и сравнительном изучении образовательных платформ, используемых для онлайн-обучения детей с особыми образовательными потребностями (ООП). В работе применены следующие методы:

2.1. Анализ научной литературы

Были рассмотрены ключевые исследования по теме инклюзивного онлайн-обучения, включая:

- **Musaraj & Muskaj (2022)** – изучение доступности онлайн-обучения для детей с расстройством аутистического спектра (Technology as a learning tool. Access of autistic children to e-learning).

- **Lomellini & Lowenthal & Snelson & Trespalacios (2025)** – систематический обзор научных технологий, поддерживающих обучение учащихся с ограниченными возможностями (Доступное и инклюзивное онлайн-обучение в высшем образовании: обзор литературы).

Эти исследования были проанализированы с целью выявления ключевых факторов, влияющих на эффективность дистанционного обучения для учащихся с ООП, а также существующих барьеров и адаптивных методик.

2.2. Сравнительный анализ образовательных платформ

В рамках исследования был проведен сравнительный анализ возможностей онлайн-платформ, используемых для инклюзивного образования. Рассмотрены:

- **Google Classroom** – возможность интеграции ассистивных технологий, использование текстовых и аудиоформатов.
- **Moodle** – индивидуальная настройка интерфейса, поддержка адаптированных учебных материалов.
- **Blackboard** – доступность для студентов с ограниченными возможностями, использование автоматических субтитров и аудиозаписей.
- **Zoom & Microsoft Teams** – функции видеоконференций с автоматическим субтитрированием, что особенно полезно для студентов с нарушением слуха.
- **Kahoot! & Quizizz** – игровые технологии, улучшающие вовлеченность детей с когнитивными особенностями.

Данная методология позволяет всесторонне изучить влияние онлайн-образования на детей с ОП, выявить барьеры и предложить рекомендации по их устранению.

3. Результаты исследования

На основе проведенного анализа существующих научных работ и образовательных платформ были выявлены основные тенденции и результаты, влияющие на развитие онлайн-обучения для детей с особыми образовательными потребностями (ООП).

3.1. Адаптация образовательных платформ

Сравнительный анализ показал, что многие образовательные платформы активно развивают функциональные возможности для детей с ООП, включая:

- **Google Classroom и Moodle** позволяют интегрировать ассистивные технологии, такие как голосовые подсказки и текстовые материалы, которые могут быть настроены для удобства восприятия учениками с различными нарушениями.
- **Zoom и Microsoft Teams** обеспечивают функции для видео-конференций с автоматическим субтитрированием, что значительно помогает учащимся с нарушениями слуха и помогает в процессе обучения.
- **Kahoot! и Quizizz** применяются для геймификации процесса обучения, что значительно повышает вовлеченность и мотивацию у детей с когнитивными нарушениями и аутизмом.

Таким образом, эти платформы предоставляют все необходимые инструменты для поддержки индивидуальных потребностей учащихся с ООП, что улучшает их образовательный процесс и делает его более доступным и персонализированным.

3.2. Проблемы и барьеры онлайн-обучения

Несмотря на многочисленные преимущества, онлайн-обучение для детей с ООП сталкивается с рядом проблем:

чаще налаживаются, но отголоски конфликта еще могут сохраняться: ощущение свободы не согласуется с желанием перейти вновь под опеку взрослых.

Уход от “взрослых” проблем задерживает развитие на этой стадии. Жена воспринимается не как партнер, а как мать. Для застрявшей на подростковой стадии женщины муж кажется только источником развлечений. Появляется нечувствительность к чужой боли, слабое сопереживание или вовсе его отсутствие по отношению к родителям, детям, окружающим людям.

Ключик к многочисленным проблемам подросткового возраста лежит в детских конфликтах и страхах. Торможение развития, обращение к моделям поведения раннего детского возраста подсознательно дает возможность проработать нерешенные обиды и сложности, тем самым развить свое “я”, заполнить пробелы в понимании со стороны взрослых и таким образом переосмыслить собственную жизнь.

Если самостоятельно избавиться от детских проблем и переживаний не удается, не получается найти собственный стиль жизни и достичь взаимопонимания с близкими, стоит обратиться к специалистам.

Стадии и классификация

По определению известного психолога Выготского Л.С., существуют 3 стадии кризиса подросткового возраста (фазы):

1. Негативная фаза - негативная. Первый этап кризисного периода начинается в 9-10 лет. Ребенок начинает постепенно переходить к другой системе взаимоотношений с миром. Старые ценности постепенно утрачиваются, ломаются стереотипы. Возникают первые разногласия с родителями, появляется новый круг общения среди сверстников.

2. Собственно кризис. Пик проявлений отмечается в 13-15 лет. Симптомы кризисного возраста самые разнообразные. Полностью меняются интересы, подросток пытается выразить свое мнение по любому поводу, ускользает от родительской опеки. Повышенная конфликтность проявляется в школе и дома.

3. Посткризис, положительные сдвиги. Переходный возраст завершается. У подростка четко просматриваются ценности и предпочтения в общении. Заканчивается половое созревание, окончательно определяется место в общественной жизни. Подросток развивает свои интересы, определяется с профессией.

Длительность каждой фазы у каждого ребенка своя, различается и выраженность протестных настроений. При отсутствии должного контакта с родителями кризис задерживается во второй стадии и приводит к явным отклонениям в поведении.

Рекомендации.

Даже при выраженных протестных настроениях у подростка он в душе еще остается ребенком и нуждается в защите и понимании. С наступлением подросткового возраста родителям пора перестраивать свое отношение к ребенку, отказаться от командного стиля общения и дать определенную «порцию» свободы.

Психологи советуют совместными усилиями преодолеть кризис и предупредить грубые отклонения в психологическом развитии и поведении подростка:

- Демонстрировать всяческое участие и сопричастность к подростковым проблемам. Общность интересов позволяет ребенку обращаться за помощью к взрослым.
- Проявлять интерес к новым занятиям и увлечениям подростка, обсуждать возникшее непонимание в жизненных ситуациях на примерах из собственного опыта, книг, фильмов.
- Спокойно реагировать на бурные всплески эмоций, стараться перевести негатив в область юмора, не поддаваться соблазну вступить в открытый конфликт.
- Доверять и давать свободу. У ребенка должно быть свое личное пространство. У психологов вызывает большое сомнение необходимость контролировать абсолютно все стороны жизни подростка, включая его телефонные переговоры и общение в соцсетях.

Стиль общения с подростком также необходимо менять:

- Пора отказаться от нотаций и поучительного тона в разговоре. Они вызывают лишь дополнительный протест или отсутствие всякого интереса к беседе.

- Свои замечания нужно высказывать ненавязчиво, без обвинений и угроз.
- Вести разговор в спокойном доверительном тоне. Окрики совершенно неэффективны, вызывают обратную реакцию.
- Вместо тотального контроля переговоров ребенка можно попытаться наладить общение через социальные сети. Ребенку привычно переписываться и в такой форме высказывать свои суждения.

Подростковый период — действительно трудное время для родителей и ребенка. Пережить его без существенных потрясений и осложнений можно при грамотном подходе к воспитанию и стилю общения с подростком. Даже при соблюдении всех рекомендаций отклонения в поведении все равно не исключены.

При выраженных признаках кризиса подросткового возраста усилий родителей и педагогов может оказаться недостаточно. Психологи и психотерапевты специализированной семейной клиники психического здоровья оказывают помощь в коррекции кризисных явлений. Сотрудники клиники используют профессиональные знания и опыт в восстановлении взаимопонимания между подростками и взрослыми, профилактике и лечении сложных поведенческих расстройств.

Литература:

1. Голубков Г.В., Лычагина Я.А. Причины возникновения кризиса в подростковом возрасте //Скиф. Вопросы студенческой науки. – 2019. – №. 5-1 (33). – С. 327-331.

2. Магомедова А.М. Кризис подросткового возраста //Мировая наука. – 2019. – №. 5 (26). – С. 441-444.

3. Устинова Е.А. Возрастные границы подросткового периода //Интеллектуальные ресурсы-региональному развитию. – 2019. – Т. 5. – №. 1. – С. 148-151.

4. Колупаева М. С. Психологические особенности протекания кризиса подросткового возраста //МИР: Молодежь. Инициатива. Развитие. – 2021. – С. 115-119.

5. Григорян А. А. Кризис подросткового возраста: понимание проблем и поиск решений //Российская наука на пути к устойчивому развитию: междисциплинарные исследования. – 2023. – С. 137-139.

ӘОЖ 378

БІЛІМ БЕРУДЕГІ БЛОГИНГ: ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТӘРБИЕШІНІҢ ҚҰРАЛЫ

Азилхан А.Б.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті
alinaazilhan4@gmail.com

Қазіргі цифрлық дәуірде білім беру үдерісі тек дәстүрлі әдістермен шектелмейді. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беруге жаңа мүмкіндіктер әкелді. Солардың бірі – білім берудегі блогинг. Блогинг – тек ойын-сауық немесе жаңалық тарату құралы ғана емес, сонымен қатар білім мен тәрбиені заманауи, қолжетімді әрі қызықты түрде жеткізудің тиімді әдісі. Білім беру саласында блогингті қолдану оқушылар мен ата-аналар үшін пайдалы ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер мен тәрбиешілер үшін де тиімді әдіс болып табылады. Қазіргі заманда технология мен цифрландыру – қоғамның барлық саласына серпін берген негізгі қозғаушы күштер. Ақпараттық технологиялар мен инновациялар өндіріс, білім беру, медицина, ауыл шаруашылығы сияқты көптеген салаларда тиімділікті арттырып, жаңа мүмкіндіктер ашады.Цифрландырудың арқасында ақпарат алмасу жеңілдеп, жұмыс процестері автоматтандырылып жатыр. Мысалы, электронды құжат айналымы қағазбастылықты азайтып, уақыт үнемдеуге көмектеседі. Ал интернет пен бұлттық

технологиялар арқылы әлемнің кез келген жерінен ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі бар.Тұрмыстық деңгейде цифрлық технологиялар біздің өмірімізді ыңғайлы етеді. Мысалы, смартфондар арқылы төлем жасау, онлайн сауда және қызметтерге тапсырыс беру бүгінде үйреншікті жағдайға айналды. Смарт құрылғылар мен қосымшалар денсаулықты қадағалап, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.Инновацияның болашақтағы рөлі мен мүмкіндіктері:Инновация – қоғамның дамуы мен өркендеуінің негізгі қозғаушы күші. Технологиялық және ғылыми жетістіктер арқылы адамзат алдында тұрған көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік туындайды. Инновация – бұл тек жаңа технологияларды әзірлеу емес, сонымен қатар қоғамның, экономиканың және күнделікті өмірдің дамуын айқындайтын шешуші фактор. Қазіргі заманғы инновациялық трендтер әлемді өзгертудің қозғаушы күші ретінде бүкіл салаларға серпін беріп, адамның өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.Инновацияларды дамыту және жаңа идеяларды қолдау арқылы елдер жаһандық өзгерістерге бейімделіп, технологиялық көшбасшылыққа қол жеткізе алады. Бәсекеге қабілеттілікті сақтау, тұрақты даму қағидаттарын ұстану және жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетін ашу – инновациялардың басты миссиясы.Сондықтан инновацияны қолдау, ғылыми зерттеулерді дамыту және оларды іс жүзінде жүзеге асыру – болашақта экономикалық және әлеуметтік жетістіктерге жетудің негізгі шарттарының бірі. Инновация – бұл қазіргі заманның қажеттілігі ғана емес, келешекке жасалған сенімді қадам. Блогинг тәрбиешілер мен мұғалімдер үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Мектепке дейінгі білім беру саласында блогты пайдалану бірнеше негізгі мақсаттарға қызмет етеді:

• Ата-аналармен байланыс орнатуға көмектеседі. Тәрбиеші блог арқылы оқу-тәрбие процесін, балалардың жетістіктерін, күнделікті іс-шараларды көрсетіп, ата-аналармен кері байланыс жасай алады.

• Әдістемелік тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Тәрбиешілер өз блогтарында сабақ жоспарларын, әдістемелік құралдарын, ойын түрлерін бөлісе алады.

• Балалардың шығармашылығын дамытуға көмектеседі. Балаларға арналған видеосабақтар, ертегілер, шығармашылық тапсырмалар блог арқылы ұсынылса, олар үшін оқу процесі қызықты әрі қолжетімді бола түседі.

Білім беру блогының түрлері: Білім беру блогтары әртүрлі форматта болуы мүмкін, олардың ішінде кең таралған түрлері мыналар:

1. Жазбаша блогтар – мұғалімдер мен тәрбиешілер өз тәжірибелерімен бөлісетін мақалалар, сабақ жоспарлары, кеңестер жариялайды.

2. Видео блогтар (влогтар) – YouTube, Instagram, TikTok сияқты платформалар арқылы оқыту видеоларын тарату.

3. Әлеуметтік желілердегі блогтар – қысқа әрі мазмұнды посттар арқылы пайдалы ақпарат тарату.

4. Подкасттар – аудио форматта білім беру туралы әңгімелер жүргізу.

Білім беру блогтарының артықшылықтары мен кемшіліктері: Артықшылықтары: Оқушылар мен ата-аналар үшін қолжетімділік – блогтар кез келген уақытта қарауға мүмкіндік береді. Интерактивтілік – пікірлер арқылы сұрақтар қойып, кері байланыс алуға болады. Оқу материалдарын жаңарту мүмкіндігі – блогта жаңа ақпаратты тез қосуға болады.

Кемшіліктері: Уақытты көп қажет етеді – сапалы контент жасау үшін көп күш жұмсау қажет. Техникалық қиындықтар – видеомонтаж немесе сайт жүргізу сияқты дағдылар керек. Интернетке тәуелділік – кейбір аймақтарда интернет мәселесі туындауы мүмкін.

Қазақстанда білім беру блоггингінің дамуы қарқынды жүріп жатыр. Көптеген мұғалімдер мен тәрбиешілер өздерінің кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп, оқушылар мен ата-аналарға арналған пайдалы материалдар жариялап келеді. YouTube пен Instagram платформаларында білім беру арналары көбейіп, онлайн сабақтар мен тренингтер танымал болуда.

Блогингті қолданудағы қиындықтар және оларды шешу жолдары. Қиындықтар:

• Уақыт тапшылығы – мұғалімдер сабақ берумен қатар блог жүргізуге уақыт табуы қиын.

• Қажетті техникалық дағдылардың болмауы – видео өңдеу, контент жасау сияқты білімнің жетіспеуі.

Шешу жолдары:

• Контент жоспарлау – алдын ала жоспар құру арқылы уақытты үнемдеу.

• Онлайн курстар арқылы блог жүргізу дағдыларын үйрену.

• Бірнеше педагог бірігіп ортақ блог жүргізу.

Болашақ тәрбиеші ретінде блогингті қалай қолданамын? Мен, Азилхан Алина, болашақ тәрбиеші ретінде білім беру блоггингін өз тәжірибемде қолдануды жоспарлаймын. Болашақта мен мектепке дейінгі балаларға арналған шығармашылық тапсырмалар, ойындар мен дамытушы сабақтар туралы контент жасауды көздеймін. Сонымен қатар, ата-аналарға арналған пайдалы кеңестер мен әдістемелік материалдар жариялап, тәрбиешілер қауымдастығымен тәжірибе алмасқым келеді.

Білім беру саласында блогингті қолдану – заман талабы. Цифрлық платформалар мен әлеуметтік желілерді тиімді пайдалана отырып, тәрбиешілер мен мұғалімдер балаларға жаңа білімді қызықты әрі түсінікті түрде ұсынуға мүмкіндік алады. Білім беру блогтары – баланың дамуында, ата-анамен байланыста және педагогикалық тәжірибе алмасуда үлкен рөл атқарады. Сондықтан, болашақ тәрбиеші ретінде мен де блогингті кәсіби қызметімде белсенді қолдануға ниеттімін.

Әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңы.

2.Құдайбергенова К.С. Білім берудегі инновациялық технологиялар. – Алматы: «Білім», 2019ж 55-58б

3.Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: «Санат», 2005ж ,65б

4.Әлімов А.Ж. Интерактивті әдістерді жоғары білімде қолдану. – Алматы: «Нұр-пресс», 2014ж 107-110б

5.Юсуфбекова Н.А. Инновационные процессы в образовании. – Москва: “Педагогика”, 1991г

6.Білім беру блоггингінің заманауи тенденциялары – Астана, 2017ж 223б

ӘОЖ 378

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМУЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Аманбек Ж.О., Серикмурат Н.С.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, аға оқытушы
jadyra.93.30@mail.ru
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті
@nserikmuratqyzy@mail.ru

Бұл мақалада мұғалімдердің инновациялық қызметі мен кәсіби дамуының теориялық негіздері мен практикалық аспектілері қарастырылады. Білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер жағдайында педагогтің кәсіби дамуы мен жаңашылдыққа бейімділігі – сапалы білім берудің кепілі екені көрсетілген. Сонымен қатар, инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану арқылы мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру жолдары ұсынылған.

Мұғалімдердің кәсіби дамуы мен инновациялық қызметі қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. XXI ғасырда білім беру мазмұны мен формалары үнемі жаңарып отыратындықтан, педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру мен жаңашыл әдіс-тәсілдерді меңгеруі ерекше мәнге ие. Инновациялық қызмет – бұл мұғалімнің

жаңа педагогикалық технологияларды, әдістемелерді, құралдарды қолдануы арқылы оқыту мен тәрбиелеу процесін жетілдіруге бағытталған іс-әрекеті. Бұл қызмет мұғалімнен зерттеушілік қабілетті, шығармашылық ойлауды және үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысты талап етеді. Мұғалімнің кәсіби дамуы – оның білімін, білігін және құзыреттілігін үнемі арттыру процесі. Бұл үдеріс курстық даярлық, тәжірибе алмасу, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу, әдістемелік бірлестіктер аясында жұмыс істеу арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру, цифрлық құралдарды сабақта қолдану мұғалімнің басты міндеттерінің біріне айналды. Инновациялық педагогикалық технологиялар мұғалімге оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Жобалық оқыту, саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау, цифрлық білім беру платформаларын қолдану сияқты әдістер қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Осы арқылы мұғалімдер оқыту сапасын арттырып, оқушылардың қызығушылығын оята алады. Мұғалімдердің кәсіби дамуына қолдау көрсету білім беру ұйымының да басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл бағытта мектеп әкімшілігі мен білім беру басқармалары тарапынан жүйелі жоспарланған іс-шаралар мен ынталандыру тетіктері қажет. Қорытындылай келе, мұғалімдердің инновациялық қызметі мен кәсіби дамуы – білім сапасын арттырудың, оқушылардың жан-жақты дамуының және еліміздің интеллектуалдық әлеуетін көтерудің маңызды факторы болып табылады..

Инновациялық қызметтің мәні мұғалімнің өз кәсіби білімін жаңартып, жаңа әдістемелерді қолдана отырып оқыту сапасын жақсартуында жатыр. Бұл қызмет мұғалімдердің білім алушыға деген көзқарасын өзгертіп, олардың оқытудың жаңа әдістерін меңгеруіне және оларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқыту процесінде инновациялық технологияларды, ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдана отырып, білім беру әдістерін әртараптандырады, оқу материалын оқушыларға түсінікті және қызықты етіп жеткізу үшін жаңа тәсілдер қолданады. Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен ерекшеленеді, сондықтан мұғалімдерге цифрлық құралдарды пайдалану дағдылары үлкен мәнге ие болып отырҚазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды өзгеруде. Білім беру сапасын арттыру мақсатында мұғалімдердің инновациялық қызметіне үлкен мән беріледі. Инновациялық қызмет мұғалімдердің оқу процесінде жаңа тәсілдер мен әдістемелерді енгізуі, оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды құралы болып табылады. Заманауи білім беру жүйесі білімді тек теориялық түрде ғана емес, практикада да қолдануды, сыни ойлауды дамыту және өздігінен шешім қабылдауға үйретуді көздейді. Осыған байланысты мұғалімдердің инновациялық қызметі білім беру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Инновациялық қызметтің мәні мұғалімнің өз кәсіби білімін жаңартып, жаңа әдістемелерді қолдана отырып оқыту сапасын жақсартуында жатыр. Бұл қызмет мұғалімдердің білім алушыға деген көзқарасын өзгертіп, олардың оқытудың жаңа әдістерін меңгеруіне және оларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқыту процесінде инновациялық технологияларды, ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдана отырып, білім беру әдістерін әртараптандырады, оқу материалын оқушыларға түсінікті және қызықты етіп жеткізу үшін жаңа тәсілдер қолданады. Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен ерекшеленеді, сондықтан мұғалімдерге цифрлық құралдарды пайдалану дағдылары үлкен мәнге ие болып отыр.

Мұғалімнің инновациялық қызметін жүзеге асыруда маңызды құралдардың бірі – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Білім беру саласында цифрлық технологияларды қолдану оқытуды тиімді жүргізудің, ақпаратты оңай жеткізудің және оқушылардың білімін бақылаудың тиімді тәсілдерін ұсынады. Мысалы, мұғалімдер Google Classroom, Microsoft Teams сияқты онлайн платформаларды қолдана отырып, сабақтар өткізеді, тапсырмалар мен тестілерді электронды түрде беріп, оқушылардың нәтижелерін жылдам бағалайды. Сонымен қатар, Kahoot, Quizizz сияқты ойын әдістерін қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, олардың білімдерін қызықты әрі

тиімді түрде бекітеді. Жаңашыл оқыту әдістері мұғалімнің кәсіби дамуында маңызды рөл атқарады. Оқытудың жобалық және зерттеу әдістерін енгізу оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, өз бетімен зерттеу жүргізуге ынталандырады. Мұғалімдер бұл әдістерді қолдана отырып, оқушыларға практикалық тапсырмалар беріп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Жобалық оқыту арқылы оқушылар тек теориялық білімді емес, нақты өмірде қолдануға қажетті дағдыларды меңгереді. Мұғалімдер оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір оқушыға арналған жеке оқу траекториясын құрастырады. Бұл әдіс оқушылардың білім алуын дербестендіріп, олардың жеке қабілеттеріне сәйкес келетін тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің инновациялық қызметі инклюзивті білім беру бағытында да маңызды. Мұғалімдер ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға арналған әдістемелерді әзірлеп, оқу процесінде олардың мүмкіндіктеріне қарай өзгерістер енгізеді. Инклюзивті білім беру оқушылардың әрқайсысына жеке көңіл бөлуді, олардың әлеуметтік және психологиялық жағдайларын ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыруды талап етеді. Мұғалімдер үшін бұл міндет оқушылардың жеке дамуына және олардың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес білім беруді қамтамасыз ету болып табылады. Педагогтердің инновациялық қызметін жүзеге асыруда біліктілікті арттыру курстары мен тренингтер маңызды орын алады. Мұғалімдер әртүрлі курстар мен вебинарларға қатысу арқылы өздерінің кәсіби деңгейін үнемі жаңартып отырады. Бұл курстарда жаңа әдістер мен технологияларды меңгеріп, оларды сабақта қолдану дағдыларын дамытады. Әріптестермен тәжірибе алмасу, бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу де мұғалімнің инновациялық қызметін жетілдіруге мүмкіндік береді. Педагогикалық қауымдастықтарға қатысу арқылы мұғалімдер жаңа білім мен тәжірибемен алмасып, өздерінің кәсіби шеберліктерін арттырады.

Мұғалімнің инновациялық қызметі білім беру процесін ғана емес, оның кәсіби дамуын да ынталандырады. Мұғалімдер жаңа технологиялар мен әдістерді үйреніп қана қоймай, оларды оқушылармен жұмыс істеуде шығармашылықпен пайдаланады. Бұл қызмет мұғалімдерге өздерінің кәсіби біліктілігін үнемі жақсартуға және білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімнің инновациялық қызметі оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Қорыта айтқанда, мұғалімдердің инновациялық қызметі – білім беру жүйесін жаңғыртудың және сапасын арттырудың маңызды құралы болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесі қоғамның үдемелі даму талаптарына сай болу үшін түбегейлі өзгерістерді қажет етеді. Осы орайда мұғалімнің рөлі айтарлықтай өзгеріп, оның кәсіби дамуы мен инновациялық қызметі басты назарға алынып отыр. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар оқушыларды дамытушы, бағыттаушы, өздігінен білім алуға үйретуші тұлға ретінде қалыптасуы тиіс. Бұл міндеттерді орындау үшін мұғалім үнемі кәсіби деңгейін көтеріп, жаңашылдыққа бейім болуы қажет. Инновациялық қызмет дегеніміз – мұғалімнің педагогикалық процесті жетілдіруге бағытталған шығармашылық әрекеті. Ол жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру, оларды практикаға енгізу, сабақ үрдісінде оқушылардың білім сапасын арттыру жолдарын іздестіру арқылы жүзеге асады. Бұл қызметті жүзеге асыру барысында мұғалім үнемі ізденісте болады, тәжірибе жинақтайды және өзінің кәсіби шеберлігін шыңдайды. Мұғалімнің кәсіби дамуы дегеніміз – оның педагогикалық қызметін жетілдіруге, жаңа құзыреттіліктерді меңгеруге, заманауи білім беру талаптарына бейімделуге бағытталған үздіксіз процесс. Бұл процесс оқыту мен тәрбие беру сапасын арттырудың негізгі құралы болып саналады. Кәсіби даму формалары әртүрлі: курстық даярлықтан өту, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу, біліктілікті арттыру бағдарламаларына қатысу, әріптестермен тәжірибе алмасу, өзіндік білім жетілдіру және тағы басқа. Инновациялық педагогикалық технологиялар – білім беру мазмұнын жаңартудың және оқыту сапасын арттырудың тиімді жолы. Қазіргі таңда сын тұрғысынан ойлау технологиясы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, модульдік оқыту, деңгейлеп оқыту, жобалау технологиясы секілді әдістер кеңінен қолданылады. Бұл технологиялар оқушылардың қызығушылығын арттырып, жеке қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұғалімдердің кәсіби

дамуына ықпал ететін факторларға мотивация, басқару қолдауы, әдістемелік көмек, ұжым ішіндегі ынтымақтастық, кәсіби рефлексия және оқыту нәтижесін саралау жатады. Заманауи мұғалім үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруы керек. Ол үшін түрлі кәсіби қауымдастықтарға қатысу, онлайн платформаларда оқыту курстарынан өту, вебинарлар мен семинарларға қатысу маңызды. Мұғалім өзінің кәсіби өсуін тек жұмыс орнында ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де жалғастыруы тиіс. Қорыта айтқанда, мұғалімнің инновациялық қызметі мен кәсіби дамуы – білім беру жүйесінің сапасын арттырудың негізгі жолы. Жаңашыл мұғалім ғана болашақ ұрпақты заманауи талаптарға сай тәрбиелеп, олардың бойында білімге деген құштарлық пен шығармашылық қабілеттерді дамыта алады.

Әдебиеттер:

1. Әбдікәрімова Т.Ж. Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялар. Алматы: «Білім» баспасы, 2022ж

2. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Инновациялық педагогика: әдістемелік нұсқаулық. Астана, 2023ж

3.Герасимова, В.П. Инновационные технологии в образовании: теоретические основы и практика применения. Москва: Академия, 2021ж

4.Тұрғанбаева, М. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2020ж

5.Шарипов, А.Қ. Жаңа педагогикалық технологиялар және олардың білім беру жүйесіндегі маңызы. Алматы: «Қазақ университеті», 2019ж

ӘОЖ 378

БЛОГГИНГ – ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аманбек Ж.О., Төлеутай Д.С.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, аға оқытушы
jadyra.93.30@mail.ru
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті
ditoleutay@gmail.com

Блоггинг – білім беру процесін жаңғыртудың қуатты құралы. Ол оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, оларды белсенді түрде ізденуге ынталандырады. Оқытушылар да өз сабақтарын қызықты әрі заманауи форматта ұйымдастыру үшін блоггингтің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алады.

Болашақта блоггинг білім беру жүйесіне одан әрі терең еніп, жаңа технологиялармен үйлесіп, оқу процесін қызықты әрі тиімді ете түсетіні сөзсіз. Сондықтан мұғалімдер мен оқушыларға блог жүргізуді үйрену және оны білім беру мақсатында тиімді қолдану өте маңыздыҚазіргі заманда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласына да үлкен өзгерістер енгізуде. Оқыту процесінің тиімділігін арттыру мақсатында дәстүрлі әдістермен қатар, жаңа технологиялар қолданылып келеді. Солардың бірі – блоггинг. Блоггинг тек ақпарат таратудың құралы ғана емес, сонымен қатар білім алушылар мен мұғалімдер үшін тиімді оқыту әдісі бола алады.

Бүгінгі күні блогтар тек жеке адамдардың пікір алмасу алаңы емес, сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеудің, ақпаратпен бөлісудің, шығармашылық дамудың құралына айналды. Блогтарды қолдану арқылы оқыту процесіне жаңаша көзқарас қалыптасып, мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы өзара әрекеттестік нығаяды. Бұл мақалада блоггингтің білім беру процесіндегі рөлі, оның артықшылықтары және оны оқыту жүйесіне енгізу жолдары қарастырылады. Блог – бұл интернет кеңістігінде жарияланатын, нақты бір тақырыпқа

арналған жазбалар жиынтығы. Блогтар әртүрлі бағытта болуы мүмкін: жеке күнделік, кәсіби платформа, ғылыми немесе оқыту блогы. Білім беру саласында блогтарды пайдаланудың бірнеше түрі бар: Мұғалімнің блогы – мұғалімдер үшін оқыту материалдарын, тапсырмаларды, кеңестерді бөлісудің тиімді тәсілі. Оқушылардың немесе студенттердің жеке блогы – оқушылар өз білімін көрсетіп, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады. Топтық блогтар – мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен жұмыс жасау алаңы, онда пікір алмасу, жобалар жүргізу, тәжірибе бөлісу жүзеге асырылады.

Ақпаратты еркін тарату және бөлісу – блогтар білім алушыларға қажетті материалдарды тез және қолжетімді түрде алуға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту мүмкіндігі – мұғалімдер мен оқушылар блог арқылы кез келген жерде және кез келген уақытта байланыс орната алады. Оқушылардың жазу дағдыларын дамыту – блог жүргізу арқылы оқушылардың жазу шеберлігі мен сауаттылығы артады. Шығармашылық қабілеттерді жетілдіру – оқушылар өз идеяларын еркін түрде жеткізіп, шығармашылық ойлау дағдыларын дамыта алады. Мұғалімдер мен оқушыларды блог жүргізуге үйрету. Оқыту блогтарының. Кері байланысты қамтамасыз ету. Блоггингті бағалау жүйесіне енгізу.Блоггинг оқушылардың тек оқу үлгерімін ғана емес, олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін де дамытады. Блог жазудың оқушыларға тигізетін негізгі пайдасы мыналар: Жауапкершілік қалыптастырады – оқушы өзінің блогына материал жариялаған кезде оның сапасына, мазмұнына мән береді. Өзіндік ойлауды дамытады – блог жазу барысында оқушылар өз ойларын жүйелеп, нақты әрі түсінікті етіп жеткізуге дағдыланады. Зерттеушілік қабілетті арттырады – блог жүргізу кезінде оқушылар ақпаратты іздеу, сұрыптау және талдау дағдыларын меңгереді. Тілдік және жазу мәдениетін жетілдіреді – блог арқылы оқушылардың жазу стилі жақсарып, сауаттылығы артады. Шығармашылық қабілетті дамытады – оқушылар өз блогында тек мәтін ғана емес, суреттер, видеолар, графиктер, инфографикалар қолдана алады. Мұғалімдер үшін блоггинг оқыту процесін жаңғыртудың тиімді әдісі болып табылады. Мұғалімдер блог жүргізу арқылы келесі мүмкіндіктерге ие болады. Оқушылармен тұрақты байланыс орнату – блог арқылы сабақтан тыс уақытта да оқушылармен қарым-қатынас жасауға болады.

Авторлық әдістемелермен бөлісу – мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісіп, оқыту әдістерін кеңінен тарата алады. Кәсіби дамуға ықпал ету – мұғалімдер өздерінің кәсіби шеберліктерін арттырып, әріптестерімен тәжірибе алмаса алады. Оқыту материалдарын сақтау және жүйелеу – блог жүргізу мұғалімдерге барлық материалдарын бір жерде сақтап, оларды оңай құрылымдауға мүмкіндік береді.Қазіргі уақытта білім беру үрдісінде блоггингті қолдану тек оқушылар мен студенттердің жеке күнделіктерін жүргізумен шектелмейді. Ол оқытудың белсенді әдістерінің біріне айналды. Блогтарды пайдалану арқылы оқытушылар мен оқушылар арасындағы кері байланыс жақсарады, оқушылар өз ойларын еркін жеткізе алады және өзіндік зерттеулер жүргізе алады. Оқушылар мен студенттер өз блогтарында ғылыми жобалар жүргізіп, тәжірибелерімен бөлісіп, пікірталастар ұйымдастыру арқылы білімдерін тереңдетеді.

Білім беру блогтарын жүргізу үшін бірнеше платформалар мен құралдар кеңінен қолданылады. Олардың ішінде WordPress, Blogger, Edublogs сияқты тегін платформалар бар. Сонымен қатар, Google Classroom және Moodle сияқты онлайн оқыту жүйелері блоггингті білім беру үдерісіне енгізуге мүмкіндік береді. Бұл платформалар оқушыларға жеке блогтарын жүргізуге, курстық жұмыстарын жариялауға және мұғалімдермен интерактивті түрде қарым-қатынас жасауға жағдай жасайды.

Блоггингті оқытуда қолдану инновациялық педагогикалық технологиялардың бірі болып табылады. Оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара әрекеттестік арта түседі, ал оқушылар өз ойларын еркін білдіріп, шығармашылық тұрғыдан дамиды. Блоггингті қолдану арқылы келесі инновациялық әдістерді тиімді жүзеге асыруға болады: «Флиппед-оқыту (Flipped Learning)» – оқушылар сабақ материалын алдын ала блогтар арқылы оқып, сабақ барысында тек талқылау және тәжірибелік жұмыстар жүргізеді. «Кейс-стади әдісі» – оқушыларға нақты бір мәселе бойынша блог жазып, оны талқылау ұсынылады. «Жобалық оқыту» – оқушылар өз блогтарын белгілі бір тақырыпта зерттеу жобасы ретінде жүргізеді.

Оқушылар мен студенттердің білімге деген қызығушылығын арттыру үшін блогтарды түрлі форматта жүргізуге болады. Блогтарды тек жазбаша мәтінмен шектемей, оған инфографика, бейнематериалдар, подкасттар, интерактивті тесттер қосу қажет. Бұл оқыту процесін қызықты және тиімді етеді. Сонымен қатар, блогтарға ашық пікірталас аймақтарын енгізу арқылы оқушылардың бір-бірімен тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау қажет. Блоггинг тек мектеп және жоғары оқу орындарында ғана емес, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде де қолданыла алады. Балабақша тәрбиешілері ата-аналармен тығыз байланыс орнату үшін блогтар жүргізе алады. Блогтар арқылы күнделікті сабақ жоспарлары, әдістемелік материалдар, балалардың шығармашылық жұмыстары жарияланып отырады. Бұл ата-аналарға балаларының оқу және даму үрдісін бақылауға мүмкіндік береді.

«Блог жүргізу барысында оқушылар бірнеше қателіктер жібере алады. Солардың ішінде жиі кездесетіндері: Тақырыпты дұрыс таңдай алмау» – оқушылар кейде өздері қызықпайтын тақырыптарды таңдап, блогтарын белсенді жүргізе алмай қалады. «Контенттің сапасыз болуы» – кейде оқушылар блог жазбаларында нақты деректер мен зерттеулерге сүйенбей, ойларын толық жеткізе алмайды. «Үнемі жаңартылмауы» – блог жүргізудің ең маңызды қағидасы – тұрақты түрде жаңарту. Кейбір оқушылар уақыт өте келе блогтарын жүргізуді тоқтатып, белсенділіктерін жоғалтады.

Қазіргі білім беру жүйесінде дәстүрлі оқыту әдістері мен блоггингті қолдану арасында үлкен айырмашылықтар бар. Дәстүрлі әдістерде оқушылар көбінесе мұғалімнің түсіндіруін тыңдап, оқулықтағы ақпараттарды жаттайды. Ал блоггинг әдісі керісінше, оқушыларды белсенді ізденіске итермелейді.

Негізгі айырмашылықтар: «Ақпарат көздері:» Дәстүрлі әдістерде оқулықтар негізгі ақпарат көзі болып табылса, блоггинг оқушыларға әртүрлі интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндігін береді. «Шығармашылық еркіндік:» Блог жазу барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізе алады, ал дәстүрлі әдістерде жазба жұмыстары қатаң құрылымға бағынады. «Кері байланыс:» Дәстүрлі оқытуда кері байланыс тест немесе жазба жұмыстар арқылы жүзеге асса, блоггинг кезінде пікір қалдыру, сұрақ-жауап және интерактивті талқылаулар жүреді.

Блоггингті тек оқу процесінде ғана емес, ғылыми-зерттеу жұмыстарында да қолдануға болады. Оқушылар мен студенттер өз зерттеулерінің нәтижелерін блог беттерінде жариялап, ғылыми қауымдастықтан пікір ала алады. Бұл әдіс зерттеушілерге өз жұмыстарын кең аудиторияға ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, блоггинг зерттеу барысында интерактивті сауалнамалар мен пікірталастар ұйымдастыруға көмектеседі. Инклюзивті білім беруде блоггингтің рөлі:Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру жүйесіне енгізу процесі. Бұл бағытта блоггинг ерекше маңызға ие. Мысалы: «Есту қабілеті нашар оқушылар» үшін блогтар арқылы жазбаша ақпарат беру өте тиімді. «Қозғалыс мүмкіндігі шектеулі оқушылар» қашықтан білім алу үшін блогтарды пайдалана алады. «Тіл үйренушілер» блог жүргізу арқылы өз тілдік дағдыларын жақсарта алады.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты, болашақта блоггинг білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналуы мүмкін. Оқытуда блогтарды кеңінен қолдану келесі бағыттарда жүзеге асуы мүмкін: «Жасанды интеллект көмегімен персонализацияланған блогтар» – әр оқушыға жеке білім беру бағытын ұсынатын алгоритмдер. «Мультимедиялық контентті кеңейту» - бейнеблогтар, аудиоблогтар және интерактивті оқыту құралдары. «Блоггинг пен геймификацияны біріктіру» – оқыту процесін қызықты әрі мотивация беретіндей ету. «Әлемдік білім беру блог платформаларымен интеграция» – қазақстандық білім беру блогтарын халықаралық деңгейге шығару.

Қорытындылай келе, блоггинг – білім беру процесін жаңғыртудың тиімді құралдарының бірі. Ол мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекеттесуін жақсартып қана қоймай, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Болашақта блоггингті оқыту жүйесіне кеңінен енгізу арқылы білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге болады. Сондықтан мұғалімдерге блоггингті тиімді пайдалану жолдарын үйрету, оқушыларды блог жүргізуге ынталандыру – қазіргі заманғы білім берудің басты

міндеттерінің бірі болуы тиіс. Білім беру саласында блоггингті қолдану оқушылардың өз білімін кеңейтуге, жаңа технологияларды меңгеруге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға зор ықпалын тигізеді. Сол себепті оны оқыту процесіне енгізу – уақыт талабы. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде блоггинг оқытудың тиімді құралына айналып келеді. Оны дұрыс пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге және өз бетімен білім алуын ынталандыруға болады. Мұғалімдер блоггингті қолдану арқылы сабақтарын қызықты әрі интерактивті етіп өткізіп, оқушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттыра алады. Болашақта блоггингті білім беру жүйесіне одан әрі кеңінен енгізу маңызды болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Әбдіманапов С.Ж., Білім берудегі цифрлық технологиялар. – Алматы: «Білім» баспасы, 2021ж
2. Иманбекова А.Қ., Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. – Астана: «Фолиант», 2020ж
3. Қараев Ж.А., Интерактивті оқыту әдістері және олардың тиімділігі. – Алматы: «Мектеп», 2019ж
4. Назарбаев Н.Ә., Қазақстанның болашағы – білімді жастар. – Астана: «Елорда», 2018ж
5. Prensky M. Digital Natives, Digital Immigrants // On the Horizon. – 2001. – Vol. 9, No. 5.
6. Downes S. Educational Blogging // EDUCAUSE Review. – 2004ж
7. Siemens G. Connectivism: A Learning Theory for the Digital Age. – 2005ж

ӘОЖ 378

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ»

Аманбек Ж.О., Жалел.Г.Ж.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, аға оқытушы
jadyra.93.30@mail.ru
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті
zalelovgulmarzan@gmail.com

Қазіргі кезеңде ақпараттық технологиялар (IT) ғылым мен білім беру саласында маңызды рөл атқарып отыр. Ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі мен білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында ақпараттық технологияларды қолдану – бұл әлемдік білім беру мен ғылыми ортадағы басты тенденциялардың бірі. Бұл мақалада ақпараттық технологиялардың білім беру мен ғылыми зерттеулердегі маңыздылығы, олардың қолдану салалары, сондай-ақ оларды енгізу кезіндегі кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары қарастырылады. Ақпараттық технологиялардың білім беру мен ғылым саласындағы рөлі Ақпараттық технологиялар мен цифрландыру үдерісі білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер әкелді. Қазіргі таңда оқыту мен зерттеу әдістері көптеген ақпараттық құралдармен толықтырылған. Осы өзгерістердің басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру, ғылымдағы жаңалықтарды жылдам енгізу және түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы зерттеу жұмыстарының тиімділігін жоғарылату.

Білім беру саласында IT технологиялардың қолданылуы: Цифрлық білім беру жүйелері оқушылар мен студенттерге ыңғайлы оқу әдісін таңдауға мүмкіндік береді. Мысалы, онлайн платформалар мен электронды кітапханалар білім алушыларға әлемнің кез келген бұрышынан өздеріне қажетті ақпаратты алуға жағдай жасайды. Онлайн курстар мен мобильді қосымшалар оқытуды жеңілдетіп, кез келген уақытта және кез келген жерде білім алуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялардың білім беру мен ғылым саласындағы дамуы тек оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар ғылыми ортада жаңа әдістер мен тәсілдердің пайда болуына ықпал етеді. Мысалы, виртуалды зертханалар мен симуляторлар зерттеушілерге ғылыми тәжірибелерді қауіпсіз ортада жүргізуге мүмкіндік береді. Ал білім беру саласында интерактивті тақталар, ойындар мен бейнемазмұндар оқу материалын визуалды түрде көрсету арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, білім беру процесіне қолданылатын деректерді талдау арқылы оқушылардың күшті және әлсіз тұстарын анықтап, әрбір студентке жеке оқыту жоспарын жасауға мүмкіндік туындайды.Қашықтықтан оқыту бағдарламалары оқушылар мен студенттерге өздерінің оқу уақыттарын басқаруға және жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда ең көп таралған білім беру платформалары ретінде Coursera, edX, Moodle, Google Classroom сынды жүйелерді атауға болады. Олардың қолданылуы білім алушылардың оқу сапасын арттыруға көмектеседі.

Қазіргі таңда білім беру мен ғылым саласында ақпараттық технологиялардың дамуы ерекше маңызға ие. Әлемдегі білім беру жүйелерінің тиімділігін арттыру үшін ақпараттық технологияларды енгізу процесі қарқынды жүріп жатыр. Білім беру мен ғылыми зерттеулерде цифрлық құралдардың қолданылуы пәндердің мазмұны мен оқыту әдістемесін жетілдірумен қатар, оқушылар мен студенттерге өздерінің білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулердегі инновациялар мен жаңа технологиялар жаңалықтардың жариялануын жеделдетіп, ғылыми ортадағы алмасу процесін жылдамдатады. Бірақ, осы мүмкіндіктерді толықтай пайдалану үшін барлық деңгейде сапалы интернет байланысы мен ақпараттық қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету қажет.Ғылыми зерттеулерде ақпараттық технологиялар ғылыми деректерді өңдеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Бұл әсіресе үлкен деректермен жұмыс істейтін ғылым салаларында, мысалы, биология, химия, экология, әлеуметтік ғылымдарда маңызды. Қазіргі кезде көптеген зерттеу жұмыстарында аналитикалық құралдар ретінде MATLAB, Python, R тілдері, сондай-ақ статистикалық бағдарламалар қолданылуда. Олар зерттеу барысында ғылыми нәтижелерді өңдеуді жеңілдетіп, жылдамдатады.

Жасанды интеллект (AI) пен машинамен оқыту (ML) әдістері зерттеулерде жаңа көкжиектерді ашуда маңызды рөл атқарады. Мысалы, жасанды интеллект деректерді өңдеуге арналған алгоритмдер арқылы көптеген күрделі ғылыми мәселелерді шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, ғылыми жұмыс жасауға арналған виртуалды зертханалар мен құралдар зерттеу үдерісін әлдеқайда тиімді әрі қолжетімді етеді. Ақпараттық технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктері: Ақпараттық технологиялардың білім беру мен ғылыми саладағы қолданылуы көптеген артықшылықтармен қатар, кейбір кемшіліктер мен қиындықтар да тудырады. Артықшылықтары:

1.Қолжетімділік және уақытты үнемдеу:

Ақпараттық технологиялар білім алушыларға және зерттеушілерге кез келген уақытта, кез келген жерде ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін береді. Бұл білім алушылардың оқу графигін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2.Жеке оқыту тәсілдері:

Жасанды интеллект пен машиналық оқыту технологиялары оқу процесін әрбір студенттің жеке қажеттілігіне сай реттеуге мүмкіндік береді. Бұл жеке оқу жоспарларын құруға, оқушының деңгейіне сай тапсырмалар ұсынуға мүмкіндік береді.

3.Қашықтан білім беру мүмкіндіктері:

Қашықтан оқыту бағдарламалары мен онлайн платформалар білім алушыларға уақыт пен орынға тәуелсіз білім алуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жұмыс істейтін студенттер мен басқа да ұтқыр топтар үшін тиімді.

4.Ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру:

IT технологиялар ғылыми деректерді өңдеуді жылдамдатуға және тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл жаңалықтардың тезірек енгізілуін және зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялауды жылдамдатады.

Кемшіліктері:

1.Техникалық қиындықтар:

Қашықтықтан оқыту мен ғылыми зерттеулерде техникалық ақаулар мен интернет байланысындағы қиындықтар жиі кездеседі. Бұл білім алу немесе зерттеу жұмыстарының үзіліссіз жүзеге асуына кедергі болуы мүмкін.

2.Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері:

Ақпараттық технологияларды қолдану кезінде деректерді қорғау мәселесі маңызды болып табылады. Кибершабуылдар мен ақпараттық қауіпсіздік мәселелері білім беру мен ғылыми зерттеулердің тиімділігіне кедергі келтіреді.

3.Интернетке қолжетімділіктің жетіспеушілігі:

Әлемнің кейбір өңірлерінде интернетке қолжетімділік төмен, бұл білім беру мен ғылыми зерттеулердің дамуына кедергі келтіреді. Бұл әсіресе дамушы елдерде айқын көрінеді.

4.Ақпараттық сауаттылықтың төмендігі:

Барлық оқушылар мен зерттеушілер ақпараттық технологияларды тиімді қолдану үшін қажетті дағдыларға ие емес. Бұл мәселелерді шешу үшін қосымша оқыту мен дайындық қажет.

Ақпараттық технологиялар ғылым мен білім беру саласында одан әрі дамып, жаңа мүмкіндіктер ашады. Олардың болашағы – бұл сандық білім беру жүйелерінің дамуы, жасанды интеллекттің және машиналық оқытудың білім мен ғылымға енгізілуі. Сонымен қатар, виртуалды және қосымша шындық технологиялары білім беруде жаңа көкжиектер ашады. Алдағы жылдары білім беру мен ғылыми зерттеулерде 5G технологиясы, блокчейн, және нейрондық желілер сияқты жаңа бағыттар қолданысқа енуі мүмкін. Бұл өз кезегінде білім алушылар мен ғалымдардың жұмысын жеңілдетіп, ғылыми жетістіктерді тезірек таратуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар білім беру мен ғылыми салалардың дамуын жеделдетіп қана қоймай, сонымен қатар осы салаларда жаңа стандарттар мен әдістемелердің пайда болуына ықпал етуде. Мысалы, жасанды интеллект (AI) мен машинамен оқыту (ML) оқыту процесін жеке даралаштыруда үлкен рөл атқарады. Бұл технологиялар арқылы әрбір студенттің оқу стилі мен деңгейіне сәйкес мазмұн мен тапсырмаларды реттеу мүмкіндігі пайда болды. Сонымен қатар, цифрлық платформалар мен ресурстар білім алушыларға өз бетімен оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұндай платформалар ақпараттың әртүрлі форматта (мәтін, бейнемазмұн, интерактивті тапсырмалар) ұсынылуын қамтамасыз ете отырып, оқыту тиімділігін арттырады. Бұдан басқа, виртуалды зертханалар мен эксперименттік құралдардың қолданылуы ғылыми зерттеулерді жетілдіруге және ғылыми тәжірибені қайталанатын зерттеулер арқылы дәлелдеуге мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялардың білім мен ғылым саласында дамуының бірқатар келешектегі үрдістері де байқалады. Блокчейн технологиясының білім беру мен зерттеулердегі деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі артып келеді. Сонымен қатар, 5G байланыс технологиясы ғаламдық білім беру жүйелеріне қолжетімділік мәселелерін шешуге ықпал ететін болады. Технологиялардың осы даму кезеңі ғылыми зерттеулер мен білім беру саласындағы әдістемелерді едәуір жаңартып, білім беру жүйесін біршама жеңілдетеді.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар білім беру мен ғылым саласында тек тиімділік арттыруға ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге де ықпал етуде. Мысалы, әлем бойынша білім алу мүмкіндіктері тең емес, әсіресе дамушы елдерде интернетке қолжетімділік шектеулі. Осы мәселелерді шешу үшін халықаралық ұйымдар мен үкіметтер жергілікті деңгейде интернет инфрақұрылымын дамыту, қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін кеңейту бағытында бірқатар жобалар мен бастамаларды қолға алуда. Сонымен қатар, пандемия кезеңінде қашықтан оқыту бағдарламаларының жедел енгізілуі, ақпараттық технологиялардың білім саласында қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Бұл өзгерістер білім беру жүйесінің жаһандық масштабта теңдестірілген болуына мүмкіндік береді. Алайда, білім алушылар мен оқытушылар үшін ақпараттық сауаттылықты арттыру және жаңа технологияларды қолдануда туындайтын техникалық қиындықтарды жеңу бағытында да жұмыс жүргізу қажет.

Ақпараттық технологиялар қазіргі білім беру мен ғылым саласының дамуында шешуші рөл атқаруда. Олар білім алушыларға және зерттеушілерге жаңа мүмкіндіктер ұсынып, оқу мен зерттеу әдістерін жетілдіруге ықпал етеді. Онлайн платформалар мен қашықтықтан оқыту бағдарламалары білім алу процесін ыңғайлы әрі қолжетімді етеді, ал ғылыми зерттеулерде деректерді өңдеу мен жаңа технологияларды қолдану ғылыми жұмыстың тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, жасанды интеллект пен машинамен оқыту сияқты инновациялар зерттеулерді жаңа деңгейге көтереді. Алайда, ақпараттық технологияларды қолданудың кейбір кемшіліктері де бар, мысалы, техникалық қиындықтар мен интернетке қолжетімділік мәселелері. Бұл мәселелерді шешу үшін сапалы интернет байланысы мен ақпараттық қауіпсіздік шараларын енгізу қажет. Ақпараттық технологиялардың дамуы білім беру мен ғылымды жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз етіп, болашақта осы салалардың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1.Жақыпбек, Б. Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесіндегі маңызы, Қазақ педагогикалық журнал, 4(2), 25-30. 2020 ж.

2.Мұхамедов, Р. Ғылыми зерттеулердегі ақпараттық технологиялар, Ғылым және инновациялар, 10(3), 12-19. 2021 ж.

3.Шакирова, А. Білім беру саласындағы цифрландыру үдерістері, Қазақстанның білім беру мәселелері, 5(1), 45-52. 2022 ж.

4.ҚР Білім және ғылым министрлігі. 2023 ж. Ақпараттық технологиялардың білім беру

5.Исаев, Т. Жасанды интеллект және білім беру жүйесі: қазіргі жай-күйі мен болашағы. Қазақстандағы білім беру, 8(2), 102-110. 2022 ж.

6.Петров, В. Білім берудегі ақпараттық технологиялар: әлемдік тәжірибе, Халықаралық білім беру және ғылым журналы, 14(1), 23-35. 2023 ж.

7.Қожахметов, Б. Қашықтықтан оқыту жүйесі: теориялық және практикалық аспектілері. Қашықтықтан білім беру, 7(4), 60-75. 2021 ж.

8.Алексеев, И. Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері мен шешу жолдары. Ақпараттық технологиялар журнал, 15(3), 40-50. 2020 ж.

ӘОЖ 378

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Аманбек Ж.О., Жапан М.Ж.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, аға оқытушы
jadyra.93.30@mail.ru
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті
mereizapan@gmail.com

Бұл мақалада ғылым мен білім беру саласындағы жасанды интеллекттің (ЖИ) рөлі қарастырылады. Жасанды интеллекттің ғылыми зерттеулерді автоматтандыру, үлкен деректерді талдау және жаңа ғылыми жаңалықтарды ашудағы маңызы зор. Сонымен қатар, білім беру жүйесінде ЖИ оқыту үдерісін жекешелендіруге, оқушылардың үлгерімін бақылауға және бағалау процесін автоматтандыруға көмектеседі.

Мақаланың мақсаты – ЖИ-дің ғылым мен білімге тигізетін ықпалын талдау және оның болашақта қалай дамитынын болжау. Бұл технологияны тиімді пайдалану үшін оның артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіну маңызды. XXI ғасыр – технологиялық революция дәуірі. Жасанды интеллект бүгінде адам өмірінің барлық саласына еніп, көптеген процестерді автоматтандыруға мүмкіндік беріп отыр. Ғылым мен білім беру де осы өзгерістердің басты

Сауалнама нәтижелері бойынша, инновациялық технологиялар оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуда маңызды құрал ретінде көрінеді. Оқушылар сыни ойлаудың ақпаратты талдай білу, өз пікірін білдіре алу, мәселені жан-жақты қарау сияқты дағдыларын қалыптастыруға зор әсер етеді. Бұл технологиялар оқушыларға ақпаратты іздеп, саралауға мүмкіндік беріп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Сауалнамада көрсетілгендей, интерактивті тақталар, онлайн платформалар мен білім беру бағдарламалары сыни ойлауды дамытуға тиімді әдістер ретінде аталды. Сонымен қатар, зерттеу жобалары, пікірталастар мен танымдық ойындар оқушылардың шешім қабылдау дағдыларын және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттырады.Мұндай әдістер оқушыларды топтық жұмысқа бейімдей отырып, олардың дербес ойлау қабілетін дамытады, жауапкершілік

сезімін арттырады. Нәтижесінде оқушылар жаңа ақпаратты тиімді қабылдап қана қоймай, оны талдау дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, олар алынған білім негізінде қорытынды жасауға, ақпаратты жинақтап, жүйелеуге, пікірталастарға қатысуға және өз көзқарасын дәлелдеуге үйренеді.

Дегенмен, сауалнамада инновациялық технологияларды пайдалану барысында туындайтын қиындықтар да атап өтілді. Техникалық мәселелер, жаңа әдістерге оқушылар мен мұғалімдердің толық үйренбеуі, кейде технологиялардың дұрыс қолданылмауы сияқты кедергілер жиі кездесетінін көрсетті.

Қорытындылай келе, инновациялық технологиялар сыни ойлауды дамытуға үлкен үлес қосады, бірақ оларды тиімді пайдалану үшін тиісті дайындық пен ресурстар қажет. Әрбір білім беру мекемесі жаңа технологияларды дұрыс әрі тиімді түрде қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндігі бар.

Әдебиеттер:

1. Клустер, Д. Что такое критическое мышление? // Перемена. – 2001. – № 4. – С. 36-40.

2. Василенко Е.П. Критическое мышление как современная проблема личности // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2013. – № 12. – С. 91–95.

3. Ивунина Е.Е. О различных подходах к понятию «критическое мышление» / Молодой ученый – 2009. – № 11. - С. 170-174.

UDC 372.881.111.1

WAYS OF INTEGRATING ARTIFICIAL INTELLIGENCE INTO THE DEVELOPMENT OF ORAL COMMUNICATION SKILLS OF HIGH SCHOOL STUDENTS

T.T. Saduakhas[1], T.Zh. Zhengis[2]
[1]1st year Master's student of EP 7M01701 - Foreign language: two foreign languages
Astana International University
Astana, Kazakhstan
tangsholpan_s@mail.ru
[2]English teacher of SoGA «Secondary School No.17»
Department of Education of the city of Karaganda
togzhaan.zh@mail.ru

In the context of rapidly developing technologies and the digitalization of the educational process, artificial intelligence (AI) is becoming an integral part of modern learning. One of the key competencies required for high school students to succeed in socialization and professional activities is oral communication. This skill is actively used in academic, social, and future professional life, as well as in interpersonal relationships.

Modern technologies and innovations offer unique opportunities for effectively developing oral communication skills, and one of these tools is artificial intelligence. AI is already actively used in education, and its application in the development of communication skills is an important step toward improving educational processes. The use of AI in teaching oral communication allows for personalized approaches, accelerates the learning process, and provides students with access to a wide variety of learning resources anytime and anywhere.

The topic of implementing AI in the educational process of high school students is especially relevant, as this is the period when students face the need to master various forms of communication: from academic discussions and presentations to social interactions and preparing for public speaking. The use of AI allows students to effectively practice communication skills, receive instant feedback

on pronunciation, grammar, and speech style, and simulate real conversational situations that may be difficult to recreate in normal conditions.

Thus, the integration of artificial intelligence in the development of oral communication skills of high school students is not only relevant but also extremely necessary for fostering students' self-confidence, improving their social adaptation, and preparing them for future professional life, where communication skills play a crucial role.

Artificial Intelligence (AI) is becoming an essential tool in the field of education, offering innovative approaches to learning and developing oral communication skills. In particular, in recent years, AI has been actively used to enhance the oral communication abilities of students, which is especially important for high school students preparing for their professional and social lives. As researchers such as Alexandara Harry (2023) state, AI enables personalized learning that caters to individual student needs, making the learning process more efficient and accessible. The integration of such technologies allows students to practice pronunciation, intonation, and dialogue management, receiving instant feedback and recommendations [1].

In recent years, the use of AI in language learning has expanded beyond grammar and vocabulary tasks. As noted by Sari N. (2023), AI, based on speech recognition and natural language processing technologies, provides unique opportunities for the development of oral communication skills. AI-powered programs such as Duolingo, Rosetta Stone , and others offer interactive exercises for practicing pronunciation and speech in real time, while also assessing students' language proficiency. Virtual conversation partners and simulations of real-life conversational situations help students build confidence, reducing psychological barriers and providing a safe space for practice [2].

Kazakhstanian researchers Kazbekova A. B. and Zhorabekova D. M. (2024) examine the use of Artificial Intelligence (AI) to create personalized learning materials for English language lessons in secondary schools. The authors emphasize how AI can be used to develop individualized learning programs, allowing for more accurate consideration of each student's knowledge level and needs. The study also highlights the importance of integrating AI into the educational process to improve the quality of learning and enhance the language skills of students in Kazakhstan [3].

Furthermore, El Shazly R. (2021) highlights the importance of using AI to create a non-judgmental environment where students can practice oral communication without the fear of making mistakes. This approach is particularly beneficial for those who feel shy or anxious about speaking a language, especially in public or formal settings. The use of AI in language learning promotes more frequent and prolonged practice, which significantly improves oral communication skills. As AI continues to develop, educational platforms are becoming even more adaptive, allowing students to achieve high levels of proficiency in oral communication [4].

Similarly, the paper «The Exploitation of Artificial Intelligence in Developing English Language Learner's Communication Skills» by Gomathi R.D. (2023) explores how Artificial Intelligence (AI) can be leveraged to enhance the communication skills of English language learners. The authors discuss various AI technologies, including speech recognition systems, virtual tutors, and AI-driven learning platforms, which provide personalized learning experiences and real-time feedback to improve students' oral communication abilities. The study emphasizes the role of AI in creating adaptive learning environments that cater to the individual needs of learners, helping them overcome challenges in pronunciation, fluency, and overall communication. The paper presents AI as an essential tool for modernizing language education and improving learner engagement and outcomes [5].

Artificial Intelligence (AI) refers to the simulation of human intelligence processes by machines, especially computer systems. These processes include learning (the ability to acquire and apply knowledge), reasoning (the ability to solve problems through logical deduction), and self-correction. AI systems are designed to perform tasks that typically require human intelligence, such as visual perception, speech recognition, decision-making, and language translation.

AI is often divided into two main categories:

1. Narrow AI: This is specialized in performing specific tasks, such as language translation, speech recognition, or playing chess. It is designed to do one job exceptionally well.

2. General AI: This type aims to perform any intellectual task that a human can do, but it remains a theoretical concept as of now and has not yet been fully realized.

AI technologies, like machine learning, deep learning, and natural language processing (NLP), have revolutionized numerous fields, including healthcare, finance, transportation, and, most importantly, education.

Artificial Intelligence plays a significant role in the development of language skills, including both oral and written communication. By leveraging AI technologies, educators and students can enhance their learning experience, increase engagement, and gain more personalized instruction. Here's how AI is transforming language learning and communication:

1. Personalized Learning Experience

AI can analyze individual learning patterns and adapt lessons to the needs of each student. In language learning, platforms like Duolingo , Babbel , and Rosetta Stone use AI to customize lessons based on a student's progress and weaknesses. The system adjusts the level of difficulty, introduces new vocabulary, and provides practice based on the student's performance, making learning more efficient.

2. Speech Recognition and Pronunciation Improvement

One of the most powerful applications of AI in language education is speech recognition. Tools such as Google Speech-to-Text and Elsa Speak use AI to assess students' pronunciation and give them real-time feedback. These systems help learners recognize errors in their pronunciation, intonation, and fluency, offering corrections and suggestions for improvement. This technology is particularly valuable for non-native speakers, allowing them to practice their speaking skills and perfect their pronunciation with immediate feedback.

3. Natural Language Processing (NLP)

NLP is a branch of AI that helps computers understand, interpret, and generate human language. By applying NLP in educational tools, AI enables real-time translations, text analysis, and even the creation of language models that can engage in meaningful conversations. Chatbots and virtual assistants are examples of AI applications in language learning. These systems can simulate conversations with students, allowing them to practice speaking in real-world scenarios and receive instant responses. This also provides students with the flexibility to learn and practice at their own pace.

4. Simulation of Real-Life Communication Scenarios

AI can create realistic, interactive environments for students to engage in communication practice. Platforms can simulate conversations in various contexts—such as job interviews, debates, or casual exchanges-giving students the opportunity to practice without the pressure of interacting with a human being. These simulations are designed to adapt to the student's level, challenging them appropriately while offering support when needed. This helps learners build confidence and improve their oral communication skills in diverse situations.

5. Real-Time Feedback and Correction

AI systems are capable of providing instant feedback, which is essential for language learners. Whether it's correcting grammar mistakes, suggesting better sentence structures, or offering synonyms to enrich vocabulary, AI can help students immediately address their errors. This rapid feedback loop enhances the learning process, making it more effective and engaging. For example, AI tools integrated with language learning platforms can suggest improvements for better fluency, style, or even tone.

6. Chatbots and Virtual Tutors

AI-powered chatbots and virtual tutors are becoming an increasingly popular tool for practicing language skills. These tools can mimic human conversation and allow students to practice speaking and writing in a low-pressure, non-judgmental environment. Platforms such as Replika or Mitsuku provide students with an interactive platform where they can converse on various topics, improving their vocabulary and fluency. For more advanced learners, virtual tutors can offer personalized lessons, including advanced conversation practice, grammar drills, and cultural nuances [6].

Ways of using ai for developing oral communication skills.

The development of oral communication is a key component of the educational process, especially for high school students preparing for further studies and professional life. Artificial intelligence (AI) represents a powerful tool that allows students to effectively enhance their speaking skills. This section discusses several methods of integrating AI to improve oral communication.

1. AI as a language tutor

One of the most popular and effective ways to use AI in teaching oral communication is through AI-based language tutors. Programs like Duolingo, Rosetta Stone, and Memrise use AI to create personalized learning experiences. They analyze the student's knowledge level and adapt lessons based on their progress.

For oral communication training, these platforms offer interactive tasks that include pronunciation and spoken responses. AI helps students practice pronunciation and improve their accents, providing real-time feedback. For example, the Elsa Speak app allows learners to check their pronunciation using speech recognition technology, offering precise recommendations for improving their accent and intonation.

The advantages of using AI as a language tutor include:

- personalized approach: ai analyzes the student’s errors and strengths, tailoring lessons to their needs;
- accessibility and convenience: students can study at any time and in any location;
- instant feedback: unlike traditional learning methods, ai provides immediate information about students' mistakes;

2. Using speech recognition programs.

AI-powered speech recognition programs are an important tool for developing oral communication skills. These technologies allow students to practice pronunciation and receive precise recommendations for improvement, helping them achieve greater accuracy in speech.

Examples of such technologies include Google Speech-to-Text, Speechmatics, and Dragon NaturallySpeaking, which can analyze pronunciation and provide feedback on accent, intonation, and word usage. These systems can correct errors in real time and suggest alternative pronunciation or phrase formulations.

Using speech recognition helps:

- improve pronunciation: students can correct their mistakes, receiving detailed tips for improving their speech;
- boost confidence: practicing with speech recognition programs reduces psychological barriers since the student is not interacting with a teacher or peers;
- ensure accessibility: these programs can be used anywhere, making them convenient tools for independent learning.

3. Virtual Conversation Partners

Another effective way to improve oral communication is through the use of virtual conversation partners. AI systems such as Replika, ChatGPT, and Mitsuku can engage in dialogue with students, simulating various social situations. These virtual companions can be very helpful for practicing communication in a foreign language, especially when live interaction is limited.

AI chatbots can simulate conversations on a variety of topics, ranging from casual chats to more complex scenarios like interviews or business negotiations. These virtual conversation partners can be programmed to adapt to the student's language level, providing assignments and asking questions that match their skills.

The advantages of using virtual conversation partners include:

- accessibility: students can practice conversations at any time, without needing to wait for a live partner;
- safe environment: ai partners do not judge, helping students build confidence in their communication skills;
- variety of situations: the ability to simulate different contexts and dialogues helps students prepare for real-life conversation scenarios.

4. Interactive Simulations and Role-Playing Games

Interactive simulations and role-playing games using AI provide students with the opportunity to practice oral communication in environments that closely resemble real-life situations. AI-based programs can simulate various scenarios, such as business negotiations, public speaking, or casual conversations. These simulations help students develop communication skills in a safe but effective setting.

Virtual platforms integrated with virtual reality (VR) or augmented reality (AR) technologies can be used for this purpose. For example, with VR technology, students can interact with avatars representing different types of conversation partners and go through various scenarios like presentations or job interviews. These technologies not only develop speaking skills but also help students work with emotional and non-verbal aspects of communication.

- the benefits of interactive simulations and role-playing games with ai include:

- realistic scenarios: students can practice their skills in conditions that closely resemble real-world situations, which helps them feel more confident in actual encounters;

- simulating stressful situations: ai can create scenarios that students might not experience in real life, such as stressful interviews or public speeches;

- developing multiple skills: in addition to improving oral communication, such simulations help enhance critical thinking, emotional intelligence, and negotiation skills.

In conclusion, the use of artificial intelligence in the educational process represents a significant step forward in improving teaching methods, especially in the development of oral communication skills. The application of AI in creating personalized learning materials for English language lessons allows for the consideration of each student's unique needs, leading to more effective material acquisition. It is particularly important that AI helps students overcome individual difficulties with pronunciation and grammar, providing instant feedback and allowing real-time progress tracking.

Moreover, the integration of AI into the learning process enables the creation of adaptive and interactive learning environments, significantly boosting student motivation. The development of individualized programs and virtual assistants allows students to work at their own pace and time, which is a crucial factor in developing oral communication skills. It is also worth noting that AI helps create a safe space for practice, reducing psychological barriers, which is especially important for those who feel insecure when communicating in a foreign language.

Thus, the integration of artificial intelligence into the educational process opens new horizons for improving the quality of education, increasing student engagement, and deepening language acquisition. The implementation of technologies such as speech recognition systems and virtual conversation partners fosters students' confidence and helps them achieve high results in learning English. In the long term, these approaches may significantly transform traditional teaching methods, providing students with the opportunity to actively develop their language skills through modern technologies.

References:

1. Harry A. Role of AI in Education //Interdiciplinary Journal & Hummanity (INJURITY). – 2023. – Т. 2. – №. 3. - P. 48-61

2. Sari N. The role of artificial intelligence (AI) in developing English language learner's communication skills //Journal on Education. – 2023. – Т. 6. – №. 01. – P. 750-757.

3. Казбекова А.Б., Жорабекова Д.М. Орта мектептегі ағылшын тілі сабақтарында жекелендірілген оқу материалдарын жасау құралы ретінде жасанды интеллекті пайдалану //Endless light in science. – 2024. – №. 30 ноябрь 2. – Б. 3-7.

4. El Shazly R. Effects of artificial intelligence on English speaking anxiety and speaking performance: A case study //Expert Systems. – 2021. – Т. 38. – №. 3. – P. 12-67.

5. Gomathi R. D. et al. The Exploitation of Artificial Intelligence in Developing English Language Learner's Communication Skills //2023 14th International Conference on Computing Communication and Networking Technologies (ICCCNT). – IEEE, 2023. – P. 1-7.

6. Fitria T. N. The use technology based on artificial intelligence in English teaching and learning //ELT Echo: The Journal of English Language Teaching in Foreign Language Context. – 2021. – Т. 6. – №. 2. – P. 213-223.

ӘОЖ 378

СТУДЕНТТЕРДІҢ ИНТЕРНЕТКЕ ТӘУЕЛДІЛІГІ: БІЛІМ АЛУ МЕН ПСИХИКАҒА ӘСЕРІ

Г.Т. Жеңіс, М.Қ. Сайлаухан, Н.А. Кеулімжаева
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ. Қазақстан

Қазіргі заман – ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен цифрлық прогрестің дәуірі. Ғаламдық желі адам өмірінің барлық салаларына ентелей еніп, күнделікті тұрмыстан бастап, кәсіби және академиялық қызметке дейінгі кеңістікті жаулап алды. Әсіресе, студенттер үшін интернет – таным мен білімнің сарқылмас қайнары, ізденістің таптырмас құралы. Дегенмен, кез келген технологияның игілігімен қатар, оның белгілі бір шектеулері мен теріс салдары да болатыны сөзсіз. Интернетке шамадан тыс тәуелділік – қазіргі жастардың басым бөлігін алаңдататын өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеулер көрсеткендей, интернетке тәуелділік адамның когнитивті және эмоционалдық дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Білім алу үдерісін жеңілдетіп, қажетті ақпаратты жылдам табуға мүмкіндік беретін интернет, екінші жағынан, студенттердің зейінін шашыратып, сыни ойлау дағдыларын әлсіретеді.[1]. Әлеуметтік желілер мен ойын платформаларына шамадан тыс берілу білімге деген қызығушылықтың төмендеуіне, есте сақтау қабілетінің нашарлауына, ақпаратты терең талдау мүмкіндігінің әлсіреуіне алып келеді. Сонымен қатар, интернетке тәуелділік жас буынның психикалық денсаулығына да теріс әсерін тигізіп, күйзеліс, мазасыздық, әлеуметтік оқшаулану сияқты мәселелердің туындауына себеп болады.

Осы мақалада студенттердің интернетке тәуелділігінің білім алу үдерісіне және психикалық саулығына ықпалы жан-жақты қарастырылады. Тақырыпты талдау барысында ғылыми зерттеулер мен нақты деректерге сүйеніп, мәселенің мәнін ашып көрсетуге тырысамыз. Сонымен қатар, интернетті тиімді пайдалану мен оның кері әсерлерін азайтудың жолдары ұсынылады.

Интернет – білім алу құралы ма, әлде алаңдатушы фактор ма?

Интернет білім саласында төңкеріс жасады деуге толық негіз бар. Онлайн-курстар, ашық лекциялар, электронды кітапханалар мен дерекқорлар студенттердің білім алу мүмкіндігін кеңейтіп, өздігінен оқып-үйренуге жағдай жасайды. Әлемнің үздік университеттері мен ғылыми орталықтары өз материалдарын ашық қолжетімділікке шығарып, мыңдаған жас маманның кәсіби біліктілігін арттыруына септігін тигізуде. Интернеттің білім беру саласына енгізілуі оқыту мен ақпаратқа қолжетімділік тұрғысынан үлкен өзгерістер әкелді. Мысалы, “Медиасауаттылық” атты оқу құралында интернеттің әлемдік деңгейде шекараларды жойып, әлемді бір “ғаламдық ақпараттық ауылға” айналдырғаны атап өтіледі.[2].

Алайда интернеттің шексіз мүмкіндіктері оның кері әсерлерімен қатар жүреді. Қазіргі жастардың басым бөлігі әлеуметтік желілер мен ойын платформаларында ұзақ уақыт өткізіп, білім алуға қажетті ақпаратты өңдеуге уақыт таба алмай жатады. Сонымен қатар, интернеттегі ақпараттың ауқымдылығы мен қолжетімділігі кейбір студенттерді терең ойлаудан алыстатып, дайын жауаптарды іздеуге итермелейді. Бұл олардың сыни ойлау қабілетін әлсіретіп, күрделі мәселелерді өз бетінше шешу дағдыларын төмендетеді.

Кейбір зерттеулерге сәйкес, студенттер күн сайын орта есеппен 6-8 сағат уақытын интернетте өткізеді, оның ішінде 2-3 сағаты ғана білім алуға бағытталған. Қалған уақыты

әлеуметтік желілерде, ойындарда немесе стримингтік платформаларда жоғалады. Бұл көрсеткіштердің өзі интернеттің алаңдатушы факторға айналып, білім сапасына кері әсер ететінін дәлелдейді.

Интернетке тәуелділік психологиялық тұрғыдан алғанда тәуелділіктің басқа түрлеріне ұқсас. Адам миындағы дофамин жүйесі үнемі жаңалықтар, лайктар, хабарламалар немесе виртуалды ойындар арқылы ынталандырылып, шынайы өмірдегі іс-әрекеттерге деген қызығушылық төмендейді. Мұндай жағдайда студенттер сабаққа, оқуға, тіпті күнделікті өмірдің маңызды аспектілеріне салғырт қарай бастайды.

Ғалымдардың пікірінше, интернетке тәуелділік созылмалы күйзеліске, мазасыздықтың артуына және эмоционалдық тұрақсыздыққа алып келеді. Әсіресе, әлеуметтік желілердегі идеалдандырылған өмір мен өзгенің жетістіктерін бақылау жастардың өзін-өзі бағалауына кері әсер етеді. Олар өз өмірлерін виртуалды әлемдегі «жетістіктермен» салыстыра отырып, көңіл-күйдің тұрақсыздығына, тіпті депрессияға ұшырауы мүмкін.[3].

Кейбір зерттеулер интернетке тәуелділік пен ұйқының бұзылуы арасындағы тікелей байланысты көрсетеді. Студенттердің көпшілігі түнгі уақытта интернетте ұзақ отырудың салдарынан ұйқы режимін бұзып, таңертеңгі сабақтарға шаршаңқы күйде келеді. Бұл когнитивті процестердің баяулауына, зейіннің шашырауына және есте сақтау қабілетінің әлсіреуіне әкеледі.

Студенттерге интернет желісінің әсері туралы зерттеу.

Бүгінгі таңда интернет адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе, студенттер үшін ол білім алу, қарым-қатынас жасау және бос уақытты өткізу құралы ретінде үлкен маңызға ие. Алайда, интернеттің оң және теріс жақтары бар екені де белгілі. Осыған байланысты біз студенттердің интернетті пайдалану әдеттері мен оның күнделікті өмірге әсерін зерттеу мақсатында сауалнама жүргіздік. Зерттеудің нәтижесі 1- ші суретте берілген:



Сурет 1. Сауалнама нәтижелері

Сауалнамаға 13 студент қатысты. Онда интернетті пайдалану уақыты, мақсаттары, оның оқу үлгеріміне, ұйқы тәртібіне және әлеуметтік өмірге ықпалы туралы сұрақтар қойылды. Сонымен қатар, студенттердің киберқауіпсіздік ережелерін қаншалықты сақтайтыны мен интернетке тәуелділік деңгейі де зерттелді. Сауалнаманың негізгі сұрақтары келесідей болды:

- “Сіз күн сайын интернетті қанша уақыт пайдаланасыз?”
- “Интернетті көбінесе қандай мақсатта қолданасыз?”
- “Интернет сіздің оқу үлгеріміңізге қалай әсер етеді?”

Зерттеу нәтижесінде сауалнамаға қатысқандардың 72%-ы желілерді күнделікті өмірде белсенді пайдаланатындарын білдірді, ал 28%-ы интернетті қарым-қатынас орнатудың басты көзі деп есептемейді.

Интернетке тәуелділіктің алдын алу және оны тиімді пайдалану жолдары

Интернетті тиімді пайдаланудың негізгі жолы – уақытты дұрыс басқару және цифрлық детокс жасау. Студенттерге арнайы кесте құрып, белгілі бір уақыт аралығында ғана интернетті пайдалануды әдетке айналдыру ұсынылады. Сонымен қатар, интернетте өткізілген уақыттың сапасына мән беру қажет: білім беретін платформалар мен ғылыми ресурстарға басымдық беру, әлеуметтік желілерде шектен тыс уақыт өткізуді шектеу.

Цифрлық гигиенаны сақтаудың тағы бір жолы – офлайн белсенділікті арттыру. Кітап оқу, спортпен айналысу, достармен және отбасы мүшелерімен уақыт өткізу интернетке деген тәуелділікті азайтуға көмектеседі. Сондай-ақ, медитация мен тыныс алу жаттығулары эмоционалдық тұрақтылықты сақтап, психикалық денсаулықты нығайтуға ықпал етеді.

Кейбір елдерде интернетке тәуелділіктің алдын алу мақсатында арнайы бағдарламалар енгізілген. Мысалы, Оңтүстік Корея мен Қытайда студенттерге арналған «цифрлық детокс» лагерьлері жұмыс істейді. Бұл тәжірибелер интернетке тәуелділікті азайтуда тиімді нәтижелер көрсетуде.

Интернет қазіргі заманғы студенттердің білім алу мен кәсіби дамуы үшін аса маңызды құрал болып табылады. Бірақ оның артық қолданылуы, әсіресе әлеуметтік желілер мен онлайн ойындарға тәуелділік студенттердің психикалық және интеллектуалдық дамуына теріс әсер етуі мүмкін. Әрбір технологияның тиімділігі оның дұрыс қолданылуына тәуелді. Осы тұрғыда ғалымдар интернетке тәуелділікті психологиялық тұрғыдан зерттеп, оның әлеуметтік өмірге және психикалық денсаулыққа теріс ықпалын көрсеткен.

Қорытындылай келе, студенттердің интернетке тәуелділігін төмендету үшін, ғаламторды тек қажетті мақсаттар үшін, яғни білім алу және кәсіби дағдыларды жетілдіру үшін қолдану маңызды. Сонымен қатар, интернетке тәуелділік қаупі жоғары болған кезде оның зиянды әсерлерін бақылау мен азайту үшін саналы пайдалану мен уақытты тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру керек. Әлеуметтік байланыстарды нығайту, шынайы өмірде белсенді болу және интернет уақытын бақылау сияқты әдістер студенттердің психикалық және әлеуметтік дамуына оң әсерін тигізеді.

Осылайша, интернеттің зиянды әсерлерін болдырмау және студенттердің психикалық денсаулығын қорғау үшін оны саналы және мақсатты түрде пайдалану өте маңызды. Тек осындай жағдайда ғаламтор адамзаттың игілігіне қызмет ететін тиімді құралға айналады.

Әдебиеттер:

1. Young, K. S. (1998). Internet addiction: The emergence of a new clinical disorder. CyberPsychology & Behavior, 1(3), 237-244**. Young, K. S.** Internet addiction: The emergence of a new clinical disorder / K. S. Young // CyberPsychology & Behavior. — 1998. — Vol. 1, No. 3. — P. 237-244.

https://doi.org/10.1089/cpb.1998.1.237%EF%BF%BC

2. **Griffiths M.D.** A «components» model of addiction within a biopsychosocial framework / M. D. Griffiths // Journal of Substance Use. — 2005. — Vol. 10, No. 4. — P. 191-197. https://doi.org/10.1080/14659890500114359%EF%BF%BC

3. Қожахметова, С. А. Интернетке тәуелділік: психологиялық аспектілері / С. А. Қожахметова // ҚР Психология және педагогика ғылымдары журналы. — 2019. — Т. 4, № 1. — С. 89-102.

ӘОЖ 37.0 (075)

БІЛІМДІ ИГЕРУДЕГІ ЖЕЛІ ЖУРНАЛЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Слем Ұлжан
«Қарағанды жоғары гуанитарлық колледжі» КМҚК
a.ayaganov@list.ru

Қашан да білмекке құмарлық керек. Ендеше мен, жазу үстеліне осындай ұстаныммен отырамын. Өзімнің ынтызар болып жүрген тақырыбымды ***Білімді игерудегі желі журналының жетістігі*** деп атауды ұйғардым. Желі журналы бүгінгі тілмен айтқанда ***блоггинг, блоггер*** деген сөздермен астасып жатыр. Өзіне қатысты кез келген нәрсеге бағытталып, оны қайта бейнелей алатын, өз-өзіне айқын менталды феномендарді әйгілейтін түрлі қабілеттер кешенін біз сана деп атаймыз және бұл қабілеттерге ойлау, қиял, жады, ерік пен сезім жатады. Олай болса өз қиялымды іске асыру үшін зерттеу жұмысымды ізденістен бастап білімімді толықтырдым. Дегенмен де зерттеу тақырыбыма қажетті оқулық жоқтың қасы. Тек интернет желісінде орналасқан элктронды ресурстар ғана. Ғылым мен білімнің тілі тек ағылшын тілінде жарық көреді де, уақытында қазақ тіліне аударылмайды. Бұл біз үшін өкініштi-ақ. Бірімізден-біріміз үйреніп көштің соңы болсақ-та еріп келе жатқан жәйіміз бар. Жалпы менің көтеріп жатқан тақырыбым блоггинг болғандықтан және осы блоггингті білім саласында қалай іске асыру керектігі жәйлі болмақ. Ол үшін тақырымбымды ашып түсіндіру үшін мен сөзімді азат жолдан бастайын.

Қазіргі заманда білім алу мен ақпараттану әдістері өзгеріп отыр. Интернеттің дамуы және цифрлық технологиялардың белсенді түрде қолданылуы білім беру процесін жетілдіруге үлкен әсерін тигізді. Осы тұрғыда блоггинг – білімді игерудегі маңызды құралдардың бірі ретінде танылуда. Блоггинг ақпаратты кең аудиторияға жеткізу, ой-талқылау жүргізу, пікір алмасу, тәжірибе бөлісу сияқты көптеген мүмкіндіктер ұсынады. Блог – бұл интернетте жеке немесе топтық авторлар тарапынан тұрақты түрде жаңартылатын веб-парақша болып табылады. Қазіргі таңда блогтар тек жеке пікірлер мен тәжірибелерді бөлісудің құралы ғана емес, сонымен қатар білім алу, шығармашылықты дамыту және кәсіби білімдерді арттыру мақсатында қолданылады. Блоггингтің білімді игерудегі рөлін анықтау, маңыздылығын көрсету, блог жүргізу арқылы алынған ақпартатты өңдеу және талдау дағдыларын дамыту негізгі мақстаым болса, блог плптформаларының білім беру процесіндегі мүмкіндіктері мен артықшылықтарын зерттеу, ақпараттық қауіпсіздік, этика мәселелері мен басқа да тұстарын қарастыру және бәләм алу процесінде блоггингті тиімді қолданылатынын көрсету бүгінгі тақырыбымның міндеттері болып табылады.

Блог – ол ағылшынның «web log» яғни «желі журналы» сөзінен пайда болған. Блог – онлайн жүргізілетін автордың жеке көзқарасымен жазылған ой, шағын әңгіме не күнделік. Блог сөзі – ғаламтор беттерінде нақты бір тақырыптарда не белгілі категорияда информация тарататын түрлі әлеуметтік желілерде және сайттарда қолданылып жүр.

Қарапайым сөздермен, ***блог*** дегеніміз: хронологиялық тәртіппен жазылып, үнемі жаңартылып отырылатын «желі журналы» немесе «онлайн күнделік»; құрамы: қысқаша жазба, түсініктеме, мағлұматтар, видео/суреттер, сілтемелер, комменттер және т.б. тұратын жазба; қоғамда, айналаңызда болып жатқан кез келген жәйтқа жеткізген ойыңыздың, сезіміңіздің формасы; не істегеніңіз, не істемегеніңіз және бірдеңе істеп жатқандағы қалауыңыз; журналистиканың жаңа онлайн не азаматтық түрі – блоггингттің негізгі тірегі, өнімі[1]. Блог жүргізу білім алушыларға бірнеше маңызды дағдыларды дамытуға көмектеседі. Біріншіден, блог жазу ақпаратты жинау, талдау және өңдеу дағдыларын арттырады. Екіншіден, блог жүргізу оқырманмен пікір алмасу, ой бөлісу арқылы шығармашылықты дамытады. Сонымен қатар, білім беру блогтары арқылы студенттер мен оқытушылар ақпаратты қолжетімді және түсінікті түрде ұсына алады, бұл оқыту процесін жеңілдетеді. Блогтардың ең үлкен артықшылықтарының бірі – білім алушының өз қарқынымен және өз қажеттіліктеріне қарай ақпаратты алу мүмкіндігі. Бұл дәстүрлі оқу жүйесінде жиі кездесетін уақыт және орын шектеулерін жеңеді. Мысалы, YouTube-тағы білім беру арналарында көпшілік өздеріне қажетті тақырыпты таңдап, үйде отырып-ақ оқуын жалғастыра алады. Мұндай контенттер көп жағдайда қарапайым және түсінікті түрде жазылған, бұл оқушыға білімді игеруді жеңілдетеді. Мысалы**:** «Khan Academy» атты онлайн білім беру платформасы, оның ішінде бірнеше тақырып бойынша блогтар мен бейнемазмұндар бар. Бұл ресурс арқылы әркім өз бетінше математика, физика, химия, тарих сияқты пәндерді үйрене алады. Әлеуметтік

өзара әрекет бойынша блоггерлер өз контенттерін жариялау арқылы оқырмандарымен тығыз байланыс орнатады. Бұл өз кезегінде сұрақтар қою, пікірлер мен ұсыныстарды талқылау, тақырып бойынша жаңа ойларды зерделеу мүмкіндігін береді. Блогтағы пікір алмасу білімді тереңірек түсінуге, оны жақсартуға және түрлі көзқарастарды қабылдауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер мен оқушылардың блогтары, мысалы, педагогикалық сайттар мен форумдарда әртүрлі білім беру әдістері мен жаңа оқу технологиялары талқылануы мүмкін. Мұндай пікірталастар оқу процесін жеңілдетуге және жаңашыл шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді. Қолжетімді және ақысыз ресурстар: интернетте блог жүргізу көптеген тақырыптарды қамтиды, ал білім беру саласындағы көптеген блогтар тегін ақпаратты ұсынады. Бұл барлық деңгейдегі студенттер мен оқушылар үшін білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Тегін ресурстар арқылы олар өздері қызықтыратын тақырып бойынша білімдерін арттыра алады. «Coursera», «edX» сияқты онлайн курстар мен блогтар білім беру саласындағы белгілі университеттер мен білім беру ұйымдарының материалдарын тегін ұсынады. Бұл платформа арқылы көпшілік сапалы білім ала алады, сондай-ақ әртүрлі мамандықтар бойынша жаңа білімдерге ие болады. Блогтың тақырыбы дұрыс таңдалуы керек. Егер ол нақты білім саласын қамтыса, онда оқырман осы тақырып бойынша терең ақпарат ала алады. Мысалы, математика, тіл білімі, тарих сияқты ғылымдар бойынша блог жазу. Блогтағы ақпараттарды үнемі жаңартып отыру қажет. Бұл оқырманға тек қана ескі ақпарат емес, жаңа және өзекті мәліметтер ұсынылатынын білдіреді. Блог тек мәтіндермен шектелмей, бейнемазмұн, инфографика, интерактивті тесттер және басқа да түрлермен толықтырылса, ол тиімдірек болады. Егер де, осы шарттарды іске асырып отырсаңыз тақырыпты таңдау және оны жаңғырту, түрлі форматтарда жұмыс жүргізіп блогты тиімді пайдалану жолдарын іске асырған болар едіңіз. Бір кездері жасанды интеллект бойынша журналистика мен кино индустриясында тамаша іске асқан блоггинг өзінің тамаша нәтижесін бергенін бәріміз жақыс білеміз. Фантастикалық жанрда түсірілген фильмдердің бәрі қазіргі уақытта шындыққа айналып жатқанын тағы біз жақсы білеміз. Ол туралы Билл Гейтс пен Джеймс Кэмерон сөзі дәлел.

Блогтың білім беру контекстіндегі артықшылықтары бар. Әр түрлі аудиторияға қолжетімділік: Блогтар әлемнің әр түкпірінен оқырмандарды тарта алады. Бұл әр түрлі білім көздеріне қол жетімділік ашады. Тәжірибемен бөлісу: Білім алушылар өз тәжірибелерімен, пікірлерімен және сұрақтарымен бөлісе отырып, білім алуды тереңдетеді. Блог платформаларында ақпарат жиі жаңартылып отырады, бұл білімді актуальды түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Блог жүргізу студентке өзіндік білім алу және дамуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқырмандардан алған кері байланыс білім алу процесін жақсартады. Блогтар арқылы білім беру саласының жаңа мүмкіндіктері бар. Интернет блогтары әр түрлі мәдениеттер мен елдер арасындағы білім алмасуды жеңілдетеді. Студенттер өздеріне қызықты тақырыптар бойынша халықаралық аудиториямен пікір алмасып, түрлі көзқарастарды үйренеді. Блог жүргізушілер видео, сурет, инфографика және басқа да мультимедиялық құралдарды қолданып, білімді қызықты әрі түсінікті етіп ұсына алады. Блог жүргізушілер танымал сарапшылар мен мамандарды шақыра отырып, білім беру процесін одан әрі кеңейтеді. Edutopia блогы: Edutopia – бұл білім беру саласындағы тәжірибені бөлісетін танымал блог. Мұнда білім беру мамандары жаңа әдістемелер, оқыту стратегиялары мен зерттеулер жайлы мақалалар жазады. Блог білім алушылар мен ұстаздарға өз білімдерін жетілдіруге көмектеседі. TED-Ed блогы: TED-Ed білім беруде инновациялық тәсілдер ұсынатын блог болып табылады. TED-Ed платформасы видеолар мен сұхбаттар арқылы білім алушыларға жаңа идеялар мен білімдерді ұсынады.

Мен жоғарыда айтылған плптформаларды қарай отырып қарапайымнан бастағанды жөн көрдім. Сабақ үстінде түсінбеген тақырыптарымды түрлі интернет желісінен қарап өзімнің білімімді толықтыра бастады. Мысалы мына сілтеме сияқты (https://www.instagram.com/reel/DEcr3KgN-_V/?igsh=MTVkeHludTdzdW82aw==).

Сабақ процесін видеоға түсіру арқылы білімімді шыңдадым. Іздену арқылы қызықты тақырыптармен толықтырып өз видеомды жасадым. Әсіресе география, тарих, қазақ әдебиеті

пәндері бойынша кейс-стади тәсілін қолдана отырып ауқымды тақырыптардың нақты жағдаяттарын баяндадым. Осылайша блоггингтің алғашқы сатыларын жасап шықтым. Келешекте сілтемелер жасап іске асырмақ ойым бар. Керемет иллюминат болмасам да ізденістерім осылайша жүзеге асып жатыр. Біріншіден, нақты деректер және сол деректерді қызықты етіп жеткізетін тіл мәдениетінің болғаны дұрыс. Екіншіден, жасанды интеллектінің сатыларын игерген жөн. Білімді игеру мен оны жеткізе білетін тамаша қиял мен ой керек. Үшіншіден, білім қиялын жүзеге асыру үшін кітапты көп оқыған жөн. Кез-келген деректі салыстырмалы түрде зерделеу керек. Осылайша дайындап барып видеоға жүктесек аудитория жинаймыз, тыңдаушымыз көбейеді. Білім шексіздігін игеру үшін үндесіп жататын, үйлесетін бастауларды іріктеп алып жұмыс жүргізсек болғаны. Бір кезде армандап жүргеніміздің бәрі кішкен ғана экраннан табылып жатқанда білімді игеруге деген ***карт-бланштың*** қолымызда екендігін ұмытпағанымыз жөн. Олай болса қиялымызды іске асырып білім көкжиегімізді одан әрі кеңейте берейік. Қиял миссиясын жүзеге асырғандар, прогресті алға сүйреген адамдар білмегенін кітаптан іздеді. Осылайша олар «Білім – бұл өмірге дайындық емес, ол – өмірдің өзі» -деген Джон Дьюидің айтқан сөзін іске асырды.

Блоггинг яғни, желі журналының білім саласында іске асырылу пандемия кезінде бой көтерді. Сол кезде республикамыздың оқытушылары әр тақырыпқа тыңғылықты дайындалып, тапсырмаларына дейін түсінікті тілде білім алушыларға жеткізген еді. Осы істі әр пән бойынша толықтырып жетілдіре түсу керек. Білім реформасы тағы өзгеріске ұшырап жатса міндетті түрде жаңа бағытта қайта қарап толықтырулар енгізген жөн деп санаймын. Негізінен, енді өзгеріске ұшырамайтын құбылмалы реформаларды тоқтатып толыққанды еліміздің келешегі үшін жүйелі бағдарлама жасалғанын қалаймын. Біз бір нәрсені игере алмай соңына жетпей келесі бір сатыға секіре береміз. Бұл әрине өкінішті жағдай. Бір кездері елімізге келіп қойған жасанды интеллектіге уақытында қол жетпеді. Неге? Енді игере бастағанда бағдарламалар өзгеріп кете беретін болды ғой. Менің ойымша білімді игеру қатты бизнеске айналғанда қауіптірек болады деп есептеймін. Ол өзінің нәтижесін бермейтіні шындық. Қалта толғанша бар жаңалықты ұстап отырмау керек. Әсіресе білім саласына уақытында жеткізіліп тұраны дұрыс. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқаннан кейін жасанды интеллект қолға тие бастады. Көз ұшында кетіп бара жатқан жылдамдықты игеру де оңай емес. Дегенмен де ата-бабамыз батырлығымен ғана емес құндылықтар жүйесімен де жарты әлемді бағындырған халық қой деп өзімді жұбатып та қоямын. Қиялымызға біліміміз қосылса Қаныш атамыздай болмасақ-та жүйткіген жылдамдыққа да ілесіп қалармыз.

Блоггинг білім алу мен таратуға жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Әлеуметтік желілер мен блог платформаларының арқасында кез келген адам білім алуға қол жеткізе алады. Блогтың көмегімен адамдар өз қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес материалдарды тауып, оларды жекешелендіріп оқи алады. Бұл тәсіл білім беруді одан әрі демократияландыруға, жаңа білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

Блоггинг – білімді игерудегі маңызды құралы болып табылады. Ол ақпарат алмасуды жеңілдетіп, оқу процесін интерактивті әрі қызықты етеді. Блог жүргізу арқылы білім алушылар мен ұстаздар өз тәжірибелерін бөлісіп, бір-бірінен үйрене алады. Сонымен қатар, блогтар білім беру саласында жаңа тәсілдер мен әдістемелерді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл платформа оқушылар мен студенттердің өзіндік дамуына, ақпаратты дұрыс қабылдауына және өңдеуіне ықпал етеді.

Әдебиет:

1. https://kerekinfo.kz/2014/06/20/blog-degen-ne-blogger-degen-kim.html

2.Кузнецова, Н. И. (2019). Блогинг как инструмент взаимодействия в образовательной среде. Вестник педагогики.

3. А. Ж. Асамбаев Жасанды интеллект негіздері: Оқулық. Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір» 2011 ж. – 136 б

4. https://rmebrk.kz/bilim/association/asambaev-jasandy-intellekt.pdf

5. knizhnyy-bloging-kak-mehanizm-priobscheniya-podrostkov-i-molodezhi-k-chteniyu-knig

УДК 378

ФОРМИРОВАНИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА У ШКОЛЬНИКОВ КАК ФАКТОР УСПЕШНОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ

А.Д. Протасов
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
город Караганда, Казахстан

Современное образование направлено не только на передачу знаний, но и на формирование у учащихся социально значимых компетенций. Одной из таких компетенций является эмоциональный интеллект (ЭИ), который играет важную роль в успешной социализации личности. Развитие ЭИ у школьников способствует улучшению их коммуникативных навыков, способности к эмпатии, саморегуляции и адаптации в обществе.

Анализ практики образовательного процесса свидетельствует, что проблеме эмоционального интеллекта в образовательных учреждениях уделяется недостаточно внимания, необходимость изучения структурных компонентов эмоционального интеллекта и организации работы по его формированию и развитию практически не учитывается. Педагогические коллективы, обучая и воспитывая будущих граждан нашей страны, не всегда ставят задачи выявить их побуждения, анализировать отношение к учению, понять какой личностный смысл они вкладывают в него, во имя каких целей учатся. Об отношении учащихся к учебной деятельности в большинстве случаев судят по оценкам, фиксирующим успеваемость, не учитывая ценность эмоциональной сферы, побуждающей к учебной деятельности.

Такой подход нельзя признать правомерным, поскольку, как показывает психолого-педагогическая практика, отсутствие учета эмоционального интеллекта является одной из важных причин низкой успешности учения, формирования у учащихся социально значимых личностных качеств, а, следовательно, и в целом результативности образовательного процесса.

Формирование эмоционального интеллекта школьников как психолого-педагогическая проблема

В последние годы в психологической и педагогической литературе все больше внимания уделяется развитию эмоционального интеллекта детей и подростков. Эмоциональный интеллект, по мнению А.И. Савенкова [1], наряду с социальным интеллектом, выступает одним из предикторов жизненного успеха.

Умение владеть собственными эмоциями и понимать эмоции других людей является важным фактором выстраивания успешных бесконфликтных взаимоотношений индивида в группе, основой эффективной социализации, условием формирования высокого социометрического статуса личности, средством предотвращения возможности девиантного поведения, инструментом создания позитивного имиджа человека, предпосылкой развития лидерства. Формирование эмоционального интеллекта – актуальная задача для каждого возрастного периода. Высокий уровень эмоционального интеллекта, согласно отечественным и зарубежным психологическим исследованиям, способствует формированию качеств успешной личности, начиная со старшего дошкольного и младшего школьного возраста [2].

При этом процесс становления и развития эмоционального интеллекта школьников как в теоретическом плане (сущность и структура эмоционального интеллекта), так и в практическом ключе (критерии оценки уровня эмоционального интеллекта) по традиции рассматривается преимущественно представителями психологической науки, в то время как в практике школьного педагога наибольшую актуальность приобретает вопрос о

концептуальной разработке и практическом применении методов формирования эмоционального интеллекта в учебном процессе на различных уровнях общего образования.

Современные педагогические технологии включают разнообразные методы развития эмоционального интеллекта:

- Игровые технологии – ролевые игры, театрализованные постановки, позволяющие проигрывать различные жизненные ситуации;
- Тренинги и групповые занятия – упражнения на развитие эмпатии, саморефлексии и управления эмоциями;
- Методы арт-терапии – рисование, музыка, литературное творчество как способы выражения эмоций;
- Методы психологического сопровождения – индивидуальные консультации, психодиагностика, коучинг.

Эмоциональный интеллект школьников, по мнению педагогов и психологов, существенно влияет как на сам ход образовательного процесса, так и на его на результаты. Учебная успешность проявляется на всех этапах образовательной деятельности. При этом основным показателем учебной успешности школьников выступает, прежде всего, академическая успеваемость. В последнее десятилетие экспериментально выявлена опосредованная зависимость уровня эмоционального интеллекта и уровня академической успеваемости обучающихся на примерах начальной и средней школы США, Великобритании, Италии, Испании, Португалии, Австралии и других развитых стран [3].

Российские ученые Е.С. Дмитриева и В.Я. Гельман выявляют взаимосвязь между уровнем эмоционального интеллекта школьников и динамикой его изменения в связи с результатами сдачи ЕГЭ. Ученые связывают различные эмоциональные состояния школьников (аффекты, чувства, настроения, стресс и пр.) с успехами в учебной деятельности, учебной и познавательной активностью.

Методы диагностики эмоционального интеллекта различаются в зависимости от целеполагания разработчика и принятой за основу модели эмоционального интеллекта. В настоящее время самый известный и наиболее распространенный метод диагностики уровня эмоционального интеллекта (EQ) – это методика MSCEIT (The Mayer-Salovey Caruso Emotional Intelligence). Тест помогает измерить эмоциональные навыки и состоит из 141 вопроса, включающего иллюстрации, изображающие эмоции, которые нужно идентифицировать и объяснить.

– Диагностика эмоционального состояния и его влияния на успеваемость. Учитель может интуитивно замечать изменения в поведении и настроении ученика, которые могут сигнализировать о наличии трудностей в учебе, дома или в отношениях со сверстниками. Это интуитивное понимание эмоционального состояния может влиять на интерпретацию результатов оценивания и побуждать учителя к более внимательному подходу к конкретному ребенку.

Интуиция в оценивании на уровне среднего образования. В средней школе, где учебная нагрузка возрастает, а требования к академическим знаниям становятся более высокими, интуиция педагогов также может играть определенную роль в оценивании, особенно в отношении таких аспектов, которые не всегда поддаются формальной оценке:

– Оценка креативности и оригинальности мышления. На уроках литературы, искусства, истории и других предметов, где приветствуется творческий подход, учитель может интуитивно оценивать оригинальность и глубину мысли ученика, проявляющуюся в его эссе, проектах или ответах на открытые вопросы. Интуитивное понимание уровня креативности может дополнять формальные критерии оценки.

– Определение уровня критического мышления. Способность анализировать информацию, делать обоснованные выводы и аргументировать свою точку зрения является важным навыком. Учитель может интуитивно оценивать проявление критического мышления ученика в ходе дискуссий, при решении проблемных задач или в его письменных работах, даже если формальные критерии оценки не всегда позволяют полностью зафиксировать этот аспект.

– Оценка коммуникативных навыков и участия в групповой работе. В процессе групповых проектов и дискуссий учитель может интуитивно оценивать вклад каждого ученика, его способность к сотрудничеству, умение выражать свои мысли и слушать других. Это интуитивное наблюдение может дополнять формальные оценки за выполнение групповых заданий.

Интуиция в оценивании на уровне высшего образования. В высших учебных заведениях, где студенты приобретают специализированные знания и навыки, преподаватели также могут использовать интуицию в процессе оценивания, особенно в отношении таких аспектов, как:

– Оценка исследовательского потенциала и стремления к саморазвитию: Преподаватель может интуитивно оценивать уровень заинтересованности студента в предмете, его стремление к глубокому изучению материала, его исследовательский потенциал, проявляющийся в его вопросах, участии в семинарах или качестве выполненных курсовых работ.

– Оценка способности к анализу и синтезу информации. На старших курсах студенты должны демонстрировать способность к анализу сложных концепций и синтезу полученных знаний. Преподаватель может интуитивно оценивать глубину понимания студентом

материала, его способность к критическому осмыслению и применению знаний в новых ситуациях.

– Оценка профессиональной мотивации и потенциала. В процессе подготовки к будущей профессиональной деятельности преподаватели могут интуитивно оценивать уровень мотивации студента, его стремление к профессиональному росту и его потенциал для успешной карьеры, наблюдая за его активностью на занятиях, участием в научных мероприятиях и качеством выполняемых заданий.

Особенности учета интуиции в контексте образовательной системы Казахстана. Важно отметить, что в образовательной системе Казахстана, где акцент делается на стандартизации и объективности оценивания, использование интуиции педагогами может быть более тонким и неофициальным. Однако, учитывая культурные особенности, такие как важность межличностных отношений и доверия между учителем и учеником, а также стремление к индивидуальному подходу к обучению, интуитивное понимание ученика может играть значимую, хотя и не всегда явно выраженную, роль в формировании оценки.

В условиях внедрения новых образовательных программ и методик оценивания, таких как формативное оценивание, которое предполагает более гибкий и многогранный подход к оценке прогресса учащихся, интуиция педагогов может стать более востребованной для выявления индивидуальных особенностей и потребностей каждого ученика.

В заключение данного раздела следует подчеркнуть, что хотя интуиция может служить ценным инструментом для более глубокого понимания учащихся и оценки их способностей, важно осознавать необходимость балансирования интуитивных суждений с объективными и прозрачными методами оценивания, особенно в контексте образовательной системы Казахстана, где принципы справедливости и равного доступа к образованию являются приоритетными. Следующий раздел будет посвящен более детальному рассмотрению этических аспектов, связанных с использованием интуиции в процессе принятия важных образовательных решений.

Проведенный анализ роли интуиции в диагностике и оценивании в образовании, позволяет сделать ряд ключевых выводов. Рассмотрение теоретических подходов к пониманию интуиции, анализ практического применения интуитивных суждений на различных уровнях образования и исследование связанных с этим этических аспектов демонстрируют сложный и многогранный характер данного феномена в педагогической практике.

Теоретические основы, представленные в рамках когнитивно-психологического, двойного процесса мышления, социально-когнитивного и нейропсихологического подходов, подчеркивают, что интуиция является неотъемлемой частью человеческого познания, основанной на накопленном опыте, автоматизированной обработке информации и эмоциональном интеллекте. Для педагогов это означает, что многолетний опыт работы, глубокое знание предмета и понимание особенностей развития учащихся могут способствовать развитию профессионального чутья, позволяющего быстро и эффективно оценивать различные аспекты учебной деятельности.

Анализ практического применения интуитивных суждений в образовательных учреждениях Казахстана выявил, что интуиция может проявляться на всех уровнях образования, от начальной школы до высшего учебного заведения. В начальной школе она может быть особенно важна для распознавания скрытого потенциала, понимания уровня понимания при отсутствии формальных ответов и диагностики эмоционального состояния. В средней школе интуиция может способствовать более глубокой оценке креативности, критического мышления и коммуникативных навыков. В высшем образовании она может играть роль в оценке исследовательского потенциала, способности к анализу и синтезу информации, а также профессиональной мотивации студентов.

Однако, признавая потенциальные возможности интуиции, необходимо также учитывать связанные с ее использованием этические аспекты. Субъективность интуитивных суждений, риск предвзятости, отсутствие прозрачности в критериях оценки и потенциал для неравного

отношения к учащимся представляют собой серьезные вызовы. В контексте образовательной системы Казахстана, где приоритетами являются справедливость, равный доступ к образованию и объективность оценивания, этические соображения приобретают особую значимость.

Таким образом, ключевой вывод заключается в необходимости поиска оптимального баланса между использованием интуитивного понимания и применением объективных методов оценивания. Интуиция может служить ценным дополнением к формальным процедурам, позволяя педагогам получить более глубокое и целостное представление об учащихся, их сильных сторонах и потребностях. Однако, для обеспечения справедливости и прозрачности оценивания, интуитивные суждения должны быть осознанными, обоснованными и дополняться четкими критериями и обратной связью.

В контексте Казахстана, где наблюдается стремление к модернизации образовательной системы [5] и внедрению новых подходов к оцениванию, важно развивать у педагогов как способность к аналитическому мышлению и использованию формальных методов, так и способность к развитию профессиональной интуиции. Однако, это должно сопровождаться постоянным вниманием к этическим аспектам, повышением квалификации педагогов в области оценивания и созданием условий для открытого обсуждения и рефлексии педагогической практики.

В конечном итоге, эффективное использование интуиции в диагностике и оценивании в образовании требует от педагогов высокой профессиональной компетентности, этической ответственности и стремления к постоянному самосовершенствованию. Только при таком подходе интуитивное понимание учащихся может стать ценным инструментом для повышения качества образовательного процесса, способствуя более глубокому пониманию индивидуальных потребностей каждого ученика и созданию благоприятной среды для их развития и самореализации в Республике Казахстан.

Литература:

1. Kahneman, D., & Tversky, A. Prospect theory: An analysis of decision under risk / D. Kahneman, A. Tversky // Econometrica. – 1979. – Vol. 47, No. 2. – P. 263-291.

2. Evans, J. St. B. T., & Stanovich, K. E. Dual-process theories of higher cognition: Advancements and implications / J. St. B. T. Evans, K. E. Stanovich // Perspectives on Psychological Science. – 2013. – Vol. 8, No. 3. – P. 223-231.

3. Sipman G. et al. The role of intuition in pedagogical tact: Educator views //British Educational Research Journal. – 2019. – Т. 45. – №. 6. – С. 1186-1202.

4. Койкова Э. И. Педагогическая интуиция и педагогическая рефлексия как факторы успешной профессиональной деятельности педагога //Проблемы современного педагогического образования. – 2018. – №. 58-1. – С. 120-123.

5. Ежегодный отчет Министерства образования и науки по реализации национального проекта «Качественное образование «Образованная нация» в 2021 году. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/277676?lang=ru

УДК 3654.2

БОЛАШАҒЫМЫЗ – АНА ТІЛІНДЕ

Тілеуқабылова А.Д.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Елдік пен еркіндікті аңсаған қазақ елі бүгін де іргесін бекемдеп, саяси-экономикалық, әлеуметтік жағынан өркениетті елдер қатарынан орын алуда.

Өтпелі кезең өзгерістеріне орай халыққа білім беру жүйесі де, реформалануда. Білім беруді қоғам мүддесіне сәйкес қайта құру, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңарту, әдебиет пен мәдениетті өркендету бағытында бірсыпыра шаралар жзеге асырылып, жас ұрпаққа жаңа

оқу бағдарламалары мен оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдары жасалып, мектеп өміріне енгізілді. Мұнда көздеген ең басты мәелелердің бірі – болашақта қоғам мүддесін өтеуге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз еліне сүйіспеншілігі зор тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндеттер мемлекеттік құжаттарда Қазақстан Республикасының Конституциясында «Тіл туралы» Заңдарында т.б. атап көретілген [1].

Қазақстан республикасының тәуеліздік алуы жаңа ұрпақты өз ана тілінде оқытуға, білім беруге, әдеби, мәдени мұраларымзды танып-білуге мол мүмкіндік тғызды. Ата-бабадан бүгінгі күнге жеткен тарихи мұраларды таныту халық қазынасы ауыз әдебиеті, балаларға арналған көркем әдеби шығармалардлы кеңінен пайдалану арқылы жүзеге аспақ. Табиғат пен өмір әлемін поэзиялық өрмекпен біртұтас бейнеде суреттеп көрсететін, балалардың игілігіне айналдыруда, олардың сөз мәнісін түсінуге баулуда, тілін дамытуда балалар әдебиетінің тәлім-тәрбиелік мәні ерекше.

Тәрбие – тарихи үрдіс, оған адамзат қоғамында талай ғасырды астынан өткізіп, қасиетті мұраларға айналып, бүгінгі жас ұрпаққа жеткеніне, Отанымызға оралған Күлтегін жазба ескерткіші әл арабилің философиялық, педагогикалық, дидактикалық ой-пікірлері дәлел. Осы мақсатта қазақ халқының ғұлама ғалымдары, ойшыл ағартушылары асыл мұралар қалдырған. Орта ғасыр ойшылдары: «Қорқыт ата еітабы», ұды бабамыз Ж.Баласағұнидың «Құтты білік», М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» шежіресі, А.Жүйнекидің «Ақиқат сыйы» ғылыми-философиялық, әдебитарихи еңбектеріінң келер ұрпақтытуған тілге, әдеби-мдени мұраларды танып-білуе қызығушылыққа, туған жерге, Отанға сүйіпеншілікке тәрбиелеуде басты құрал екені сөзсіз.

Біз зерттеу барысында қазақ философтары Д.Кішібеков, Ұ.Сыдықов, А.Қасабқ, Қ.Мұханбетәли, Ж.Алтай т.б. еңбектерін негізге алдық.

Қазақстанда психология ғылымының негізін қалаушы ғалым Ж.Аймауытов пен психлогтар: Т.Тәжібеков, М.Мұқанов, Е.Суфиев, С.Балаубаев, А.Темірбеков, Қ.Жарықбаев, Х.Т.Шерьязданова т.б. зерттеулерінде оқушылардың тілін дамытуда ауыз әдебиетінің алатын орны туралы ой толғады.

Бала тілін дамытуда көркем әдебиеттің құдіретті күші туралы ой түйіндеген Ресей психологтары В.В.Давыдов, Д.В.Эльконин, Л.С.Выготский, А.В.Запарожец, А.Леонтьев т.б. еңбектері зертеуімізге өзек болды.

Қазақстан Ркспубликасы көлемінде балалар әдебиетінің дамуы туралы Ш.Ахметов, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, Нұғыбаева, Б.Ыбырайымов, С.Ахметова, К.Сейембаев, Н.Албытова т.б. зерттеулерінде балалар әдебиетінің бастауыш сыны оқушыларлын оқыу және тәрбиелеу үрдісінлегі тәлімдікжәне білімдік мәні, әдеби шығармаларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдану тәсілдері жөнінде келелі ой қозғағанына көз жеткіздік [2].

Қазақ тілін үйрену ісі бірыңғай, үздіксіз білім беру жүйесіндегі ең маңызды буын – балабақша мен бастауыш сыныптардан бастау алатыны белгілі. Салиқалы білімнің көзі, саналы тәрбиенің өзі сәбилік кезеңнен бойға сіңеді; тіл үйретуді жолға қоюды білім беру мен тәрбиелеудің түп негізі, іргетасы – балабақшадан бастап қолға алу керек.

Ана тілін меңгермеген бала басқа ғылым салаларын оқуда үлкен кедергіге кездеседі, өз сөзімен ойын толық жеткізе алмайды. Сондықтан «Ана тілдің басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинастыратын басты, өзекті пән екені енді түсінікті емес пе?» - деп, ұлы педагог К.Д.Ушинский дәл көрсеткен. Бұл үзіндіден ана тілді оқытуды жетілдіру, жақсарту мәселесінің маңыздылығын ғалымдар анық дәлелдеп келгенін көреміз.

Ана тілді оқытуды жетілдіру, оқушының тілін дамыту алдымен ана тілді оқыту әдістемесі ғылымының даму дәрежесіне байланысты.

Осы саладағы жұмыс әдістемесінің аздығы біріншіден, мұғалімдердің жұмысын ауырлатады және мектептерде оқта-текте жүргізілген жұмыстың салдарынан ойларын тиянақты да айқын айтып, жазып жеткізе білу дағдысына төселе алмай қиналатын болады. Мұның өзі баланың ауызша сөйлеуінде немесе шығарма жазуында сәтсіздіктер мен жайсыздықтарға душар етті, оны күнделікті тәжірибемізде әрқайсымыз да байқап жүрміз. Демек, ана тілде дұрыс сөйлеп, жазуға үйрету мәселесі, әсіресе, қазіргі кезде кімді болса да

бейжай қалдырмайтын, бәрімізді толғандыратын ең бір қиын да күрделі, көкейтесті мәселе болып отырғаны баршамызға мәлім.

Қазақ халқы тіпті сонау ежелгі дәуірдің өзінде терең ой, сұлу сезімдерін тілмен шебер өрнектеп, өзінің дақ түспеген таза зердесінде сақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізді. Қазақ даласы – бүкіл түркі әлемнің қара шаңырағы десек, сол туыс тілдер ішіндегі ең байырғысы да, көп өзгеріске ұшырамаған тазасы да – қазақ тілі екендігі бұл күнде қандас бауырларымыз түгелдей мойындауда. Олай болатыны: «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деп түсінген бабаларымыз бұл өнерге айрықша мән берген. Оққа тоқтамаған жерде сөзге тоқтаған. Қара қылды қақ жарған кемеңгер билеріміз кезінде ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешкен екен. Ақындар мен шешендер дау-талас, айтыс үстінде аталы сөзді аттап өтпей, сөзден сүрінгенін ерлерше мойындап, «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп немесе «Ой, тіліңе шоқ түссін!» деп, отыра кеткен деседі.

«Сөз өнерінің» ең құрметті, ең асыл өнер болғанын, оның құдіреті данышпан Абайды таңғалдырып, «Қазақтың өзгелерден тілі ұзын», «Өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас» дегізгенін онан әрі айта түсуге болар еді. Бірақ әңгіме арнасы басқа болғандықтан, біз тек сөз өнерінің, әсіресе, қазақтарда ерекше бағалағандығын, осы өнерге үйрену сонау ерте кезден басталғанын еске алу ретінде ғана шегініс жасадық.

Өткен ғасырда қазақ даласына жер ауып келген поляк оқымыстысы Адольф Янушкевич 1846 жылы өз күнделігіне былай деп жазған екен: «Мен осыдан бірнеше күн бұрын өзара дауласқан екі ру билерінің сөз сайысына куә болдым. Цицерон мен Демосфеннің кім екенін өмірі естіп көрмеген шешендердің ғажайып өнеріне қол соғуыма тура келді...».

«Қой асығы қолыңа жақса, сақа тұт, ақылы асса, бала да болса, аға тұт» деп, халық ойға ұста, тілге шешен адамды би деп көтермелеген. Зады «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» дейтін талғампаз халық «би» деген атағына қарап, сөзін қабылдамаған, керісінше, сөзге жетік, ойға жүйріктігіне қарап, «би» деп атайтын болған. Бұл жөнінде бүкіл Түркістаннан шыққан жаңа тұрпатты тұңғыш ғалым, бар жаңаның басы, аз өмірінің ішінде қыруар шаруа тындырған Шоқан Уәлиханов: «Сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған», - дейді [3].

Кезінде жәбір-жапа шегіп, сауатсыз, қараңғылықта жүрген халқының көзін ашу, балаларын оқытып, білім беру үшін, «жарғақ құлағы жастыққа тимей» еңбек еткен, мектеп ашып, оған өзі арнайы оқулық жазған ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин: «Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де кітаптың жоқтығынан оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда, қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Бұл кітапты құрастырғанда, мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...» [4] – дегенді өзінің 1879 жылы шыққан «Қазақ хрестоматиясының» алғы сөзінде.

Халық арасындағы аңыз әңгімелер, кейбір қара өлең үлгілері, мақал-мәтелдер, сондай-ақ автордың өзі басқа тілдерден аударған, жанынан қосқан тәлімді әңгімелер топтастырылған қазақ тіліндегі алғашқы осы оқу құралында Ы.Алтынсариннің тек тәрбиелік-дидактикалық мәселелерге ғана емес, қазақ тілінің тазалығы мен сөздерді дұрыс қолданылуында да қатты мән бергенін байқаймыз.

Кейбір еңбектерінде әдістемелік құрал санатына қосылып жүргенімен, шын мәнінде, қазақ және орыс тілдерінің грамматикаларын салыстыра оқытуды көздеген салыстырмалы сипатындағы алғашқы оқулық болып саналатын Ы.Алтынсариннің екінші бір кітабы – «Орыс тілін қазақтарға оқытудың бастауыш құралы». Мұнда автор балалардың тілін дамытуға зор көңіл бөледі, балаға сөз үйретудің, әсіресе, сөз мағыналарын үйретудің маңыздылығын айта келіп: ... «по нашему мнению, для киргизских детей прежде, нежели они приступят к чтению русских книг с объяснением прочитанного, необходима некоторая систематическая подготовка к пониманию как отдельных слов, так и основных грамматических правил. Без таких предварительной подготовки, понятия учеников могут спутаться; дети не будут в

состоянии составить грамматической особенности», - деп жазды осы кітаптың алғы сөзінде [5].

Ы.Алтынсарин оқулығында балалардың сөздік қорын дамыту, олардың сөз мағыналары туралы ұғымдарын кеңейту мақсатын көздей отырып, қолданылған мұндай тәсілдер бастауыш мектептерге арналған оқулықтарда күні бүгінге дейін пайдаланып келеді.

Қазақ тілі ғылымының, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салып, ана тілдің жүйесін жан-жақты талдаған, алғашқы мектеп оқулықтарын жазған ұлама ғалым А.Байтұрсынов өзінің әдістемелік еңбектері – «Баяншы» мен «Тіл жұмсар» кітапшаларында, «Қай әдіс жақсы», «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылау-жалпылау әдіс», т.б. мақалаларында оқытудың дыбыстық және тұтас сөздік әдістерінің тиімділіктері мен кемшіліктерін талдап көрсетумен бірге, оқушыларға сөз мағыналарын оқыту мәселесін де назардан тыс қалдырмайды [6]. Мысалы, автор қазақ тілінің табиғатына ең жақын оқыту әдісі ретінде «дыбыстық әдісті» талдай келіп, оқушыларды оқуға үйретуге даярлау кезеңінде алдымен «сөз» деген ұғымды түсіндіріп алудың маңыздылығына тоқталады: «Сөз» деген ұғымды таныту үшін, оқытушы балаларға бір нәрсені ататады. Оның атаған нәрсесі туралы өзі бір нәрсе айтып, неше сөзбен айтылып тұрғанын сұрайды. Мәселен, балалар «тақтай» деген болса, оқытушы «тақтай үлкен» дейді де, балалардан: «Неше сөзбен айтылып жүр?» деп сұрайды. Осындай бірнеше сөздер, сөйлемдерді айтып, пысықтау арқылы «сөз» деген ұғымды біліп алады.

Бұдан әрі автор оқушыларға дыбыс ұғымын, фонетикалық заңдылықтарды меңгертуге балалардың сөз туралы алған түсінігіне сүйенудің маңыздылығын атап өтеді. «Сөздің дыбыстарын айыра білу – жазуға, кейінде дыбыстарды құрастырып, сөз құра білу – ол соңыра оқуға керегі бар нәрсе». Демек, А.Байтұрсынов балалардың ұғымындағы заттың, құбылыстың, қимылдың, түр-түсінің, т.б. атауы түрінде ассоциацияланатын «сөз» туралы түсінікті тіл жүйесі туралы дерексіз грамматикалық (фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік) ұғымдарды меңгерту үшін пайдаланды.

А.Байтұрсынов алғаш рет 1912 жылы Орынборда басылып, 1925 жылға дейін 7 басылымы жарық көрген «Оқу құралы» (қазақша әлифба) әліппесінде сөздердің дыбысталуы мен мағыналары арасындағы байланысын оқушыларға дыбыстарды оқытудың тиімді әдісі ретінде алған.

Сондай-ақ, А.Байтұрсынов осы Әліппесінде барлық дыбыстарды өтіп болған соң, балалардың оқып-үйренуіне лайық танымдық материалдар ұсынады. «Туысқан-туған іліктес», «Киімдер», «Ойын-ойыншықтар», «Тамақтар-сусындар», «Дене мүшелері», «Үй саймандары», «Ыдыс-аяқ», «Малдар аты», «Малдан басқа төрт аяқтылар», «Ыдыс-аяқ», «Малдар аты», «Малдан басқа төрт аяқтылар», «Құстар», «Бақа-шаян», «Құрт-құмырсқа», «Жер жүзінің аттары» т.б. тақырыптарына қарап-ақ, берілген материалдардың тек балалардың дүниетанымын кеңейту мақсатын ғана көздемей, олардың сөздік қорларын байытып, тілін дамытуға арналғанын байқау қиын емес.

А.Байтұрсынов 1926 жылы қазіргі әліппелердей суреттермен безендірілген жаңа Әліппе жазып, баспадан шығарады. Дыбыспен және тұтас сөзбен оқыту әдісіне негізделген бұл жаңа құрал бұрынғы «Оқу құралымен» салыстырғанда, бастауыш сынып балаларының ойлау деңгейіне лайық ойын (ермек-еңбек) түрлерінің молдығымен, көрнекі безендірілуімен, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар тәрізді ауыз әдебиеті нұсқаларыны жиі пайдалануымен ерекшеленеді. Балалардың сөздік қорын дамытып, олардың назарын сөз мағыналарына ауларуды көздейтін жұмыс түрлері де бұл жаңа құралда күрделене түскен. Әсіресе, берілген сөздерден оқушылардың өздеріне жаңылтпаш құратқызуды немесе берілген күрделі жаңылтпашты айтқызуды көздеген жаттығуларды ұсынғандағы автордың бір мақсаты – балалардың тідін дамыту екендігі талас туғызбайды.

А.Байтұрсынов әліппелерінде өзге оқыту мақсаттарымен бірге, оқушыларды сөздің мағыналарын аңғарып, дұрыс қолдана білуге баулу, тіл дамыту мақсатын көздейтін жаттығу үлгілерін көптеп кездестіруге болады. Ағартушы ғалымның үш кітаптан тұратын «Тіл құралы» оқулығында оқушылардың сөздік қорын байытуға, сөйлеу дағдысын дамытуға

арналған жаттығулар мол [7, 48 б.]. Қазақ балаларының (сондай-ақ ересектерінің де) ана тілінде сауатын ашуына арналған алғашқы әліппелерінде ғалым-ұстаз қазақ тілінің грамматикалық жүйесін мектепте ғылыми тұрғыдан оқытуды, оқушыларға ана тілдің шұрайлы байлығын танытуды, оларға сөз үйрету, сөз мағыналарының әр түрлі қырларын аңғартудың бір сәт те есінен шығармаған. А.Байтұрсынов қалыптастырған жаттығу үлгілері мен оқыту әдістері кейінгі оқулықтар мен әдістемелік еңбектерде одан әрі тереңдетіліп, қазіргі кезге дейін қолданылып келеді.

Автор бұл мақалада балаларға оқығанда, жазғанда, көп салмақ түсетінін (көру, есту, сөйлу мүшелері, қолы, саусақтары, мидың 4 түбегі бірдей қызмет істейтінін) айтып, оқуға, жазуға үйрету кезеңін 5-ке бөледі: 1) көру, есту, сөйлеу, ойлау мүшелерінің қызметі қолдың қимылымен байланысты. Күштің көбі қол жаттықтыруға кетеді. 2) Оқушы сөздің, сөйлемнің мазмұнын тез айыруға дағдыланады. Бұл кезде мұғалімнің көмегі керек. 3) Оқушы өз бетімен оқып, шығарманың мазмұнын түсінеді, өз ойынан шығарып, сөз жазу басталады. 4) Оқыған нәрсені жазады. 5) Сауалнама, қолхат сияқтыны жазады.

Аманжолұлы Сәрсеннің «Мектепте ана тілді оқытудың мақсаты, оның маңызы» деген мақаласында тіл сабағының мақсаты әңгімеленеді. «Ана тілді оқу тек оқу үшін керек. Балалар ана тілдің жобаларын, қағидаларын судай жаттап алулары шарт емес, оны іс жүзінде, тәжірибеде пайдалана алса ғана, толық білгенге саналады», - дейді автор.

Осы жылдары журнал беттерінде шыққан мақалалар да оқушылардың тілін дамыту мәселелеріне әжептәуір көңіл бөлінгенін байқаймыз. Бұл жөнінде Ә.Сытдықовтың «Оқу-жазуға үйретуде психология не айтады?» деген мақаласын атауға болады.

Ана тілді мектептерде оқыту әдістенрін зерттеп, нақты әдістемелік еңбектер берген белгілі әдіскер – Шамғали Сарыбайұлы. Ғалымның бастауыш сыныптарда «Қазақ тілін» оқыту жұмысына, орта мектеп оқушыларына грамматикалық ұғымдарды меңгерту әдістеріне арналған еңбектерінде балалардың тілін дамытуға қатысты айтылған құнды ойлар бар. Мысалы, Ш.Х.Сарыбаев өзінің 3-кластың қазақ тілі оқулығына бастауыш сынып оқушыларына «Түбірлес сөздер» тақырыбын түсіндірудің тиімді жолдарына тоқтала келіп, тіл дамыту үшін, түбірлес сөздер мен омонимдердің бір-бірінен өзгешелігін аңғартуға ерекше назар аудару қажеттігін айтады.

Ш.Сарыбаев еңбектерінде тіл дамыту, жаңа сөздердің мағыналарын оқушыларға меңгерту, сөздік жұмысын жүргізу мәселелеріне қатысты пікірлер мол ұшырасады. Мысалы, зерттеуші өзінің «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» деп аталатын еңбегінде оқушыларға емле ережелерін үйрету жолдарын талдау барысында жаңа сөздерді меңгерту жолдарына да тоқталады. «Ол сөздердің жазылуын меңгерту үшін, - деп жазады автор, - төмендегідей әдістерді қолданамыз:

1. Күнделікті оқыған газет, журналдарда кездестірген советтік-интернационалистік сөздерді тергізіп, оны күн сайын тексеріп отырамыз.

2. Сол теріліп келген сөздерді алфавит тәртібіне келтіріп жазуды тапсырамыз.

3. Кейін алфавит тәтібіне енген сөздерді сөздік ретінде алуды тапсырамыз.

4. Сөздік ретінде алынғандардың мағыналарын сөздіктерден қарап, олардың мағынасын біліп келуді тапсырамыз.

5. Ішіне сол сөздер енген сөйлемдерді толтырып жаздырамыз.

6. Оқытып жатқан грамматикалық тақырыпқа байланыстырып, мысалды оқушылардың сөздіктерінен аламыз. Оқып отырған кітаптардағы емлесі қиын терминдік сөздердің жазылуын байқата оқытамыз, азырақ байқата отырып, кейін кітапты жапқызып, жаңағы көрген терминдерін екінші бір оқушыға диктант ретінде айтқызып, дәптерлеріне жаздырамыз».

Ғалымның бұл пікірінің тек термин сөздерді меңгертуге ғана емес, жаңа сөздердің мағыналарын оқушылардың сөздік қорына берік орнықтыруға, сөйтіп, олардың тілін дамытуға да қатысы бар.

Ал Ш.Сарыбайұлының «Жаздырып үйрету әдістері», «Күнделіктің керектер» деген еңбектерінің оқушылардың тілін дамытуға тікелей қатысы бар.

Автор бұл еңбектерінде жалпы шығарма жазу жөнінде, жоспар жасау, мәтіндегі I жақта берілген сөйлемдерді II жаққа айналдырып айту, жазу, сондай-ақ жазып үйрену, іс қағаздарына үйрену, т.б. мәселелер жөнінде алғаш рет сөз қозғай тұрса да, көбіне сауаттылыққа үйренуге көңіл аударады. Мұның себебі сол кездегі араб әрпінен латын әрпіне көшумен байланысты болса керек. Автордың екінші еңбегін атау себебіміз – кітаптың бірінші бетінде: «»Ауызша және жазуша тіл дамытудың, баяндама, тезис, конспект мақалалар жазудың техникасы жөнінде құрал делінген. Бірақ кітаптың мазмұнымен танысқанымызда, ол әрі үлкендерге арналған, әрі орысшадан аударған екен. Сондықтан, бұл еңбектерді талдаудың қажеті жоқ деп есептеп, тек атап өтумен ғана шектелдік.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1997жыл, 30 тамыз.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. Астана, 2000. -15 бап
3. Уалиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2005. – 560 б.
4. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. Алматы: Білім, 2003.-112 б.
5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары (құраст. С.Қалиев) Алматы; Ана тіл. Рауан, 2011 – 200 б.

6 Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, - 2009. –Б. 319.

УДК 3654.2

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тілеуқабылова А.Д.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Балаларды мектепте оқыту мақсаттарының бірі – олардың тілін дамыту жұмысы екенін чех педагогы Я.А.Коменский: «Образование должно и обрабатывать ум для мудрости, язык для красноречия, руки для исполнения необходимых действий», - деп сипаттаған болатын [1].

Ресейде тіл ұстарту жұмысын мектептерде белгілі бір жүйемен жүргізу қажеттігі жөнінде әдістемелік нұсқаулар беріп, балаларды өз ойын ауызша, жазбаша білдіруге үйретудің маңызын көрсеткен оқымысты Ф.И.Буслаев көрінеді.

Ал оқушылар тілін ұстарту әдістемесінің негізін салып, оны өз алдына ғылым ретінде қалыптастыру қажеттігін анықтап берген – орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинский.

К.Д.Ушинский ең алдымен бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытумен байланысты жаттығу жұмыстарыныңң жүйесін құрды. Ол жаттығулардың сатылары мынадай: 1) бақыланған заттарды атау; 2) іс мақалаларын мазмұндау; 3) заттарды салыстыру; 4) сипаттау; 5) болған оқиға жөнінде әңгіме құру.

Педагог-ғалым логикалық ойлаудың жай түрлерінен бірте-бірте күрделісіне, жай сипаттаудан баспалдақтай отырып, хабарлауға көшу дұрыс екенін айта келіп: «Самое полное знакомство с богатствами народной словестной и самое глубокое значение грамматики, хотя могут обогатить ум учащегося, но не разовых в нем дар слова, если эта душевная сила в свое время была лишена достаточных упражнений», - дейді де, тіл ұстарту жұмысы жөніндегі жатығулардың мынадай болу керектігін көрсетеді: [2].

1. Белгілі тақырыпқа әңгіме құру; оны алғашқы сабақтарда-ақ жүргізіп, бірте-бірте кеңейте беру керек.
2. Тіл ұстарту жаттығулары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Әрбір жаңа жаттығу өткен жаттығумен тығыз байланысып, сол жаттығуға негізделіп, балаларды бірте-бірте ілгері ұмтылуға жетектей беруі қажет.

3. Балалар аз-аздан үйренсін, бірақ білгендерінен айырылмай, қайта оны тақырыпты меңгеріп алуға пайдаланатын болсын.

4. Балалардың тілі дамыған сайын, мұғалімнің жетекшіліг азайып, жаттығуларды балалар өз беттерімен орындасын. Алғашқы жаттығуларда мұғалім балаларға бақылау үлгісін көрсетіп, ойын жетектеп, тиісті сөздерді ауыздарына салып, басшылық жұмысын қамтамасыз етіп отырсын.

Осындай озат пікірдің лебін қазақ даласына тұңғыш рет жеткізген адам қазақ халқының ұлы педагогі ЫБырай Алтынсарин болды.

ЫБырай қазақ тілінде ең алғаш оқу кітабын жасады. Бұл кітапты ыбырай тілді шұбырлаған араб, парсы сөздерінен құтылу мақсатында орыс алфавитімен жазды. «Орыс алфавитін қолданумен байланысты қазақ тілі орынсыз кірген араб, шағатай сөздерінен тазарады. Орыс әрпімен жазғанымызда, сөзіміз дұрыс жазылатын болады. Қазір молдалар оқытып жүрген араб, парсы, татар тілінде шыққан діни кітаптар бізді кері кетіреді. Таза ойымызды кірлетеді, басымызды құммен толтырады, таза тілімізді шұбырлайды», - деді ол өз кітабында.

Ы.Алтынсариннің еңбектерімен, хаттарымен танысқанымызда, олардың қай-қайсысында болсын, туған халқына, таза ана тіліне деген сүйіспеншілігі көрініп тұрады. Жоғарыда келтірілген пікірлері мен «Қазақ хрестоматиясына» енгізген материалдарына қарағанда, ұлы педагог балаларды жалпы білімдік мәні бар мақалалармен таныстырып, олардың ақыл-ойы мен тілін ұстарту жағын ескергенін көреміз.

«Қазақ хрестоматиясына» енгізген бірқатар әңгімелерді К.Д.Ушинский мен И.И.Паульсон, И.А.Крылов пен Л.Н.Толстой шығармаларының үлгісімен ЫБырайдың өзі жазып, ал олардың кейбір қызғылықтарын қазақ тіліне өзі аударып беруі – орыстың сол кездегі прогресшіл педагогтері мен жазушылары идеяларының қазақ мектептерінде орын алуына толық айғақ.

«Тіл дамыту» сөзі термин ретінде қазақ тіліне 1930 жылдары жазылған әдістемелік еңбектерден бастап ене бастайды. Алайда ертеректе шыққан оқулықтар мен әдістемелік құралдарда «тіл дамыту», «тіл ширату», «оқушыладың тілін жетілдіру», «сөз байлығын арттыру» деп, әркім өзінше қолданады.

Осы жылдары М.Әуезов жасаған қазақ әдебиетінің мектеп бағдарламасында «Оқуға жаттығу», «Жазу тіліне жаттығу», «Сөйлеу тіліне жаттығу» деген арнайы түсініктер беріле келе, тіл дамыту жұмысының жүйелілігі мен сабақтастығына баса назар аударылды. Бірақ осы терминдердің ішінен «тіл дамыту» терминін қолданудың дұрыс екенін алғаш рет С.Жиенбаев дәлелдеген. Содан бері осы термин қазақ тілі мен әдебиеті әдістемесінде біркелкі қалыптасты деуге болады.

Біз де осыны қолдап, еңбегімізде «тіл дамыту» терминін қолданып отырмыз, өйткені «тіл ширату» балаладың білетін пассив сөздерін активтендіру мақсатын көздесе, «тіл жетілдіру» (усовершенствование) көбіне баланың тілін түзету мағынасында қолданылады. Ал «сөз байлығын арттыру» - сөздікке ғана қатысты. Біздің ойымызша, «тіл дамыту» термині осылардың барлығын қамтиды.

Сонымен, тіл дамыту деп – балалардың сөздік қорын байытуға, мағынасын түсініп, сол сөздерді дәл қолдана білуге, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге жеке сөйлемдер арқылы, логикалық, композициялық тұтастығын сақтай отырып, жүйелі түрде әңгімелеу арқылы ауызша, жазуша дұрыс білдіруге, яғни «нәрсенің жайын-күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айтып беруге» үйрету жұмысын айтамыз.

Бастауыш мектепте үйретілетін тіл дамыту жұмысы негізінен мынандай мақсаттарды көздейді:

1. Оқушылардың бақылағыштық, ойлау қабілетері мен тілін, дүниетанымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдап, жинақтап, жалпылап, нақтылап, салыстыру негізінде балаларды өз беттерімен қортыныды шығара білуге үйрету.

2. Оқушы бойында қазақ тілі нормасына сай, өз сезімін, ойын дұрыс айтып, жазып бере алатындай дағдылар қалыптастыру.

3. Оқушыларды ана тілін сүюге, оның алтын қорын, тамаша сырлы, көркем де нәзік сөз байлығын қолдана білуге, оны сезініп, құрметтей білуге баулу.

4. Қазақ тіл ғылымы табысы негізінде оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамытуға септігі тиетін жұмыстардың оңай да тиімді түрлерін іріктеп алып, ұсыну.

Бастауыш мектептерде ана тілді үйрету жұмысының маңызына тоқтала келіп, белгілі ғалым А.Ысқақов: «Бастауыш мектепте ана тілдің әр саласынан берілетін білімнің жүйесі, көлемі, мазмұны жайындағы мәселелер, оның сынып-сыныпқа арналған әдістемесі жайында озат мұғалімдердің тәжірибелерін жинақау, дербес эксперимент жасау сияқтылар кезек күттірмейтін мәселелер» екенін көрсетеді [3].

Ана тілдің негізгі саласының бірі – тіл дамыту жүргізіле тұрғанымен, бұл мәселеге әлі күнге дейін мектептерде жеткілікті көңіл бөлінбей келе жатқаны, бұл жұмыстың ұшқыны бар деген мектептердің өзінде оқта-текте жүйесіз, мақсатсыз өткізілетіні, бұған себеп бастауыш сыныптардағы тіл дамыту жұмыстарының жоғары сыныптардағы қарағанда анағұрлым ауыр болатындығынан екендігі жоғарыда айтылды.

Бастауыш мектептерде балалардың тілін жетілдіру жұмысының қиындығын айта келіп, К.Д.Ушинский: «Әрине, балаға жеңіл-желпі оқу мен жазуды үйретуге болады, бірақ мен мұны зиянды деп есептеймін, өйткені сіз баланың маңыздырақ, қиынырақ істерден сақтандыра беретін болсаңыз, онда ол кейін осы қиын іске ауысқан кезде, тіпті ауыр болады. Балаларға маңызды, қиынырақ сабақты қызықты ете білу – бастапқы оқытудың мақсаты. Әбір дені сау бала іспен шұғылдануды талап етеді, бала әкес мен шешесінің бір күрделі ісіне өзінің құрдастарымен ойнағанынан әлдеқайда зор ынтамен көмектеседі», - дейді [4].

Бастауыш мектепте ана тілді оқыту барысы жеке-жеке айқын мақсаттар көздейтін үш кезеңнен тұрады: 1) сауат ашу, тіл дамыту (Әліппе). 2) Оқу, тіл дамыту (Ана тілі). 3) Грамматика, емле, тіл дамыту (Қазақ тілі).

Оқушылардың тілін дамыту, сөз қолдану дағдыларын қалыптастыру осы кезеңдердің әрқайсысында белгілі бір тақырыптың оқытылуына сүйене отырып, соның барысында оларды байланыстырып сөйлем құрауға, сөз тіркесіне; сондай-ақ ойларын ауызша, жазбаша сауатты, жүйелі, дұрыс жеткізуге, сөйлей білуге үйретуді мақсат еттік. Егер осы үшеуі (сөздік жұмысы, сөз тіркесі мен сөйлем құрау және байланыстырып, сөйлеуге үйрету) күнделікті өтілетін сауа ашу, грамматика, оқу сабақтарымен байланыста біртұтас жүргізіліп отырса, тіл дамыту жұмысы да біршама жүйелі өткізіледі деуге болады. Яғни тіл дамыту осы негізгі үш бағытта қатар жүреді, өйткені сөздік жұмысы сөйлем құрау үшін де негіз болады; әңгіме айтуға дайындық жасау сөз бен сөйлеисіз іске асуы мүмкін емес. Сондықтан бұлайша топтаудың өзі – шартты түрд ғана, яғни тіл дамытудың мазмұнының нені қамтитындығын көрсету.

Дегенмен оқыту барысында осы үш бағыттың бірі екіншісінен гөрі басымырақ болуы мүмкін. Мысалы, сауат ашу барысында сөздік жұмысы; грамматикаға үйрету барысында сөз тіркесі мен сөйлемдер құрауға үйрету; ал оқу сабақтарында соңғы түрі басымырақ келеді. Бірақ әр кезеңнің өзіне тән жұмыс түрлері, әдіс-тәсілдері бар.

Біз психология, педагогика ғылымдарының соңғы табыстарын басшылыққа ала отырып, үлгілі мұғалімдердің тәжірибелеріне сүйеніп, тіл дамыту жұмыстарын жоғарыда айтылған кезеңдерге орай, әрбір сабақтағы тақырыппен, жаттығулармен тығыз байланыста бірте-бірте күрделендіре жүргізу мақсатын көздейтін тиімді жүйе табуға тырыстық. Бұл жүйе бойынша бастауыш сыныптардағы сауат ашу, грамматика мен оқу сабақтарындағы тіл дамыту мына сияқты бағыттарды қамтуы қажет:

1. Оқушылардың сөздік қорын дамыту. Мұнда: а) жаңа сөздер үйрету және осы үйренген сөздерінің, сондай-ақ балалардың бұрыннан сөздік қорында бар сөздердің мағыналарын үйрету; ә) көркем мәтіндегі бейнелі құралдарды үйрету; б) синонимдермен, омонимдермен жұмыс; в) антонимдермен жұмыс; г) көп мағыналы сөздермен жұмыс; д) қанатты, нақыл сөздермен жұмыс; е) мақал-мәтел, жаңылтпаштарды үйрету; ж) оқушылардың үйренген сөздерін қолдану белсенділігін арттыру мәселелері қамтылады.
2. Сөз тіркесі, сөйлемдермен жұмыс жүргізу.
3. Байланыстырып сөйлеуге үйрету [5].

Мұнда балалар оқығандары мен көргендерінің, естігендерінің мазмұнын жүйелі түрде ауызша айтып, жазбаша баяндауға үйренеді, сондай-ақ ұсынылған тақырыптар бойынша материалдар жинап, жүйелеп, өз жандарынан ауызша, жазбаша әңгіме құрастыруға үйренеді.

Осы бағыттарды әрбір сабақта өтілетін тақырыптарға орай, жеке-жеке де, бір-бірімен байланыстыра да жүргізіп, мұғалімнің жұмыс жоспарының бір бөлігіне айналдыру – тіл дамыту жұмысының дұрыс іске асуының кепілі.

Сөз – тілдің негізі. Нақты заттар мен құбылыстар, дерексіз ұғымдар, адамның сезімі мен ниеті – бәрі-бәрі сөз арқылы білдіріледі. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы шығарған «Түсіндірме сөздікте», «Синоним сөздігінде», «Фразеологиялық сөздік», «Адам аттары сөздіктерінде» т.с.с. сөздіктерінде берілген. Алайда әлі күнге дейін қазақтың қазіргі әдеби тілінің сөздігі, алуан түрлі техникалық терминдер сөздігі, мыңдаған жер, тау, өзен, көл, бұлақ атауларының сөздігі жасалған жоқ.

Сөздік – қоғамның, ұлтың даму деңгейін байқататын белгінің бірі. Сөздігі бай ұлттың рухан байлығы да жоғары болатындығы мәлім, өйткені ғылымы мен мәдениетінің дамуына қарай сөздік те дамиды. Ендеше оқушыларды мектептен бастап сөздікті пайдалана білуге үйретудің зор маңызы бар.

Бастауыш мектептегі сөздік жұмысының ерекшелігі – ол тек қазақ тілі, оқу сабақтарында ғана емес, бүкіл оқу-тәрбие жұмыстарының бәрінде жүргізіледі. Оқушылар математикаға, табиғаттануға, қол еңбегі мен суретке, тіпті дене тәрбиесіне, ойынға байланысты сөздерді де меңгереді. Мұнда есте болатын жай – сөздік жұмысын жүргізуді мұғалім өзі қолға алуға тиіс.

Сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндірумен ғана бітпейді, сонымен қатар ол жаңа ұғымдар жасау, заттың жаңа қасиеттерін табу, жаңа көріністерді байқату сияқты жұмыстармен тығыз байланысты. Мұндай жұмыстар оқушылардың ойын, тілн дамытады, эстетикалық талғамын арттырады. Осы мақсатпен мұғалім түсініксіз сөздерді түсіндірумен ғана тынбай, ол сөздерді оқушылардың сөздік қорына енгізіп, сол сөздерді кірістіріп айтатындай жағдай жасайды.

Оқушылардың ойын, тілін дамытуда синоним сөздерді пайдалануға үйрету жұмыстарының рөлі күшті. Ол үшін мәтінді оқуға дайындалу жұмыстары кезінде:

1. Мәтінде синоним сөздер бар ма, болса, олардың мағыналарын қалай ұғындыру керек, балалар жауаптарында ол сөздерді қолдану үшін, қандай сұраулар қою қажет – осыларды анықтайды.

2. Егер мәтінде синоним сөздер болмаса, ал мұғалім балаларға синоним сөздерді білдіргісі келсе, оны қалай ұйымдастырған жөн: оқу барысында сөздің синонимін айтып түсіндіре ме, қорытынды әңгімеде кірістіре ме, сурет арқылы ма, әңгімелесу барысында ма – осыларды қарастырады.

Сөйтіп, мұғалім мәтінді оқуға дайындалу кезінде, біріншіден, мәтінді дұрыс қабылдауға сөздерді, екіншіден, оқу барысында оқушыларға мағынасы ұғындырылатын сөздерді, үшіншіден, оқушылардың актив сөздігіне енгізілуге тиісті сөздерді іріктеп алады. Міне, осылайша, оқу сабақтарының барлығының органикалық элементі ретінде жүргізілетін лексикалық жұмыс оқушылардың ойы мен тілін дамытудың маңызды шарты болып есептеледі.

Сөздік жұмысын жүргізгенде, мұғалімнің есінде болатын жағдай – сөздік жұмысын балалардың өз өмірінен, нақты елестерімен байланыстыру. Ол үшін оқу барысында жаңа сөз кездескенде, оқушыларда осы сөзбен байланысты қандай елестер барын ашуға тырысу керек.

Егер ондай елестер жоқ және жеткіліксіз болса, мұғалім затты немесе оның суретін көрсетеді, оған анық сипаттама береді. Психологтердің айтуынша, сөздік жұмысының әдістемесіндегі басты талап – сөз бен балалар санасындағы бейнені түрлі жолдармен үнемі ұштастыру отыру. Өйткені сөз бейнесі бала санасында нақты елестің жеткілікті қорынсыз пайда болмайды.

Сөздердің мағынасын ашып, түсіндіру тәсілдері алуан түрлі. Оның ішіндегі бастылары:

1. Затты табиғи жағдайда бақылау немесе оны сыныпта көрсету, экскурсия ұйымдастыру.

2. Заттың өзін немесе суретін, түрлі картиналар көрсету арқылы сөздердің мағынасын ашып, түсіндіру.

3. Синоним сөздер қолдану: «Қандай сөздермен ауыстыруға болар еді? Басқаша қалай айтар едік?» сияқты сұраулар қою арқылы синоним табуға оқушылардың өздерін қатыстырып отыру.

4. Сөзді кейде морфологиялық құрамына қарай талдау арқылы түсіндіргенде де пайдалы (мысалы, т е т е л е с т е р і сөзінің түбірі қайсы? т.б.).

5. Сөздерге анықтама беру арқылы жиі түсіндіріледі (әуежай – ұшақ қонатын алаң т.б.).

6. Дерексіз ұғымдарды түсіндіру үшін, тұрмыстан мысалдар, фактілер келтіріп, әңгіме айту (мысалы, батырлық, қамқорлық, қайғы, адамгершілік жайында т.с.с.).

7. Сөз мағынасын түсіндіруде техникалық құралдар қолдану. Бірақ, мұнда диафильмдерді бастан-аяқ көрсетудің қажеті жоқ, үзінді ғана алу керек.

ә) Көркем мәтіндегі бейнелі сөздерді үйрету. Көркем мәтіндегі сөздер мен олардың тіркестері ауыспалы мағынада қолданылып, бала санасында айқын бейне жасайды; олар тілдің бейнелік құралдары болып табылады. Тілдің бейнелік құралдары қылыштай кесіп түсетін өткір де дәл, сезімге әсер етіп, сөйлеуде жандандыратын, ойлаудың икемділігі мен тездігін дамытатын, балалардың сөздіктерін жетілдіре түсетін қызмет атқарады.

Тілдің бейнелік құралдарының ішінен бастауыш сынып оқушыларының мүмкіндігіне сай келетіндерін, мысалы, троптардың негізгі түрлерін (теңеу, эпитет, метафора, басқаша айту), сининоимдерді, антонимдерді барынша мол пайдалану керек (терминдер мұғалім үшін ғана беріліп отыр. Бастауыш сыныптарда мұндай жұмыстар практика жүзінде ғана жүргізіледі, терминдер айтылмайды). Бастауыш сыныптарда оқылатын әдеби мәтіндерде алуан түрлі троптар, басқа да бейнелі сөздер көп кездеседі. Оларды сабаққа дайындау барысында жоспарлап алған жөн.

Т р о п дегеніміз – ауыспалы мағынада қолданылатын сөз немесе тіркес. Троп затты немесе құбылысты қысқа, бірақ анық сипаттауға мүмкіндік жасайды. Мысалы, біреудің өте қатты тоңып қалғандығын айту үшін, қол-аяғы қоқиып қатып қалған дейміз. Троп тіпті «Әліппе» оқулығында да кездеседі: «Қыран көзбен қарайды» (163-б.). «Тамшы жерде секірді». (4-сынып, 10-б.).

Троптың ең қарапайым түрі – теңеу болып есептеледі. Теңеу өлеңде де, қара сөзде де кездеседі. С.Мұқанов анасынан айырылып, жетім қалған балалардың қайғысының күшті, ауырлығын көрсету үшін, «Басына аспан құлағандай уайымды сол күні көріп еді» деп теңейді. (4-сынып, 22-б.) М.Жұмабаев кішкене балалардың ойынын:

Беті ойнаған оқадай,
Оппа қарға опадай
Топырлап, шулап, соқтыға
Тоғытқан бейне тоқтыдай
Жапырласты шөпірлеп.
Күміс қарға көбіктей
Сүңгіп алып сүліктей...

деп суреттейді. (4-сынып, 78-б.) Немесе «Ғажайып бақ» ертегісінде Асан деген кедейдің жерінің өте кішкентай екенін көрсету үшін, «Ұлтарақтай жеріне егін егіп»,- дейді. (183-б.), т.т.

Мұндай теңеп көрсету көркем мәтінді дәл қабылдауға көмектеседі және оны балалардың ұғынуын тереңдетеді.

Теңеу бастауыш сынып оқулықтарында жиі кездеседі, оның кез келгеніне тоқталып, талдап жатудың қажеті жоқ; жұмысты түрлендіру мақсатында теңеудің кейбіреулеріне ғана талдау жасауға болады.

Эпитет – заттар мен құбылыстардың мән-мағынасы және оларды автордың бағалауы туралы санада айқын бейне жасайтын көркем анықтама. Мысалы, М.Жұмабаевтың «Аққала» өлеңіндегі «Күміс қарға көбіктей» (4-сынып) дегенде, «күміс» сөзін автор қардың ақтығын, тазалығын асқақ сезіммен суретеу үшін қолданған.

«Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су», - дейді Абай «Жаздыгүні шілде болғанда» өлеңінде.

Тіл қарым-қатынас жасаудың жолы болса, сол қарым-қатынас жасауда адамның өз ойын жеткізуінің негізгі формасы – сөйлем. Басқаша айтқанда, сөйлем- пікір алысуды, қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін тілдік материалдың біртұтас бөлшегі [6]. Бұл жерде сөйлемнің жеке компоненттері, олардың өзара байланысу заңдылықтары мен құрылу принциптері, сөйлемнің сөзден айырмашылығы бар үлкен единица екенін анықтайтын басты белгілері туралы айтыпжатудың қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз.

Адам ойының әр алуандығы оны айту үшін жұмсалатын сөйлемдердің құрамы мен түрлерінің әртүрлі болып келуіне ықпал етеді. Соның бірі – жай сөйлем. Жай сөйлем грамматиканың синтаксиси деп аталатын саласының объектісі ретінде қарастырылады. Ал орта мектепте қазақ тілін оқытуға арналған бағдарламада жай сөйлем синтаксисі жеке курс ретінде оқытылып, мұнда оқушыларға жай сөйлемің түрлері, сөйлем мүшелері, бірыңғай мүше, оқшау сөз т.б. грамматикалық белгілерін ажырата білуге, сөздерді синтаксистік құрылымда ауызекі сөйлеу мен жазу тлдерінде дұрыс қолдануға дағдыландырып, курс бойынша жүйелі, толық білім беру қамтылады.

Ыбырай 1862 жылы Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Сіз қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге өте қарсы екенсіз, ал мен де көптен бері осы пікірде болатынмын... Молдалар өздерінің адам басын қатыратын ерекше қасиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін бұзып жүр. Басқа халықтар сияқты, қазақтарға да олардың өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанда, ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек», - дейді [18].

Грамматиканың фонетика, лексика, морфология салалары сияқты синтаксистің де тілдік материалында жарыстырыла, тіл фактілерімен сабақтаса жүріп, іске асырылатын тақырып – тіл дамыту.

Тіл дамыту жұмыстары – оқулықтардағы тілдік материалдар негізінде оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне қарай, педагогикалық принциптермен тығыз байланыста жүргізілетінпрактикалық жұмыстар. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, дүниетанымын, көзқарасын қалыптастыру, сөзді мағынасын дұрыс түсініп, орынды қолдана білуге тәрбиелеу, сөйлеу, жазу жағдайларын жетілдіру жұмыстарының бәрі де тіл дамыту мәселесіне келіп саяды. Бағдарламада тіл дамытуға арнайы сағат тіл ұстарту деген атпен белгіленеді. Тіл дамыту жұмысын ауызша-жазбаша жаттығулар, шығарма, мазмұндама, диктант сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асыру міндеттелінген. Методикалық әдебиетте тіл ұстартуға тіл дамытудың және сабақ болып өтілетін түрі, ауызша және жазбаша тіл дамытулар деп анықтама беріледі.

Әдебиеттер:

1. Аманжолұлы С. Мектепте ана тілді оқытудың мақсаты, оның маңызы.-Алматы, 2008. - 205 б.

2. Сытдықов Ә. «Оқу-жазуға үйреуде психология не айтады?».-Алматы, 2001.-90 б.

3. Сарыбаев Ш. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. - Алматы, ҚАЗМОМБ, 2006.- 124 б.

4. Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі (ред. басқарған проф. Қ.Жұбанов).-Алматы, 2012.- 185 б.

5. Ысқақов А.Қазіргі қазақ тілі – Алматы: Ана тілі, 1991. – 38 б.

6. Бегалиев Ғ. Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері.- Алматы, 2004.- 75 б.

УДК 3654.2

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тілеуқабылова А.Д.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Балаларды мектепте оқыту мақсаттарының бірі – олардың тілін дамыту жұмысы екенін чех педагогы Я.А.Коменский: «Образование должно и обрабатывать ум для мудрости, язык для красноречия, руки для исполнения необходимых действий», - деп сипаттаған болатын [1].

Ресейде тіл ұстарту жұмысын мектептерде белгілі бір жүйемен жүргізу қажеттігі жөнінде әдістемелік нұсқаулар беріп, балаларды өз ойын ауызша, жазбаша білдіруге үйретудің маңызын көрсеткен оқымысты Ф.И.Буслаев көрінеді.

Ал оқушылар тілін ұстарту әдістемесінің негізін салып, оны өз алдына ғылым ретінде қалыптастыру қажеттігін анықтап берген – орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинский.

К.Д.Ушинский ең алдымен бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытумен байланысты жаттығу жұмыстарыннң жүйесін құрды. Ол жаттығулардың сатылары мынадай: 1) бақыланған заттарды атау; 2) іс мақалаларын мазмұндау; 3) заттарды салыстыру; 4) сипаттау; 5) болған оқиға жөнінде әңгіме құру.

Педагог-ғалым логикалық ойлаудың жай түрлерінен бірте-бірте күрделісіне, жай сипаттаудан баспалдақтай отырып, хабарлауға көшу дұрыс екенін айта келіп: «Самое полное знакомство с богатствами народной словестной и самое глубокое значение грамматики, хотя могут обогатить ум учащегося, но не разовых в нем дар слова, если эта душевная сила в свое время была лишена достаточных упражнений», - дейді де, тіл ұстарту жұмысы жөніндегі жатығулардың мынадай болу керектігін көрсетеді: [2].

5. Белгілі тақырыпқа әңгіме құру; оны алғашқы сабақтарда-ақ жүргізіп, бірте-бірте кеңейте беру керек.

6. Тіл ұстарту жаттығулары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Әрбір жаңа жаттығу өткен жаттығумен тығыз байланысып, сол жаттығуға негізделіп, балаларды бірте-бірте ілгері ұмтылуға жетектей беруі қажет.

7. Балалар аз-аздан үйренсін, бірақ білгендерінен айырылмай, қайта оны тақырыпты меңгеріп алуға пайдаланатын болсын.

8. Балалардың тілі дамыған сайын, мұғалімнің жетекшіліг азайып, жаттығуларды балалар өз беттерімен орындасын. Алғашқы жаттығуларда мұғалім балаларға бақылау үлгісін көрсетіп, ойын жетектеп, тиісті сөздерді ауыздарына салып, басшылық жұмысын қамтамасыз етіп отырсын.

Осындай озат пікірдің лебін қазақ даласына тұңғыш рет жеткізген адам қазақ халқының ұлы педагогі ЫбырайАлтынсарин болды.

Ыбырайқазақтілінденеңалғашоқукітабынжасады. Бұлкітапты ыбырайтілді шұбырлаған араб, парсы сөздерінен құтылу мақсатында орыс алфавитімен жазды. «Орыс алфавитін қолданумен байланысты қазақ тілі орынсыз кірген араб, шағатай сөздерінен тазарады. Орыс әрпімен жазғанымызда, сөзіміз дұрыс жазылатын болады. Қазір молдалар оқытып жүрген араб, парсы, татар тілінде шыққан діни кітаптар бізді кері кетіреді. Таза ойымызды кірлетеді, басымызды құммен толтырады, таза тілімізді шұбырлайды», - деді ол өз кітабында.

Ы.Алтынсариннің еңбектерімен, хаттарымен танысқанымызда, олардың қай-қайсысында болсын, туған халқына, таза ана тіліне деген сүйіспеншілігі көрініп тұрады. Жоғарыда келтірілген пікірлері мен «Қазақ хрестоматиясына» енгізген материалдарына қарағанда, ұлы педагог балаларды жалпы білімдік мәні бар мақалалармен таныстырып, олардың ақыл-ойы мен тілін ұстарту жағын ескергенін көреміз.

«Қазақ хрестоматиясына» енгізген бірқатар әңгімелерді К.Д.Ушинский мен И.И.Паульсон, И.А.Крылов пен Л.Н.Толстой шығармаларының үлгісімен Ыбырайдың өзі жазып, ал олардың кейбір қызғылықтарын қазақ тіліне өзі аударып беруі – орыстың сол кездегі прогресшіл педагогтері мен жазушылары идеяларының қазақ мектептерінде орын алуына толық айғақ.

«Тіл дамыту» сөзі термин ретінде қазақ тіліне 1930 жылдары жазылған әдістемелік еңбектерден бастап ене бастайды. Алайда ертеректе шыққан оқулықтар мен әдістемелік

құралдарда «тіл дамыту», «тіл ширату», «оқушыладың тілін жетілдіру», «сөз байлығын арттыру» деп, әркім өзінше қолданады.

Осы жылдары М.Әуезов жасаған қазақ әдебиетінің мектеп бағдарламасында «Оқуға жаттығу», «Жазу тіліне жаттығу», «Сөйлеу тіліне жаттығу» деген арнайы түсініктер беріле келе, тіл дамыту жұмысының жүйелілігі мен сабақтастығына баса назар аударылды. Бірақ осы терминдердің ішінен «тіл дамыту» терминін қолданудың дұрыс екенін алғаш рет С.Жиенбаев дәлелдеген. Содан бері осы термин қазақ тілі мен әдебиеті әдістемесінде біркелкі қалыптасты деуге болады.

Біз де осыны қолдап, еңбегімізде «тіл дамыту» терминін қолданып отырмыз, өйткені «тіл ширату» балаладың білетін пассив сөздерін активтендіру мақсатын көздесе, «тіл жетілдіру» (усовершенствование) көбіне баланың тілін түзету мағынасында қолданылады. Ал «сөз байлығын арттыру» - сөздікке ғана қатысты. Біздің ойымызша, «тіл дамыту» термині осылардың барлығын қамтиды.

Сонымен, тіл дамыту деп – балалардың сөздік қорын байытуға, мағынасын түсініп, сол сөздерді дәл қолдана білуге, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге жеке сөйлемдер арқылы, логикалық, композициялық тұтастығын сақтай отырып, жүйелі түрде әңгімелеу арқылы ауызша, жазуша дұрыс білдіруге, яғни «нәрсенің жайын-күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айтып беруге» үйрету жұмысын айтамыз.

Бастауыш мектепте үйретілетін тіл дамыту жұмысы негізінен мынандай мақсаттарды көздейді:

5. Оқушылардың бақылағыштық, ойлау қабілетері мен тілін, дүниетанымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдап, жинақтап, жалпылап, нақтылап, салыстыру негізінде балаларды өз беттерімен қортыныды шығара білуге үйрету.

6. Оқушы бойында қазақ тілі нормасына сай, өз сезімін, ойын дұрыс айтып, жазып бере алатындай дағдылар қалыптастыру.

7. Оқушыларды ана тілін сүюге, оның алтын қорын, тамаша сырлы, көркем де нәзік сөз байлығын қолдана білуге, оны сезініп, құрметтей білуге баулу.

8. Қазақ тіл ғылымы табысы негізінде оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамытуға септігі тиетін жұмыстардың оңай да тиімді түрлерін іріктеп алып, ұсыну.

Бастауыш мектептерде ана тілді үйрету жұмысының маңызына тоқтала келіп, белгілі ғалым А.Ысқақов: «Бастауыш мектепте ана тілдің әр саласынан берілетін білімнің жүйесі, көлемі, мазмұны жайындағы мәселелер, оның сынып-сыныпқа арналған әдістемесі жайында озат мұғалімдердің тәжірибелерін жинақау, дербес эксперимент жасау сияқтылар кезек күттірмейтін мәселелер» екенін көрсетеді [3].

Ана тілдің негізгі саласының бірі – тіл дамыту жүргізіле тұрғанымен, бұл мәселеге әлі күнге дейін мектептерде жеткілікті көңіл бөлінбей келе жатқаны, бұл жұмыстың ұшқыны бар деген мектептердің өзінде оқта-текте жүйесіз, мақсатсыз өткізілетіні, бұған себеп бастауыш сыныптардағы тіл дамыту жұмыстарының жоғары сыныптардағы қарағанда анағұрлым ауыр болатындығынан екендігі жоғарыда айтылды.

Бастауыш мектептерде балалардың тілін жетілдіру жұмысының қиындығын айта келіп, К.Д.Ушинский: «Әрине, балаға жеңіл-желпі оқу мен жазуды үйретуге болады, бірақ мен мұны зиянды деп есептеймін, өйткені сіз баланың маңыздырақ, қиынырақ істерден сақтандыра беретін болсаңыз, онда ол кейін осы қиын іске ауысқан кезде, тіпті ауыр болады. Балаларға маңызды, қиынырақ сабақты қызықты ете білу – бастапқы оқытудың мақсаты. Әбір дені сау бала іспен шұғылдануды талап етеді, бала әкес мен шешесінің бір күрделі ісіне өзінің құрдастарымен ойнағанынан әлдеқайда зор ынтамен көмектеседі», - дейді [4].

Бастауыш мектепте ана тілді оқыту барысы жеке-жеке айқын мақсаттар көздейтін үш кезеңнен тұрады: 1) сауат ашу, тіл дамыту (Әліппе). 2) Оқу, тіл дамыту (Ана тілі). 3) Грамматика, емле, тіл дамыту (Қазақ тілі).

Оқушылардың тілін дамыту, сөз қолдану дағдыларын қалыптастыру осы кезеңдердің әрқайсысында белгілі бір тақырыптың оқытылуына сүйене отырып, соның барысында оларды байланыстырып сөйлем құрауға, сөз тіркесіне; сондай-ақ ойларын ауызша, жазбаша сауатты,

жүйелі, дұрыс жеткізуге, сөйлей білуге үйретуді мақсат еттік. Егер осы үшеуі (сөздік жұмысы, сөз тіркесі мен сөйлем құрау және байланыстырып, сөйлеуге үйрету) күнделікті өтілетін сауа ашу, грамматика, оқу сабақтарымен байланыста біртұтас жүргізіліп отырса, тіл дамыту жұмысы да біршама жүйелі өткізіледі деуге болады. Яғни тіл дамыту осы негізгі үш бағытта қатар жүреді, өйткені сөздік жұмысы сөйлем құрау үшін де негіз болады; әңгіме айтуға дайындық жасау сөз бен сөйлеисіз іске асуы мүмкін емес. Сондықтан бұлайша топтаудың өзі – шартты түрд ғана, яғни тіл дамытудың мазмұнының нені қамтитындығын көрсету.

Дегенмен оқыту барысында осы үш бағыттың бірі екіншісінен гөрі басымырақ болуы мүмкін. Мысалы, сауат ашу барысында сөздік жұмысы; грамматикаға үйрету барысында сөз тіркесі мен сөйлемдер құрауға үйрету; ал оқу сабақтарында соңғы түрі басымырақ келеді. Бірақ әр кезеңнің өзіне тән жұмыс түрлері, әдіс-тәсілдері бар.

Біз психология, педагогика ғылымдарының соңғы табыстарын басшылыққа ала отырып, үлгілі мұғалімдердің тәжірибелеріне сүйеніп, тіл дамыту жұмыстарын жоғарыда айтылған кезеңдерге орай, әрбір сабақтағы тақырыппен, жаттығулармен тығыз байланыста бірте-бірте күрделендіре жүргізу мақсатын көздейтін тиімді жүйе табуға тырыстық. Бұл жүйе бойынша бастауыш сыныптардағы сауат ашу, грамматика мен оқу сабақтарындағы тіл дамыту мына сияқты бағыттарды қамтуы қажет:

4. Оқушылардың сөздік қорын дамыту. Мұнда: а) жаңа сөздер үйрету және осы үйренген сөздерінің, сондай-ақ балалардың бұрыннан сөздік қорында бар сөздердің мағыналарын үйрету; ә) көркем мәтіндегі бейнелі құралдарды үйрету; б) синонимдермен, омонимдермен жұмыс; в) антонимдермен жұмыс; г) көп мағыналы сөздермен жұмыс; д) қанатты, нақыл сөздермен жұмыс; е) мақал-мәтел, жаңылтпаштарды үйрету; ж) оқушылардың үйренген сөздерін қолдану белсенділігін арттыру мәселелері қамтылады.
5. Сөз тіркесі, сөйлемдермен жұмыс жүргізу.
6. Байланыстырып сөйлеуге үйрету [5].

Мұнда балалар оқығандары мен көргендерінің, естігендерінің мазмұнын жүйелі түрде ауызша айтып, жазбаша баяндауға үйренеді, сондай-ақ ұсынылған тақырыптар бойынша материалдар жинап, жүйелеп, өз жандарынан ауызша, жазбаша әңгіме құрастыруға үйренеді.

Осы бағыттарды әрбір сабақта өтілетін тақырыптарға орай, жеке-жеке де, бір-бірімен байланыстыра да жүргізіп, мұғалімнің жұмыс жоспарының бір бөлігіне айналдыру – тіл дамыту жұмысының дұрыс іске асуының кепілі.

Сөз – тілдің негізі. Нақты заттар мен құбылыстар, дерексіз ұғымдар, адамның сезімі мен ниеті – бәрі-бәрі сөз арқылы білдіріледі. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы шығарған «Түсіндірме сөздікте», «Синоним сөздігінде», «Фразеологиялық сөздік», «Адам аттары сөздіктерінде» т.с.с. сөздіктерінде берілген. Алайда әлі күнге дейін қазақтың қазіргі әдеби тілінің сөздігі, алуан түрлі техникалық терминдер сөздігі, мыңдаған жер, тау, өзен, көл, бұлақ атауларының сөздігі жасалған жоқ.

Сөздік – қоғамның, ұлтың даму деңгейін байқататын белгінің бірі. Сөздігі бай ұлттың рухан байлығы да жоғары болатындығы мәлім, өйткені ғылымы мен мәдениетінің дамуына қарай сөздік те дамиды. Ендеше оқушыларды мектептен бастап сөздікті пайдалана білуге үйретудің зор маңызы бар.

Бастауыш мектептегі сөздік жұмысының ерекшелігі – ол тек қазақ тілі, оқу сабақтарында ғана емес, бүкіл оқу-тәрбие жұмыстарының бәрінде жүргізіледі. Оқушылар математикаға, табиғаттануға, қол еңбегі мен суретке, тіпті дене тәрбиесіне, ойынға байланысты сөздерді де меңгереді. Мұнда есте болатын жай – сөздік жұмысын жүргізуді мұғалім өзі қолға алуға тиіс.

Сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндірумен ғана бітпейді, сонымен қатар ол жаңа ұғымдар жасау, заттың жаңа қасиеттерін табу, жаңа көріністерді байқату сияқты жұмыстармен тығыз байланысты. Мұндай жұмыстар оқушылардың ойын, тілн дамытады, эстетикалық талғамын арттырады. Осы мақсатпен мұғалім түсініксіз сөздерді түсіндірумен ғана тынбай, ол сөздерді оқушылардың сөздік қорына енгізіп, сол сөздерді кірістіріп айтатындай жағдай жасайды.

Оқушылардың ойын, тілін дамытуда синоним сөздерді пайдалануға үйрету жұмыстарының рөлі күшті. Ол үшін мәтінді оқуға дайындалу жұмыстары кезінде:

3. Мәтінде синоним сөздер бар ма, болса, олардың мағыналарын қалай ұғындыру керек, балалар жауаптарында ол сөздерді қолдану үшін, қандай сұраулар қою қажет – осыларды анықтайды.

4. Егер мәтінде синоним сөздер болмаса, ал мұғалім балаларға синоним сөздерді білдіргісі келсе, оны қалай ұйымдастырған жөн: оқу барысында сөздің синонимін айтып түсіндіре ме, қорытынды әңгімеде кірістіре ме, сурет арқылы ма, әңгімелесу барысында ма – осыларды қарастырады.

Сөйтіп, мұғалім мәтінді оқуға дайындалу кезінде, біріншіден, мәтінді дұрыс қабылдауға сөздерді, екіншіден, оқу барысында оқушыларға мағынасы ұғындырылатын сөздерді, үшіншіден, оқушылардың актив сөздігіне енгізілуге тиісті сөздерді іріктеп алады. Міне, осылайша, оқу сабақтарының барлығының органикалық элементі ретінде жүргізілетін лексикалық жұмыс оқушылардың ойы мен тілін дамытудың маңызды шарты болып есептеледі.

Сөздік жұмысын жүргізгенде, мұғалімнің есінде болатын жағдай – сөздік жұмысын балалардың өз өмірінен, нақты елестерімен байланыстыру. Ол үшін оқу барысында жаңа сөз кездескенде, оқушыларда осы сөзбен байланысты қандай елестер барын ашуға тырысу керек.

Егер ондай елестер жоқ және жеткіліксіз болса, мұғалім затты немесе оның суретін көрсетеді, оған анық сипаттама береді. Психологтердің айтуынша, сөздік жұмысының әдістемесіндегі басты талап – сөз бен балалар санасындағы бейнені түрлі жолдармен үнемі ұштастыру отыру. Өйткені сөз бейнесі бала санасында нақты елестің жеткілікті қорынсыз пайда болмайды.

Сөздердің мағынасын ашып, түсіндіру тәсілдері алуан түрлі. Оның ішіндегі бастылары:

8. Затты табиғи жағдайда бақылау немесе оны сыныпта көрсету, экскурсия ұйымдастыру.

9. Заттың өзін немесе суретін, түрлі картиналар көрсету арқылы сөздердің мағынасын ашып, түсіндіру.

10. Синоним сөздер қолдану: «Қандай сөздермен ауыстыруға болар еді? Басқаша қалай айтар едік?» сияқты сұраулар қою арқылы синоним табуға оқушылардың өздерін қатыстырып отыру.

11. Сөзді кейде морфологиялық құрамына қарай талдау арқылы түсіндіргенде де пайдалы (мысалы, т е т е л е с т е р і сөзінің түбірі қайсы? т.б.).

12. Сөздерге анықтама беру арқылы жиі түсіндіріледі (әуежай – ұшақ қонатын алаң т.б.).

13. Дерексіз ұғымдарды түсіндіру үшін, тұрмыстан мысалдар, фактілер келтіріп, әңгіме айту (мысалы, батырлық, қамқорлық, қайғы, адамгершілік жайында т.с.с.).

14. Сөз мағынасын түсіндіруде техникалық құралдар қолдану. Бірақ, мұнда диафильмдерді бастан-аяқ көрсетудің қажеті жоқ, үзінді ғана алу керек.

ә) Көркем мәтіндегі бейнелі сөздерді үйрету. Көркем мәтіндегі сөздер мен олардың тіркестері ауыспалы мағынада қолданылып, бала санасында айқын бейне жасайды; олар тілдің бейнелік құралдары болып табылады. Тілдің бейнелік құралдары қылыштай кесіп түсетін өткір де дәл, сезімге әсер етіп, сөйлеуде жандандыратын, ойлаудың икемділігі мен тездігін дамытатын, балалардың сөздіктерін жетілдіре түсетін қызмет атқарады.

Тілдің бейнелік құралдарының ішінен бастауыш сынып оқушыларының мүмкіндігіне сай келетіндерін, мысалы, троптардың негізгі түрлерін (теңеу, эпитет, метафора, басқаша айту), сининоимдерді, антонимдерді барынша мол пайдалану керек (терминдер мұғалім үшін ғана беріліп отыр. Бастауыш сыныптарда мұндай жұмыстар практика жүзінде ғана жүргізіледі, терминдер айтылмайды). Бастауыш сыныптарда оқылатын әдеби мәтіндерде алуан түрлі троптар, басқа да бейнелі сөздер көп кездеседі. Оларды сабаққа дайындау барысында жоспарлап алған жөн.

Т р о п дегеніміз – ауыспалы мағынада қолданылатын сөз немесе тіркес. Троп затты немесе құбылысты қысқа, бірақ анық сипаттауға мүмкіндік жасайды. Мысалы, біреудің өте

қатты тоңып қалғандығын айту үшін, қол-аяғы қоқиып қатып қалған дейміз. Троп тіпті «Әліппе» оқулығында да кездеседі: «Қыран көзбен қарайды» (163-б.). «Тамшы жерде секірді». (4-сынып, 10-б.).

Троптың ең қарапайым түрі – теңеу болып есептеледі. Теңеу өлеңде де, қара сөзде де кездеседі. С.Мұқанов анасынан айырылып, жетім қалған балалардың қайғысының күшті, ауырлығын көрсету үшін, «Басына аспан құлағандай уайымды сол күні көріп еді» деп теңейді. (4-сынып, 22-б.) М.Жұмабаев кішкене балалардың ойынын:

Беті ойнаған оқадай,
Оппа қарға опадай
Топырлап, шулап, соқтыға
Тоғытқан бейне тоқтыдай
Жапырласты шөпірлеп.
Күміс қарға көбіктей
Сүңгіп алып сүліктей...

деп суреттейді. (4-сынып, 78-б.) Немесе «Ғажайып бақ» ертегісінде Асан деген кедейдің жерінің өте кішкентай екенін көрсету үшін, «Ұлтарақтай жеріне егін егіп»,- дейді. (183-б.), т.т.

Мұндай теңеп көрсету көркем мәтінді дәл қабылдауға көмектеседі және оны балалардың ұғынуын тереңдетеді.

Теңеу бастауыш сынып оқулықтарында жиі кездеседі, оның кез келгеніне тоқталып, талдап жатудың қажеті жоқ; жұмысты түрлендіру мақсатында теңеудің кейбіреулеріне ғана талдау жасауға болады.

Эпитет – заттар мен құбылыстардың мән-мағынасы және оларды автордың бағалауы туралы санада айқын бейне жасайтын көркем анықтама. Мысалы, М.Жұмабаевтың «Аққала» өлеңіндегі «Күміс қарға көбіктей» (4-сынып) дегенде, «күміс» сөзін автор қардың ақтығын, тазалығын асқақ сезіммен суретеу үшін қолданған.

«Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су», - дейді Абай «Жаздыгүні шілде болғанда» өлеңінде.

Тіл қарым-қатынас жасаудың жолы болса, сол қарым-қатынас жасауда адамның өз ойын жеткізуінің негізгі формасы – сөйлем. Басқаша айтқанда, сөйлем- пікір алысуды, қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін тілдік материалдың біртұтас бөлшегі [6]. Бұл жерде сөйлемнің жеке компоненттері, олардың өзара байланысу заңдылықтары мен құрылу принциптері, сөйлемнің сөзден айырмашылығы бар үлкен единица екенін анықтайтын басты белгілері туралы айтыпжатудың қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз.

Адам ойының әр алуандығы оны айту үшін жұмсалатын сөйлемдердің құрамы мен түрлерінің әртүрлі болып келуіне ықпал етеді. Соның бірі – жай сөйлем. Жай сөйлем грамматиканың синтаксиси деп аталатын саласының объектісі ретінде қарастырылады. Ал орта мектепте қазақ тілін оқытуға арналған бағдарламада жай сөйлем синтаксисі жеке курс ретінде оқытылып, мұнда оқушыларға жай сөйлемің түрлері, сөйлем мүшелері, бірыңғай мүше, оқшау сөз т.б. грамматикалық белгілерін ажырата білуге, сөздерді синтаксистік құрылымда ауызекі сөйлеу мен жазу тлдерінде дұрыс қолдануға дағдыландырып, курс бойынша жүйелі, толық білім беру қамтылады.

Ыбырай 1862 жылы Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Сіз қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге өте қарсы екенсіз, ал мен де көптен бері осы пікірде болатынмын... Молдалар өздерінің адам басын қатыратын ерекше қасиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін бұзып жүр. Басқа халықтар сияқты, қазақтарға да олардың өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанда, ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек», - дейді [18].

Грамматиканың фонетика, лексика, морфология салалары сияқты синтаксистің де тілдік материалында жарыстырыла, тіл фактілерімен сабақтаса жүріп, іске асырылатын тақырып – тіл дамыту.

Тіл дамыту жұмыстары – оқулықтардағы тілдік материалдар негізінде оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне қарай, педагогикалық принциптермен тығыз байланыста жүргізілетінпрактикалық жұмыстар. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, дүниетанымын, көзқарасын қалыптастыру, сөзді мағынасын дұрыс түсініп, орынды қолдана білуге тәрбиелеу,

сөйлеу, жазу жағдайларын жетілдіру жұмыстарының бәрі де тіл дамыту мәселесіне келіп саяды. Бағдарламада тіл дамытуға арнайы сағат тіл ұстарту деген атпен белгіленеді. Тіл дамыту жұмысын ауызша-жазбаша жаттығулар, шығарма, мазмұндама, диктант сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асыру міндеттелінген. Методикалық әдебиетте тіл ұстартуға тіл дамытудың және сабақ болып өтілетін түрі, ауызша және жазбаша тіл дамытулар деп анықтама беріледі.

Әдебиеттер:

1. Аманжолұлы С. Мектепте ана тілді оқытудың мақсаты, оның маңызы.-Алматы, 2008. - 205 б.

2. Сытдықов Ә. «Оқу-жазуға үйреуде психология не айтады?».-Алматы, 2001.-90 б.

3. Сарыбаев Ш. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. - Алматы, ҚАЗМОМБ, 2006.- 124 б.

4. Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі (ред. басқарған проф. Қ.Жұбанов).-Алматы, 2012.- 185 б.

5. Ысқақов А.Қазіргі қазақ тілі – Алматы: Ана тілі, 1991. – 38 б.

6. Бегалиев Ғ. Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері.- Алматы, 2004.- 75 б.

ӘӨЖ 35.01

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Алшынбаева Ж.Е., Жамауова А.М., Мырзалы Н.Н.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«Эмоционалды интеллект» түсінігі, «Адам өмірлік іс-әрекетінің табыстылығын не анықтайды?» деген сұраққа ғылыми тәсілдер негізінде бірнеше рет жауап беруге әрекет етілген зерттеулерге жатады. Эмоционалды интеллекті қойылған сұрақ контекстында талдайтын ғалымдар, зерттеді: эмоционалды интеллекттің кәсіби іс-әрекет үшін маңызы (Андреева И., 2003), тұлғааралық өзара әрекеттесу процессіндегі эмоционалды интеллекттің рөлі мен маңызы (Люсин Д., 2004; Власова Е., 2005; Манойлова М., 2006), эмоционалды интеллекттің функционалды сипаттамалары (Носенко Э., Коврига Н., 2003), лидерлік сапалардың қалыптасуы мен көрінуіне эмоционалды интеллекттің ықпалы (Гоулман Д., 2005). Эмоционалды интеллект өз эмоцияларын түсіну мен сезіну үшін оларға шомуды және сонымен қатар эмоцияларды рационалды талдау әрі осы талдаудың негізінде шешім қабылдауды білдіреді. Осылайша, зерттелініп отырған мәселе өзектілігі ғылыми білімдер дамуының тенденциясымен және орын алған әлеуметтік практиканың қажеттілігімен анықталады. Эмоционалды интеллектіні және оның лидерлік сапалармен байланысын зерттеу, өзекті зерттеуді және әрі қарайғы өңдеуді талап ететін, маңызды теориялық әрі практикалық міндет.

Кейінгі кезде эмоционалды интеллект концепциясы дәстүрлі интеллектке балама ретінде психологиялық ғылымда кеңінен танымал болды. Мысалы, кейбір авторлар эмоционалды интеллект коэффициенті (EQ) IQ-ға қарағанда артығырақ болжаулық құндылығына ие деп есептейді, ол табыстылықты 80%-ға, ал IQ -15%-ға анықтайды. Оның бірнеше анықтамасы бар. Мысалы, П.Селавей мен оның бірлескен авторы Дж.Майер эмоционалды интеллектті «интеллектуалды процесстер негізінде, эмоцияларда бейнеленетін, тұлға көріністерін түсіну мен қабылдау қабілеті» деп анықтайды. Олардың пікірінше эмоционалды интеллект төрт бөліктен тұрады:

1) эмоцияларды сезіну мен қабылдау қабілеті;
2) өз эмоцияларын ақылға көмек ретінде бағыттай білу қабілеті;
3) қандай да бір эмоцияның нені білдіретінін түсіну қабілеті;
4) эмоцияларды басқара алу қабілеті [1].

Сондай-ақ, қазақстандық ғалымдар А.М. Кустубаева, А.А. Толегенова, Н.Қ. Тоқсанбаева әртүрлі тұлғалардағы эмоционалды интеллектінің бастапқы деңгейін зерттеді. Сондай-ақ, эмоционалды интеллектінің мазмұны мен құрылымын Л.О. Сарсенбаева, А.К. Егенисова, П.Е. Жарылгасова зерттеген. Г.К. Ахметова, Г.Т. Балакаева, С.Ж. Зейнолла «Білім беру ортасы субъектілерінің эмоционалды зияткерлігін дамыту мәселелері», Б.К. Кудышеваның «Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту Қазақстандағы балалар мен оқушы жастардың әлауқатына қол жеткізу құралы ретінде», С.П. Садуованың «Эмоционалды интеллект және көшбасшылық арасындағы байланыс» тақырыбындағы ғылыми еңбектері талданды [2].

Ежелгі Гректің ұлы ойшылы Аристотель эмоцияның түрлері мен олардың атқаратын қызметтерін бөле отырып, олардың психиканың маңызды құрылымы екенін көрсетті. Эмоция (фр. emotion, лат. emoveo - толғану) психикалық процесстің бір түрі. «Эмоция» сөзінің түбірі латынның «motere» деген етістігінен шыққан, ол «қозғалу, қимылға келу» деген мағынаны білдіреді, ал «э-» қосымшасы оған сыртқа бағыттылық мәнін қосады: «алыстату, қашықтату», бұл әрбір эмоцияның әрекетке ұмтылысын білдіреді. Эмоциялардың әрекетке итермелейтінін жануарлар мен балаларды бақылау арқылы оңай көруге болады;

«Эмоция» - адамның ішкі сезімдері мен мінез-құлқын басқарушы психологиялық күй. Эмоциялардың негізгі қызметі адамға қоршаған ортаға бейімделуге көмектесу. Эмоцияның бағалау қызметі арқылы эмоциялар адамға қауіп-қатер мен берер пайдасын жылдам анықтауға мүмкіндік береді, ал ынталандыру қызметі әрекетке итермелейді. Бұл эмоцияның қызметтері бейімделу қажеттілігімен тығыз байланысты: стресс пен қорқыныш жағдайында ағза арнайы гормондар бөліп, реакция беруге дайындалады. Сонымен қатар, эмоциялар коммуникативтік қызмет атқарады, бұл вербалды және вербалды емес байланыс арқылы жүзеге асады. Эмоциялардың реттеу қызметі адамның өзін-өзі бақылауына және көңіл-күйін реттеуге мүмкіндік береді, бұл өмірлік жағдайларда дұрыс әрекет етуді қамтамасыз етеді.

Осылайша, біздің әр эмоциямыз өзіндік бірегей рөлді атқарады. Сондықтан да әр адам өзінің эмоцияларын түсініп, оларды қажет жағдайда және орынды пайдалана білуі тиіс. Кейбір жағдайларда эмоцияны біз емес, эмоция бізді басқарып жататындай көрінуі мүмкін. Әлеуметтікбиолог мамандары да дәл осындай тұжырымдарды жасады. Олардың пікірінше, біз қиын немесе түсініксіз жайтқа тап болғанда эмоцияға ерік береді екенбіз. Осындай сәттерде кейбір адамдар өздерінің шыдамдылығы мен суыққандылығын көрсетеді. Ситуацияны рационалды тұрғыда саралап, эмоциясын дұрыс пайдаланады міне осы кезде біз сол адамның эмоционалды тұрақтылығын байқай аламыз. Әрбір субъект өз кезегінде эмоцияларын түсінбеген жағдайда, оларды психологиялық тұрғыда өңдей алмайтын болса әр-түрлі жағымсыз салдардың тууына себепші болады. Мысалы, психосоматикалық бұзылулардан бастап, әлеуметтік, тұлғалық және тұлғааралық конфликтілерге дейін. Осы аталған мәселелердің негізі эмоционалды интеллекті деңгейінің төмен болуы деп айтсақ қателеспейміз.

Ғылыми тұрғыда *эмоционалды интеллект* түсінігін өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын түсіну, тану және қарым-қатынас жасауда темперамент, ниет сияқты психикалық процестер мен күйлердің жағымды немесе жағымсыз жақтарын еш қиындықсыз сезе білу деп қарастырамыз. Ең алғаш рет бұл түсінікті ғылымға 1990 жылдары Питер Сэловей мен Джон Мэйер атты Йель университетінің зерттеушілері енгізген болатын және ең алғашқы үлгіні де өздері құрастырған еді(Сурет 1).



Сурет 1. Питер Сэловей мен Джон Мэйер бойынша эмоционалды интеллект моделі

Бастапқыда эмоционалды интеллект тек қана кішігірім зерттеушілер мен ғалымдарға таныс ғылыми концепция ғана болатын. Кейін, эмоционалды интеллект түсінігі бұрынғы Гарвард университетінің профессоры Дэниэл Гоулманның кітабының арқасында көпшілікке таныла бастады. Гоулманның көзқарасы бойынша, қарапайым IQ деңгейі жоғары адамға қарағанда EI (эмоционалды интеллект) деңгейі жоғары адамдар көп жетістікке жетеді екен. Осындайда IQ не үшін керек деген сұрақ тууы мүмкін. IQ - ақыл-ой қабілетінің объективті көрсеткіші. Интеллект коэффициенті адамның мектептегі, жұмыстағы деңгейін анықтайды. Ал эмоционалды интеллект ұжымда жұмыс істеу қабілетіне және әріптестерінің көңіл күйіне әсер етеді. IQ-ге қарағанда EQ-ді реттеу мен көтеру оңай. Мысалы, жұмыс берушілер жоғары ақыл-ой қабілетін бағалайды. Бірақ 1-орынға қоймайды. IQ көрсеткіші жоғары адамға көппен тіл табысу қиын болуы мүмкін. Сондықтан көптеген ірі компаниялар эмоционалды интеллекті бар жұмысшыны қалайды [3].

Оқушылардың оқу-тәрбие процесінде эмоционалды интеллектінің маңызы өте зор. Бұл балалардың тәрбиесінің кілті деп қарастырсақта болады. Балаларды оқу-тәрбиелеудегі түпкі мақсат - тек тәртіпті, мейірімді бала өсіру емес. Кез-келген ата-ана өз баласының тәрбиесі мен оқу жетістігін қалайды. Мысалы: қоғамға үлес қоса алатын, адамгершілігі мол, жауапты, өз таңдауын жасай алатын, өзіне сенімді, сәтті неке құратын және өздері де жақсы ата-ана бола білетін азаматтарды тәрбиелеу және т.б. Американдық психолог, профессор Джон Готтман өз зерттеулерінің барысында тек бір махабаттың жеткіліксіз екенін анықтаған. Оның ойынша, тәрбиенің құпиясы - ата-ананың эмоционалды сәттерде өз балаларымен қалай қарым-қатынас жасайтынында [3]. Яғни, эмоционалды тәрбие беру арқылы баланың бойына қажетті дағдыларды дамытуға болады.

Эмоционалды тәрбие - оқушының өз сезімдерін түсінуіне, оларды қабылдауына және дұрыс білдіруіне көмектесетін ата-ананың, мұғалімдердің және ересектердің маңызды тәрбиелік құралы. Эмоционалды интеллектіні неғұрлым ерте дамыту қажет. Д. Готтман балалық шақ пен жасөспірімдік кезең ЭИ дамытуға мүмкіндік береді деген. Осы орайда, эмоционалды интеллект тәрбиесінің шетел мектептеріндегі тәжірибелерін атап айтсақ болады. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында мектептерде «*self-science*» деп аталатын арнайы сабақ (факультатив) өткізіледі. Бұл сабақта, оқушылар ашудың астарында басқа сезімдер, қызғаныш, реніш сияқты эмоциялар жасырынуы мүмкін екенін түсінеді. Олар өз сезімдерін сөзбен жеткізуге, сондай-ақ қақтығысты жағдайларды конструктивті түрде шешуге машықтанады. Сабақтар әңгімелесу, талқылау немесе рөлдік ойындар түрінде өткізіледі екен.

Оқушыларға ерте кезден эмоционалды интеллектіні дамытуда бұндай әдіс-тәсілдер міндетті түрде нәтиже береді. Балаларға эмоционалды тәрбие беру бірнеше аспектілерден құралады.

Біріншіден, Готтманның зерттеулері көрсеткендей, эмоцияларын ерте жасынан бастап дұрыс атауға үйренген балалар стресстік жағдайларға жақсы бейімделеді және өздерін еркінірек сезінеді.

Екіншіден, эмпатияны дамыту. Эмпатия - басқа адамның эмоцияларын түсіну және сезімдеріне жауап беру қабілеті. Эмпатия арқылы бала достық қарым-қатынастар орнатып, ұжымда өзін жайлы сезінеді. Осы орайда, ата-аналарға балалардың бойында эмпатия сезімін дамыту үшін берілетін кеңестер бар, мысалы: баламен көбірек кітап оқу барысында, оқиғалардағы кейіпкерлердің эмоциялары туралы сұрақтар қою. «Сенің ойыңша, ол қазір өзін қалай сезініп тұр?» немесе «Бұл кейіпкер неге мұңайды деп ойлайсың?» деген сұрақтар эмпатияны сөзсіз дамытады.

Келесі, эмоционалды тәрбие берудің маңызды бөлігі басқарушылық қабілет. Бұл кезекте, баланы тыныс алу, медитация немесе эмоцияларды сурет салу арқылы жеткізіп үйретуге болады. Мұндай әдістер стресс жағдайларында эмоцияны тиімді басқаруға көмектеседі.

Эмоционалды тәрбие беру үшін және эмоционалды интеллектінің жоғары деңгейін қалыптастыру үшін баламен ашық әңгімелесулер жүргізу қажет. Жалпы адам адаммен дұрыс, жағымды және ашық вербалды қарым-қатынасқа түскен уақытта олардың ішкі әлеміне еніп, сезімдерін түсінуге мүмкіндік алады. Тіпті, балабақшаға баратын кіші топ баласымен балабақша туралы әңгімелесіп, тәрбиешілер туралы жағымды көзқарас қалыптастырсақ, балалар сол ортаға тезірек бейімделіп кетеді. Күн сайын балабақшадан кейін, «бүгін сені не қуантты?», «қандай қиындық болды?» немесе «өзіңді қалай сезініп тұрсың?» деп сұрау баланың өз эмоцияларын аша білуіне және ата-анасымен жақын қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Дж. Готтманның эмоционалды тәрбие беру бағдарламасы бойынша ата-ана рөлдері 3 түрге бөлінді.

1. Қабылдай алмаушылық

Бұл топтағы ата-аналар балалардың теріс эмоцияларына мән бермейді, оларды елемейді немесе маңызсыз деп санайды. Мысалы, баланың мұңайып немесе ашуланған сәттерін «бұл бос әңгіме» деп қабылдап, оларға эмоцияларын көрсетуге мүмкіндік бермейді. Мұндай көзқарас баланың эмоцияларын басуына және өз сезімдерін түсінбеуіне алып келеді.

2. Қарсыласушылар

Бұл топқа жататын ата-аналар балалардың теріс эмоцияларына қатысты теріс пікірде болады. Олар баланы сынға алып, кейде оның эмоцияларын көрсеткені үшін ұрсып, жазалауы мүмкін. Мұндай әрекет баланың өз эмоцияларынан ұялуына, тіпті оларды мүлдем көрсетпеуіне себеп болады.

3. Немқұрайлы қарайтындар

Бұндай ата-аналар балалардың эмоцияларын қабылдап, жанашырлық танытады, бірақ шешім жолдарын ұсынбайды және балалардың мінез-құлқына шектеу қоймайды. Олар баланың эмоцияларына түсіністікпен қарап, оның сезімдерін қолдағанымен, баланың қателіктерін түзетуге және жағдайды басқаруға қажетті бағыт-бағдар бермейді [4].

Балалық шақ - эмоционалды интеллектіні дамытудың және ата-ана мен бала арасында жақын эмоционалды қарым-қатынас орнатудың ең қолайлы кезеңі. Жоғарыда айтылғандай шетел мектептерінде яғни, АҚШ-тағыдай, Ресейде де эмоционалды интеллектті дамыту бойынша бағдарламалар әзірленуде. Мысалы:

- К.В. Адушкина қосымша білім беру жағдайында эмоционалды интеллектті дамыту бағдарламасын сипаттады. Бұл бағдарламада музыкатерапия әдістері негізге алына отырып сол арқылы баланың эмоционалды интеллект деңгейін қосымша білім беру жағдайында дамытуға болатындығы дәлелденді.

- А.В. Дегтяревтің идеясы бойынша мінез-құлқында ауытқуы бар (девиантты) жасөспірімдердің эмоционалды интеллектісін дамыту мақсатында ғана емес, сондай-ақ, профилактика ретінде психологиялық тренингтердің(топтық) маңызын ашып көрсетті;

- А.О. Куракинаның бағдарламасы балалардағы эмоционалды интеллектіні дамытуға арналған.

Тұжырымдай келе, эмоционалды интеллектінің даму мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау негізінде «эмоционалды интеллект» ұғымы негізделіп, нақтыланды, бұл арқылы біз интелектуалдық, мәдени-бұқаралық, интегративті білім беруді

айтамыз. Сондай-ақ, мінез-құлық және эмоционалдық қасиеттер, оқушылардың өз эмоцияларын және сыныптастарының эмоцияларын білуді, түсінуді қамтамасыз етеді, қарым-қатынас пен оқушының дамуына әсер етеді.

Сонымен бірге қазіргі таңда эмоционалды интеллект түсінігін елемеушілік азайғанын байқаймыз. Эмоционалды интеллектіні дамыта отырып тәрбие беру, тұлғаның қалыптасуын сәтті ететін процесс. Оны елемеу адамзаттың эмоционалды сауаттылығының төмендеуіне, өзіне деген сенімнің азаюына алып келеді. Эмоционалды тәрбиені тиімді пайдалану арқылы ата-аналар мен педагогтар баланың жеке басының дамуына ықпал етіп, оның өмірге деген оң көзқарасын қалыптастыратыны сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2019. - 94 б.

2. Кустубаева А.М., Багаева Е.В. Эмоциональный интеллект и принятие решения // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Психология и педагогика. - 2011. - №S5. – С. 104-109.

3. Бар-Он Р. Инвентаризация эмоционального интеллекта (EQ-i): Техническое руководство. - Торонто, Канада: Мульти-Системы здравоохранения, 2007. - 278 с.

4. Андреева, И.Н. Эмоциональный интеллект как феномен современной психологии [Текст] / И.Н. Андреева. - Новополоцк: ПГУ, 2011. - 388 с.

УДК 378

ВЛИЯНИЕ ПОЗИТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ НА СНИЖЕНИЕ УРОВНЯ ТРЕВОЖНОСТИ У ОБУЧАЮЩИХСЯ (СТУДЕНТЫ БАКАЛАВРИАТА)

Мусакина Екатерина
Карагандинский университет имени Е.А. Букетова

Современное образовательное пространство сопровождается высокой динамикой, возрастающими требованиями к академическим достижениям и уровню саморегуляции личности. В условиях постоянных изменений, неопределённости и социальной нестабильности студенты, особенно обучающиеся по программам бакалавриата, оказываются в уязвимом положении. На протяжении всего периода получения высшего образования им приходится преодолевать целый спектр адаптационных трудностей: привыкание к новым форматам обучения, освоение большого объёма теоретического материала, взаимодействие с преподавателями и сокурсниками, участие в конкурсах и проектах, а также решение жизненных вопросов, связанных с бытовыми условиями, финансовой независимостью, сепарацией от семьи и построением личной идентичности.

Эти факторы зачастую становятся триггерами повышенного психоэмоционального напряжения, что выражается в различных формах тревожности — от лёгкой неуверенности и эмоциональной нестабильности до устойчивых проявлений личностной тревожности. Согласно исследованиям, уровень тревожности у студентов первого и второго курсов значительно выше по сравнению с другими возрастными категориями. Психологи подчёркивают, что тревожность не только снижает качество жизни и эмоциональное благополучие обучающихся, но и напрямую влияет на их учебную мотивацию, концентрацию внимания, академическую успеваемость и способность принимать решения в условиях неопределённости.

Традиционные методы коррекции тревожности — в том числе релаксационные техники, медикаментозное сопровождение, индивидуальное консультирование и организационные изменения в образовательной среде — хотя и могут быть эффективными, зачастую требуют значительных ресурсов, времени и профессионального сопровождения. При этом в центре внимания современной психологии всё чаще оказывается внутренний ресурсный потенциал личности — в частности, позитивное мышление, как фактор устойчивости к стрессу и эмоционального восстановления.

С позиций когнитивно-поведенческого подхода позитивное мышление способствует переоценке угрожающих стимулов, снижению катастрофизации и иррациональных убеждений, а также формированию более конструктивных моделей саморегуляции. Для студентов это особенно важно, поскольку именно в юношеском возрасте закладываются базовые установки, определяющие эмоциональное реагирование в будущем, формируется самооценка и стиль межличностного взаимодействия.

Кроме того, в последние годы ряд исследований подтвердил, что развитие позитивного мышления оказывает выраженное профилактическое воздействие в отношении тревожных расстройств, снижает уровень дезадаптивного поведения (в том числе прокрастинации, избегания, агрессии), способствует формированию устойчивости к фрустрациям и увеличивает уровень удовлетворённости жизнью [1].

Таким образом, исследование взаимосвязи позитивного мышления и тревожности у студентов бакалавриата представляет не только теоретическую значимость, но и выраженную практическую направленность. Актуальность данной статьи обусловлена:

- высоким уровнем тревожности среди студентов, особенно младших курсов;
- необходимостью поиска устойчивых внутренних ресурсов преодоления стресса;
- потенциалом позитивного мышления как средства эмоциональной саморегуляции;
- возможностью применения результатов для профилактики эмоционального выгорания и снижения тревожности в учебной среде;
- ориентацией современной педагогической психологии на развитие эмоционального интеллекта, навыков осознанности и когнитивной гибкости.

В современных условиях проблема не просто академической успешности, но и сохранения психологического здоровья студентов требует системного, междисциплинарного подхода. Изучение роли позитивного мышления как буфера от тревожности открывает перспективы для внедрения психологических тренингов, программ развития личностных ресурсов, а также для совершенствования методов педагогической поддержки в рамках высшего образования. Это особенно актуально в контексте задач модернизации образования, повышения качества подготовки специалистов и укрепления психического здоровья молодёжи как стратегического ресурса общества.

В период получения высшего образования обучающиеся бакалавриата сталкиваются с многочисленными психоэмоциональными и адаптационными трудностями, связанными с учебной нагрузкой, личностными поисками, социальной конкуренцией и неопределённостью будущего. Именно на этом этапе возрастает значение личностных ресурсов, в числе которых ключевым выступает позитивное мышление — как способ восприятия, интерпретации и реагирования на внешние обстоятельства. Исследование взаимосвязи между позитивным мышлением и уровнем тревожности в студенческой среде позволяет глубже понять внутренние механизмы эмоциональной устойчивости и разработать эффективные психолого-педагогические подходы к поддержке обучающихся.

Позитивное мышление выступает как личностный когнитивно-эмоциональный стиль, связанный с оптимистичной установкой на будущее, умением видеть возможности даже в трудностях, осмыслением жизненного опыта и устойчивостью к стрессовым воздействиям. Это мышление, которое фокусирует свое внимание на положительных аспектах жизни, а не на негативных. Данное понятие тесно связано с “оптимизмом”, но есть грань различия, это не просто вера в лучшее, а осознанное решение концентрироваться на хорошем и выбор учиться на своих ошибках [2].

Данный тип мышления не предполагает игнорирование проблем, а наоборот содействует переосмыслению своих неудач, правильному расставлению приоритетов и извлечению из них ценного опыта. Индивид, чье мышление сосредотачивается на хороших сторонах ситуаций, открывает для себя возможность поиска выхода из трудностей и принятие сложных ситуаций как способ для самосовершенствования и личностного роста. При таком мышлении человек заинтересован тем, что происходит в его жизни, он умеет поддерживать себя, верит в свои успехи и гордится своими достижениями. Как говорил выдающиеся философ Конфуций: “Если вы настроены позитивно, вы увидите возможности, а не препятствия“

Привычка позитивно мыслить формируется под влиянием таких факторов как забота, поддержка в семье, дружба, счастливое детство, любовь, уверенность в себя и вера, что в жизни ожидает хорошее.

Оптимизм лежит в основе позитивного мышления. Как отмечают психологи, вера в благоприятный исход событий помогает находить возможности даже в затруднительных ситуациях [3].

Умение гибко мыслить позволяет рассматривать проблемы под разными углами. Данная черта помогает трансформировать негативные мысли в конструктивные решения. Благодарность помогает улучшить эмоциональное благополучие и найти силы двигаться вперед.

Ежедневное фиксирование положительных моментов, как показывают эксперименты, снижает уровень тревожности. Умение использовать интелектуальные стратегии для преодоления стресса помогает развивать саморегуляцию [4]. Самосознание и эмоциональная устойчивость помогает не допускать ошибок в стрессовых ситуациях и дает возможность управлять своими реакциями.

Исследования показывают, что люди с оптимистичным настроем реже страдают от сердечно-сосудистых заболеваний, снижается уровень гормона стресса – кортизола, а увеличивается выработка других гормонов, благодаря которым поднимается настроение, улучшается сон, замедляется процесс старения, а также укрепляется иммунитет [5]. В то же время тревожность — один из наиболее распространённых психоэмоциональных феноменов в студенческом возрасте. Она проявляется в чрезмерном волнении, внутреннем напряжении, склонности к негативному прогнозированию и сомнению в собственных силах.

Тревожность — это субъективное ощущение напряжения, беспокойства, нервозности и обеспокоенности, возникающее в ответ на конкретную ситуацию. Она может проявляться как устойчивое личностное качество или как временное эмоциональное состояние» [6].

Эмоциональное состояние тревожности у обучающихся бакалавриата проявляется в повышенном беспокойстве, напряжении в теле и неуверенности. Тревожность имеет накопительный характер, может оставаться на долгое время без явной на то причины, в отличие от страха, который быстро исчезает после устранерния угрозы и связан с определенным объектом, предметом или ситуацией.

Выделяют ситуативную и личностную тревожность. Ситуативная тревожность кратковременна, возникает на конкретную ситуацию или стрессовые события, ощущается внутреннее напряжение, беспокойство в ожидании какого-нибудь события [7]. Чаще всего у студентов присутствует академическая тревожность – это специфическая форма беспокойства, напряжения, связанная с учебным процессом.

Личностная тревожность это устойчивое проявление частого переживания, тревоги в различных ситуациях, даже при отсутствии реальной угрозы. Данный вид тревожности связан со страхом ошибиться, зависимость от мнения окружающих, склонность к негативной самооценке, а также стремление к идеальному результату, что приводит к постоянному внутреннему напряжению. [8].

Многие студенты переживают по поводу выбора профессии, трудоустройства после окончания университета и своей конкурентоспособности на рынке труда. Эти размышления часто сопровождаются внутренними сомнениями и чувством тревожного ожидания, особенно в условиях нестабильной социально-экономической ситуации.

Социальная адаптация также может стать источником тревожности. Каждый семестр меняются преподаватели, новые требования, к которым приходится адаптироваться. Необходимо устанавливать отношения с преподавателями, одногруппниками, адаптироваться к иным нормам поведения и общения. Часто студентам сложно себя проявлять первые два года обучения, пока достаточно много общеобязательных дисциплин. Если студент сталкивается с трудностями социализации, не находит достаточно поддержки в учебной среде, это может вызывать чувство одиночества и эмоциональную нестабильность.

Важно отметить и физиологические факторы, например, нехватку сна, малоподвижный образ жизни и общее переутомление, которые усугубляют эмоциональное состояние [9].

Личностные особенности играют не менее важную роль. Повышенная чувствительность, низкая самооценка, склонность к перфекционизму, а также отсутствие навыков саморегуляции могут усиливать восприимчивость к стрессу и повышать уровень переживаний. Такие студенты чаще склонны преувеличивать значимость ошибок, бояться оценки со стороны других и чрезмерно переживать из-за возможных неудач.

Кроме того, тревожность может быть вызвана внешними обстоятельствами: проблемами в семье, материальными трудностями, необходимостью совмещать учёбу с работой, переездом в другой город и резкой сменой привычной среды. Все эти факторы создают дополнительную эмоциональную нагрузку и требуют высокой адаптивности со стороны студента [10].

Физиологически тревожность активирует стрессовую реакцию организма: повышается уровень кортизола, учащается сердцебиение, нарушается работа желудочно-кишечного тракта, наблюдаются мышечное напряжение и частые головные боли. Кроме того, тревожные состояния могут вызывать расстройства сна (инсомнию), снижение иммунитета, а также способствовать развитию психосоматических заболеваний, таких как синдром раздражённого кишечника или хроническая усталость. Повышенная тревожность снижает уровень продуктивности, снижая уровень концентрацию и внимание, ухудшает память.

Своевременное выявление и коррекция тревожных проявлений через психологическую поддержку, обучение навыкам саморегуляции и формирование устойчивых стратегий совладания со стрессом становится важной задачей как для самого студента, так и для образовательной среды в целом.

Целью исследования стало определение взаимосвязи между уровнем позитивного мышления и тревожности у студентов бакалавриата. Была выдвинута гипотеза: если у обучающихся бакалавриата высокий уровень позитивного мышления, то уровень их тревожности будет ниже.

Объектом исследования выступили позитивное мышление и тревожность студентов, а предметом — характер взаимосвязи между этими переменными. В качестве задач исследования были поставлены:

1) Анализ психодиагностических методик, применяемых для измерения позитивного мышления и тревожности;
2) Проведение анкетирования студентов с использованием авторского опросника;
3) Обработка и интерпретация результатов;

Формулирование выводов по результатам исследования.

Для оценки тревожности в настоящем исследовании были адаптированы формулировки из шкалы тревожности Спилбергера–Ханина (STAI), шкалы Бека и шкалы самооценки психоэмоционального состояния (САМОАЛ), охватывая когнитивные, поведенческие и эмоциональные компоненты тревожности. Формулировка вопросов для оценки уровня оптимизма соответствуют Шкале Жизнестойкого Оптимизма (LOT-R) Шейера и Карвера.

Методика включала 28 утверждений, разделённых на два блока: первая часть опроса (14 утверждений) была направлена на выявление ожидания хороших событий, благодарности, радости и позитивного восприятия других людей. Вторая часть опроса с компонентами ситуативной и личностной тревожности, отражающими страхи, стресс, неуверенность в

решениях, трудности концентрации также состояла из 14 утверждений. Шкала оценивания — от 1 (полностью не согласен) до 5 (полностью согласен). Таким образом, каждая шкала (позитивность и тревожность) может иметь итоговую сумму баллов от 14 до 70. Чем выше значение, тем более выражено соответствующее качество.

Опрос проводился среди студентов бакалавриата. Количество участников составило 27 человек.

Средний балл по позитиву составил 4.07 (рисунок 1а), минимальный - 2.86, максимальный балл - 5.00. По тревожности средний балл составил 2.88 (рисунок 1б), минимальный 1.14, а максимальный 4.50.

Гистограмма (рисунок 1) указывает на то, что большая часть студентов выбирала высокие оценки по шкале оптимизма («4» и «5»), распределение смещено в правую часть, что показывает положительное восприятие будущего и уверенность в себе. По шкале тревожности баллы распределены более равномерно относительно значений от 2,5 до 3, что соответствует умеренно низкой тревожности.



Рисунок 1 – Гистограмма баллов по уровню а) оптимизма и б) тревожности

Распределение по уровню позитивного мышления и тревожности представлено на рисунке 2.



Рисунок 2 – Круговая диаграмма распределения уровня позитивного мышления и тревожности по результатам проведенного исследования

Выявлены следующие сочетания:

- высокий уровень позитивного мышления (≥59 баллов);
- низкий уровень тревожности (≤44 балла).

11 человек (40.7%) - высокий позитив + низкая тревожность (оптимальный эмоциональный профиль);

- 7 человек (25.9%) - средний позитив + низкая тревожность (стабильное состояние);
- 4 человека (14.8%) - средний позитив + средняя тревожность (умеренный уровень);

